

«КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ  
Н.НАЗАРБАЕВ ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ

ДІНИ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ САРАПТАМАСЫ ИНСТИТУТЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ  
ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ  
МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІН ТАЛДАУ**

Аналитикалық баяндама

Қазақстан Республикасындағы діни және дінтанулық білім берудің ағымдағы жағдайы мен даму келешегін талдау / Е.К. Байбол, Р.И. Камарова, З.Б. Малгараева, М.Ж. Кикимбаев, А.О. Орынтай, А.А. Темирбаева, К.К. Тлеубаева, А.С. Укенов – Нұр-Сұлтан: «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ, 2020. – 154 б.

Аналитикалық баяндама Қазақстан Республикасындағы діни және дінтанулық білім беруді жетілдіру мәселелері бойынша өткізілген зерттеудің нәтижелерін қамтиды. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мемлекеттік тапсырысы аясында «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ мамандарымен жүзеге асырылды.

Аналитикалық баяндаманы әзірлеу барысында отандық діни және дінтанулық білім беру саласына кешенді талдау жүргізілді. Зерттеу жұмысы тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, студенттермен өткізілген жаппай сауалнамалар, білім беру бағдарламалар, сондай-ақ ашық қолданыстағы өзге де материалдардан алынған талдамалы деректерге негізделді. Соның нәтижесінде діни және дінтанулық білім беруді жетілдіру бойынша тиісті ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленді. Аналитикалық баяндама мемлекеттік қызметкерлер, оқытушылар, дінтанушылар, білім беру саласының сарапшылары және қызығушылық танытқан көпшілік оқырманға арналған.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
I-ТАРАУ. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ДІНТАНУ ПӘНІНІҢ ОҚЫТЫЛУЫ .....	8
1.1 «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқытудың оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын талдау.....	8
1.2 Қазақстанның орта мектептерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту сапасы.....	23
1.3 Жалпы білім беру ұйымдарында діндерді оқытудың халықаралық тәжірибесі.....	32
1.4 Ұсыныстар мен ұсынымдар.....	40
II-ТАРАУ. ОРТА КӘСІБИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫ.....	44
2.1 Қазақстан Республикасындағы колледж-медреселердің білім беру сапасын талдау.....	44
2.2 Қазақстан Республикасындағы христиандық діни оқу орындарының білім беру сапасын талдау.....	63
2.3. Орта кәсіптік оқу орындары деңгейіндегі діни білім берудің халықаралық тәжірибесі.....	72
2.4 Қазақстан Республикасының орта кәсіби білім беру ұйымдары деңгейінде діни білім берудің даму келешегі: ұсыныстар мен ұсынымдар.....	82
III-ТАРАУ. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ.....	88
3.1 Діни және дінтанулық білім берудің дифференциациясы бойынша өзекті аспектілер.....	88
3.2 Қазақстан Республикасындағы ЖОО-да даярлықтың барлық бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының сапасын талдау.....	90
3.2.1 Дінтану.....	96
3.2.2 Тарих-Дінтану.....	111
3.2.3 Исламтану.....	118
3.2.4 Теология.....	126
3.3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейде діни және дінтанулық білім берудің халықаралық тәжірибесі.....	130
3.4 Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында діни және дінтанулық білім берудің даму келешегі: ұсыныстар мен ұсынымдар .....	141
ҚОРЫТЫНДЫ .....	146
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	148

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

<b>АӨМУ</b>	Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
<b>ЖОО</b>	Жоғары оқу орны
<b>ЕҰУ</b>	Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті
<b>ҚазҰПУ</b>	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
<b>ҚазҰУ</b>	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
<b>ҚарМУ</b>	Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
<b>ҚМПУ</b>	Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
<b>ҚР АҚДМ ДІК</b>	Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті
<b>ҚҰӘПУ</b>	Қазақ ұлттық әйелдер педагогикалық университеті
<b>КУ</b>	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
<b>ХҚТУ</b>	Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
<b>ҚР БжҒМ</b>	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
<b>БББ</b>	Білім беру бағдарламасы
<b>ПМПУ</b>	Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
<b>ПОҚ</b>	Профессорлық-оқытушылық құрам
<b>ТжКББ</b>	Техникалық және кәсіптік білім беру
<b>ҮОБ</b>	Үлгілік оқу бағдарлама
<b>ШТЖІМУ</b>	Шет тілдері және іскерлік мансап университеті
<b>ОҚМПУ</b>	Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті



## КІРІСПЕ

«Қазақстан Республикасындағы діни және дінтанулық білім берудің ағымдағы жағдайы мен даму келешегін талдау» аналитикалық баяндамасында, біріншіден, орта білім беру ұйымдарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту жағдайына кешенді зерттеу жүргізу мақсаты қойылды. Екіншіден, еліміздегі орта кәсіби діни оқу орындарының, яғни колледж-медресе мен христиан семинариялардың діни білім беру жағдайы зерделенді. - Үшіншіден, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы «Дінтану», «Теология», «Исламтану» және «Тарих-Дінтану» мамандықтары бойынша білім беру жүйесі мен бағыттарына талдау жүргізілді.

**Зерттеудің өзектілігі** қазіргі әлемде діндердің қоғам өмірінде маңызды орын алып отырғанымен байланысты. Қоғамдағы секуляризм мен мультикультурализм жағдайында діндерді қалай зерттеу керектігі жөнінде пікірталастар үнемі жүруде. Жаңа технологиялар, цифрландыру және жаһандану қаршып дамыған сайын білімге деген жаңа талаптар қойылуда.

Экстремизм мен терроризм қауіп-қатерлерінің жылдан жылға артуына байланысты діни және дінтанулық білім берудің маңызы ерекше айқындалып отыр. Діни-уәждемелі экстремизм мен терроризмнің алдын-алу және қарсы іс-қимыл жасау стратегиясын сапалы білім беру жүйесіне негіздеп қана құруға болатыны анық байқалды. Мұны, бірқатар халықаралық ұйымдардың білім беру жүйесін терроризмге қарсы құрал ретінде жетілдіруге бағытталған кешенді қадамдарынан аңғаруға болады.

Дін саласының кәсіби мамандарын – дінтанушы, исламтанушы, теологтарды даярлау барысында сапалы білім берудің маңыздылығы ерекше орын алады. Қазіргі таңда бүкіл әлемде де, Қазақстанда да діни және дінтанулық білімге ерекше мән беріліп, олардың тиімділігін арттыру дискурстары академиялық зерттеулердің күн тәртібінен түспей келеді.

Сол себептен, арнайы даярлықтың барлық деңгейлерінде, яғни жалпы білім беру ұйымдарынан бастап жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру салаларындағы діни және дінтану бағдарламаларының сапасын зерделеу қажетті болып табылады.

Осы орайда, Қазақстан Республикасындағы діни және дінтанулық білім беру жүйесіндегі ағымдағы жағдайды талдау, сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескере отырып, келешектегі даму жолдарын анықтау зерттеудің **мақсаты** ретінде анықталды.

Зерттеудің мақсатына жету үшін келесі **міндеттер** қойылды:

- орта білім беру ұйымдарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқу және оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жағдайын зерттеу;
- оқыту нәтижелерін анықтау бойынша жүргізілген жаппай сауалнама деректері негізінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсының оқыту сапасына талдау жүргізу;
- колледж-медреселерде діни білім берудің жағдайы мен сапасын зерттеу;
- христиандық бағыттағы діни семинарияларда діни білім берудің деңгейі мен сапасын талдау;
- Қазақстанның жоғары оқу орындарында «Дінтану», «Теология», «Исламтану» және «Тарих-Дінтану» мамандықтары бойынша білім беру сапасын зерделеу;
- діни және дінтанулық білім беру жүйесінің барлық деңгейлері бойынша халықаралық тәжірибені, негізгі ұстанымдар мен трендтерді зерттеу;
- өткізілген зерттеулер негізінде Қазақстандағы діни және дінтанулық білім беру жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

### **Зерттеу әдіснамасы мен ақпарат жинау әдістері**

Белгіленген міндеттерге қол жеткізу мақсатында колледждердің 1-2 курстары және ЖОО-ның 1 курс студенттері арасында жаппай сауалнама, фокус-топтар, эксперттік сұхбат сияқты әлеуметтік зерттеулер жүргізілді.

1) Жалпы білім беру оқу орындарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту сапасын талдау мақсатында студенттер арасында әлеуметтік сауалнама өткізілді (1200 респондент).

2) Қазақстанның әр түрлі жоғары оқу орындарында діни және дінтанулық білім алатын студенттер арасында 10 фокус-топтар (әр топта 8-10 студент) ұйымдастырылды:

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы;
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы;
- «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қаласы;
- Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Алматы қаласы;
- Х.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы;
- Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы;
- Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы;

Фокус-топтық зерттеулер кезінде респонденттерге шартты түрде төмендегідей 4 негізгі блок бойынша түрлі сұрақтар/тақырыптар талқылау үшін ұсынылды:

- мамандықты таңдау себебі;
- жасалған таңдауға қанағаттану деңгейі;
- діни және дінтанулық білім берудің сапасы;
- отандық діни және дінтанулық білім берудің проблемалық аспектілері және келешегі.

3) Оқу орындарының басшылығымен және профессорлық-оқытушылық құрамымен 20 эксперттік сұхбат өткізілді:

- Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы;
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы;
- «Нұр-Мұбарак» Египеттік ислам мәдениеті университеті, Алматы қаласы;
- Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы;
- Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы;
- Х.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы;
- Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қаласы;
- Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы;
- Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қаласы;
- «Шымкент» колледж-медресесі, Шымкент қаласы;
- «Әбу Бәкір Сыддық» колледж-медресесі, Павлодар қаласы;
- «Үшқоңыр» колледж-медресесі, Алматы облысы, Үшқоңыр ауылы;
- «Сарыағаш» колледж-медресесі, Түркістан облысы, Ынтымақ ауылы;
- «Хибатулла Тарази» колледж-медресесі, Тараз қаласы;
- «Ақтөбе» колледж-медресесі, Ақтөбе облысы, Бестамақ ауылы;
- «Орал» медресесі, Орал қаласы;
- Православиелік рухани семинариясы, Алматы қаласы;
- «Мария – Шіркеу Анасы» Католиктік Епархияаралық Жоғары Рухани Семинариясы, Қарағанды қаласы;

Эксперттік сұхбаттар барысында шартты түрде 4 негізгі блок бойынша бөлінген 32 сұрақ қойылды:

- профессорлық-оқытушылық құрамы;
- студенттер контингенті;
- білім беру бағдарламалары;
- Қазақстандағы діни/дінтанулық білім берудің сапасын бағалау.

Аналитикалық баяндаманың құрылымы қойылған мақсатты реттілігімен және логикалық негізде қарастыру үшін үш тараудан тұрады. Әрбір тараудың соңында Қазақстан Республикасындағы діни және дінтанулық білім беруді жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар берілді.

**Бірінші тарау** жалпы білім беру оқу орындарында дін негіздерін оқыту жүйесін қарастыруға арналған. Орта білім беру ұйымдарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту сапасы мен оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайына талдау жасалды. Сонымен бірге, осы тарау аясында жалпы білім беру ұйымдарында дін негіздерін оқыту бойынша халықаралық тәжірибе зерделенді.

**Екінші тарауда** орта кәсіби оқу орындарындағы, атап айтқанда елдегі колледж-медреселер мен христиандық рухани оқу орындарындағы діни білім берудің сапасы қарастырылды. Сонымен қатар, орта кәсіби оқу орындары деңгейіндегі діни білім берудің халықаралық тәжірибесіне талдау жүргізілді.

**Үшінші тарауда** діни және дінтанулық білім беру салаларын жіктеу бойынша өзекті аспектілер қарастырылды, Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарында мамандарды даярлаудың барлық бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары талданды, сонымен қоса жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде діни және дінтанулық білім берудің халықаралық тәжірибесі зерттелді.

«Қазақстан Республикасындағы діни және дінтанулық білім берудің ағымдағы жағдайы мен даму келешегін талдау» аналитикалық баяндамасы 154 беттен тұрады.

## I-ТАРАУ

# ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ДІНТАНУ ПӘНІНІҢ ОҚЫТЫЛУЫ

### 1.1 «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқытудың оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын талдау

«Дінтану негіздері» пәнінің орнына 2016-2017 оқу жылынан бастап енгізілген «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні орта білім беру ұйымдарындағы 9-шы сынып бағдарламасында факультативтік сабақ ретінде өткізілуде.<sup>179</sup>

«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша оқытудың қазіргі кездегі оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін анықтау мақсатында ең алдымен қолданыстағы оқулықтарға талдау жүргізілді. Орта білім беру ұйымдарындағы 9-шы сыныпқа арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік сабағы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ҮОБ) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылдың 15 шілдесіндегі № 281 Бұйрығымен бекітілді.<sup>180</sup>

ҮОБ-ың «Оқу пәнінің базалық мазмұны» атты 2-ші бөліміндегі оқу жүктемесінде 13 тақырып ұсынылып, аптасына 1 сағат және оқу жылына жалпы 34 сағат қарастырылған (1 кесте).

1 кесте

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ		САҒАТ КӨЛЕМІ
1	Кіріспе: «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мәні	1 сағат
2	Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні, сипаты. Зайырлы мемлекет және дін. Зайырлы этика негіздері. Білім жүйесіндегі зайырлылық қағидаттары	3 сағат
3	Діннің мәні, анықтамасы, әлеуметтік маңызы, шығу тегі, жіктелуі мен түрлері. Діннің құрылымы және функциялары. Дінтану ғылымының қалыптасуы мен дамуы. Негізгі діни ұғымдар. Дін - рухани мәдениет феномені	2 сағат
4	Діннің бастаулары мен тарихи түрлері. Көне наным-сенім нысандары және ұлттық діндер. Ежелгі Египеттегі, Грекиядағы, Римдегі діндер. Индуизм. Конфуциандық. Даосизм. Синтоизм. Иудаизм. Тора және Талмуд. Тәңірлік. Ежелгі түркі дүниетанымындағы тәңірліктің орны	3 сағат
5	Әлемдік діндер. Буддизм: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу аймақтары. Буддизмнің негізгі тармақтары	1 сағат
6	Христиан діні: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. Иисус Христос және Інжіл. Христиан дінінің негізгі бағыттары (православие, католицизм, протестантизм). Қазіргі заманғы христиан діні	4 сағат
7	Ислам: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. Мухаммед - пайғамбар. Қасиетті кітап - Құран. Ислам дініндегі бағыттар. Мұсылман құқығының негізгі мектептері (мазхабтар). Ханафи құқықтық мектебінің ерекшеліктері мен маңызы. Сопылық танымдық мектебі. Ислам, ғылым және мәдениет	5 сағат

179 2016-17 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 4 б., 124.

180 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2014 жылдың 15 шілдесіндегі № 281 Бұйрығының қосымшасы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400009691#z7>

8	Қазақстандағы діндер. Қазақстандағы ислам діні: исламның Қазақстанда таралуы. Қожа Ахмет Йасауидің діни философиясы (хикмет ілімі). Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы исламның рөлі. XX ғасырдағы және қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы ислам. Ханафи құқықтық нормаларының Қазақстанда таралуы	3 сағат
9	Қазақстанда христиан дінінің таралуы. Қазақстандағы православие шіркеуі. Қазақстандағы католицизм және протестантизм. Қазақстандағы христиан дінінің мәдениеті	2 сағат
10	Қазақстандағы ислам мәдениеті. Қазақстандағы исламдық сәулет өнері. Ислам жазба мәдениетінің ескерткіштері. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Хусамеддин Сығнақидің философиялық-ағартушылық және діни көзқарастары. XIX-XX ғасырдағы дін ғұламалары. Абай мен Шәкәрімнің діни мұралары	3 сағат
11	Жаңа діни қозғалыстар. Жаңа діни қозғалыстар туралы түсінік, сипаты және ерекшеліктері. Жаңа діни қозғалыстар мен дәстүрлі діндер дилеммасы: танымдық, психологиялық және болмыстық қайшылықтар. Теріс пиғылды діни ағымдар, олардың белгілері және зардабы. Тыйым салынған діни ұйымдар. Терроризм - дінге жат ұғым. Діни экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке қатері	3 сағат
12	Қазақстан – дінаралық келісім аумағы. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы. Зайырлылық - мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры. Діни сенім бостандығы туралы түсінік. Қазіргі Қазақстандағы дінаралық татулық пен келісім тұғырнамасы	3 сағат
13	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасында және халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясаты	1 сағат

2016 жылы аталған ҮОБ-ның мазмұнына сәйкес «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша екі авторлық ұжым өздерінің арнайы оқулықтарын (қазақ және орыс тілдерінде) әзірлеп, олар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БЖҒМ) пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізбесіне енгізілді (2 кесте). Орта білім беру ұйымдарына арналған әдебиеттер тізбесіне аталған оқулықтардың соңғы енгізілуі ҚР БЖҒМ-ның 2019 жылдың 17 мамырындағы № 217 Бұйрығымен тіркелді.<sup>181</sup>

## 2 кесте

БАСЫЛЫМ АТАУЫ		АВТОРЛАР
<b>ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОҚУЛЫҚТАР</b>		
1	Зайырлылық және дінтану негіздері. 9-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Білім, 2016. 296 б.	Есім Ғ., Смагулов Е.
2	Зайырлылық және дінтану негіздері. 9-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Астана: «Арман – ПВ», 2016. 288 б.	Д. Кенжетаев, Ә. Сайлыбаев, Ө. Тұяқбаев
<b>ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ОҚУЛЫҚТАР</b>		
1	Светскость и основы религиоведения. Учебник для 9 класса общеобразовательных школ с русским языком обучения. – Алматы: Білім, 2016. 296 стр.	Есим Г., Абуов А., Смагулов Е.

<sup>181</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылдың 17 мамырындағы «Оқулықтардың оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштілерінің тізбесін бекіту туралы» № 217 Бұйрығы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018696#z10671>

2	Светскость и основы религиоведения. Учебник для 9 класса общеобразовательных школ с русским языком обучения. – Астана: «Арман – ПВ», 2016. 288 стр, иллюстр.	Кенжетаев Д., Сайлыбаев А., Новикова Г
---	---	--

*«Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулығының мазмұнын талдау (Ф. Есім және т.б.)*

Оқулықтың құрылымына кіріспе, 9 тарау, терминдер сөздігі, қосымша және пайдаланылған әдебиеттер тізімі кіреді.

Жалпы алғанда, оқулық ҮОБ-ның тақырыптарын қамтығанымен, мазмұндық құрылымында біршама айырмашылықты атауға болады. Мәселен, оқу жүктемесіне бөлінген сағат көлемін сақтай отырып, ҮОБ-ның 1-2 тармақтары оқулықтағы I тарауға («Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет») енгізілсе, 5-7 тармақтары IV тарауда («Әлемдік діндер») және 8-9 тармақтары V тарауда («Қазақстандағы діндер») қамтылған.<sup>182</sup>

Оқулықтағы 271 бетті құрайтын ақпараттық материалдың 90 бетке жуығы (1/3 бөлігі) ислам дініне қатысты тақырыптарға арналған (127-204, 220-233 беттер). Жалпы, бұл жағдай ҚР БЖҒМ-ның ҮОБ-де көрсетілген пәннің мазмұны мен сағат көлеміне сәйкес келеді.

Егер оқулықтың техникалық және өзге де кемшіліктеріне тоқталатын болсақ, келесіні атауға болады. Кітаптағы III тараудың 9 тақырыбы «Шығыс өркениеттерінің тарихи діндері: индуизм, конфуциандық, даосизм, синтоизм, иудаизм және тәңіршілдік» деп аталған, алайда оның мазмұнында иудаизм мен тәңіршілдік туралы ақпарат көрсетілмеген. Аталған діндер туралы материалдар 10 және 11 тақырыптарда бөлек ұсынылып отыр.

Оқулықтағы V тараудың 26 тақырыбында Қазақстандағы христиан дінінің тарихы баяндалған, бірақ ҮОБ-дан «Қазақстандағы христиан дінінің мәдениеті» сияқты маңызды тақырып қамтылмаған.

«Қазақстан – дінаралық татуластық пен келісім мемлекеті» атты VIII тараудың 33 тақырыбында халықаралық заңдардың нормалары, ҚР Конституциясы және дін саласындағы отандық заңнамалар туралы айтылған. Біздің пікіріміз бойынша, ҚР БЖҒМ-ның ҮОБ-ның 12 тармағына 3 сағаттық жүктеме ұсынылуына байланысты, аталған тақырыптың мазмұнын 9 беттегі материал толыққанды ашуы мүмкін емес. Керісінше, IX тараудың («Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасында және халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясаты») мазмұнын ашуға 1 сағат бөлінген, алайда оған 7 бет арналып отыр.

Ешбір сілтеме немесе оқулық мәтініне ескертпе жасалмай 12 бетті құрайтын иллюстрациялық материалдардың 224 және 225 беттердің арасында орналасқанын оқулықтың тағы бір мазмұндық кемшіліктеріне жатқызуға болады.

Сонымен қатар, оқулықтың жазылуы мен әзірленуіне дін саласының мамандары мен діни бірлестіктердің өкілдерінің қатысуы оның өзге басылымнан ерекшелігі мен артықшылығы деп есептейміз. Сондай-ақ, кітаптағы дінтану пәнінің оқытушыларына айтылған алғыс сөздер білікті практик мамандардың авторлық ұжымға әдістемелік және редакциялық көмек көрсеткенін дәлелдейді.

*«Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулығының мазмұнын талдау (Д. Кенжетаев және т.б.)*

Оқулықтың мазмұнына алғы сөз, кіріспе, 7 тарау, терминдер сөздігі және пайдаланылған әдебиеттер тізімі кіреді.

Оқулықта иллюстрациялық фотолар мен суреттер мәтіннің баяндалуына сәйкес беріледі, сол себепті оқулық көрнекілік жағынан тартымды көрінеді және мәтінге деген оқырманның қызығушылығын арттырады. Одан бөлек, оқулықтың мәтіндерін тереңірек ұғындыру

<sup>182</sup> Зайырлылық және дінтану негіздері. 9-сынып оқушыларына арналған оқулық. Ф. Есім, А. Абуов, Е. Смагулов./ – Алматы: Білім, 2016. 296 б.



мақсатында терминдерді қосымша есте сақтауға арналған «Дінтану әліппесі» және танымдық «Аңыз-жазбалар» айдарлары енгізілген. Жалпы, алдыңғы кітаппен салыстырғанда, осы оқулықтағы визуалды құралдардың ұтымды қолданылуы оның мәтінін оңай қабылдауға және қызығушылықпен оқуға әсерін көбірек тигізеді.

Оқулық құрылымы ҮОБ-ың маңызды тақырыптарын қамтиды, бірақ кейбір тақырыптарды авторлар біріктірген. Мәселен, ҮОБ-ың 5, 6 және 7 тармақтары оқулықтың IV тарауында («Әлемдік діндер») біріктірілсе, 8, 9 және 10 тармақтар V тарауда («Қазақстандағы діндер»), сондай-ақ 12 және 13 тармақтар VII тарауда («Қазақстан – дінаралық татулық және келісім елі») қамтылып отыр.<sup>183</sup>

Оқулықтағы 263 бетті құрайтын ақпараттық материалдың 80 бетке жуығы (1/3 бөлігі) ислам дініне қатысты тақырыптарға арналған (106-162, 189-210 беттер).

Авторлар III тарауға («Діннің бастаулары мен тарихи түрлері») ҚР БжҒМ ҮОБ-ның 4 тармағында кездеспейтін «Көне Месопотамия діндері» және «Көне Иран діндері» тақырыптарын қосымша енгізген.

Матуриди ақидасын ханафи мазхабының Қазақстанда таралу тарихы шеңберінде қарастырған орынды көрінуі мүмкін, алайда «Матуриди мектебінің ерекшеліктері мен тарихи рөлі» тақырыбын оқулықтағы IV тарауға («Әлемдік діндер») енгізілуі ҮОБ-ның әлемдік діндерге арналған 7 тармағының мақсатына сәйкес келмейтінін атап өту қажет.

Қазақстандағы христиан дініне арналған 23/24 тақырыптарда негізінен православие дінінің тарихына көп көңіл бөлініп, католицизм мен протестантизм тарихы қысқа баяндалғанын ҚР БжҒМ құрастырған ҮОБ-ың 9 тармағының мазмұнына толық сәйкес келмейді деп пайымдауға болады. Әсіресе, бұл кемшілік 24 тақырыпта айқын көрініс тапқан, себебі еліміздегі христиан мәдениетін сипаттау барысында негізінен православие мәдениетінің тарихы баяндалып отыр.

ҚР БжҒМ ҮОБ-ның тақырыптық мазмұны жағынан жақын болып келетін 12 және 13 тармақтары бөлініп отырған сабақ уақыты (4 сағат) сақтала отырып, оқулықтағы VII тараудың («Қазақстан – дінаралық татулық және келісім елі») төрт тақырыбында тиімді топтастырылған.

Қорытындылай келе, екі авторлық ұжымның «Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулықтарына жасалған талдау нәтижесінде олардың мазмұнының өзектендіріп, кейбір толықтырулар енгізу керектігі анықталды. Мәселен, оқулықтар басылып шыққан 2016 жылдан бастап елімізде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша көптеген өзгерістер орын алып (жаңа мемлекеттік бағдарламалар қабылданды, «Жусан» операциясы өткізілді және т.с.с.), сондай-ақ Қазақстан Республикасы конфессияаралық диалогты дамыту, татулық пен келісімді нығайту бойынша тың бастамаларды жүзеге асырғанын атап кетуге болады.

Сонымен бірге, әлемдік деңгейдегі COVID-19 пандемиясының әсерінен еліміздегі барлық білім беру ұйымдары оқыту үрдісін онлайн режимге көшіруіне байланысты оқулықтарды жаңа форматқа сәйкес әзірлеу қажеттілігі мен өзектілігі артып келеді.

#### *Әлеуметтік сауалнаманың деректерін талдау*

Қазақстан Республикасының мектептерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту жағдайын талдау мақсатында жаппай сауалнама түріндегі әлеуметтік зерттеу өткізілді. Мектептің жоғарғы сынып оқушылары арасында зерттеулерді өткізу қиындықтарына байланысты, сондай-ақ пәнді оқытудың сапасы туралы сенімді мәліметтер алу мақсатында сауалнама «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін мектеп кезінде оқыған колледж және жоғары оқу орындарының (одан әрі – ЖОО) 1-ші курс студенттері арасында жүргізілді. Іріктелген респонденттер жиынтығы барлық өңірлерді (14 облыс және 3 республикалық маңызы бар қалалар) қамтып, колледж және ЖОО білім алушылары бойынша квоталар ескерілді (әрбір өңірден

183 Зайырлылық және дінтану негіздері. 9-сынып оқушыларына арналған оқулық./Д.Т. Кенжетеев, А.А. Сайлыбаев, Г.Н. Новикова. / – Астана: «Арман – ПВ», 2016. 288 б.

70 студент, Нұр-Сұлтан қ. – 80 студент). Сауалнамаға 1200 студент қатысты, оның ішінде колледж студенттері – 50,2%, ЖОО студенттері – 49,8%. Қазақ тілінде білім алатын респонденттер – 58,3%, орыс тілінде оқитындар – 41,7%. Гендерлік тұрғыдан алғанда респонденттердің 47,9% ер және 52,1% әйел адамдарды құрады.

Сауалнама парағының сұрақтары жабық түрінде ұсынылды, оған шартты түрде үш топқа бөлінген 24 сұрақ енгізілді:


- 1) «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу жағдайы;
- 2) «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мазмұны және оқыту сапасы;
- 3) Оқытушының (мұғалімнің) кәсіби сипаттамасы.

*Әлеуметтік зерттеу нәтижелер негізінде пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу жағдайын талдау*

«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің қазіргі кездегі оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу жағдайын талдау үшін жаппай сауалнама барысында бірқатар мақсатты сұрақтар қойылып, тиісті жауаптардың жиынтығы алынды. Атап айтқанда, сауалнама сұрақтары респонденттердің оқу процесіне деген көзқарасын және аталған пәнді оқыту сапасын анықтауға бағытталды. Себебі, оқу процесі барысындағы күрделі мәселелерді анықтау арқылы оның жетілдіру жолдарын белгілеуге, соның ішінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді жақсартуға мүмкіндік беретін болады.

Сауалнама басында студенттерге ««Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің өткізілу жиілігі қандай болды?» деген сұрақ қойылды. Басым көпшілігі, яғни 73,1% аптасына бір рет оқытылды деп жауап берсе, респонденттердің 14,5% аптасына екі рет жүргізілді деген жауапты таңдады, жауап беруге қиналғандар – 1,3%. Жауаптардың осы көрсеткіштері факультативтік пәнді өткен кезден біршама уақыт өтуімен байланысты болуы ықтимал, өйткені колледж студенттері оны 1-2 жыл, ал ЖОО студенттері 2-3 жыл бұрын оқыған. Аталған сұраққа жауап беру кезіндегі келесі екі жауап түрі алаңдатушылық тудырады: сабақ кейде ғана өткізілгенін респонденттердің 9%, осы сабақ кезінде өзге пән жүргізілгенін респонденттердің 2,2% атаған. Осы 2 топтағы респонденттер жауаптарының жалпы пайыз 11,2% ғана құрағанымен, бұл пайыздар білім алушылардың оннан бір бөлігі сапалы оқытумен қамтылмағанын көрсетеді.

### 1 диаграмма ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНІҢ ӨТКІЗІЛУ ЖИІЛІГІ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?






Мұғалім мектептегі оқу процесінің ең негізгі және маңызды субъектісі болып табылады. «2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын біліктілік арттыру курстарында оқыған және аталған пән бойынша сертификаттар алған тарих пәнінің оқытушылары өткізеді» деген талап қойылған. Сондай-ақ, сол жерде: «Білім беру ұйымдарының басшыларына аталған курс бойынша сабақ өткізетін тарих пәні мұғалімдерінің білімін жетілдіруге үнемі назар аударып, оларды басқа мұғалімдермен ауыстыруға жол бермеу ұсынылады», – деп нақты айтылған.<sup>184</sup>

Сауалнама барысында «Сіздерге «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін кім жүргізді?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің 64,7% тарих пәнінің оқытушысы жүргізді деп айтса, респонденттердің 23,6% мұғалім дінтанушы болғанын атады. Яғни, шартты түрде айтатын болсақ, мұғалімдердің 88,3% арнайы талаптарға сәйкес келеді деуге негіз бар. Алайда, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін география мұғалімі өткізді деген жауапты респонденттердің 4,8% таңдады, биология мұғалімі – 2,2%, жауап беруге қиналғандар – 2,5%, сондай-ақ өзге пән мұғалімі өткізді дегендер – 2,2%. Өзге пән мұғалімін нақтылаған кезде, оның ішінде әдебиет, орыс тілі, қазақ тілі, экономика пәндерінің оқытушылары аталды. Осы орайда, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін сапалы өткізу үшін ҚР БжҒМ талаптарына сәйкес келетін кәсіби мамандармен қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігі әлі де сақталғанын атап кету қажет.


## 2 диаграмма СІЗДЕРГЕ «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН КІМ ЖҮРГІЗДІ?



Факультативті курсты оқыған респонденттердің пәнді оқыту сапасына берген бағалары едәуір жоғары болды. Мәселен, респонденттердің 75,9% мұғалімнің сабақ білім беру сапасын «жақсы» және «өте жақсы» деп бағалады. Респонденттердің 21% қанағаттанарлық жауабын белгілесе, 1,7% қанағаттанарлық емес деген баға берді және 1,4% жауап беруге қиналды. Мектептегі бағалау шкаласы ұсынылуын ескере келе, қанағаттанарлық және қанағаттанарлықсыз бағалардың орын алуы орта білім беру ұйымдарына «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту сапасына, соның ішінде оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайына көңіл бөлуді күшейту керектігін көрсетеді.

184 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 184 б.


### 3 диаграмма СІЗ МҰҒАЛІМНІҢ САБАҚ БЕРУ САПАСЫН ҚАЛАЙ БАҒАЛАР ЕДІҢІЗ?



Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету деңгейін талдау мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту сапасына қатысты бірнеше параметрлер бойынша респонденттердің жауаптары алынды. Бағалаудың 5-балдық шкаласы ұсынылды («толықтай келіспеймін» – «1», «толықтай келісемін» – «5»). Жауаптарды талдау барысында «4» және «5» («келісемін» және «толықтай келісемін») оң бағалау ретінде, «1» және «2» («толықтай келіспеймін» және «келіспеймін») теріс бағалау көрсеткіштері ретінде қабылданды. Ал «3» саны пікір айтуға қиналамын, яғни келісемін мен келіспеймін көзқарастары арасындағы бейтарап позицияны білдіреді.

Бірінші параметр мұғалімнің пәнді қаншалықты маңызды етіп жеткізгеніне, яғни өзектілігін оқушыларға айқындап көрсетуіне қатысты. Пәннің өзектілігін көрсете білу оқыту әдістемесінде ең қажетті бөлігі, өйткені оқушыларды мұқият оқуға бағыттайды. Респонденттердің 62,3% аталған параметр бойынша оң баға берсе, 14,6% мұғалім пәнді маңызды және қажетті деп санамады деп көрсеткен. Кейбір мұғалімдердің пәнді маңызды деп санамауы оның факультативтік курс ретінде оқытумен байланысты болуы мүмкін.

### 4 диаграмма МҰҒАЛІМ ПӘННІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІН КӨРСЕТЕ БІЛДІ




Оқыту сапасын бағалаудың екінші параметрі мұғаліммен материалды жеткізе білу қабілетін анықтауға арналған. Оқушылардың пәнді толық игеруі осы параметрге тікелей байланысты. Түбегейлі түсіндіре білу дағдысы мұғалімнің кәсіби шеберлігін көрсетеді. Респонденттердің 70,5%, яғни басым бөлігі мұғалімдердің осы қабілетіне оң баға беріп отыр.

Теріс бағалау аз үлесі құраса да, 12,1% құраған. Аталған параметр бойынша теріс бағалардың болуы мұғалімнің педагогикалық шеберлікті шындауға көңіл бөлу қажеттігі барын


көрсетеді. Әдетте, материалдың дұрыс жеткізілмеуі мұғалімнің өз пәнін қажетті дәрежеде игермегенін білдіреді. Кейбір респонденттер «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін география, биология, тіл мұғалімдері, яғни кәсіби салалары аталған пәннен алшақ оқытушылар беретінін көрсетті. Сол себепті, біріншіден, пәнді оқыту процесінде ҚР БжҒМ-ның талаптары орындалуына көп көңіл бөлінуі керек. Екіншіден, мұғалімдердің, әсіресе жас мамандардың біліктілігін арттырып отыру қажет. Үшіншіден, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту үшін сапалы оқу-әдістемелік база қажет.

#### 5 диаграмма МҰҒАЛІМ ПӘНДІ ТҮСІНІКТІ ЖЕТКІЗЕ БІЛДІ



Оқыту сапасының үшінші параметрі мұғалімнің қойылған барлық сұрақтарға толық жауап беру қабілетіне байланысты. Оқытудың сұрақ-жауап түрінде ұйымдастырылуы оқу процесінің маңызды әдістерінің бірі, ол оқушыларға қызығушылықты қанағаттандырумен қатар, білмеген тұстарын толықтыруға мүмкіндік береді. Қойылған сұрақтар ізденушіліктің дамуына, сыни көзбен қарап ой қорыту қабілетінің дамуына ықпал етеді. Алынған деректерден ой түйер болсақ, респонденттердің 67,8% өздерін толғандыратын сұрақтарға жауап алған. Алайда, 13,2% сұрақтарына жауап алмаған. Тиісінше, оқушылар тиісті жауап алмаған соң оларды өздігінен іздеп, нәтижесінде сенімді ақпарат көздері бойынша сұрақтар туындайды.


#### 6 диаграмма МҰҒАЛІМ БАРЛЫҚ СҰРАҚТАРҒА ТОЛЫҚҚАНДЫ ЖАУАП БЕРДІ



Оқыту сапасының төртінші параметрі бойынша сабақ барысында пікірталас өткізу жағдайы бағаланды. Оқытудың интерактивті әдісі болғандықтан, дискуссия шеңберінде өз көзқарасын білдіруге, оны қорғауға, альтернативті пікірлерді тындауға, ақпарат алмасуға, яғни өз ұстанымдарының шегінен шығып, қоршаған әлемге еркін көзқараспен қарауға мүмкіндік беріледі. Сабақтар барысында мұғалімнің пікірталасқа тарта білу жоғары қабілетін респонденттердің 56,1% белгіледі. Келіспейтін респонденттердің жиынтық 19,5% проблемалар орын алағанын көрсетеді, яғни дискуссия мүлдем болмаған немесе тиісті деңгейде өтпеген. Ал, сауалнамаға


қатысқандардың төрттен бірін құраған бейтарап бағалау позициясы (24,5%) пәнді оқыту кезінде оқушылар арасында дискуссия өткеніне сенімділік ұялатпайды.

#### 7 диаграмма МҰҒАЛИМ ОҚУШЫЛАРДЫ ТИІМДІ БАҒЫТТАП, ПІКІРТАЛАСТАРҒА ЖҰМЫЛДЫРА БІЛДІ



Респонденттердің «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің оқыту сапасын бағалау бойынша бесінші параметр мұғалімнің әр түрлі пікірлерге түсіністік таныту қабілетіне қатысты. Респонденттердің 63,5% өздерінің оқытушыларына аталған параметр бойынша оң баға берген. Теріс баға бергендер – 14,1%, пікір айтудан бас тартқандар – 22,4%. Теріс және орташа бағалаулар пәнді оқыту кезінде проблемалар орын алғанын көрсетеді. Біздің қоғамымыз көп мәдениетті екенін, соның ішінде түрлі діни ұстанымдағы және атеисттік көзқарастағы адамдар өмір сүретінін ескерсек, өзгелерге түсіністікпен қарау және толеранттылық таныту қасиеттерін тәрбиелеуге көп көңіл бөлу аса маңызды. Балалар отбасылық құндылықтар мен ұстанымдарға сәйкес өмір сүреді. Алайда, әлеуметтанушылар мен психологтардың айтуынша, балаларды әлеуметтендіру кезінде өзге де агенттер, әсіресе мектептер үлкен әсер қалдырады. Сол себепті, қоғамдағы алуан түрлі көзқарастарды құрметтеу және толеранттылық таныту ұстанымдарын мектептен бастап үйрету керек. Осы жерде мұғалімнің бейнесі толеранттылықтың паттерні ретінде аса маңызды орын алады.


#### 8 диаграмма МҰҒАЛИМ ӘР ТҮРЛІ КӨЗҚАРАСТАРҒА ТӨЗІМДІЛІК ТАНЫТТЫ



Оқыту сапасының алтыншы параметрі – оқыту процесін сыни ойлау қабілетін дамытуға бағыттау. Сыни ойлауды – тек логикалық тәсілдерді пайдалану негізінде қолданылатын құрал деп қабылдауға болмайды. Одан да маңыздысы, ол сыни ойлау қабілетінің ішінде құндылық компоненті болуында. Яғни, бұл қабілет қоршаған ортаны шынайы бағалауға, тұлғаның дүниетанымдық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Сыни ойлау қабілеті бар адамның жауапкершілігі жоғары, өмірлік мәселелердің шешімін өзі табады, қабылдаған шешімдер мен


іс-әрекеттердің салдарын түсінеді, сондықтан да күмәнді идеологияның, соның ішінде теріс діни көзқарастардың жетегінде кетпейді. Сауалнама барысында мұғалім сыни ойлауды талап ететін тапсырмалар бергенін респонденттердің 44,9% ғана атаған. Жауаптардың жиынтық 29,1% пәнді оқу барысында сыни ойлау дағдысын дамытуға тиісті назар аударылмағанын көрсетеді. Осы санатқа «бейтарап» ұстанымдағы респонденттердің 25,9% жатқызған жөн, өйткені олар сыни ойлау дағдысы не екенін анықтай алмағанға ұқсайды.

#### 9 диаграмма МҰҒАЛІМ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ТАПСЫРМАЛАР БЕРДІ



Оқыту сапасын бағалау бойынша жетінші параметр техникалық құрал-жабдықтарды пайдалану белсенділігіне қатысты. Визуализация оқу материалдарының тиімділігін арттырады және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Респонденттердің 41,7% ғана мұғалім техникалық құралдарды белсенді пайдаланды деген. Техникалық оқыту құралдары болмағанын 35,7% атады. Бұл нәтиже мектептердің материалдық-техникалық жабдықтармен тиісті деңгейде қамтамасыз етілмегендігін немесе мұғалімге оларды тиімді пайдалану дағдысы үйретілмегендігін көрсетеді.

#### 10 диаграмма МҰҒАЛІМ ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАНДЫ




Жалпы алғанда, респонденттердің «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту сапасына берген бағасы бойынша бірқатар проблемалар бар екендігін байқауға болады, соның ішінде педагогикалық шеберлікті арттыру және пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайына ерекше назар аудару қажет етіледі.

*Оқулықтармен қамтамасыз ету және қосымша әдебиеттерді пайдалану*

Жоғарыда «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәніне арналған оқулықтар мазмұнына талдау жүргізілді. Оқушылардың бәрі тиісті әдебиетпен толықтай қамтамасыз етіледі деген

түсінік қалыптасқан. Сауалнама барысында оқушыларды «Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулықтарымен қамтамасыз ету мәселесі зерттелді. Респонденттердің 70% оқулықтар барлығына берілді деген жауап берсе, 23% оқулық мұғалімде ғана болғанын, 7% оқулық мұғалімде де, оқушыларда да болмағанына атады. Жалпы алғанда, мектеп оқушыларының 30% пән бойынша базалық ақпарат көзінің болмағанын анықталып отыр. Сәйкесінше, осы пәнді оқыту сапасына қатысты орынды сұрақтар туындалады.


#### 11 диаграмма СІЗГЕ «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУЛЫҚ БЕРІЛДІ МЕ?



Сауалнама барысындағы Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстарының ЖОО мен колледждері респонденттерінің жауаптарына сәйкес, осы аймақтарда «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнің оқулықтармен қамтамасыз ету бойынша мәселелер орын алғанын көрсетті.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінен оқулық болды деп көрсеткен респонденттерге оның қаншалықты жиі пайдаланғаны туралы сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысушылардың 58% оқулық әрбір сабақта пайдаланылды деген жауап берді. Респонденттердің 36% оқулықтарды кейде ғана қолданған және 6% ешқашан пайдаланбаған. Яғни, оқушылардың жартысына жуығы оқулықтарды тиісті деңгейде пайдаланбағаны анықталып отыр. Әрине, бұл оқушылардың сабаққа немқұрайлы қарауынан да болуы мүмкін. Алайда, аталған факт мұғалімнің оқу процесін ұйымдастыра алуына қатысты да сұрақтар тудыруда. Жалпы алғанда, егер алдыңғы сұрақта оқулық болғанынан 70% респондент белгілегенін, ал олардың жартысынан астамы ғана оқулық пайдаланғанын ескерсек, оқушылар оқулықпен толыққанды қамтылмағаны байқалады.

#### 12 диаграмма САБАҚ БАРЫСЫНДА «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ОҚУЛЫҒЫН ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҚОЛДАНДЫҢЫЗ?



Қазақстан мектептерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулықтары тек қағаз нұсқасында қолданылады. Оған альтернативті немесе қосымша оқу-әдістемелік дерек көздер қарастырылмаған.

Ғ. Есім бастаған авторлық ұжымның оқулығын шығаратын «Білім» баспасы кітаптың электронды нұсқасын еш жерде орналастырмайды, өзінің интернет ресурсы ашылмаған. Д. Кенжетайдың авторлық ұжымы әзірлеген оқулықты шығару құқығына ие болған «Арман-ПВ» баспасының интернет-ресурсы белсенді жұмыс жүргізіп, өз баспасынан 3-11 сыныптарға

арналып шығарылған оқулықтарды тұрақты орналастырады. Алайда, «Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулығы сайттағы 9 сынып оқушыларына арналған кітаптар қорына жүктелмеген.<sup>185</sup>

Осы орайда, «Білім»/«Арман-ПВ» баспалары және авторлық ұжымдар арасындағы келісім бойынша оқулықтың электронды нұсқасын тарату, жеке интернет-ресурстарда немесе отандық электронды платформалар мен кітапханаларда орналастыру қарастырылмаған деп пайымдауға болады.

Қазіргі таңда орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқушылары [oriq.kz](http://oriq.kz)<sup>186</sup> және [okulyk.kz](http://okulyk.kz)<sup>187</sup> ресурстарында орналастырылған мектеп бағдарламасының оқулықтарын пайдаланады.

[Oriq.kz](http://oriq.kz) сайтына «Алматыкітап» баспасынан шыққан барлық мектеп оқулықтары жүктелген. Баспаның электронды кітаптарына ақылы түрде жазылуға болады, алайда баспа мен мектеп арасында келісім-шарт жасалған жағдайда тегін тіркелу рұқсат беріледі.


Жоғары аталған ресурсқа қарағанда, [okulyk.kz](http://okulyk.kz) сайты мектеп оқулықтарының тегін кітапханасы болып қызмет көрсетеді. Сайттағы оқушыларға арналған электронды құралдарды пайдалану жолдары: а) онлайн оқу; б) pdf форматта жүктеу; в) оқу портфеліне қосу (тіркеу болған жағдайда). Сонымен бірге, [okulyk.kz](http://okulyk.kz) сайтының оқулықтар қоры ҚР Білім және ғылым министрінің «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштілерінің тізбесін бекіту туралы» 2019 жылдың 17 мамырындағы № 217 Бұйрығына сәйкес жасақталған.

Жалпы, [okulyk.kz](http://okulyk.kz) электронды кітапханасынан мектеп бағдарламасының міндетті пәндері бойынша әр түрлі кітаптарды таңдауға мүмкіндік бар, алайда факультативті курстар бойынша оқу әдебиеті жүктелмеген.

2020 жылғы пандемия жағдайын және білім беру саласының онлайн режимге өтуін назарға ала отырып, сондай-ақ «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқу материалдармен қамтамасыз ету мақсатында тиісті оқулықтарды онлайн платформаларға орналастыру қажет.

Оқыту әдістемесі сабақ уақытындағы жұмысты ғана емес, сондай-ақ үй тапсырмасы ретінде берілетін өзіндік жұмыстардың орындалуын да қажет етеді. Жаппай сауалнамаға қатысқан студенттерге «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзіндік жұмысқа байланысты сұрақтар қойылды. Респонденттердің 40% үй жұмысы кейде ғана тапсырылды деген жауап берді. Ал, респонденттердің 23% үй тапсырмалары мүлдем болмағанын атаған. Сауалнамаға қатысушылардың тек 37% ғана үй тапсырмасы тұрақты берілді деген жауапты таңдаған. Жоғары сыныптарда үй тапсырмасының мүлдем немесе толыққанды берілмеуі әдістеме талаптарын бұзу ғана емес, сонымен бірге пәннің маңыздылығы мен дәрежесіне түсіретін және сапалы оқыту ынтасына кері әсер ететін фактор болып есептеледі.

### 13 диаграмма БҰЛ ПӘН БОЙЫНША ҮЙ ЖҰМЫСЫ БЕРІЛЕТІН ЕДІ МЕ?




185 «Арман-ПВ» баспасы. <https://www.armanpv.com/9-klass>

186 «Алматыкітап» баспасының электронды оқулықтар платформасы. <https://www.opiq.kz/Search/Kits>

187 Қазақстан оқушыларына арналған электронды оқу құралы. <https://okulyk.kz/all-books/#9-class>

Қосымша дереккөздерді қолдану оқушылардың оқулық шеңберінен шығып, өздігінен іздену дағдыларын дамытатының оқу процесінің маңызды бөлігі болып есептеледі. «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша қосымша әдебиеттерді пайдалану жұмысы мұғалімнің бақылауында болуы қажет. Діндерге қатысты әдебиеттер көптеген авторлардың түрлі көзқарастарынан туындауына орай, оқушыларды шатастыруы әбден мүмкін. Респонденттердің 58% «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқу барысында қосымша әдебиеттерді пайдаландыңыздар ма деген сұраққа теріс жауап берген. Сауалнамаға қатысқандардың 42% ғана қосымша әдебиеттерді пайдаланған.

#### 14 диаграмма ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕРДІ ҚОЛДАНДЫНЫЗ БА?



Қосымша әдебиетті пайдаланған респонденттерге ақпаратты қайдан алғандығы туралы сұрақ қойылды. Респонденттердің 73,4% қосымша ақпарат көзі ретінде интернет-ресурстарды атады. Осыған орай, оқушылардың сенімді сайттар мен авторлардың материалдарына жүгінуін мұғалімдер тарапынан бақылау жүргізу қажеттілігінің маңыздылығы артып отыр. Респонденттердің 30,5% қосымша ақпаратты туыстары мен таныстары береді деп белгілесе, 13,8% кітаптарға жүгінеді. Қосымша мәліметті діни ұйымдардың ақпарат көздерінен респонденттердің 6,7% қарап келсе, 4,2% кітапханалардан іздеген.

Осы жағдайда, біріншіден, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша қосымша әдебиетпен қамтамасыз ету жұмысында мектеп кітапханасының қорын толықтыру өзекті болуда. Екіншіден, оқушылардың прозелитистік әдебиеттер «қармағына» түсу қауіп-қатердің алдын алу мақсатында мұғалімдерге қосымша әдебиет көздерін пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеуді назарларына алу керек. Үшіншіден, мектеп оқушыларының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларға интернеттен сенімді ақпарат іздеу дағдыларын үйрету қажет.

#### 15 диаграмма ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕРДІ ҚАЙДАН АЛАТЫН ЕДІҢІЗ?




Оқыту процесінде жеке тұлғалық көзқарастарды білдірмеу қиын болса да, мұғалімге дүниетанымдық бейтараптылық сақтау аса маңызды. Оқу бағдарламалары, әсіресе «Зайырлылық



және дінтану негіздері» пәнінің мазмұны объективтілік сақтауды талап етеді. Объективтілік принципі ұсынылатын материалды бейтарап және рет-ретімен түсіндіруді талап етеді, бұл жерде «ақиқат-жалған» аясындағы бағалау ұстанымы қолданылмайды және кез-келген дүниетанымдық немесе конфессиялық артықшылықты дәріптеуге жол берілмейді.

Зерттеу кезінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мұғалімі қандай да бір дінге басымдық немесе артықшылық берді ме деген сұрақ қойылды. Диаграммада көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі – 71,9% мұғалімнің объективті болғанын атады. Алайда, кері түсінік фактілері де орын алған. Мәселен, респонденттердің 20,3% мұғалім исламға басымдық берді десе, 4% мұғалім христиан дініне және 3,8% өзге діндерге басымдық берілді деп көрсеткен. Аталған фактілер алаңдаушылықтар тудырады, өйткені мектептер прозелитистік үгіт-насихат алаңына айналмауы тиіс. Бұл әрине, мұғалімнің діни құзыреттілігіне және пәннің оқу-әдістемелік қамтылуына қатысты сұрақтар.

#### 16 диаграмма МҰҒАЛІМ БЕЛГІЛІ БІР ДІНГЕ БАСЫМДЫЛЫҚ БЕРДІ МЕ?



Респонденттермен оқулықтардың мазмұны бойынша кері байланыс орнату мақсатында сауалнама барысында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні аясында ең алдымен қандай тақырыптарды оқыту керектігі туралы сұралды. Сауалнамаға қатысқандардың 56,6% әртүрлі діндердің тарихын оқу қажет десе, 27,4% Қазақстандағы қазіргі діни ахуалды зерттеу керектігін атаған. Респонденттердің 15,5% мектепте тек ислам діні туралы оқу керек деген жауапты таңдаған. Осы орайда, «Әрбір дінге сыйластық танытуды тұрақты үйрету» нұсқасын респонденттердің 0,3% ғана белгілегені үлкен алаңдаушылық тудырып отыр.

#### 17 диаграмма СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША, «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНІҢ ШЕҢБЕРІНДЕ НЕНІ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ОҚЫТУ КЕРЕК?



«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жай-күйіне пайдаланылатын әдебиет пен жаппай сауалнама деректері негізінде жүргізілген талдау нәтижелері, біріншіден, аталған пәннің маңызы мен өзектілігін жан-жақты айқындады, екіншіден, пәнді оқыту үрдісін одан әрі жетілдіру қажеттілігін нақты көрсетті.

### **Қорытындылар:**

1. «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша оқу процесіне тиісті өзгерістер енгізудің өзектілігі артуда. Ең алдымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен өзгерістер жасалды) негізгі орта білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламасына толықтырулар енгізу қажет.

Мемлекет пен қоғам өмірінде соңғы жылдары көптеген жаңа оқиғалар орын алғандықтан, діни экстремизммен күрес және Әлемдік және дәстүрлі діндер съездеріне қатысты 11-13 тақырыптардың мазмұнын өзектендіру қажет. Сондай-ақ, COVID-19 пандемиясы жағдайының ықпалымен еліміздегі білім беру кеңістігінде онлайн технологияларды қолдану үдерісі күшейтіліп, нәтижесінде ағымдағы оқу-әдістемелік ұсынымдарды соған сәйкес қайта қараудың маңыздылығы артып келеді.

2. «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша қолданып отырған оқулықтардың мазмұнын талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының дінаралық диалог, бейбітшілік пен келісімді нығайту бастамаларында, сондай-ақ діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдарында соңғы жылдары орын алған өзгерістер негізінде тиісті ақпараттарды өзектендіру қажеттілігі айқындалды. Мәселен, елімізде көптеген салалық бағдарламалар жаңартылып, Сирия жеріндегі қақтығыс аймақтардан отандастарды қайтару бойынша «Жусан» операциясының бірнеше кезеңі өткізілді.

Әлеуметтік сауалнамаға қатысқан респонденттермен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту барысында әлемдегі діндердің тарихы мен Қазақстандағы қазіргі діни ахуал туралы кеңінен ақпараттандыру ұсынылды.

2020 жылғы COVID-19 пандемиясына байланысты әр түрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарының онлайн режиміне толықтай ауысуы келешектегі кешенді өзгерістерге түрткі болатыны сөзсіз. Сол себепті, қазірден бастап оқулықтардың электронды нұсқаларын әзірлеу мүмкіндіктерін ойластыру қажет.

3. «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқулықтармен қамтамасыз ету бойынша күрделі мәселелер туындап отырғанын сауалнама нәтижелері көрсетіп отыр. Оқулықтардың көп жағдайда қолжетілсіз болатынын респонденттердің үштен бірі атап өтті. Мектепке қажетті оқу әдебиеттері бар сайттарға жүргізілген талдау нәтижесі бойынша ұсынылған оқулықтардың электронды нұсқалары ашық қолданыс үшін жүктелмегені анықталды.

4. Мектепте «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын өткен Қазақстанның ЖОО және колледждердің 1-2 курс студенттері арасында жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесінде бірқатар мәселелер анықталды. Мәселен, кестеде бекітілген сабақты тұрақты өткізбеу фактілері орын алып отырған. Сабақтарды тарихшы мұғалімдер ғана емес, өзге пәннің мұғалімдері де өткізген, ал бұл жағдай ҚР БЖҒМ-ның әдістемелік нұсқау хаттарына түбегейлі қайшы келіп отыр.

5. Респонденттердің «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін жүргізген мұғалімдерге берген бағалау жиынтығында теріс пікірлерге қарағанда оң пікірлердің басымдылығы байқалды. Мұғалімнің артықшылығына келгенде респонденттердің үштен бір бөлігі оқыту әдістемесін жоғары бағалады. Алайда, аз да болса (12-29% аралығында) негативті бағалардың айтылғандығы оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жұмысындағы кемшіліктерді меңзейді, олар болса өз кезегінде мұғалімнің шеберлік деңгейін көрсетуге теріс әсерін тигізуде. Оқыту әдістемесінде негізінен келесідей кемшіліктерге назар аударылды: мұғалім пәннің маңыздылығы

мен қажеттігін толыққанды жеткізбейді, материал түсінікті деңгейде баяндалмайды, оқушыларда туындаған сұрақтарға тиісті жауап берілмейді, пікірталас әдісін тиімді пайдаланбайды, өзге пікірлерге төзімділік танытпайды, сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған тәсілдерді қолданбайды. Осының барлығы оқу процесінде әр түрлі деңгейде көрініс тауып, жүйелі түрдегі шешімін күтуде.

6. «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету шеңберінде оқытудың техникалық құралдарының (ОТҚ) озық түрлерін тиімді қолдану мәселесінің өзектілігі әлі де сақталуда. Мәселен, сабақ барысында мұғалімнің техникалық құралдарды қолдану дәрежесіне оң бағаны респонденттердің жартысына жетпейтін пайызы ғана беріп отыр. ОТҚ-ның мүлдем қолданылмағанын респонденттердің 35,7% атады. Бұл кемшіліктің орын алуы мектептегі материалдық-техникалық жағдайдың төмендігіне немесе кейбір мұғалімдердің ОТҚ-ның қолдану дағдыларын игермеуіне байланысты болуы мүмкін.

7. Респонденттердің көпшілігі (70% астамы) «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша қосымша ақпарат көзі ретінде интернетті қолданған. Респонденттердің үштен бір бөлігі қосымша ақпаратты туыстары мен таныстарынан алады. Кейбір респонденттер діни ұйымдар мен кітапханалардың көмегіне жүгінді.


8. Респонденттердің едәуір бөлігінің айтуынша, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқытқан мұғалімдер негізінен бейтарап позиция ұстанды, өздерінің жеке көзқарастары негізінде белгілі бір діни ілімнің артықшылығы туралы сөз қозғамаған. Алайда, өкінішке орай, мұғалімдердің тарапынан ислам, христиан немесе өзге діндердің артықшылығы мен басымығы туралы пікір айту фактілері де орын алып отырған. Бұл жағдай осы бағытта кейбір мұғалімдердің төмен біліктілігін және «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту процесі прозелитистік алаңға айналу ықтималдылығын көрсетеді.

## **1.2 Қазақстанның орта мектептерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту сапасы**

Пәннің оқыту сапасын әртүрлі параметрлер бойынша бағалауға болады. Жаппай сауалнама жүргізу барысында респонденттерге ең басында алдымен өздері мектепте оқыған «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін жалпы бағалау ұсынылған болатын. Бағалау 5-балдық «келісемін – келіспеймін» шкаласы түрінде жүргізілді, мұнда «1» толықтай келісемін, ал «5» – толықтай келіспеймін дегенді білдірді.

Ең алдымен, орта мектепте «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту қажеттігін бағалау ұсынылды. Жалпы алғанда, «келісемін» және «толықтай келісемін» пікірлері белгіленетін «4» және «5» позициялары – 58,5% құраған, яғни сауалнамаға қатысушылар аталған пәннің орта мектепте оқытылуы керек деген жауап қайырған. Ал, келісемін мен келіспеймін арасындағы орташа қатынасты құрайтын «3» бағалау позициясы 20,3% жауапта байқалған, яғни аталған пәннің қажеттілігіне қатысты бейтарап көзқарастарды көрсетіп отыр. Респонденттердің 21,2% келіспейтіндіктерін білдірген, олардың – 10,8% «толықтай келіспеймін» позициясын ұстанған. Келіспеушілік себептері білім алушылардың жеке басына қатысты қалауларынан шыққан пікірлер болуы ықтимал. Алайда, бұл аталған пәннің қажет еместігіне әкелген дұрыс оқытпау нәтижесінен де туындауы мүмкін.


### 18 диаграмма БҰЛ ПӘН МЕКТЕПЕ ОҚЫТЫЛУ КЕРЕК



#### *Оқыту процесіне қанағаттанушылық*


Жаппай сауалнамаға қатысушылар пәнді бірқатар параметрлер бойынша бағалап, олардың «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін мектепте оқыту қажеттігі туралы берген ортақ пікірі анықталды. Пәннің қызықты және тартымды өткізу тұрғысынан респонденттердің 54,4% оң баға берді. Сауалнамаға қатысқандардың ішінде бейтарап позиция білдіргендері 22,1% құрады. Аталған параметр бойынша теріс баға бергендер 23,6%. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бір бөлігіне жуығы бұл пәнді қызықты және тартымды деп есептейтінін көрсетті.

### 19 диаграмма ПӘН ҚЫЗЫҚТЫ ӘРІ ЕЛІКТИРЕТІН БОЛДЫ




«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін бағалаудың келесі параметрі оның пайдасын, яғни аталған пәннің қаншалықты өмірлік сұрақтарға жауап табуға көмек тигізгенін анықтау бағытталды. Қазіргі заманда адамдар өмірінде діннің қажеттілігін ескере келе, дінге сүйеніп отырып өмірлік мәні бар сұрақтарға жауаптар іздеу тұрғысынан алғанда бұл көрсеткішті бағалау аса маңызды. Диаграммада көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқандардың 49,8% оң баға берді. Бейтарап позицияның жоғары 22,8% көрсеткіші респонденттердің аталған пәннің өздерінің сұрақтарына жауап табуға пайдасы болғанын/болмағанын әлі де түсінбегенін көрсетеді. Сауалнамаға қатысқандардың 27,5% аталған көрсеткішке теріс баға берген, яғни, олар «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқудан ешбір нәтиже шығармаған. Сонымен, аталған пәннің іс жүзінде тиімсіз екендігін мойындауға тура келеді, өйткені білім алушылардың төрттен бір бөлігі аталған пәнді оқуға арналған уақытты босқа кетті деп есептейді. Орын алып отырған осындай теріс бағалаудың негізінде аталған пәнді оқыту сапасының төмендігіне де байланысты екендігін естен шығармау керек.

## 20 диаграмма ПӘННІҢ МАҒАН ПАЙДАСЫ ТИДІ, КӨПТЕГЕН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП ТАПТЫМ




«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің пайдасын бағалау бойынша корреляциялық параметр ретінде респонденттердің «Мен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің не үшін керек екенін мүлдем түсінген жоқпын» деген пайымдауларын атауға болады. Егер пайдалылық ұғымы қандай да бір қажеттілікті қанағаттандыру қасиетімен байланысты болса, қажеттілік ұғымы болмыстық жай-күйден туындайды. Бұл жерде, респонденттердің қаншалықты аталған пәннің керектігін түсініп, сезінгенімен байланысты болып отыр. Сауалнама деректеріне сәйкес, зерттеуге қатысқандардың 60,1% оқыту нәтижелері бойынша бұл пәннің қажет екендігін ұғынған, өйткені олар ұсынылып отырған пікірмен келіспейтіндіктерін білдірген (төмендегі диаграмманы қараңыз). Жоғарыдағы диаграммада аталғандай алдыңғы сұраққа берілген жауаптардың тек 49,8% оны пайдалы деп тапқан. Бұл көрсеткіш білім алушылардың сұраныстарын өтеу үшін пәнді оқыту сапасын күшейту керектігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқыту нәтижелері бойынша оқушылармен кері байланысты күшейту қажет. Аталған пәнді не үшін оқығандарын түсінбеген сауалнамаға қатысушылардың 25,8% орын алып отырған жағдайды сипаттайды. «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің факультативті курс болуына қарамастан оның өзектілігі мен маңыздылығын күшейту керек екендігін бейтарап позициясының ұстанған респонденттердің 14,2% айқындай түседі.

## 21 диаграмма МЕН ПӘННІҢ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ ЕКЕНДІГІН ТҮСІНБЕДІМ



Бағалаудың осы қатарындағы соңғы көрсеткіш «Пән қызық болған жоқ» деген пайымдауға қатысты болды. Оқушылар пәнге көңіл бөлуі үшін олардың қызығушылығын ояту маңызды параметр болып табылады. Сауалнамаға қатысқандардың 23% мектеп пәнінің олар үшін қызықты болмағанын атаған. Ал, 16,8% аталған бағалауда бейтарап позиция ұстанды. Респонденттердің 60,2% «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша сабақтар қызықты өткенін атаған.


## 22 диаграмма ПӘН ҚЫЗЫҚСЫЗ БОЛДЫ



### *Білім алушылардың жадында қалған білім деңгейі*

Жадында қалған білім деңгейі білім беру процесі сапасын бағалау көрсеткіштерінің бірі. Пәнді оқыту сапасын бағалауды оқу барысында алған білім туралы мәліметтер негізінде де жүргізуге болады. ЖОО мен колледж студенттеріне «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мазмұны 1-3 жыл уақыт өткеннен кейін қаншалықты естерінде қалғанын бағалау ұсынылды. Сауалнама алынған респонденттердің көп бөлігі – 45,3% пәннің кейбір бөліктері естерінде екенін атаған. Пәннің едәуір бөлігі есімізде дегендер – 22,8%. Пәннің мазмұны дұрыс есінде қалмағандар 24%, мүлдем ештеңе еске түспейді дегендер – 7,1%.

## 23 диаграмма «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЕСІҢІЗДЕ?



Сондай-ақ, колледждер мен ЖОО студенттеріне есте сақталған ең әсерлі мәлімет қандай деген сұрақ қойылды. Респонденттердің 44,5% ислам туралы материалдардың есте қалғанын атады. Мұғалімнің оқыту әдістемесінің арқасында пәннің мазмұны есте қалды деп жауап бергендер – 33,1%. Респонденттердің 27,5% жаңа діни ағымдар туралы материалдардың есте қалғанын атаған көрсетті. Зайырлылық бойынша ақпараттарды атап кеткендер – 15,8%. Респонденттердің 11,5% христиан дініне қатысты материалдар естерінде қалғанын белгіледі. Осы ретте, ешбір мәлімет есте қалған жоқ немесе жауап беруге қиналамын деген нұсқалардың төмен пайызын атап кетуге болады.

## 24 диаграмма ОҚУ БАРЫСЫНДА БӘРИНЕН БҰРЫН ЕСТЕ ҚАЛҒАНЫ НЕ?



Респонденттердің жадында қалған білімді тексеру үшін оларға мектеп курсы аясында өткен материалдар бойынша 7 сұрақ қойылды. Төменде қойылған сұрақтарға дұрыс жауап берген респонденттердің пайыздық қатынасы көрсетілген диаграмма келтірілді. Айта кетері, барлық сұрақтарға берілген дұрыс жауаптардың орташа балы 59,1% құраған. Жалпы алғанда, мектеп кезінен 1-3 жыл аралығында уақыт өтсе де, сауалнамаға қатысушылардың 60% жуығы сұрақтарға дұрыс жауап берген. Сондай-ақ, 5 сұрақ бойынша нәтижелер 60%-дан асып түсіп, жадында қалған білімнің жоғары көрсеткіштерін айқындады. Үлкен қиындық тудырған сұрақ миссионерлікке қатысты болды. Жалпы айтатын болсақ, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша оқушылардың есінде қалған білімнің жақсы деңгейі байқалды.

## 25 диаграмма ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАРҒА БЕРІЛГЕН ДҰРЫС ЖАУАПТАРДЫҢ ҮЛЕСІ



*Оқыту нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған құндылықты-дүниетанымдық ұстанымдар*


Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер қатарына жататын аталған курсты оқытудың құндылығы ұсынылатын білім көлемімен емес, тұрақты дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыру ерекшелігімен анықталады. «2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқау хат) «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсының мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Атап айтқанда, гуманизм мен толеранттылық, діни сенім еркіндігін құрметтеу, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтау, экстремизм мен терроризм идеологияларын қабылдамау, мемлекеттің зайырлы ережелерін құрметтеу, азаматтық кемелдену мен құқықтық жауапкершілік сияқты дүниетанымдық ұстанымдарды құндылық ретінде қалыптастыру мақсат етілді.<sup>188</sup>

<sup>188</sup> 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 184 б.

Оқыту сапасын гуманистік ұстанымдарды қалыптастыру тұрғысынан анықтау үшін сауалнама барысында бірқатар арнайы сұрақтар қойылды. Біріншіден, респонденттерге 4 пікір ұсынылып, «келісемін – келіспеуім ықтимал – келісуім ықтимал – келіспеймін – жауап беруге қиналамын» шкаласы бойынша өздерінің ойларын білдіру ұсынылды.

Бірінші пікір конфессионалдық келісім елдің тұрақты дамуының кепілі болып табылады деген сұрақтың жауабын табуға бағытталды. Аталған пікір бойынша пайымдауларды анықтау «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәніне арналған Әдістемелік нұсқау хатының 6 міндетіне сәйкес келеді.<sup>189</sup>


## 26 диаграмма КОНФЕССИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ - ЕЛДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ



Жалпы, сауалнамаға қатысушылардың жиынтық 67,3% конфессионалдық келісім елдің тұрақты дамуының кепілі деген пайыммен келісті. Респонденттердің 21% келіспеушілік танытып, 11,7% жауап беруге қиналатыны алаңдатушылық тудырады. Аталған пікірмен келіспеушілік танытқандар елдің тұрақты дамуы үшін қоғамдық өмірдің өзге аспектілердің маңыздылығы одан да жоғары деген көзқараста болуы мүмкін.

Аталған сұрақ Әдістемелік нұсқау хатының 5 міндетінде белгіленген өзге діндерді құрметтеу сияқты құндылықтық ұстаныммен байланысты қойылды.

## 27 диаграмма БАСҚА ДІНДЕРГЕ ҚҰРМЕТ - ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АДАМНЫҢ БАСТЫ СИПАТЫ



Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (74,8%) аталған пікірмен келіседі. Алайда, респонденттердің 20,2% келіспейтінін білдірсе, 5% жауап беруге қиналалды. Яғни, респонденттердің бестен бір бөлігі өзге діндерге деген көзқарастары бойынша интолерантты екендерін көрсетті. Осы тұста сауалнамаға ЖОО мен колледж студенттері қатысқанын еске сала кету қажет. Жастар ортасында өзге дүниетанымдық көзқарастарға интолерантты ұстанымдар орнығуы қауіпті үдеріс деп есептейміз. Себебі, қазақстандық қоғамның поликонфессионалдық жағдайында өзге діни көзқарастарды және жалпы мәдени алуан түрлілікті қабылдамау келе-


шекте күрделі мәселелерді тудыруы мүмкін.

Үшінші пікірдің шеңберінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні толеранттылықты тәрбиелеуге қаншалықты әсер ететінін анықтау мақсат етілді.

<sup>189</sup> Сол жерде.




## 28 диаграмма МЕКТЕПТЕГІ «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БАСҚА ДІНДЕРГЕ ДЕГЕН ТӨЗІМДІЛІКТІ ДАМУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ



Сауалнамаға қатысушылардың 70,9% төмендегі пікірмен келісетінін, 21,8% келіспейтінін білдірді. Ал, 7,2% бұл сұраққа жауап беруге қиналды. Осы өзара ұштасқан үш пайымдауларға қатысты көрсеткіштер «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту кезінде діндерді құрметтеу және толеранттылық таныту құндылықтарын қалыптастыру бағытына қажетті деңгейде көңіл бөлу қажеттілігін көрсетеді.

Респонденттерге «Заң діннен жоғары» деген қысқа әрі нұсқа пікірге өздерінің ойларын білдіру ұсынылды. Осы пікір зайырлылық принципінің маңыздылығы туралы түсінікті анықтауға бағытталып, «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсына арналған Әдістемелік нұсқау хатының 1, 2 және 8 міндеттерін жүзеге асыру қажеттіліктеріне сәйкес келеді.<sup>190</sup>

## 29 диаграмма ЗАҢ КЕЗ КЕЛГЕН ДІННЕН ЖОҒАРЫ



Сауалнамаға қатысушылардың жартысынан астамы (58,5%) заң діннен жоғары деген пікірмен толықтай келіседі. Респонденттердің 6,8% жауап беруге қиналды, 34,7% келіспейтінін білдірді. Бұл пайыздық көрсеткіштер халықтың дінге деген қызығушылығы артуымен, соның ішінде жастар арасында діндарлық деңгейінің өсу үдерісімен байланысты болуы ықтимал. Сол себепті, аталған факт ерекше алаңдатушылық тудырады. Бұл жағдай құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершіліктің жеткіліксіз деңгейде екендігін көрсетеді.

Екінші жағынан, жаппай сауалнаманың әдістемесі бойынша сұрақтар жабық түрде болғанын, яғни респонденттер ұсынылған жауаптардан ішінен өздеріне жақын нұсқаларды таңдағанын естен шығармаған жөн. Таңдалған жауап нұсқаларында әр түрлі деңгейдегі түсініктер мен интерпретациялар болуы ықтимал. Жастар арасындағы діндарлық деңгейі мен азаматтық жауапкершілігі туралы нақты қорытындылар шығару үшін талдаудың өзге әдістемелерін, соның ішінде әлеуметтану ғылымының сапалы әдістерін қолдану арқылы зерттеу жүргізу қажет.

### *Пәнді оқытудың оқушыларға әсер етуіне қатысты нәтижелер*

Дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыру тұрғысынан оқыту сапасын бағалау үшін респонденттерге «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің жеке көзқарастарға әсер ету жөнінде сұрақ қойылды. Қатысушыларға үш жауап нұсқасын таңдауға рұқсат етілді. Төмендегі диаграмма деректеріне сәйкес, респонденттердің 37,3% мектептегі пәнді оқыған соң діндерді зерттеуге қызығушылық ояғанын көрсетті. Жаппай сауалнамаға қатысушылардың 25,2% осы пәннің арқасында зайырлылық принциптерін толық түсінгенін атап отыр. Респонденттердің 24,9% дін ұстанатын адамдарға түсіністікпен қарай бастаған. Сондай-ақ, өзге дін өкілдеріне түсініктік таныта бастағандар – 17,8%, құдайға сенбейтін адамдарға түсініктікпен қарайтын

190 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 184 б.


болғандар – 10,3% құрағанын атап кету қажет. Яғни, пәннің оқушыларға позитивті ықпал еткендігі, толеранттылық пен сыйластықтық деңгей артқандығы туралы сенімді түрде айтуға болады.

Діни сенім мен сенімсіздік бойынша дүниетанымдық көзқараста оран алған өзгерістер берілген жауаптарда көрініс тапты. Мәселен, респонденттердің 18,3% діни сенімі бұрынғыдан едәуір артқанын атады. Қатысушылардың 10,5% бір дінге сенімі пайда болғанын, 4,3% атеизмге біржақты келгенін көрсетті. Сондай-ақ, респонденттердің 3,4% өздерінің ұстанып келген атеисттік көзқарастары одан әрі күшейгенін атады, 3,2% діннен мүлдем алшақ жүруге шешім қабылдаған.

Сонымен қатар, респонденттердің 19,4% мектеп пәні өмірлік ұстанымдарға мүлдем әсер тигізген жоқ деп жауап берсе, қатысқандардың 5% жауап беруге қиналды.


Диаграммада көрсетілгендей, «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы оқушылардың тұлғалық қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді, осыған орай оның сапалы оқыту процесіне мұқият көңіл бөлу қажет.

### 30 диаграмма ЗАҢ КЕЗ КЕЛГЕН ДІННЕН ЖОҒАРЫ



Сауалнаманың соңында респонденттерге ЖОО мен колледждерде діндер туралы оқыту қажет пе деген сұрақ қойылды. Қатысушылардың пікірлері аздаған айырмашылықпен екіге тең бөлінді деуге келеді. Респонденттердің 54% діндер туралы білім алуды жалғастыру керек деп санайды. Ал, сауалнамаға қатысқандардың 46% діндер туралы одан әрі оқытудың қажеттілігі жоқ деп есептейді.

### 31 диаграмма «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ СІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫҢЫЗҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ? (ҮШ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)



Әлеуметтік сауалнаманың деректері «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы сапалы оқыту қажеттілігі мен маңыздылығын толыққанды айқындады деуге келеді, себебі аталған пәнді оқу кезінде оқушыға жаңа білім мен дағдылар үйретіліп, оның дүниетанымы мен құндылықтар жүйесі үйлесімді түрде қалыптасуына ықпал етіледі

### **Қорытындылар:**

1. Мектептің білім беру бағдарламасына «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні енгізілгенін респонденттердің жартысынан астамы позитивті бағалады. Респонденттердің пәнге деген қызығушылық деңгейі және тұлғаның дамуына тигізетін көмегі сияқты параметрлер бойынша берген бағалары негізінде осындай қорытынды шығаруға болады.

Алайда, сауалнамаға қатысқандардың төрттен бір бөлігіне жуығы аталған пәнді оқығандарына көңілі толмағандығын жеткізіп, оның оқытылуы қажетсіз деген пікірлерін білдірді. Орта мектепте тұлғалық тәрбие беру және тиісті білімді трансляциялау бойынша негізгі актор мұғалім екендігін ескеретін болсақ, теріс пікірлердің едәуір мөлшерін оқыту сапасындағы кемшіліктермен түсіндіруге болады. Сол себептен, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жан-жақты шындау мәселесін тұрақты назар ұстау қажет.

2. «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша респонденттердің естерінде қалған білімді анықтау барысында олардың естерінде мазмұндағы негізгі бағыттар бойынша түсініктер қалыптасқаны байқалды. Респонденттердің өздеріне берген бағасы мен арнайы сұрақтарға берген жауаптары арасындағы корреляция жалпы алғанда сәйкес келіп отыр. Мәселен, егер респонденттердің 68,1% тақырыптардың мазмұны бойынша ақпараттың көпшілігі немесе едәуір бөлігі есімізде қалды деп жауап берсе, сауалнамадағы арнайы сұрақтардың дұрыс жауаптары 60% құрады.

«Миссионерлік дегеніміз не?» деген сұраққа дұрыс жауаптардың ең аз пайыз (40,1%) тіркелгендігін сабақ барысында аталған мәселені толыққанды қарастырмау себептерімен ғана емес, сондай-ақ бұл діни қызмет түрінің қазақстандықтардың күнделікті өмірінде жиі кездеспейтін құбылыс екендігімен де түсіндіруге болады.

«Сіздің есіңізде оқу кезінен не сақталды?» деген сұрақ бойынша зайырлылыққа қатысты материалдар деген жауап нұсқасын таңдағандар 15,8% құрағанымен, сауалнаманың арнайы тексеру сұрақтарына респонденттердің 60,1% дұрыс жауап берді. Яғни, дұрыс жауаптардың басымдығы респонденттердің көпшілігінде зайырлылық қағидаттары туралы түсінік қалыптасқанын көрсетеді.

3. Дүниетанымдық ұстанымдар мен құндылықтарға қатысты сұрақтарға берілген жауаптарды талдау нәтижесінде оқушыларға белгілі бір білім жиынтығын беріп қана қоймай, тиісті құндылықтарды тәрбиелеуге, соның ішінде зайырлы принциптерді орындау мен қоғамдағы көптеген мәдениеттерге құрметпен қарау маңыздылығын түсіндіруге, елдегі бейбіт өмір мен татулықты сақтаудың жауапкершілігін жеткізуге ерекше назар аудару қажеттілігі анықталды. Респонденттердің «Конфессияаралық келісім – елдің тұрақты дамуының кепілі», «Өзге діндерге құрмет – қазіргі заманғы адамның басты сипаты», «Мектептегі «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні басқа діндерге деген төзімділікті дамытуға көмектеседі», «Заң кез келген діннен жоғары» деген пікірлерге қатысты айқындалған көзқарастары негізінде мектептегі пәнді оқыту процесінде кемшіліктер орын алып отырғанын пайымдауға болады.

Респонденттер «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы мектепте оқығанын және сауалнама өткізу уақытында дүниетанымдық ұстанымдары қалыптасып үлгерген ЖОО мен колледж студенттері екендігін назарға алу қажет. Осы бөлімде жүргізілген талдау нәтижесінде респонденттердің бестен бір бөлігі үшін конфессияаралық келісім және өзге діндерге құрмет сияқты құндылықтар маңызды болып есептелмейтіні анықталды. Сондай-ақ, респонденттердің бестен бір бөлігі аталған пән менің бойымда толеранттылық сезімі

қалыптасуына әсер етпеді деген нұсқаны белгіледі. Заң діннен жоғары емес деген пікірге жақын көзқарас білдірген респонденттердің үштен бір бөлігі одан да үлкен алаңдаушылық тудырады. Яғни, біздің ел құқықтық мемлекет деген көзқарас қоғамда кеңінен таралғанына қарамастан осындай пайымдаулар кездесуде.

Жалпы алғанда, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту барысында жастардың бойында гуманизм, толеранттылық, азаматтылық сияқты дұрыс дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыру мақсат етіледі. Алайда, бір пән осындай мақсат аясындағы тым ауқымды міндеттерді атқара алмайтыны сөзсіз. Бұл міндеттер жалпы әлеуметтік-гуманитарлық таным саласының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы қажет.

### 1.3 Жалпы білім беру ұйымдарында діндерді оқытудың халықаралық тәжірибесі

Соңғы жылдары қоғамдық кеңістікте діннің рөлі өзгеруіне орай, шиеленістердің алдын алып, поликонфессионалдық қоғамда бейбіт өмірді қамтамасыз ету үшін түрлі діни дәстүрлер арасында диалог жүргізудің маңыздылығы артып отыр.

Бүгінгі күні мектепте діндер туралы оқыту қажеттілігі бұқаралық кеңістігінде діннің орны өзгеріп, әлеуметтік маңызы артқан постсекулярды заманның жаңа факторларынан туындайды.<sup>191</sup>

Көптеген елдерде жалпы білім беру ұйымдарында діндерді оқыту мәселесі қызу дискуссиялардың тақырыбына айналды. Бір жағынан, кейбір елдер мектепте оқытылатын пәндер зайырлы сипатта болуын қолдаса, екіншілері діндерді ой-өрісті кеңейту, ар-ождан еркіндігін түсіндіру, ақпараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы объективті жолмен оқыту қажет деп есептейді. Алайда, бұл сұраққа да қатысты түрлі көзқарастар айтылады, білім беру ұйымдарында діндерді оқытудың мазмұны, түрлері мен маңызды мақсаттары бойынша сарапшылардың көзқарастары бір жерден шыға бермейді. Себебі, әр елде өзінің тарихи-мәдени дәстүрі мен әлеуметтік-саяси жағдайы ескеріледі.

Сонымен қатар, сыртқы экстремисттік қауіп-қатерлер мен кибершабуылдар жиі орын алуына байланысты, кез келген мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздікті күшейтудің, әсіресе тұрғындар арасында радикалды идеялар таралауына қарсы іс-қимылдарды жүзеге асырудың маңыздылығы артып отыр. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы барлық дамыған елдер сияқты заң үстемдігі бұзылмауын, әсіресе өз азаматтарының ар-ождан еркіндігі мен діни сенім бостандығы бойынша құқықтары қамтамасыз етілуін мақсат етеді. Осы орайда, халықаралық тәжірибенің тиімді үлгілерін зерттеу өз еліміздегі зайырлылық пен дін негіздері бойынша мәселелерді дұрыс саралауға септігін тигізетін болады.

Мектептерде діндерді оқытудың тиімді әдістемесін таңдау көптеген жағдайларға байланысты, олардың арасында білім берудің түрлері мен мазмұнына әсер ететін келесі негізгі факторлар жатады:

- қоғамдағы діни ұстанымдардың ерекшеліктері (бір конфессиялық немесе көп конфессиялық қоғам);
- елдегі діни және зайырлылық компоненттерінің өзара қатынасы;
- елдегі тарихи дәстүрдің ерекшеліктері;
- дін саласындағы мемлекеттік білім беру жүйесінің мақсаты мен ерекшеліктері.

Сондай-ақ, батыс зерттеушілері білім саласындағы кез-келген пәннің, соның ішінде діндерді оқытудың мазмұнында төрт дискурс көрініс табатынын атап өтеді. Аталған теориялық-әдіснамалық негіздер ерекше назар аударуды қажет етеді, себебі олар орта білім беру ұйымдарында және жоғары оқу орындарында діндерді оқытудың әртүрлі парадигмаларына типологизация мен классификация жүргізуге мүмкіндік береді. Төрт категория келесідей ерекшеліктерге негізделеді:

191 Витамар А., Степанова Е.А. Мектеп және дін: еуропалық тәжірибе. Ресей ғылым академиясы Орал бөлімшесінің Философия және құқық институтының журналы. 2011. Шығарылым 11. 361-376 бб.

- 1) академиялық дәстүрге негізделген оқу бағдарламасы – зерттеу нысаның академиялық және ғылыми тұрғыдан қарастыруға бағытталған бағдарлама;
- 2) әлеуметтік тиімділікке негізделген оқу бағдарламасы – болашақ қоғам мүшесі үшін маңызды болып есептелетін білімді ұсынуға мақсатталған бағдарлама;
- 3) гуманистік оқу бағдарламасы – әрбір тұлғаның жекелей дамуына қажетті болып есептелетін білімді ұсынуға мақсатталған бағдарлама;
- 4) әлеуметтік-реконструктивтік оқу бағдарламасы – қоғамдық және саяси құндылықтарды дәріптеуге басымдылық берілген бағдарлама.

### **Еуропа елдерінің мектептерінде дін негіздерін оқыту тәжірибелері**

Көптеген еуропалық зерттеушілер, саяси қайраткерлер, азаматтық қоғам өкілдері мен оқытушылардың пікірінше, білім беру жүйесінде дін негіздерін оқыту қажеттілігі Еуропа елдеріндегі қазіргі әлеуметтік-саяси жағдайынан туындайды. Сондай-ақ, діни білім беру мәселесі азаматтықты тәрбиелеу (citizenship education) қағидасымен бірге қарастырылып, келесі бағыттар бойынша білім беруді қамтиды:

- адамның құқықтары;
- азаматтық құқықтар мен еркіндіктер;
- бейбіт өмір сүру тәжірибесі;
- жаһандық мәселелер;
- мәдениетаралық диалог;
- тәрбиелеу жұмысын әр түрлі мәдени дәстүр өкілдерімен «бірлесіп өмір сүруге» бағыттау.

Еуропа елдерінің мектеп деңгейіне діни білімді енгізу жолдары, сондай-ақ діни білім берудің жалпы мазмұны мен түрлері арқылы сол мемлекеттің конституциялық негіздерін және ұлттық бірегейлік пен конфессиялық ұстанымдардың өзгешелігін аңғаруға болады.<sup>192</sup> Жалпы алғанда, мектептерде діндерді оқыту келесідей бағыттарда жүргізіледі:

- конфессиялық діни білім;
- конфессиялық ортадан тыс діни білім;
- инклюзивті діни білім.

Конфессиялық діни білім беру барысын діни ұйымдар қадағалайды және оқыту процессін ұйымдастыру, оқытушыларды таңдау, бағдарламаларды құрастыру және ақпарат көздерін ұсыну жауапкершілігін өз мойындарына алады (Австрия, Бельгия, Кипр, Испания, Грекия, Мальта, Польша, Португалия, Чехия). Оқытушылар үшін діни ұйымдардан біліктілікті растайтын сертификат алу міндеттеледі. Кейбір елдерде конфессиялық білім беруді қамтамасыз ету жұмысы мемлекет пен діни ұйымдардың әріптестігі негізінде атқарылады (Венгрия, Италия, Латвия, Литва, Германия, Финляндия). Діндер бойынша курстар оқу бағдарламаларына таңдау пәні ретінде енгізіледі. Италияда католицизм негіздерін оқыту 5 жастан басталып, білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне енгізілген, еркіндік университеттерге ғана беріледі. Сол сияқты көптеген елдерде білім беру жүйесіне, соның ішінде діндерді оқытуға қатысты бағдарламаларға өзгерістер енгізу мәселелері қоғамдық дискуссиялардың тақырыбына айналып отыр.

Сонымен бірге, еуропалық елдерде конфессиялық ортадан тыс жүйелер қалыптасып, ол жерде мемлекет пен діннің арасы нақты жіктелген және діни ұйымдар мектептің білім беру процесіне мүлдем араласпайды. Бұл жүйеде діндердің негіздерін оқыту жұмысы мемлекет тарапынан ұйымдастырылып, толық өзінің бақылауында болады. Бақылаудың аясында оқытушыларды даярлау және бағдарламаларды әзірлеу жұмысы да қамтылады. Мысалы, Францияда дін негіздері бойынша арнайы пәндер жоқ, алайда тарих, әдебиет және өнер сияқты пәндерді оқыту барысында діни білімнің ерекшеліктері туралы мәлімет беру қарастырылған.

192 Kerstin von Brömssen, Heinz Ivkovits & Graeme Nixon (2020) Religious literacy in the curriculum in compulsory education in Austria, Scotland and Sweden - a three-country policy comparison, *Journal of Beliefs & Values*, 41:2, 132-149, DOI: 10.1080/13617672.2020.1737909 (қаралған күні: 01.10.2020)

Жоғарыда аталған жүйелермен қатар, «аралас» жүйелер де болады. Мысалы, Англия мен Уэльсте заңды діни ұйымның демеушілер қатарында болуына байланысты мектептерге білім беру процесіне белгілі бір діннің негіздерін оқыту мәселесін қарастыруға еркіндік берілген. Алайда, билік тарапынан «білім беру процесі мектепте және қоғамда оқытушының «рухани, өнегелік, мәдени, менталды және физикалық дамуын қамтамасыз етуі қажет» деген талап нақты қойылады.<sup>193</sup>

Осы ретте, мектеп оқушыларына діндерді оқыту бойынша түрлі ұстанымдарға сүйенетін кейбір еуропалық елдердің тәжірибелеріне кеңінен тоқталып кетуге болады.

### *Шотландия*

Шотландия елінің «Білім туралы» заңы 1872 жылы қабылданып, міндетті жалпы білім беру бойынша ұлттық жүйенің негізін бекітті. Осыған дейін шотландтық мектептерге шіркеулік құрылымдар қаржы бөліп келсе, «Білім туралы» заңы қабылданған соң, оқу ұйымдарын қаржыландыру мен қолдау көрсету қызметі толық мемлекеттің иелігіне өткізілді, нәтижесінде елдегі білім беру процесінің секуляризациясы басталды. Сонымен қатар, аталған заңға сәйкес, ата-аналар өздерінің көзқарастары негізінде балаларын дін негіздері бойынша сабақтарға қатыстыру немесе қатыстырмау құқығына ие болды.

Пәннің қазіргі кездегі ресми атауы – «Діни және өңіргелік білім беру, тәжірибелері мен салдары». Аталған пән үш негізгі аудитория өкілдеріне арналып құрастырылған: Римдік-католиктік мектептер, жалпы білім беру мектептері, конфессиядан тыс мектептер.

Мәселен, конфессиялық емес мектептерге арналған курс мазмұнында кез келген дін «адамзат тәжірибесінің» бөлігі ретінде қарастырылып, оның оқушылары діни ілімдермен қатар, діни емес дүниетанымды да оқуы көзделген.<sup>194</sup>

Алайда, бұл пән үш негізгі тақырыпқа бөлінген: «христиан діні», «әлемдік діндер» және «діни сенімдер мен құндылықтар». Бірінші тақырып толығымен христиан догматикасын, шотландиялық қоғам үшін христиан дінінің тарихи маңызы мен орнын түсіндіруге арналған. Екінші тақырып ислам және буддизм діндерін қарастырады. Үшінші тақырыпта әлемдегі және Шотландия еліндегі алуан түрлі діни ұстанымдарға, өзге конфессия өкілдеріне толеранттылық пен төзімділік таныту принциптеріне назар аударылады.

Аталған бағдарлама әділ және плюралисттік қоғам құруды мақсат етуіне байланысты білім беру процесін әлеуметтік-реконструктивтік дәстүріге жатқызуға болады.

### *Дания*

Конституцияның 6 тармағына сәйкес, «Інжілдік лютерандық шіркеу – Дания халқының шіркеуі және ол мемлекет тарапынан қолдау табады» деп нақты белгіленген. Данияның ұлттық орта мектептері тарихи тұрғыда шіркеумен тығыз байланысты. Қазіргі кезде «Христиан дінін тану» мектептің 1-10 сыныптарында аптасына бір рет өткізу жоспарланған. Алайда, 7 немесе 8-ші сыныпта сабақ өзгеше өтеді, себебі мектептер оқушыларды лютерандық конфирмация рәсіміне дайындау мақсатында жергілікті ұлттық шіркеу өкілдері оқытушы ретінде шақырады.

Орта мектептің жоғары сыныптарында діни білім тарих, әлеуметтану және философия арқылы оқытылады. Оқытушыларды даярлау университеттер мен колледждерде жүргізіледі. «Христиан дінін білу/Тіршілік негіздері/Азаматтылық» пәндері міндетті болып саналады. Соның ішінде этикаға ерекше көңіл бөлінеді. Орта мектептердің жоғарғы сынып оқытушыларына университеттердің дінтану факультеттерінде білім алу міндетті.<sup>195</sup> Бастапқы және орта

193 Jackson R. European Institutions and the Contribution of Studies of Religious Diversity to Education for Democratic Citizenship // Religion and Education in Europe: Developments, Contexts and Debates. Munster: Waxmann, 2007. P. 27-56.

194 Kerstin von Brömssen, Heinz Ivkovits & Graeme Nixon (2020) Religious literacy in the curriculum in compulsory education in Austria, Scotland and Sweden - a three-country policy comparison, Journal of Beliefs & Values, 41:2, 132-149, DOI: 10.1080/13617672.2020.1737909 (қаралған күні: 01.10.2020)

195 Понкин И.В. Зайырлы мектептерде діндер туралы білім беру: құқықтық реттеудің еуропалық тәжірибесі//Зайырлы



білім беру деңгейінде дін негіздерін оқыту процесі оқушыларды азамат және тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған ағартушылық және тәрбиелеу жұмысының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Дания еліндегі мектептерде дін негіздерін оқыту бойынша осындай ұстаным әлеуметтік реконструктивизм дәстүріне жатады.

### *Германия*

Германияның «мультиконфессионализм» саясатының негізінде елдегі діни білім мемлекет есебінен қаржыландырылады.

Мемлекеттегі діни білім жүйесі жан-жақты ойластырылып, мектеп және жоғары оқу орны деңгейлерінің өзара байланысы қамтамасыз етілген.<sup>196</sup>

Мемлекет пен шіркеу қарым-қатынасының моделін құру барысында дін мен бірегейліктің индифференттілігі арасында тепе-теңдік табу мақсат етіледі. Билік тарапынан дүниетанымдық бейтараптықты қолдаумен қатар, діннің әлеуметтік-саяси міндеттерді шешу жолындағы пайдасы да мойындалады.<sup>197</sup>

Сонымен бірге, Германияда діни білімге тапсырыс беруші мемлекеттің өзі болғандықтан, мемлекеттік құрылымдар білім беру ұйымының жоспарын, кестесін, емтихан алу тәртібін әзірлеуге және қажетті оқулықтармен қамтамасыз етуге жауапты болады. Мемлекет сабақтар барысында қандай да бір дискриминация орын алуына жол бермеуге міндетті. Аталған сабақтарға қатысуға ниет білдірмейтін балалар үшін басшылық өзге пәндерді ұсынады (мысалы, этика немесе философия). Сондай-ақ, мемлекет оқытушылар еңбекақысын төлеуге және дін негіздерін оқытуды жан-жақты қамтамасыз етуге жауапты.

### *Франция*

Мектепте дін оқыту заңнамалық деңгейде тыйым салынған және де зайырлылық пен діндарлық арасында тепе-теңдік сақтау күрделі болуда. Зайырлылық принципін жаппай енгізу бұқаралық кеңістіктегі дін ықпалын азайтты, алайда діни сипаттағы қақтығыстардың пайда болуына түрткі болды. Дін туралы арнайы білімдері жоқ қазіргі жастардың постсекулярлы және мультимәдени әлемде өз бағыт-бағдарын анықтау, классикалық өнер мен әдебиетті түсіну және халықаралық шиеленістердің себептерін ұғыну үшін тиісті қабілеттері қалыптаспаған деген пікірлер жиі айтылуда.

Сонымен бірге, француз үкіметі, олардың діни ұйымдармен байланыстары бола тұра, жеке меншік бастауыш және орта мектептердің қызметіне арнайы субсидиялар бөледі, алайда олардан мемлекеттік мектептердің бағдарламаларына және академиялық стандарттарына сәйкес жұмыс жүргізуді, діни тұрғыдан кемсітушілікке және діни білімді міндеттеуге жол бермеуді талап етеді. Мәселен, агностикалық/діни емес немесе өзге діни көзқарастағы отбасылардың ата-аналары оқыту шарттарын ыңғайлы деп таныса, балаларын католиктік мектептерге орналастыруға мүмкіндігі бар. Сол себепті, оқытушыларға діни мәселелер бойынша әділдік пен бейтараптылық таныту қатаң түрде міндеттеледі.

### *Финляндия*

Мемлекет інжілдік-лютеран шіркеуінен де, сондай-ақ дінге сенушілердің аз бөлігін құрайтын православ шіркеуінен де бөлектелген. Бұл ұстаным қоғамда секуляризация үрдісі орын алуына алып келді. Мектепте оқытылатын дін бойынша пән оқушының бірегейлігі пен дүниетанымын қалыптастырып, сондай-ақ мәдениетаралық қарым-қатынасты үйретуге бағытталып

мектептегі діни мәдениет. М.: Мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мен құқықтар институты, 2007. 6-37 бб.

196 Мирошникова Е. М. (2016) ФРГ елінің діни білім беру жүйесіндегі теологияның орны // А.С. Пушкин атындағы Ленинград мемлекеттік университетінің журналы. № 1. 129-142 бб.

197 Мирошникова Е. М. (2007) Мемлекеттік-шіркеулік қатынастың кооперациялық моделі: тәжірибелер мен мәселелер. М.: PFA Еуропа Институты.

отырғандықтан міндетті болып есептеледі. Сол себепті, түрлі конфессияларға жататын діни топтар үшін мектеп деңгейінде арнайы 13 бағдарлама енгізілген.

Жалпы білім беру мектептер мен гимназияларда дін негіздері аптасына бір немесе екі сағат көлемінде оқытылады. Сабақты мектеп оқытушылары немесе қосымша шақыртылған мамандар жүргізеді. Егер мектепте кемдегенде үш оқушы ниет танытса, сан жағынан елдегі азшылықты құрайтын діндерді оқыту үшін де арнайы топтар ашылады. Финляндиялық білім беру органдарының оқытушыларға арналған талаптары қатал болып келеді, сол себептен шағын діни топтардың өкілдеріне мұғалім табу бойынша қиындықтар туындайды.

Діни оқу бағдарламасының мақсаты – балаларға өз діндерінің негізін үйренуге, финляндиялық және елдегі өзге де діни дәстүрлермен танысуға, сондай-ақ діндердің мәдени және гуманитарлық маңызын түсінуге көмек көрсету. Діндерді оқыту барысында балаларға түсінікті әдістермен этикалық сұрақтарды түсіндіруге ерекше назар аударылады.

Орташа статистикалық финляндиялық сыныпта оқушылардың 94% жуығы лютерандық дінге және 3% адам тіршілігіне арналған сабақтарға қатысады, қалған оқушылар православиелік, католиктік және азшылықты құрайтын діндерді оқытуға арналған топтарда оқиды. Соңғы жылдары ірі елді мекендерде тұратын иммигранттық отбасылардың балалары үшін исламды оқыту топтары ашылуда.<sup>198</sup>

### *Швеция*

Жергілікті шіркеу 2000 жылға дейін мемлекеттік статуста болуына орай, діни білім 1969 жылдан бастап мемлекет тарапынан реттеліп келуде.<sup>199</sup> Сонымен бірге, қазіргі билік мультикультурализм бағытында дамуды жоспарлап, елге келіп жатқан иммигранттарды ассимиляциялау саясатынан бас тартты және оларды интеграциялауға бағытталған қадамдар жасауда. Діни сала да бұл үрдістен тыс қалмады. Швеция әлемдегі атеисттік елдердің алдыңғы қатарында тұрғанымен, мектептерде дін сабақтары міндетті түрде оқытылады.

Негізінен христиан, иудаизм, ислам, индуизм және буддизм сияқты діндер, сондай-ақ мысыр, грек және скандинав мифологиялары оқытылады. Мәселен, 7-9 сыныптардағы діндерді оқу тақырыптары келесідей:

- христиан дінінің маңызды идеялары мен қайнар көздері, сондай-ақ протестантизм, католицизм және православие бағыттарының ерекшеліктері;
- ислам, иудаизм, индуизм және буддизм діндерінің қайнар көздері;
- қазіргі қоғамдағы әлемдік діндерге қатысты түрлі түсініктер мен тәжірибелер;
- әлемдік діндер тарихының негізгі белгілері;
- жаңа діни қозғалыстардың, жаңа діндарлық пен жекелей діндарлықтың көрініс табуы;
- қоғам мен дін арасында әр түрлі жағдайларда орын алатын байланыстар;
- қазіргі саяси оқиғалар мен шиеленістерге діндердің ықпалы;
- діни және өзге де өмірлік көзқарастардың жеке тұлғалық бірегейлік мен өмір сүру салтының қалыптасуына әсері;
- кейбір діндердің этикалық мәселелері мен көзқарастары және өзге де ұстанымдары;
- жақсы өмір сүру және жақсы адам тұжырымдарының этикадағы ізгі қасиеттермен байланысы;
- тұрақты даму, адамдар құқығы, сондай-ақ демократиялық құндылық болып саналатын еркіндік пен жауапкершілік ұғымдарының этикалық концепциялармен байланысы.<sup>200</sup>

Алайда, конфессиялық алуан түрлілікті сақтау саясатына қарамастан, мектептерде христиан діні швед қоғамының «мәдени мұрасы» ретінде түсіндіріледі және оның негіздерін оқу

198 Фин мектептері: діни сабақтар бірегейлік сезімдерін дамытуға көмегін тигізеді. URL: <https://finland.fi/ru/zhizn-i-obshhestvo/uroki-religii-pomogayut-detyam-razviva/> (қаралған күні: 17.09.2020)

199 Berglund J. (2013) "Swedish Religion Education: Objective but Marinated in Lutheran Protestantism", *Terminos* 49(2): 165-184.

200 Швед мектептері туралы 10 жазба. URL: <http://bit.do/flyxi> (қаралған күні: 17.09.2020)



міндетті түрде жоспарға енгізіледі.<sup>201</sup>

2019 жылы Швецияның Білім беру бойынша ұлттық агенттігі елдегі оқу бағдарламасын сынап, мектептегі кейбір пәндерді алып тастау мәселесін көтерді. Оның орнына соғыстан кейінгі жылдардың тарихын оқытуға немесе нашақорлықтың зиянын түсіндіруге арналған пәндерді енгізу ұсынылды. Алайда, 2020 жылы Парламентте өткен қызу талқылаулардан соң, білім агенттігі сол ұсынысынан бас тартып, оқушыларға көне заман тарихы, Інжіл, діни өлеңдер мен мемлекеттік әнұран оқытуды жалғастыру туралы ортақ шешім қабылданды. Осы ретте елдің білім министрі Анна Экстрем пресс-конференция барысында «Інжіл сияқты аса маңызды діни құжаттарды мектеп бағдарламасына міндетті түрде енгізу керек. Біздің балаларымыз мектепте Інжілді оқымай қалады деп алаңдауға еш негіз жоқ», - деген биліктің шешімін жеткізді.<sup>202</sup>

Жалпы, осы талдау көрсеткендей, Еуропадағы діни білімнің жергілікті тарихи-мәдени дәстүрлерге сәйкес өз ерекшеліктері бар.

Уорвик Университетінің (Ұлыбритания) профессоры және Еуропа Кеңесі атынан мектептердегі діни білім беру бойынша ұсыныстардың құрастырушысы мен авторларының бірі Р. Джексонның айтуынша, еуропа елдерінде дискуссия тудырған тақырыптардың ішінде келесідей мәселелердің өзектілігі ерекше артып отыр: біріншіден, дінге «мәдени факт» ретінде қараудың заңдылығы; екіншіден, «мәдени расизм» күшейген уақытта оқыту процесінде акценттерді дұрыс қою маңыздылығы; үшіншіден, діндерді оқыту бойынша арнайы педагогикалық әдістерді әзірлеу; төртіншіден, жеке тұлғалық бірегейлік мәселелерін талқылау барысында мектеп оқушыларына өздерінің діни ұстанымдарын білдіру қажет пе деген сұрақты қарастыру.<sup>203</sup>

### Америка Құрама Штаттары

АҚШ Конституциясында мемлекет шіркеуден бөлек екендігі нақты көрсетілген, алайда мемлекеттік мектептерде топтасып дұға (молитва) оқу тәжірибесі 1963 жылға дейін сақталып келді. Жоғарғы Соттың 1963 жылғы шешімімен ғана аталған тәжірибеге тыйым салынды. Дегенмен, кейінгі жылдары «ерікті сыйыну және Құдайға құлшылық ету» (voluntary prayer and invocation) сияқты жаңа және арнайы термин пайда болды. Осы орайда, АҚШ Білім департаментінің 2003 жылғы 7 ақпандағы өкімімен мемлекеттік мектептердің әкімшілігіне мұғалімдердің сыныптан тыс жерде «ерікті сыйыну» рәсімдері мен діни жиналыстар өткізуіне шектеулер қоюға тыйым салынды. Білім беру ұйымдарының әкімшілігі тарапынан осы ереженің бұзылуы мемлекеттік қаржыландыруды қысқартуға негіз болуы мүмкін. Сондай-ақ, елдегі көптеген конфессиялардың қызмет жүргізуіне орай, плюрализм саясаты жүзеге асырылады. Сәйкесінше, діни тұрғыдан қарайтын болсақ, АҚШ мектептерінде айырмашылықтар байқалады. Мемлекеттің зайырлы ұстанымына қарамастан мектептерде діндер бойынша сабақ беруге рұқсат етіледі. Алайда, оқытушыларға қандай да бір дінді оқыту барысында сыныпта әр түрлі мәдениет өкілдері бар екендігін естен шығармау ұсынылады.<sup>204</sup>

Сонымен бірге, діни тұрғыдан қандай да бір стереотипті және кемсітуге бағытталған көзқарастар студенттер немесе оқытушылардың тарапынан орын алатын болса, оларды міндетті түрде оқудан немесе жұмыстан шығарады.<sup>205</sup> Осы орайда, белгілі америкалық ғалым, Гарвард семинариясының профессоры Д. Мур мектептердегі діни сауаттылық деңгейін арттыру

201 Kerstin von Brömssen, Heinz Ivkovits & Graeme Nixon (2020) Religious literacy in the curriculum in compulsory education in Austria, Scotland and Sweden - a three-country policy comparison, *Journal of Beliefs & Values*, 41:2, 132-149, DOI: 10.1080/13617672.2020.1737909 (қаралған күні: 01.10.2020)

202 <https://ruletka.se/2020/08/31/shvedskie-shkolniki-prodolzhat-izuchat-bibliyu-i-nacionalnyj-gimn/> (қаралған күні: 01.09.2020)

203 Jackson R. *European Institutions and the Contribution of Studies of Religious Diversity to Education for Democratic Citizenship // Religion and Education in Europe: Developments, Contexts and Debates*. Munster: Waxmann, 2007. P. 27-56.

204 Johnstone, William. *Religion in society: a sociology of religion*. NJ: Prentice Hall, 2004. 456p.

205 Banks, James. *An introduction to multicultural education*. Needham Heights, MA: Allyn & Bacon, 1999. 330p.

қажеттілігіне ерекше назар аударуда.<sup>206</sup> Мәселен, мемлекеттік және жеке меншік мектептермен қатар, шіркеулік оқу мекемелерінің жүйесі қызмет көрсетеді. Аталған мектептердің тарихына қарайтын болсақ, оларды діни ұйымдар ашып отыр. АҚШ оқушыларының шамамен 14% діни мектептерде білім алады. Алайда, қазіргі уақытта бұл оқу орындары кез келген дін мен сенім өкілдерін қабылдай береді. Осындай мектептерде дәстүрлі түрде бір ғана талап қойылады, яғни оқушыға жексенбі күндері өтетін діни рәсімдерге қатысу қажет. Аталған рәсімдер мен қызметтер негізінен дінді үйретуді емес, тәрбие беруді мақсат етеді. Мәселен, балалардың діни тәжірибе бойынша сұрақтарына жауап беріліп қана қоймай, рәсімдерді өткізу барысында махаббат, сабырлық, мұқтаж адамдарға көмек көрсету және осыған ұқсас тақырыптар да талқыланады.<sup>207</sup>

### Канада

Тұрғындарның көпшілігі католицизм дінінде болуына орай, мектеп жүйесін ұйымдастыру кезінде католиктік мемлекеттік мектептер де құрылды. Қазіргі уақытта этникалық топтар мен діни сенімдегі топтардың алуан түрлігіне орай, католиктер ғана емес, өзге діни ұйымдар да өздерінің діни мектептерінің өңірлік бюджеттерден қаржыландыру құқығына ие екендігі жайында дебаттар жүріп отырады. Әзірге өзге ешбір конфессия мемлекеттік қаржы алу құқығына ие бола алмай отыр.

Дегенмен, түрлі конфессиялардың ақылы мектептері қызмет етуде. Оларды негізінен белгілі бір діни қауым және конфессия құрып, мектептер Қамқоршылар кеңесімен басқарылады және ақылы қызмет көрсету есебінен жұмыс жасайды. Канада еліндегі қазіргі мектептерді діни білім болу/болмау негізінде келесі бағыттарға бөлуге болады:

- діни бағыты жоқ мектептер, «зайырлы», деноминациялық (non-denominational); мемлекеттік және ақылы (тәуелсіз және жеке меншік);
- дін негіздері оқытылатын мектептер, алайда ол жерде өзге конфессия өкілдері оқи алады; оқушылар мен отбасылардан мектептің діни дәстүрін құрметтеу талап етіледі;
- конфессиялармен құрылған діни мектептер (католиктік, еврейлік және т.б.); нақты бір діни көзқарастағы отбасылардың балалары қабылданады; бос орындар болса және рұқсат берілсе ғана өзге конфессияның өкілдері қабылдануы мүмкін.

Католицизмнің діни негіздер жергілікті мектептердің негізін құрайды, яғни христиан емес тұрғындар бастауыш мектептерге түсе де алмайды деуге болады. Мемлекеттік католик мектебіне қабылданған оқушы сол жердің рәсімдері мен дәстүрін орындауға міндетті.<sup>208</sup> Әрине, Канаданың аймақтарында әр түрлі өзіндік ерекшеліктер орын алуы мүмкін. Мысалы, Квебек штатында діндерді оқыту барысында негізінен жалпы ақпараттар ұсыну түріндегі академиялық ұстаным қолданылады.

### Ресей Федерациясы

1997 жылғы 26 қыркүйектегі № 125 «Ар-ождан еркіндігі және діни ұйымдар туралы» салалық заңы дінге қатысты оқыту саласын «діни білім» және «дінді оқыту» түрлеріне бөледі.<sup>209</sup> Атап айтқанда, біріншісі дінтану-мәдениеттану бағытта болса, екіншісі тікелей діни мәдениетке арналған білім саналады. Сондай-ақ, «Ресей азаматы тұлғасын рухани-өңегелік дамыту мен тәрбиелеудің Тұжырымдамасы» (2009) жалпы білім беру мекемелерінде діни білімді реттейтін маңызды құжаттардың қатарына жатады. Осы Тұжырымдамаға сәйкес, мектеп кезінен бастап

206 Moore Diane L. Overcoming Religious Illiteracy: A Cultural Studies Approach // World History Connected. 2006. URL: <http://worldhistoryconnected.press.uiuc.edu/4.1/moore.html> (қаралған күні: 17.09.2020)

207 АҚШ еліндегі мектептер. URL: <https://academiconsult.ru/shkoly-ssha> (қаралған күні: 17.09.2020)

208 Канада мемлекетіндегі діни білім және католик мектептері. URL: <http://bit.do/fjyxb> (қаралған күні: 17.09.2002)

209 1997 жылғы 26 қыркүйектегі № 125 «Ар-ождан еркіндігі және діни ұйымдар туралы» федералды заң. URL: <http://kremlin.ru/acts/bank/11523> (қаралған күні: 17.09.2020)

әрбір азамат үшін патриотизм, азаматтық, отбасы, еңбек, дәстүрлі ресейлік діндер сияқты құндылықтарды білу қажет. Тұжырымдаманы Орыс православ шіркеуі әзірлеген болатын. Сондай-ақ, 2012 жылы Ресей мектептерінің білім беру бағдарламаларына «Діни мәдениеттер мен зайырлылық этикасының негіздері» (ДМЗЭН) атауымен алты модульден тұратын пән енгізілді. Бұл пән федералды деңгейде міндетті компонент болып саналады. ДМЗЭН елдегі 20 өңірдің орта мектептерінің 4-ші сыныптарында 1 сағат көлемінде аптасына 1 рет оқытылады (жылына 34 сағат), курс соңында баға қою қарастырылмаған. Одан бөлек, оқытушыларға да тиісті талаптар қойылады. Мәселен, ДМЗЭН курсының нұсқаулығында «Мұғалім оқушыларға әлемдегі діндердің алуан түрлілігін айқын, түсінікті және қызықты түрде жеткізуді, түрлі діни ілімдердің ерекшеліктерін сипаттауды, діни дәстүр, мәдениет және өнер туралы баяндауды мақсат етуі қажет» деп жазылған.<sup>210</sup> Аталған пәннің мектеп бағдарламасына енгізілуі қоғамда қызу талқыланды. 2013 жылы Юрий Левада Аналитикалық Орталығы өткізген сауалнама бойынша респонденттердің 75% дінге қатысты пәндерді таңдауда әрбір адамда еркіндік болуы шарт деп санайды, тек 20% ғана пәнді міндетті түрде оқыту керек деп есептейді. Сондай-ақ, ресей зерттеушісі Ф. Козырев дінге және діни білімге қатысты сұрақтар саяси үрдістермен ұштасып кету қауіпі туралы пікірін айтуда.<sup>211</sup>

### Қорытындылар:

1) Жалпы алғанда, мектептерде діндерді оқыту мәселесі бүкіл әлем бойынша, соның ішінде сарапшылардың арасында да осы күнге дейін талқылануда. Діндер мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Лондон университетінің профессоры Адам Динхемемнің осы мәселеге қатысты пікірі бойынша, қазіргі заманда діндер туралы білу ғана жеткіліксіз, сондай-ақ оқушылардың және жалпы тұрғындардың діни сауаттылығын да арттыру қажетті болуда.<sup>212</sup> Америкалық зерттеуші Брюсс Грелл мектепте діндерді оқыту барысында сыни ойлау қабілетін қалыптастыру маңыздылығын ерекше атап отыр.<sup>213</sup> Сонымен қатар, мектепте діндерді оқытуға қатысты өзге де мәселелер орын алуда. Мәселен, жалпы білім беру ұйымдарында діндерді оқыту процесін ұйымдастыру кезінде туындайтын этикалық, заңнамалық және педагогикалық аспектілерді атап кетуге болады.

Халықаралық ұйымдар да жалпы білім беру ұйымдарында діндердің оқытылуын құптайды. Мәселен, еуропалық сарапшылар құрастырған «Толедолық принциптер» құжатында діндерді оқыту барысында адамның ар-ождан және діни сенім еркіндіктері бойынша құқықтары сақталып, сондай-ақ оның мазмұны қоғамдағы кереғар стереотиптер мен теріс пікірлерді жоюға бағытталуы қажет деп белгіленді.<sup>214</sup> ЕҚЫҰ ұйымы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастардың қалыптасқан моделіне қарамастан бұл принципті барлық елдерге ұсыныс ретінде жолдады.

2) Көптеген елдер діни білімді мектеп оқушыларынан плюралистік қоғамның жауапты азаматтарын тәрбиелеу үрдісінің маңызды бөлігі деп қарастырады. Халықаралық тәжірибені зерттеу нәтижесінде діни білім беру бойынша бірыңғай ұстаным жоқ екендігі айқындалды. Алайда, ғалымдар мен оқытушылар діндерді зерттеу мәселелерін әрдайым назарында

210 «Ресей Федерациясының жалпы білім беру ұйымдарында «Діни мәдениеттер мен зайырлылық этикасының негіздері» (ДМЗЭН) пәнін оқыту бойынша мұғалімдерге арналған инструкциялық-нормативті хат. URL: [http://www.educom.ru/ru/news/detail/29\\_08\\_2012/meth\\_aug\\_2012.pdf](http://www.educom.ru/ru/news/detail/29_08_2012/meth_aug_2012.pdf)

211 Kozыrev F., Federov V. «Religion and Education in Russia: Historical Roots, Cultural Context and Recent Developments». 2006. URL: [https://www.academia.edu/964258/Religion\\_and\\_education\\_in\\_Russia\\_historical\\_roots\\_cultural\\_context\\_and\\_recent\\_developments](https://www.academia.edu/964258/Religion_and_education_in_Russia_historical_roots_cultural_context_and_recent_developments) (қаралған күні: 17.09.2020)

212 Dinham A. «Public Religion in an Age of Ambivalence: Recovering Religious Literacy after a Century of Secularism». Leiden: Brill. 2015.

213 Grelle B. (2015) «Neutrality in Public School Religion Education: Theory and Politics».

214 Toledo Guiding Principles on Teaching about Religions and Beliefs in Public Schools. URL: <https://www.osce.org/files/f/documents/c/e/29154.pdf> (қаралған күні: 17.09.2020)

ұстайды. Шетелде, әсіресе Еуропа елдерінде, дін, қоғам және мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастар, сондай-ақ осыған қатысты қоғамдық пікірлер тұрақты түрде зерттеледі. Зерттеу нәтижелері ең беделді ғылыми журналдарда жарияланады: «Діни білімнің британиялық журналы (British Journal of Religious Education)», «Діни білім (Religious Education)», «Дін және білім (Religion & Education)», «Білім және христиандық діни сенім журналы (The Journal of Education and Christian Belief)», «Білім мен дін бойынша халықаралық журнал (International Journal of Education and Religion)» және т.б.

3) Әлемдік тәжірибеде мектептерде дін негіздерін оқыту барысын зерттейтін ғалымдар мен оқытушыларға арналған алаңдар (орталық, ассоциация, форум) құру үрдісі кеңінен таралған. Мәселен, діндер туралы білім беретін оқытушылардың Еуропалық форумы (The European Forum for Teachers of Religious Education) Еуропа елдерінде діндерді оқыту мәселелері мен тәжірибесін (дінтану және діни тұрғыда) қарастыратын ортақ реттеуші ұйым болып саналады. Ұйымның негізгі мақсаты – Еуропа елдерінде пәндердің дамуын және оқытушылардың байланысын қамтамасыз ету үшін діндер бойынша сабақ беретін педагог мамандардың қызметін ұйымдастыру. Форумның құрамына идеялар және әдістермен алмасу мақсатында мектеп пен колледж педагогтары, жоғары оқу орындарының оқытушылары кіре алады.<sup>215</sup>

4) Батыс елдері қазіргі заман қоғамының өзгеруіне, яғни, бір жағынан, дәстүрлі діндерлік деңгейінің төмендеуіне, екінші жағынан, шағын діни топтардың белсенділігі артуына байланысты өздерінің білім беру жүйелерін сол үрдіске сәйкестендіруде. Әрбір ел ғасырлар бойы қалыптасқан мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың тарихи дәстүріне негізделіп, білім беру мен дін арасындағы қайшылықтарды шешу бойынша өз жолдарын іздеуде.

5) Шетелдік тәжірибеге жүргізілген талдау нәтижесінде қазіргі заман мектептерінде діндерді оқыту бойынша бірыңғай ұстанымдар және тиімділігі барлығымен бірдей мойындалған әдістемелер қалыптаспағаны, сондай-ақ сарапшылардың ортақ пікірлер жоқ екендігі анықталды.

Шет елдердің оқу бағдарламалары мен білім беру жүйелерінде ортақ және ұқсас қыры айқындалды – бұл олардың өзгешелігі, өз елінің тарихи және мәдени ерекшеліктеріне сүйену дәстүрі. Яғни, жалпы білім беру ұйымдарында діндерді оқыту бойынша объективті және бәріне бірдей тиімді ұстаным болмағандықтан, білім беру бағдарламалары әрбір жеке қоғамның зайырлы принциптерге қайшы келмейтін тарихи мұрасына сәйкес әзірленеді.

Қорытындылай келе, бүкіл әлем бойынша діни білім беру тәжірибесі кеңінен қолданылатынын атап кетуге болады, алайда оның принциптері мен әдістері қажет жағдайда қайта қарастырылады, сондай-ақ ғалымдар, оқытушылар және азаматтық қоғам өкілдерінің тарапынан үнемі талқыланып, заманға сәйкес оңтайландыру шаралары қабылданып келуде.

#### 1.4 Ұсыныстар мен ұсынымдар

1. Мемлекет пен қоғам өмірінде соңғы жылдары орын алған оқиғалар мен өзгерістердің, сондай-ақ факультативті пәнді оқыту бойынша жинақталған тәжірибелердің негізінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәніне арналған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын өзектендіру.

215 Карасева С. Г. Беларусь мектептеріндегі діндер туралы білім: жағдайы мен болашағы. Моногр./С.Г. Карасева, Е. В. Шкурова. – Минск: БМУ орталығының баспасы, 2015. – 163 б.

### «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚТЫҢ КОНТЕНТІН ЖАҢАРТУ



- Электронды форматтағы оқулық әзірлеу
- Зайырлылық және дінтану негіздері факультативті курсы бойынша бейне сабақтарды түсіру
- Электронды оқулықты Okulyk.kz сайтына орналастыру

### МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРДЫ ӘЗІРЛЕУ



- «Зайырлылық» тақырыбы мен ұғымына және мемлекеттік саясатты ілгерілету мәселесіне ерекше мән беру
- Интерактивті әдістерді кеңінен қолдану дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару
- Елдегі білікті мұғалімдерді және Қазақстанда көп таралған діндердің өкілдерін жұмылдыру

Білікті дінтанушылар, үздік мұғалімдер, «Өрлеу» БАҰО АҚ қызметкерлері және т.б. мамандардан құралған эксперттер қоғамдастығын осы жұмысқа жұмылдыру арқылы ҮОБ-ның жалпы білім беру пәндері шеңберіндегі «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсына қатысты талаптарды сапалы жетілдіруге мүмкіндік туындайды.

2. Мектепте білім алушылардың жас ерекшеліктерін, мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар саласында көптеген оқиғалар орын алғанын, сондай-ақ COVID-19 пандемиясына байланысты оқыту процесі онлайн режимге өткенін ескере отырып, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәніне арналған оқулықтың контентін жаңарту.

2.1 Электронды форматтағы оқулық әзірлеу. Оқулықты дайындауға білікті дінтанушы мамандарды және «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша үздік және тәжірибелі ұстаздарды жұмылдыру, сондай-ақ оқулықтың мазмұндық объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында дін қызметшілерінің арасынан теолог ғалымдарды қатыстыру.

2.2 Оқулықтың электронды форматын әзірлеу барысында «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативті курсы бойынша бейне сабақтарды түсіру және «Өрлеу» БАҰО АҚ-ның білім беру каналына орналастыру.

2.3 «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативті курсы бойынша әзірленген электронды оқулықты Okulyk.kz сайтына орналастыру және тегін қолдануға жағдай жасау.

3. ҮОБ-ға енгізілетін өзгерістерге және электронды оқулықтың жаңартылған мазмұны мен форматына сәйкес, мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік ұсынымдарды (электронды нұсқасымен бірге) әзірлеу.

3.1 Оқу-әдістемелік ұсынымдарда «зайырлылық» тақырыбы мен ұғымына толыққанды назар аудару, сондай-ақ пәнді оқыту барысында оларды Қазақстандағы мемлекеттік принциптер және заңнамалық ережелермен байланыстырып түсіндіруге мән беру. Білім алушыларға құқықтық мемлекеттің принциптері мен саяси ұстанымын, мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды реттеудің құқықтық аспектілерін түсіндіруге ерекше назар аудару қажет.

3.2 Оқу-әдістемелік ұсынымдарда кейіпкерлік ойын, пікірсайыс, интеллектуалды марафон және т.б. сол сияқты интерактивті әдістерді кеңінен қолдану қажеттілігіне ерекше мән беру. Оқыту барысында интерактивті әдістер арқылы білім игеріліп қана қоймай, ең алдымен еліміздегі конфессияаралық келісім мен татулықты нығайтуға бағытталған зайырлы принциптерді жүзеге асыру жағдайында оқушының бойында сыни ойлау дағдысын, тұрақты дүниетанымдық ұстанымдар мен құндылықтарды және қоғамдық тұрғыдан қолайлы тұлғалық мінез-құлықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3.3 Еліміздегі білікті ұстаздарды және Қазақстанда кеңінен таралған діндердің өкілдерін электронды оқулық пен оқу-әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу жұмысына жұмылдыру. Бұл қадам пәннің мазмұнын тиімді толықтыруға және оқытудың сапасын арттыруға оң әсерін тигізеді. Сонымен бірге, пәнді оқыту талаптарына сәйкес білім процесін тарихшы мұғалімдермен қамтамасыз ету мәселесін шешуге ықпал етеді.



4. ҚР БжҒМ және орта білім беру ұйымдарына «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативті курсы 9 сыныпта тұрақты өткізілуіне және оның орнына өзге пәндер жүргізу жағдайларына жол бермеуге ерекше назар аудару. Сондай-ақ, ҚР БжҒМ-нің құжаттарында көрсетілгендей, аталған пәнді біліктілік арттыру курстарын аяқтаған және арнайы сертификат алған тарихшы мұғалімдер ғана оқытуы жөнінде талапты толыққанды орындау.

5. ҚР БжҒМ және орта білім беру ұйымдарына мұғалімдердің әдістемелік даярлығына назар аудару. Әдістемелік құралдарды тиімді қолдануға негізделген педагогикалық шеберлік жақсы нәтижелерге жеткізеді. Радикалды және экстремистік көзқарастардан алшақ болу үшін оқушының дүниетанымдық дағдыларын қалыптастыра білу «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқытудың маңызды нәтижесі болып есептеледі.

5.1 Білім алушының бойында гуманистік және азаматтық құндылықтарды дамыту мақсатында қолданылатын оқытушылық әдістеде пәннің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіруге, материалды толық жеткізуге, оқушылардың сұрақтарына тиісті жауаптар беруге, әр түрлі көзқарастар бар екендігін ескеруге ерекше көңіл бөлу.

5.2 Сыни ойлау қабілетін дамытатын және қоғамдық кеңістікте зайырлы принциптерді ұстану ережелерін үйрететін әдістерді кеңінен қолдану мәселесіне ерекше мән беру.

6. Мұғалімдердің біліктілік арттыру жағдайына бақылауды күшейту. Соның ішінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мұғалімдеріне арналған курстар барысында заманауи әдістемелік дағдыларды дамытуға ерекше назар аудару.

6.1 Жас мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі мен біліктілігін жетілдіру мәселесіне мақсатты түрде көңіл бөлу.

7. Орта білім беру ұйымдардың, әсіресе ауылды жерлердегі мектептердің материалды-техникалық қамтамасыз ету жағдайын одан әрі жетілдіру. Сондай-ақ, мұғалімдердің техникалық құралдарды тиімді пайдалану дағдыларын дамытып, соның ішінде арнайы біліктілік арттыру курстарына тұрақты қатысуына жағдай жасау.

Осы аспектілердің өзектілігі COVID-19 пандемиясы уақытында айрықша байқалып отыр.

8. Пәнді оқытатын ұстаздарға «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативті курсы бойынша қосымша дереккөздерді пайдалану мәселесіне назар аудару. Прозелитистік әдебиеттердің ықпалына түсіп қалмау үшін оқушыларға діндер туралы объективті ақпарат іздеу және пайдалану амалдарын үйрету қажет.

8.1 Қосымша дереккөздер ретінде қолдану үшін сенімділігі дәлелденген интернет ресурстардың тізбесін жасақтау. Оқушылардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оларға интернет-кеңістігінде сенімді деректерді пайдалану жолдарын үйрету қажет.

8.2 Әлемдегі діндер мен қоғамдағы зайырлы принциптер туралы, сондай-ақ конфессияаралық келісімді нығайту бойынша іс-шаралар жөнінде толыққанды және сенімді ақпарат ұсыну мақсатында оқулық пен оқу-әдістемелік ұсынымдарға қосымша ретінде мұғалімдерге арналған арнайы материалдар әзірлеу.

9. «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту барысында оқушыларға объективті білімді жеткізіп, алуан түрлі діни көзқарастарға бейтарап ұстанымды сақтау үшін, сондай-ақ сол арқылы зайырлы ұстанымдар мен құндылықтарды ілгерілету мақсатында дінтану саласы бойынша мұғалімдердің біліктілігін тұрақты түрде арттыру.

9.1 Дінтанулық біліктілікті арттыру, қазақстандық қоғамның зайырлы және құқықтық құндылықтарына сәйкес келетін ұстанымды қалыптастыру үшін дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелеріне оқушыларымен қатар орта білім беру ұйымдарының

барлық мұғалімдерімен де мақсатты жұмыс жүргізу қажет.

Дүниетанымдық ұстанымдар мен құндылықтарды «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативті курсын оқыту аясында ғана дамыту мүмкін емес. Жалпы алғанда, олар мектептегі әлеуметтік және гуманитарлық циклдың барлық пәндерін оқыту арқылы, сондай-ақ тәрбие процесі барысында қалыптасады.

10. «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативті курсын оқытатын мұғалімдер өзара тәжірибе алмасу үшін және бірлесіп білім беру процесін жетілдіру мақсатында Республикалық әдістемелік кеңесін құру.

11. Білім беру және дін салаларының уәкілетті органдарына «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативті курсының сапасын одан әрі арттыру және мазмұнын толықтыру мақсатында мектептерде пәнді оқыту процесіне зерделеу жұмыстарын тұрақты жүргізуді ұсыну.

11.1 Шетелдік мектептерде дін негіздерін оқытудың жағдайы мен даму бағыттарына тұрақты түрде мониторинг жүргізу. Әлемдегі үздік тәжірибелерді әрдайым зерделеу арқылы еліміздегі орта білім беру ұйымдарында зайырлылық принциптері мен дін негіздерін оқыту барысын жетілдіруге мүмкіншіліктер анықталатын болады.

Жалпы алғанда, осы ұсыныстар мен ұсынымдар әлемдегі және еліміздегі серпінді процестерді ескере отырып, көптеген міндеттер мен мәселелерді қазіргі заманың талаптарына сәйкес шешуге септігін тигізеді. Соның ішінде, пәннің оқу-әдістемелік базасын толықтыруға, оқу әдебиеттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және орта білім беру ұйымдарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқытудың сапасын одан әрі арттыруға әсер ететін болады.

## II-ТАРАУ

# ОРТА КӘСІБИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫ

### 2.1 Қазақстан Республикасының колледж-медреселерінде білім беру сапасын талдау

Қазақстанда 2015 жылы қабылданған ҚМДБ-ның 2020 жылға дейін діни білім беруді дамыту жөніндегі арнайы Тұжырымдамасына сәйкес, (бұдан әрі – Тұжырымдама) медресе мен жоғары діни білім саласында реформалар жүргізу, сондай-ақ ҚМДБ имамдарының біліктіліктерін арттыру институттының жұмысын жетілдіру мақсат етілген болатын.<sup>216</sup> Тұжырымдаманың 5.4 бөлімінде отандық медреселердің оқу бағдарламаларына нострификация өткізу, соның ішінде әл-Азхар университеті жанындағы колледждің бағдарламаларына сәйкестендіру міндеті қойылған.<sup>217</sup>

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері жөніндегі комитетінің (одан әрі – ҚР АҚДМ ДІК) деректері бойынша 2020 жылдың бірінші тоқсанында елімізде барлығы 13 діни оқу орындары қызмет етуде.<sup>218</sup> Оның ішіне исламдық бағыттағы 11 діни білім беру ұйымдары кіреді:

- «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті;
- ҚМДБ имамдарының біліктіліктерін арттыру институты;
- 9 колледж-медресе.

Бұл бөлімде колледж-медреселерге қатысты мәселелер қарастырылатын болады. Қазақстан Республикасындағы колледж-медреселердің білім беру сапасын талдау жұмысы колледж-медреселердің басшыларымен өткізілген эксперттік сұхбаттардың материалдары негізінде жүргізілді. Сонымен қатар, ҚР АҚДМ ДІК, ҚМДБ және колледждер ұсынған ресми деректер және түрлі материалдар талданды.

2007 жылдың 27 шілдесінде қабылданған № 319-III «Білім туралы» заңының 12-бабына сәйкес орта білімге келесі деңгейлер жатады:

- жалпы орта білім;
- техникалық білім;
- кәсіптік білім.<sup>219</sup>

ҚМДБ Тұжырымдамасында діни оқу орындарының білім беру бағдарламаларын кешенді түрде дамыту мақсатында медресе қызметін техникалық және кәсіптік білім беру стандарттарына (одан әрі – ТЖКБ стандарты) сәйкестендіру бойынша жұмыстар жоспарланды. Осы орайда, арнайы орта және кәсіби білім беру ұйымы, яғни колледж статусын алуына байланысты, ҚМДБ-ның орта деңгейдегі оқу орындары өз қызметтерін реформалау мен қайта қалыптастыру кезеңдерінен өткен болатын. Қазіргі таңда діни білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларын, кадрлық құрамын және инфрақұрылымын «0112000 – Исламтану» мамандығы бойынша ТЖКБ стандарттарына толыққанды сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде.<sup>220</sup>

216 «Идти в ногу со временем». Интервью с Муфтием Ержан кажы Малгажыулы. АО «Республиканская газета «Казахстанская правда». URL: <https://kazpravda.kz/articles/view/idti-v-nogu-so-vremenem2/?print=yes.html> (қаралған күні: 13.09.2020).

217 ҚМДБ-ның 2020 жылға дейін діни білімді дамыту Тұжырымдамасы. Ihsan.kz. URL: [http://www.ihsan.kz/storage/muftiya\\_book\\_files/46/book\\_6176.pdf](http://www.ihsan.kz/storage/muftiya_book_files/46/book_6176.pdf) (қаралған күні: 11.09.2020).


218 Тіркеуден өткен діни білім беру ұйымдарының тізбесі. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/49306?lang=ru> (қаралған күні: 15.09.2020)

219 Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі № 319-III «Білім туралы» заңы URL: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_) (қаралған күні: 12.10.2020)

220 Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының ресми сайты. URL: <https://www.muftiyat.kz/ru/kmdb/universities/> (қаралған күні: 15.09.2020 ж.).



Қазақстан Республикасының колледж-медреселері бойынша жалпы ақпарат




Қазақстандағы кейбір медреселер колледж статусын 2016 жылдан ала бастап, жаңа талаптарға сәйкес қызмет көрсетіп келеді. Әрине, іс жүзінде олардың діни білім беру қызметі бұрыннан бар. Мысалы, «Шымкент» және «Астана» медреселері ресми түрде барлығынан бұрын пайда болып, оқу орындарының негізін 2007 жылы қалады. Колледж-медреселерге қатысты жалпы ақпарат төмендегі кестеде ұсынылады.

3 кесте ҚМДБ-НЫҢ КОЛЛЕДЖ-МЕДРЕСЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

АТАУЫ	НЕГІЗІ ҚАЛАНҒАН ЖЫЛЫ	КОЛЛЕДЖ СТАТУСЫН АЛУ УАҚЫТЫ	ОҚЫТУШЫЛАР САНЫ	СТУДЕНТЕР КӨНТИНЕНТІ	МАМАНДЫҚТАР	САЙТ
1 «Әбу Ханифа» колледж-медресесі	2012 ж.	2016 ж.	19	127	«0112013 – Имам хатиб»	abu-hanifa.kz
2 «Ақтөбе» колледж-медресесі	2008 ж.	2016 ж.	15	65	«0112013 – Имам хатиб»	hidayat.kz
3 «Шымкент» колледж-медресесі	2007 ж.	2016 ж.	31	318	«0112013 – Имам хатиб», «0112023 – Ислам негізінің мұғалімі»	әзірлену барысында
4 «Сарыағаш» колледж-медресесі	2008 ж.	2016 ж.	55	866	«0112013 – Имам хатиб», «0112023 – Ислам негізінің мұғалімі»	сайт medrese.kz (жаңа сайт әзірленуде)
5 «Үшқоңыр» колледж-медресесі	2008 ж.	2017 ж.	32	306	«0112013 – Имам хатиб»	әзірлену барысында

6	«Астана» колледж-медресесі	2007 ж.	2020 ж.	22	140	«0112013 – Имам хатиб»	әзірлену ба-рысында
7	«Хибатулла Тарази» колледж-медресесі	2012 ж.	2020 ж.	17	62	«0112013 – Имам хатиб»	әзірлену ба-рысында
8	«Абу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медресесі	2011 ж.	2020 ж.	12	31	«0112013 – Имам хатиб»	әзірлену ба-рысында
9	«Орал» медресесі	2008 ж.	2020 жылғы жоспарда	13	52	«0112013 – Имам хатиб»	әзірлену ба-рысында

«Ақтөбе» колледж-медресесіне іс-сапардың фотолары, Ақтөбе қ-сы



### Білім беру сапасын талдау

Колледж-медреселерде білім беру сапасын талдау жұмысы эксперттік сұхбаттарға және оқу бағдарламалардың материалдарына негізделді. Эксперттік сұхбат құрылымы 4 бөлімге тұрады:

- 1) Оқытушылар құрамы
- 2) Білім алушылар контингенті
- 3) Білім беру бағдарламалары

4) Қазақстандағы «0112000 – Исламтану» мамандығы бойынша діни білім беру сапасын, соның ішінде келесі кәсіби бағыттарды бағалау:

- «0112013 – Имам хатиб»,
- «0112023 – Ислам негізінің мұғалімі».

ҚР АҚДМ ДІК келісімі негізінде аталған жобаның аясында колледж-медресе басшыларымен 7 эксперттік сұхбат өткізілді:

1. «Шымкент» колледж-медресесі (Шымкент қ-сы);
2. «Сарыағаш» колледж-медресесі (Түркістан обл., Ынтымақ ауылы);
3. «Үшқоңыр» колледж-медресесі (Алматы обл., Қарғалы ауылы);
4. «Ақтөбе» колледж-медресесі (Ақтөбе обл., Бестамақ ауылы);
5. «Һибатулла Тарази» колледж-медресесі (Тараз қ-сы);
6. «Абу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медресесі (Павлодар қ-сы);
7. «Орал» медресесі (Орал қ-сы).<sup>221</sup>

Жобаны жүзеге асыру барысында оқу орындарының жалпы жағдайы және білім беру бағдарламаларымен танысу мақсатында барлық колледж-медреселерге іс-сапармен бару көзделген болатын. Алайда, Covid-19 пандемиясына қатысты карантин жағдайына байланысты зерттеу жоспарын толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік болмай, нәтижесінде 7 сұхбаттың 4-уі онлайн форматта өткізілді.

#### 1) Оқытушылар құрамы

ҚМДБ-ның колледж статусын алған барлық медреселерден жаңа жағдайда білім беру процесін жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін оқытушылар құрамының сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстарды жүргізу, яғни ғалымдар мен академиялық дәрежесі бар оқытушыларды шақыру талап етіледі. Кадрлық саясатты тиімді жүргізу үшін ТЖКБ стандартының талаптарына сүйену қажет.

Республика бойынша барлық колледж-медреселер құрамындағы ғылыми және академиялық дәрежелері бар оқытушылар саны туралы ақпарат төмендегі кестеде ұсынылады (4 кесте).<sup>222</sup>

#### 4 кесте ҚМДБ КОЛЛЕДЖ-МЕДРЕСЕЛЕРІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДӘРЕЖЕЛЕРІ

ОҚУ ОРНЫНЫҢ АТАУЫ	ҒЫЛЫМ ДOKTOPЫ		МАГИСТР	БАКАЛАВР	ОРТАША КӘСІПТІК БІЛІМ	БАРЛЫҒЫ
	ҒЫЛЫМ	PhD				
1 «Абу Ханифа» колледж-медресесі	1		8	10		19
2 «Ақтөбе» колледж-медресесі			4	9	2	15
3 «Шымкент» колледж-медресесі	1		12	18		31

<sup>221</sup> Сұхбаттарды өткізу кезінде (а.ж. ақпан-сәуір айлары) 5 медресе ғана колледж статусын алған болатын. «Һибатулла Тарази», «Астана» және «Абу Бакр Ас-Сыдық» медреселері лицензияға 2020 ж. III тоқсанында ие болды. «Орал» медресесі ағымдағы жылдың соңына дейін лицензия алуды жоспарлап отыр.

<sup>222</sup> Эксперттік сұхбаттардың нәтижелерін және колледж-медреселердің материалдарын талдау бойынша деректер.

4	«Сарыағаш» колледж-медресесі			8	47		55
5	«Үшқоңыр» колледж-медресесі			6	26		32
6	«Астана» колледж-медресесі	1	2	4	13	2	22
7	«Хибатулла Тарази» колледж-медресесі			5	10	2	17
8	«Абу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медресесі			3	9		12
9	«Орал» медресесі			1	12		13
Барлығы		3	2	51	154	6	216

Жоғарыда ұсынылған кестеде колледж-медреселердің штатына алынған 216 оқытушының ішінде академиялық және ғылыми дәрежелері бар мамандардың саны келесідей:

- ғылым докторы немесе PhD – 5;
- магистрлер – 51.

Сондай-ақ, колледж-медреселерде 154 бакалавр және арнайы орта білім алған 6 оқытушы жұмыс жасайды.

Қазіргі уақытта 2016-2017 жылдары колледж статусын алған медреселер қатарында 2 оқу орнының штатында ғана («Абу Ханифа», «Шымкент») ғылым докторлары бар, сондай-ақ олар салыстырмалы түрде алғанда магистр дәрежесін алған мамандармен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген. Сонымен бірге, ресми статусты ағымдағы жылы ғана алған «Астана» колледж-медресесі штатында 1 ғылым докторы және 2 PhD жұмыс жасайды.

Барлық оқу орындарының штатында отандық «Нұр-Мұбарак» университетінің түлектері оқытушылық қызмет атқарады. Колледж-медреселердің көпшілігінде шетелдік теологиялық ЖОО-ның түлектері жұмыс жасайды (әл-Азхар университеті, Хасеки академиясы, «Селджук» университеті, Неджметтин Эрбакан атындағы университет және т.б.). Теологиялық пәндердің оқытушылары араб тілін, сондай-ақ Түркия оқу орындарының түлектері түрік тілін еркін меңгерген.

Алайда, ғылыми және академиялық дәрежелері бар оқытушылар санының аздығы анықталды, әсіресе білім алушылар контингенті ең көп «Сарыағаш» және «Үшқоңыр» колледж-медреселерінде аталған мәселесі айқын көрініс тапты. Мәселен, 866 студент білім алатын «Сарыағаш» колледж-медресесінде 55 оқытушының ішінде 8 магистр, қалған 47 оқытушы бакалавр дәрежесінде. Осыған ұқсас мәселе «Үшқоңыр» колледж-медресесі оқытушыларының сапалық құрамын талдау кезінде де байқалады, яғни штаттағы 32 оқытушының 6-уы ғана магистр дәрежесінде, қалғандары бакалавриат аяқтап отыр.

2020 жылы тиісті статус алған «Хибатулла Тарази» және «Абу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медреселер, сондай-ақ ағымдағы жылдың соңына дейін лицензия алуды жоспарлап отырған «Орал» медресесі құрамындағы оқытушылардың да академиялық дәреже бойынша көрсеткіштері төмен деңгейде.

Сұхбат барысында кейбір эксперттер олардың оқу орындары алыс орналасқандықтан оқытушылар штатын білікті мамандармен қамтамасыз ету қиындығын атаған. Мәселен, Ынтымақ ауылында орналасқан «Сарыағаш» колледж-медресесі Шымкент қаласынан 55 шақырымда және қазіргі облыс орталығы Түркістан қаласынан 400 шақырым қашықтықта орналасқан. Аталған колледж-медреседе ел бойынша ең көп білім алушылар оқиды (2020-2021 оқу жылында – 866 студент) және соған сәйкес оқытушылар саны да көп.

Оқу орнының шалғай ауданда және ірі қалалардан алшақ орналасуы штатқа білікті отандық

мамандарды тарту мүмкіндігін шектейді деп есептеледі.<sup>223</sup>

Эксперттердің пікірінше, колледж статусын алған соң оқытушылылар құрамын бейінді бағыттағы мамандармен күшейтуге мүмкіндік пайда болады. Алайда, жас мамандарды тарту үшін оларды лайықты еңбекақымен, қызметтік пәтерлермен немесе жатақханалармен қамтамасыз ету мәселесі туындайды.<sup>224</sup>

*«...қазір оқытушыларды ұстап тұру аса қиындық тудыратын уақыт. Сондықтан, ең алдымен, еңбекақы мәселесі шешілуі керек деген ойдамын.»*

*(«Ғибатулла Тарази» колледж-медресесі, Тараз қ.)*

*«...жақсы оқытушыларды тарту үшін, оларға лайықты еңбекақы ұсынып, тұратын орынмен қамтамасыз ету керек. Алайда біздің жағдай осындай мүмкіндіктерге ие емес.»*

*(«Ақтөбе» колледж-медресесі, Ақтөбе қ.)*

*«Оқытушы жұмысына кедергі келтіріп, жиі аталатын себептер ретінде материалдық жағдайлары мен тұратын орындарының болмауын, сонымен қатар еңбекақының лайықты және уақытылы төленбеуін атауға болады.»*

*(«Орал» медресесі, Орал қ.)*

Біліктілік арттыру. Колледж-медреселердің басшылары мен оқытушылары ҚМДБ-ның діни қызметкерлерге арналып Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында мерзімді түрде өтетін курстарға қатысып тұрады. Одан бөлек, медресе-колледждер мүмкіндіктеріне қарай оқытушыларын Нұр-Мұбарак университетінің (Алматы қ.) біліктілік арттыру курстарына жібереді.

Негізінен Алматы қаласындағы курстар мен семинарларға еліміздің ірі білім беру орталығына жақын орналасқан «Әбу-Ханифа» мен «Үшқоңыр» колледж-медреселерінің оқытушылары жүйелі түрде қатыса алады. Мысалы, «Үшқоңыр» колледж-медресесінің оқытушылары Нұр-Мұбарак университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті ұйымдастыратын түрлі ғылыми және білім беру іс-шараларына жыл сайын қатысуда (семинар, дөңгелек үстел, конференция және т.с.с.). Сонымен бірге, аталған колледж Абылай хан атындағы ҚазХжӘТУ-дың Шығыстану факультетімен және Абай атындағы ҚазҰПУ-мен әлеуметтік серіктестік жөнінде келісімге отырған.<sup>225</sup>

*«...дәрістер өткізу үшін Нұр-Мұбарак университетінен білікті оқытушылар мен ғылым докторлары шақырылды. Менің ойымша, осындай курстарды жиі ұйымдастырған жөн»*

*(«Ғибатулла Тарази» колледж-медресесі, Тараз қ.)*

*«Оқытушылар тәжірибесін арттыру үшін әртүрлі семинарлар өткізіліп отырады. Жоспар бойынша, біздер жыл сайын исламтану саласы бойынша біліктілікті арттыру үшін жаңадан алынған мамандарымызды жіберіп отырамыз»*

*(«Ақтөбе» колледж-медресесі, Ақтөбе қ.)*

*«...біздің Діни басқармамыз белгіленген тәртіпте шаралар ұйымдастырып отырады ... өтінімдер бойынша біздер өз оқытушыларымызды жіберіп, біліктіліктерін арттырып отырамыз»*

*(«Абу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медресесі, Павлодар қ.)*

223 Эксперттік сұхбат материалдары, «Сарыағаш» колледж-медресесі.

224 Эксперттік сұхбат материалдары, «Орал» медресесі.

225 Эксперттік сұхбат материалдары, «Үшқоңыр» колледж-медресесі.



*«Біздің колледжде біліктілікті арттыру курстары бар. Колледжге мамандар келіп, бізге түсінікті түрде оқыту курстарын жүргізіп отырады»*

*(«Сарыағаш» колледж-медресесі, Ынтымақ ауылы)*

*«Біліктілік арттыру курстары біздің Шымкент қаласында өткізіледі, қазір «Өрлеу» білім беру орталығы мен Қожа Ахмед Яссауи атындағы білім беру институты бар. Сосын әрбір жылда біз өздеріміздің оқытушыларымызды Назарбаев зияткерлік мектептеріне жіберіп отырамыз. Сонымен қатар, бізде оқытушылардың біліктіліктерін арттыру үшін ҚМДБ құрамында арнайы оқу орталығы бар.»*

*(«Шымкент колледж-медресесі», Шымкент қ.)*

Орал қаласы медресесінің өкілі олардың ғылыми академиялық ортамен толыққанды арасуға, соның ішінде тәжірибе алмасып, біліктілік арттыруға мүмкіндіктері жоқ екендігін атап кетті.

*«Бізде біліктілікті арттыру жоқ»*

*(«Орал» медресесі, Орал қ.)*

Кейбір эксперттер колледж-медреселер арасында тәжірибе алмасу бойынша практиканы күшейту қажеттілігіне тоқталды. Мысалы, бір кездері колледж-медресе базасында тұрақты түрде арнайы курстар өткізіліп отыратын болған. «Ғибадулла Тарази» медресесінің expertі бірнеше жыл бұрын «Үшқоңыр» колледж-медресесі базасында өткізілген семинарға қатысқаны туралы әңгімелеп берді. Өткізілген шара қатысқан мамандар тарапынан жоғары бағаланды, өйткені семинар тиімді түрде тәжірибе алмасуға және студенттерді оқытудың үздік практикаларын үйренуге мүмкіндік берді.<sup>226</sup>

*«Алматы қаласында «Үшқоңыр» медресесі бар. Сол жерде арнайы курстар ұйымдастырылып, медресе оқытушылары кейбір өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік алды»*

*(«Ғибадулла Тарази» колледж-медресесі, Тараз қ.)*

Сонымен қатар, жекелеген эксперттер шет елдерден ЖОО оқытушыларын шақыру практикасын жоғары бағалады. Мысалы, ҚМДБ мен әл-Азхар университеті (Каир қаласы, Мысыр Араб Республикасы) арасындағы екі жақты меморандум негізінде 2016-2017 жылдары отандық колледж-медреселеріне шетелдік оқытушылар жіберілген. Бұл практика жергілікті оқытушылардың біліктілігін арттыруға, арнайы теологиялық пәндерді оқытудың жаңа тәжірибелерін үйренуге, сондай-ақ талапкерлер арасында оқу орнының беделін жоғарлатуға ықпалын тигізді.<sup>227</sup> Соңғы бірнеше жыл аралығында осындай практика көп қолданбайды және барлық колледж-медреселерді қамтымайтын болды. Аталған тәжірибені қайта жандандыру және күшейту колледж-медреселер оқытушыларының кәсіби тұрғыдан өсуіне оң әсерін тигізеді деп есептеледі.

*«Мысыр Республикасынан университет түлектері мен оқытушылары оқыту үшін келіп тұратын. Қазір олай емес. Меніңше, мұны қайта жаңғырту керек. Егер шетел оқытушыларын шақыртуға мүмкіндік болса, тәжірибе алмасуға бізге көмегін тигізетіні сөзсіз... Бір жағынан алып қарайтын болсақ, менің ойымша, бұл біздің студенттердің араб тілін жетік меңгеруіне жақсы әсер ететін болады»*

*(«Ғибадулла Тарази» колледж-медресесі, Тараз қ.)*

<sup>226</sup> Эксперттік сұхбат материалдары, «Ғибадулла Тарази» колледж-медресесі.

<sup>227</sup> Эксперттік сұхбат материалдары, «Ақтөбе», «Үшқоңыр» және «Шымкент» колледж-медреселері.

Халықаралық теологиялық университет/колледждермен тәжірибе алмасу бойынша өз бағдарламаларының болмауын да өзекті мәселеге жатқызуға болады. Барлық эксперттер атап өткеніндей, отандық медреселердің жүйелі түрде тәжірибе алмасу тәжірибесі негізінен бір-бірінің арасында жүзеге асырылады. Кейбір колледж-медреселер өз өңірлеріндегі мемлекеттік ЖОО-мен қарым-қатынастарды белсенді түрде күшейтуде. Шетелдік білім беру мекемелерімен, соның ішінде Әл-Азхар университеті және Түркия университеттерімен халықаралық әріптестік ҚМДБ-ның екі жақты меморандумдары негізінде ғана орын алуы мүмкін. Алайда, колледждардың даму жоспарларында шетелдің теологиялық оқу орындарымен (РФ, Өзбекстан, Түркия және т.б.) тәжірибе алмасу бойынша өздерінің арнайы бағдарламаларын енгізу мәселесі қарастырылмаған.

*«Бізде тек әл-Азхар университетімен байланыс бар. Сондай-ақ, біздер жергілікті университеттермен қарым-қатынас орнатып отырмыз»*

(Ақтөбе колледж-медресесі, Ақтөбе қ.)

*«Қазір колледжде шетелдік оқытушылар жоқ»  
«Сарыағаш» колледж-медресесі, Ынтымақ ауылы)*

*«Бізде отандық ЖОО-мен екі жақты келісімдер бар. Олардың ішінде Нұр-Мұбарак университеті, Әл-Фараби университеті, соның ішінде шығыстану факультеті және Абылай хан атындағы Қазақ ұлттық халықаралық қатынастар университеті бар. Сондай-ақ, 2019 жылдан бері ЮНЕСКО Ассоциациясы мүшесіміз. Шетелдік оқытушыларға қатысты айтатын болсақ, оқытушы-арабтар біздің медресеге әл-Азхар университетімен жасалған меморандум негізінде келген. Міне екі жылдай болды, бұл жұмыс тоқтап тұр»*

(«Үшқоңыр» колледж-медресесі, Алматы қ.)

Сұхбаттар барысында эксперттер «Өрлеу» БАҰО АҚ мен оның өңірлік филиалдары жаңартылған білім беру бойынша жыл сайын өткізетін курстарына колледж-медресе басшылары мен оқытушыларын қатыстыруды күшейту қажеттігін атап кетті.<sup>228</sup>

Мәселен, «Өрлеу» БАҰО АҚ «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында педагогикалық мамандықтарды даярлау бойынша тиімді технологиялар», «Техникалық және кәсіптік білім беру ісінде заманауи педагогикалық және smart-технологияларын пайдалану» сияқты бағдарламалар бойынша курстар өткізеді.<sup>229</sup> Жалпы алғанда, ««Өрлеу» ҰБЖО» АҚ филиалдары осы оқыту бағдарламаларын негізге алады. Басты мақсат – ТжКО саласын модернизациялау жағдайында арнайы пәндер оқытушыларының заманауи педагогикалық және smart-технологияларды пайдалану біліктіліктерін қалыптастыру. Курстардың міндеттері – тыңдаушыларды білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен таныстыру, оқытушыларды заманауи білім беру технологияларға қатысты біліммен қамтамасыз ету, арнайы пәндерді оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бойынша біліктілікті жетілдіру, білім мен практикалық дағдылар деңгейін арттыру.

Қорытындылай келе, колледж-медреселердің оқытушылар құрамын талдау нәтижесінде анықталған келесі мәселелерді атап кетуге болады:

- колледж-медреселер ғылыми және академиялық дәрежедегі бар педагогикалық мамандармен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген (ғылым докторлары мен кандидаттар,

<sup>228</sup>Эксперттік сұхбат материалдары, «Үшқоңыр» және «Ақтөбе» колледж-медреселері.

<sup>229</sup> ««Өрлеу» Ұлттық біліктілікті жоғарылату орталығы» АҚ. URL: <http://orleu-edu.kz/Course/AboutCourse?EducationTypeId=6&EducationLevelId=10&page=4&pagesize=5>

PhD).

- ҚМДБ және Египеттік әл-Азхар университеті арасындағы жинақталған тәжірибенің, сондай-ақ өзге де шетел оқу орындарымен сол сияқты екі жақты серіктестік орнату негізінде барлық колледж-медреселерге шетелдік оқытушыларды тарту практикасын күшейту қажеттілігі анықталды.

- педагогикалық және әкімшілік-басқару жүйесін күшейту мақсатында колледж-медресе мамандарының біліктіліктерін «Өрлеу» БАҰО АҚ курстарында жүйелі түрде арттыруға жағдай жасау қажет.

- Сонымен бірге, зерттеу нәтижесінде үздіктер қатарына кіретін колледж-медреселердің базасында тәжірибе алмасу бойынша семинарларды жүйелі түрде өткізу қажеттілігі айқындалып отыр.

## 2) Білім алушылар контингенті

Эксперттік сұхбаттар мен колледж-медреселердің материалдарын талдау негізінде білім алушылар контингенті бойынша жалпы ақпарат жинақталып, 2020-2021 оқу жылында күндізгі бөлімде оқитын студенттер туралы ақпарат төмендегі 5 кестеде ұсынылады.

Сандық деректерге сәйкес, күндізгі бөлімде білім алушылардың жалпы контингенті – 1967 студент. Соның ішінде:

- 9 сыныптан кейін түскендер – 1112 студент (57%);

- 11 сыныптан кейін түскендер – 855 студент (43%).

Гендерлік жағынан қарайтын болсақ, ер адамдар – 1323 студент (67%), әйел адамдар – 644 студент (33%).

Білім алушылардың ең көп контингенті «Сарыағаш» колледж-медресесінде – 866 адам, яғни барлық колледж-медресе студенттер санының 44% құрайды. «Абу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медресесінде студенттердің ең төмен саны – 31 адам (1,6%).

Сондай-ақ, оқу курстарының деректері бойынша «Шымкент», «Сарыағаш» және «Үшқоңыр» колледж-медреселері 9 және 11 сынып базаларында білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратынын байқауға болады. Қалған колледж-медреселер 11 сынып базасында ғана білім береді.

Осы ретте, 9 сыныптан кейін оқытуға рұқсат ететін лицензия алу арқылы студенттер контингентін едәуір арттыруға болатынын атап кету қажет. Білім алушылардың жалпы санына жасалған талдау нәтижесінде аталған категорияның студенттері 57% құрайтыны анықталды.

Сұхбаттар барысында білім алушылар контингентін негізгі орта білім базасындағы талапкерлер есебінен ғана айтарлықтай кеңейтуге болатыны туралы пікір айтылды. Колледж-медреселерге 11 сыныптан кейін немесе орта арнайы білім негізінде ғана оқуға қабылдау қажетті контингентті жинау мүмкіндігін шектейді. Оқу орындарының көпшілігінде 9 сынып базасында оқыту құқығы болмағандықтан, шалғай орналасқан аймақтардың талапкерлері тиісті лицензиясы бар «Шымкент», «Сарыағаш» және «Үшқоңыр» колледж-медреселеріне құжат тапсырады. «Ақтөбе» колледж-медресесі өкілінің пікірінше, бұл әсіресе еліміздің батыс өңірлеріне тән үдеріс.<sup>230</sup>

Колледж статусын алған отандық медреселер күнтізбелік жылдың басында білім беру гранттарын алу үшін ЖАО-ға өтінімі жолдайды. Мәселен, «Сарыағаш», «Шымкент» және «Ақтөбе» колледждеріне жергілікті бюджет есебінен үшінші жыл қатарынан гранттар бөлініп келуде. Қазіргі таңда, «Сарыағаш» колледж-медреседе грант бойынша 150 студент (барлығы – 866), «Шымкент» колледж-медреседе 150 студент (барлығы – 318), «Ақтөбе» колледж-медреседе 59 студент (барлығы – 65) білім алуда. Сондай-ақ, «Әбу-Ханифа» колледж-медресесі биылғы жылы алғашқы рет 50 студентті (барлығы – 127) грант бойынша қабылдап отыр.

<sup>230</sup> Эксперттік сұхбат материалдары, «Ақтөбе» колледж-медресесі.



5 кесте КОЛЛЕДЖ-МЕДРЕСЕЛЕРДІҢ 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СТУДЕНТТЕР КОНТИНГЕНТІ

№	ОҚУ ОРЫН АТАУЫ	КУРСТАР																		
		ЖАЛПЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ САНЫ			1			2			3			4						
		Жалпы	ер	ғәйе	9 сынып базасында	11 сынып базасында	9 сынып базасында	11 сынып базасында	9 сынып базасында	11 сынып базасында	9 сынып базасында	11 сынып базасында	9 сынып базасында	11 сынып базасында						
1	«Әбу Ханифа» колледж-медресесі	127	127			60			29					38						
2	«Ақтобе» колледж- медресесі	65	65			28			21					16						
3	«Шымкент» колледж-медресесі	318	241	77	56	31	24	24	41	19	20	36	14	33	20					
4	«Сарыағаш» колледж-медресесі	866	487	379	124	86	51	26	50	25	52	73	66	73	73					
5	«Ушкөңір» колледж-медресесі	306	163	143	71	63		49	31		32	27		11	22					
6	«Астана» колледж- медресесі	140	95	45			37	32	29	13				29						
7	«Хибатулла Тарази» колледж-медресесі	62	62				24		23					15						
8	«Абу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медресесі	31	31				18		5					8						
9	«Орал» медресесі	52	52				22		19					11						
Жалпы		1967	1323	644	251	149	271	82	217	57	104	100	214	14	99					115

Сонымен қатар, «Үшқоңыр» колледж-медресесі жыл сайын облыстық әкімдікке өтінімі жолдағанымен білім беру гранттарын бөлу жөнінде оң шешім әлі де қабылданған жоқ. Ресми статусты 2020 жылы алған «Астана», «Хибадулла Тарази» және «Абу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медреселері білім беру гранттарын бөлу жөнінде өтінімдерді келесі күнтізбелік жылы жолдайтын болады.

Бұдан бөлек, 2018 жылға дейін «Ақтөбе», «Шымкент» және «Үшқоңыр» колледж-медреселері «Исламтану» мамандығы бойынша 11 сынып базасындағы сырттай оқу бөлімінің студенттерін қабылдады. Содан кейін ҚР БЖҒМ шешіміне сәйкес, колледж-медреселердің «Исламтану» мамандығы сырттай оқыту тиімсіз саналатын мамандықтардың тізіміне енгізілген болатын. Осы орайда, сырттай оқу бөліміне соңғы рет қабылданған 3 курстардың 79 студенті келесі жылы оқуын аяқтайтын болады, соның ішінде «Ақтөбе» колледж-медресесі – 10 студент, «Шымкент» колледж-медресесі – 45 студент, «Үшқоңыр» колледж-медресесі – 24 студент.

Дуалды білім беруді ұйымдастыру ережелерінің 2.6-тармағына сәйкес,<sup>231</sup> дуалды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.

Ислам бағытындағы орта арнайы оқу орындары колледж статусын алған уақыттан бастап дуалды білім беру құқына ие болады. Мәселен, 2019 жылы «Үшқоңыр» колледж-медресесі дуалды білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді тұнғыш рет қабылдап, қазіргі таңда 2 курста 18 студент осы оқыту түрі бойынша білім алуда. Алайда, «Үшқоңыр» колледж-медресесі дуалды оқыту бағдарламасын жүзеге асыру қиындықтарына байланысты 2020-2021 оқу жылына студенттерді қабылдамады. Өзге колледж-медреселер де білім беру процесін сапалы ұйымдастыру мен қамтамасыз ету қиындықтарын алдын ала ескеріп, дуалды білім беру бойынша оқытуды бастаудан бас тартып отыр.

Колледж-медреселердің инфрақұрылымын дамыту қажеттілігі шешуді қажет ететін өзекті мәселелердің қатарына жатқызылады. Барлық медреселер колледж статусын алып, толыққанды жұмыстарын жүргізе бастаған соң, оқу орындарында студенттер саны ұлғаяды және өзге өңірлерден оқуға келетін талапкерлер қатары артады деп күтілуде. Сол себепті, білім алушылар санының көбею ықтималдығын ескере отырып, жатақханалар және өзге де әлеуметтік нысандар қажеттілігі туындауы мүмкін.

Бұл тұрғыдан алғанда «Ақтөбе» медресесін халықаралық Ислам орталығына айналдыруға жобасын атап кетуге болады. Атап айтқанда, Ақтөбе қаласында 2018-2021 жылдар аралығына халықаралық Ислам орталығының құрылысы жоспарланып, оның аумағына колледж, мешіт және қосымша инфрақұрылым кіреді (2 тұрғын үй, ерлер мен әйелдер жатақханалары, асхана, кітапхана, дәстүр сарайы, сауда үйі, спортзал, футбол алаңы, теннис корты және т.б.).<sup>232</sup> Осындай тәжірибені үлгі ретінде өзге өңірлерге де басшылыққа алуға болады.

Зерттеу барысында сұхбаттар өткізумен қатар, талапкерлер қабылдау мен контингент жинау мәселесін қарастыру аясында колледж-медреселердің сайттары мен әлеуметтік желілердегі аккаунтарына талдау жүргізілді (6 кесте). Қазіргі уақыттағы кәсіби бағдар беру жұмыстарында буклеттер үлестіру және БАҚ беттерінде жарнама тарату сияқты дәстүрлі әдістермен қатар, оқу орнының ресми сайты арқылы белсенді жұмыс жасау және әлеуметтік желілерде білім беру бағдарламаларын ілгерілету құралдарын (мысалы, SMM мен таргетинг) пайдалану маңыздылығы артуда.

231 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 21 қаңтарындағы № 50 Бұйрығының қосымшасы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013422> (қаралған күні: 20.10.2020 ж.)

232 «Ақтөбе қаласындағы Ислам орталығын салу» жобасы. URL: <https://www.islamedu.kz/ru> (қаралған күні: 20.09.2020 ж.)

6 кесте АРНАЙЫ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ БЕЛСЕНДІЛІГІ

ОҚУ ОРНЫ АТАУЫ		ИНТЕРНЕТ-РЕСУРС					
		Сайт	Instagram	Facebook	ВКонтакте	Telegram	Twitter
1	«Шымкент»	-	+	+	+	-	-
2	«Сарыағаш»	+	+	+	+	+	-
3	«Үшқоңыр»	-	-	-	+	-	-
4	«Ақтөбе»	+	+	-	+	-	-
5	«Орал»	-	+	+	-	-	-
6	«Астана»	-	-	-	+	+	-
7	«Әбу-Ханифа»	+	+	-	+	-	-
8	«Һибатулла Тарази»	-	+	-	-	-	-
9	«Абу Бакр Ас-Сыдық»	-	+	-	-	-	-

Қазіргі таңда көптеген колледж-медреселердің сайттары жабық, себебі колледж статусына байланысты ресми сайттарға жаңа дизайн жасауға және олардың мазмұнын толықтыруға бағытталған техникалық шаралар жүргізілуде.

Колледж-медреселер әлеуметтік желілерде белсенді қолданатын интернет-ресурстар қатарына Instagram жатады. Екінші орында ВКонтакте ресурсы, алайда аккаунттардың басым көпшілігі белсенді емес. Facebook пен Telegram аз қолданылады, ал колледж-медреселердің Twitter аккаунттары мүлдем жоқ. Осы орайда, ресми сайттарды белсенді жүргізу және әлеуметтік желілерді ұтымды пайдалану колледждерге өздерін тиімді танытуға және болашақ студенттерді қызықтыруға ықпал ететінін назарға алу қажет етіледі.

Қорытындылай келе, колледж-медреселердің білім алушылар контингентін талдау нәтижесінде анықталған келесі мәселелерді атап кетуге болады:

- «Абу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медреседе студенттердің ең аз контингенті анықталып отыр (31 адам). Барлық білім алушылар санына шаққанда студенттердің ең көп 44% үлесі (886 адам) «Сарыағаш» колледж-медресеге тиесілі.

- 9 және 11 сыныптардан кейінгі «Исламтану» білім беру бағдарламалары «Шымкент», «Сарыағаш» және «Үшқоңыр» колледж-медреселерінде ғана жүзеге асырылады. Өзге оқу орындарында кәсіби білім беру бағдарламасы тек 11 сыныптан кейін жүргізіледі.


- сырттай және дуалды білім беру түрлерінен бас тарту үрдісі қалыптасқан. «Исламтану» мамандығы бойынша сырттай оқу бөлімі «Ақтөбе», «Шымкент» және «Үшқоңыр» колледж-медреселерінде жүргізіліп келеді. Алайда, ҚР БЖҒМ шешімі бойынша 2018 жылдан бастап «Исламтану» мамандығына сырттай оқуға қабылдау бағдарламасы тоқтатылды. Жоғарыда аталған колледж-медреселердің соңғы 3 курстарында оқитын 79 студент оқуларын 2021 жылы аяқтайтын болады.

- сайттар мен әлеуметтік желілерде талапкерлерді тартуға бағытталған кәсіби бағдарлау жұмыстарының белсенділігі жеткіліксіз деңгейде. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жұмыс жүргізу жақында басталып, жүйелі жолға әлі де қойылмағаны анық байқалады. Кейбір колледж-медреселердің ресми сайттары ашылмаған.

### 3) Білім беру бағдарламалары

Орта кәсіптік рухани білім бағдарламаларын жүзеге асыру тарихы аз мерзімді қамтитыны анық. Ең алдымен, бұның себебін кеңестік кезеңде мұсылмандық білім беру жүйесі болмауымен, тіпті толық жойылуымен байланыстыруға болады. Революцияға дейін көршілес Орталық Азия мен Ресейдің (Татарстан, Башқұртстан) өңірлерімен байланысы болған жергілікті исламдық білім беру жүйесінің дәстүрі мен мектептері жойылды. Қоғамдық өмірдегі діни тәжірибелер мен үрдістердің жандануы білікті діни мамандарға деген сұраныстың артуына әкелді.

Орта кәсіптік діни білім беру тәжірибесінің ұзақтығы 10 жылдан астам ғана уақытты құрайды. Соңғы он жылдың ішінде арнайы орта және кәсіби білім беру ұйымы, яғни колледж статусын алу мақсатында исламдық оқу орындары өз қызметтерін реформалау мен қайта қалыптастыру кезеңдерінен өтуде. Қазіргі таңда діни білім беру ұйымдарының көпшілігі оқу бағдарламаларын, кадрлық құрамын және инфрақұрылымын «0112000 – Исламтану» мамандығы бойынша ТжКБ стандарттарына сәйкестендірді деуге болады.<sup>233</sup>



Колледж-медреселер 9 және 11 сыныптардан кейінгі оқыту бағдарламаларын ұсынады. «0112000 – Исламтану» үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкес, оқу мерзімі 3 жыл 10 ай және 2 жыл 10 айды құрап, бағдарлама түлектеріне келесідей біліктіліктер беріледі:

- «0112013 – Имам хатиб»;
- «0112023 – Ислам негізінің мұғалімі».<sup>234</sup>

ҮОЖ-ға сәйкес колледж-медреселерде келесі пәндік циклдар оқытылады:

- Жалпы гуманитарлық пәндер;
- Әлеуметтік экономикалық пәндер;
- Жалпы кәсіптік пәндер;

<sup>233</sup> Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының ресми сайты. URL: <https://www.muftyat.kz/ru/kmdb/universities/> (қаралған күні: 15.09.2020 ж.).

<sup>234</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 Бұйрығының 725 қосымшасы. URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15011690\\_8](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15011690_8) (қаралған күні: 15.09.2020 ж.).

- Арнайы пәндер;
- Білім беру ұйымының таңдау пәндері;
- Өндірістік оқыту және кәсіби практика;
- Факультативтік пәндер;
- Кәсіби практика;

Колледж-медреселерде орта кәсіби деңгейінің бағдарламаларын құрастыру және ендіру барысында шетелдік және отандық теологиялық білім беру саласының тәжірибелері ескерілді. Ең алдымен әл-Азхар университеті, отандық «Нұр-Мұбарак» университеті, сондай-ақ Өзбекстандағы исламдық білім беру тәжірибелер назарға алынды.<sup>235</sup> Эксперттік сұхбаттар көрсеткендей, бенчмаркинг, яғни оқу жоспарының мазмұны мен оқыту траекториясын жетілдіру мақсатында отандық және шетелдік білім беру бағдарламаларын салыстырмалы талдау жұмысы кейбір колледж-медреселерінде, атап айтқанда Ақтөбе, Павлодар және Тараз қалаларында жүргізіледі.

Еліміздің өңірлерінде орналасқан оқу орындары белгілі бір пәндердің тереңірек оқыту қажеттілігін өздері анықтайды. Мысалы, «Сарыағаш», «Шымкент», «Үшқоңыр», «Әбу-Ханифа» колледж-медреселері және «Орал» медресесінің оқу жоспарларында фикх пен хадистерді оқытуға ерекше көңіл бөлінген.

Сонымен бірге, «Сарыағаш», «Шымкент», «Үшқоңыр», «Әбу-Ханифа» колледж-медреселерінде және «Орал» медресесінде «Өндірістік оқыту және кәсіби практика» циклы бойынша өзіндік траектория қалыптасқан.

Колледж-медреселердің оқу жоспарларында факультативтік сабақтар бойынша да өзгешеліктер мен ерекшеліктер орын алған. Арнайы орта оқу орындарында келесідей факультативтік пәндер оқытылады:

#### 7 кесте КОЛЛЕДЖ-МЕДРЕСЕЛЕРІНДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН ФАКУЛЬТАТИВТІК ПӘНДЕР ТІЗІМІ

1. 2.	«Ақтөбе» колледж-медресе, «Һибатулла Тарази» колледж-медресе	Исламның өзге діндермен қатынасы
		Каллиграфия
		Діни психология
		Оқыту-тәрбиелеу процесіндегі АКТ
		Мамандық бойынша тереңдетіліп оқытылатын шет тілі
3. 4. 5.	«Үшқоңыр» колледж-медресе, «Әбу-Ханифа» колледж-медресе, «Орал» медресесі	Информатика
		Араб каллиграфиясы
		Көне қазақ жазбасы
		Ислам мен қазақ дәстүрлерінің қатынасы
		Информатика
		Тереңдетіліп оқытылатын шет тілі (араб тілі)
		Бухгалтерлік есеп және бизнес / Кәсіпкерлік қызмет негіздері
Дене шынықтыру		
Өзін өзі тану		

<sup>235</sup> Эксперттік сұхбат материалдары, «Сарыағаш» колледж-медресесі.

6.	«Сарыағаш» колледж-медресе	Араб каллиграфиясы
		Көне қазақ жазбасы
		Ислам мен қазақ дәстүрлерінің қатынасы
		Информатика
		Тереңдетіліп оқытылатын шет тілі (араб тілі)
		Бухгалтерлік есеп және бизнес / Кәсіпкерлік қызмет негіздері
		Өзін өзі тану
7.	«Шымкент» колледж-медресе	Араб каллиграфиясы
		Көне қазақ жазбасы
		Ислам мен қазақ дәстүрлерінің қатынасы
		Информатика
		Тереңдетіліп оқытылатын шет тілі (араб тілі)
		Бухгалтерлік есеп және бизнес / Кәсіпкерлік қызмет негіздері
		Әдеп айнасы
		Өзін өзі тану

Жалпы алғанда, жоғарыда келтірілген кестенің деректері бойынша факультативтік пәндерде едәуір айырмашылық байқалмайды. Негізінен бұл бағыт бойынша оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге бағытталған зайырлы пәндер енгізілген.

*Арнайы орта білім беру орындарының оқу жоспарларына жүргізілген талдау көрсеткендей, колледж-медреселердің оқыту траекториясы ортақ болғанымен, олардың бағдарламаларында бірқатар өзгешеліктер бар екендігі анықталды.*

Мәселен, «Сарыағаш» және «Үшқоңыр» колледж-медреселері «Дене шынықтыру» пәнін 1 курс студенттеріне ғана жоспарланған (152 сағат). ҚМДБ-ның 2020 жылға дейін діни білім беруді дамыту Тұжырымдамасында белгіленген «білім алушылар арасында салауатты өмір салтын ұстану, оқушылар денсаулығын нығайту, денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру»<sup>236</sup> стратегиялық міндетті ескере отырып, «Дене шынықтыру» пәні бойынша сағат көлемін арттыру немесе курстар бойынша тең деңгейде бөлу мәселесін қарастыру қажет.

Қазіргі таңда ғибадат орындарындағы жамағат алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын «Уағыз әдістемесі» сияқты пән жүргізіледі. Алайда, эксперттік сұхбаттар барысында қолданыстағы оқу жоспарларына қосымша «Ораторлық өнер» пәнін енгізу қажеттілігі туралы ұсыныс айтылды.<sup>237</sup> Себебі, колледж-медресе түлектері көп жағдайда дін саласындағы АТТ мүшелері ретінде қызмет етеді, профилактикалық іс-шараларға қатысады, бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат береді, ал бұл ортада уағыз жүргізуді емес, сөйлеу өнерінің өзге дағдыларын игеру қажет етіледі.

*«Қазір бізде бұл пән жоқ, менің ойымша, бұл аса маңызды ...болашақта имам болатын біздің түлектерге бұл ең негізгі, ең қажетті білім деп есептеймін»*

*(«Әбу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медресесі, Павлодар қ.)*

<sup>236</sup> ҚМДБ-ның 2020 жылға дейін діни білім беруді дамыту Тұжырымдамасы, 63 бет.

<sup>237</sup> Эксперттік сұхбат материалдары, «Ғибадулла Тарази» және «Әбу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медреселері.

*«Қазақы ораторлық шеберлікпен, шешендік өнермен танысу аса маңызды деген ойдамын»*

*(«Һибатулла Тарази» колледж-медресесі, Тараз қ.)*

Эксперттердің пікірінше, түлектердің болашақ кәсіби қызметі үшін аса қажетті пәндер мен дағдыларды меңгеру өте маңызды. Соның ішінде компьютерлік сауаттылық пен жаңа технологияларды игеру қажеттілігі жөніндегі пікірлер жиі айтылды.

*«Менің байқағаным, заманауи технологиялар мен әдістер бізде кеңінен тарала қоймаған ... ал бұл аса қажет, уақыт талаптары сондай...»*

*(«Әбу Бакр Ас-Сыдық» колледж-медресесі, Павлодар қ.)*

Алыс және жақын шет елдердің (Ресей Федерациясы, атап айтқанда Татарстан Республикасы, Өзбекстан, Түркия т.б.) колледж-медреселерімен халықаралық әріптестік және академиялық ұтқырлықтың тиімді жүйесін құрып, сондай-ақ білім алушыларға арналған республикалық деңгейдегі академиялық ұтқырлықты дамыту қажет.

*«Бізде әзірше шетелдің жоғары оқу орындарымен тікелей байланыстар орнатылмаған»*

*(«Ақтөбе» колледж-медресесі, Ақтөбе қ.)*

*«Студенттер үшін білім алмасу мүмкіндіктері қарастырылған... Алайда, екі жыл болды бұл мәселе тоқтап қалды»*

*(«Үшқоңыр» колледж-медресесі, Алматы қ.)*

Қорытындылай келе, колледж-медреселердің білім беру бағдарламаларын талдау нәтижесінде анықталған келесі мәселелерді атап кетуге болады:

- Колледж-медреселері оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында әл-Азхар және Нұр-Мұбарак сияқты жетекші исламдық университеттердің бағдарламаларын негізге алады. Колледждер ретінде қалыптасу үшін алғашқы қадамдар жасалып отырғанын ескере отырып, халықаралық қатынастарды күшейту қажет етіледі. Исламдық білім берудің тереңде жатқан дәстүрі бойынша тарихи байланыстарды, соның ішінде Өзбекстан, Татарстан, Башқұртстан мектептерімен қатынастарды қалпына келтіру қажет.

- Білікті шетел мамандарын тарту, оқытушылар мен студенттердің ұтқырлық жүйесін құру негізінде колледж-медреселердің имидждік беделін арттыруға және қолданыстағы білім беру бағдарламаның мазмұнын күшейтуге мүмкіндік туындайды.

- Оқу бағдарламаларын сұраныстарға сәйкес жетілдіру қажет. Мәселен, назарға алуды қажет ететін пәндердің қатарына ораторлық өнер, компьютерлік сауаттылық, дене шынықтыру және сол сияқты жан-жақты даму үшін қажет бағыттар жатады.

#### *4) Қазақстандағы діни білім беру сапасын бағалау*

Зерттеу барысында өткізілген эксперттік сұхбаттар кезінде отандық діни білім беру сапасын бағалау бойынша арнайы сұрақтар қойылды. Жалпы, эксперттердің пікірінше, елдегі арнайы орта теологиялық білімнің ағымдағы жағдайы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді:

*«...Қазақстанда құрылған діни білім траекториясы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді деп сенімді түрде айтуға болады»*

*(«Һибатулла Тарази» колледж-медресесі, Тараз қ.)*



*«Медреседегі теологиялық оқыту бұрын да сапалы болған. Ал соңғы жылдардағы дамуды ескеретін болсақ, менің ойымша, алдағы уақытта колледж-медреселерде одан да сапалы өзгерістер болады»*

*(«Ақтөбе» колледж-медресесі, Ақтөбе қ.)*

*«Менің ойымша, халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Одан әрі дами түседі, өйткені ҚМДБ құрамында білім және ағарту бөлімдері ашылған, олар шетелдік білім беру тәжірибелерін зерттеп, пайдаланатын болады, жергілікті дәстүрлер мен менталитетті ескере отырып, үздік практикаларды енгізеді.»*

*(«Абу Бакр Сыддық» колледж-медресесі, Павлодар қ.)*

Сондай-ақ, эксперттерге ислам теологиясын оқытуды жетілдіру және дамытуға қатысты ұсыныстар мен ұсынымдар бойынша сұрақтар қойылды. Осы орайда, өздерінің білім беру тәжірибелеріне сүйенген эксперттер келесідей өзекті мәселелерге назар аударуды ұсынды:

*«Меніңше дәстүрлі емес діни қозғалыстар мен исламдық емес бағыттағы діндер тарихын оқыту өзекті болып табылады. Исламды және жалған исламдық сипаттағы деструктивті діни ағымдарды зерттеумен шектеліп қалмау керек.»*

*(«Ақтөбе» колледж-медресесі, Ақтөбе қ.)*

*«...түрлі дау-дамай мен шиеленістер себебі болатын тақырыптарды оқыту өзекті деп есептеймін. Болашақ теологтар мен дін қызметкерлері осы сұрақтарды жақсы білгені дұрыс.»*

*(«Орал» медресесі, Орал қ.)*

*«Ешқашан да студенттерді теологиялық пәндерді оқытумен шектемеу керекпіз, олардың ой-өрісін дамытуға және дүниетанымдарың кеңейтуге бағытталған тақырыптарды көбірек ендіру керек*

*(«Ақтөбе» колледж-медресесі, Ақтөбе қ.)*

Сондай-ақ, арнайы орта білім берудің беделін отандық деңгейде ғана емес, жалпы халықаралық деңгейде арттыру қажеттілігі қазіргі уақыттағы өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Сұхбат алу барысында Қазақстандағы діни/теологиялық білім берудің беделін арттыру жолдары бойынша арнайы сұрақ қойылды.

*«Біріншіден, барлық колледж-медреселерге 9 сыныптан кейін оқыту лицензиясын алу керек. Міне солардың арасында біздің мамандыққа деген үлкен сұраныс болады. Екіншіден, жастар арасында, әсіресе әлеуметтік желілерде өз мамандықтарымызды жарнамалаудың заманауи әдістерімен нашар жұмыс жасаймыз. Үшіншіден, медресе түлектері тек мешіт имамдары болып жұмыс істей алады деген қате ұғымнан, стереотиптен арылуымыз керек. Исламтанушылардың өзге кәсіби салаларда табысты қызмет етіп жүргені туралы көптеген мысалдар келтіруге болады»*

*(«Ақтөбе» колледж-медресесі, Ақтөбе қ.)*

*«...имамның статусын жоғарылату керек, оның қоғамда алатын орны мен маңызын нақты айқындап алу керекпіз. Сонда теологиялық мамандықтарға деген қызығушылық арта түсетін болады.»*

*(«Һибатулла Тарази» колледж-медресесі, Тараз қ.)*

*«Біз назарымызды білімге көп аударамыз, алайда әлеуметтік қамтамасыз етілу мәселелерінің маңызды екенін естен шығармаған жөн (тамақтану, шәкіртақы және т.с.с.), сонымен қатар спорттық нысандарды естен шығармауымыз керек (спортзалдар, бассейндер, тренажер залдары т.б.)»*

*(«Орал» медресесі, Орал қ.)*

*«Оқу орнының беделін жоғарылату аса маңызды, оған білікті және танымал оқытушылар ықпал етеді. Медресеге атақты исламтанушыларды тарту керек, сонымен қатар колледж-медресе оқытушыларының біліктіліктерін арттырып отыру қажет»*

*(«Сарыағаш» колледж-медресесі, Ынтымақ ауылы)*

Қазақстанның колледж-медреселерінде оқыту сапасын зерттеу барысында сұхбат жүргізу және материалдарды талдау жұмысынан бөлек, білім беру мәселелері мен даму үрдісін толыққанды айқындау мақсатында ҚМДБ өкілдерімен және колледж басшылығымен қарым-қатынас орнатылды. Нәтижесінде көптеген ақпарат пен деректер алынып, діни білім беру саласында жетілдіруді қажет ететін өзекті бағыттар нақтыланды.

Үлкен мәселелердің бірі ретінде колледж-медреселердің материалдық-техникалық және әлеуметтік жағдайын атауға болады. Мамандарды жоғары деңгейде даярлау үшін оқу ғимараттары мен жатақханаларды компьютерлік құралдар, интерактивті тақталар, кеңсе жабдықтарымен қамтамасыз ету қажет. Өкінішке орай, гранттық қаржыландыру материалдық-техникалық базаны жасақтау және жаңарту шығындарын толыққанды өтемейді.

Өңірлік әкімдіктердің колледждер тарапынан жолданатын гранттық өтінімдерді әрдайым қанағаттандыруға мүмкіндіктері бола бермейді. Көп жағдайда колледждер оқуға өзге өңір студенттерін қабылдап, оларды оқыту үшін жергілікті бюджеттерден қаражат қарастырылмайды. Колледждерге коммуналдық қызметтерді төлемдерді, студенттердің жатақханасына, күнделікті тамақтануына, оқытушыларды тұрғын үйлермен қамтамасыз етуге кететін шығындарды өтеу үшін әрдайым көмек қажет.

Қорытындылай келе, колледж-медреселердің білім беру сапанын бағалау жауаптарына жүргізілген талдау нәтижесінде келесі мәселелерді атауға болады:

- оқу бағдарламаларын жетілдіру және мазмұның сапалы түрде толықтыру бойынша жұмыстарды одан әрі күшейту қажет. Студенттердің ой-өрісі мен дүниетанымын одан әрі дамытуға арналған пәндерді енгізіп, ислам негіздерін оқумен ғана шектелмей, өзге діндер, соның ішінде жаңа діни қозғалыстар мен ағымдар туралы оқытуға назар аудару керек. Қазіргі заманның өзекті мәселелерін қамтитын тақырыптарды қарастыру қажет.

- оқу орындарының инфрақұрылымын дамыту, материалдық-техникалық және әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету бойынша күрделі мәселелер орын алуда.

- колледж-медреселердің беделін жан-жақты арттырып, қалыптасу мен даму жағдайындағы алғашқы кезеңінде қолдау көрсету қажет.

### **Қорытындылар:**

Қазақстандағы исламдық кәсіби орта білім беру жүйесі қалыптасудың бастапқы кезеңінде болғанымен, оқыту сапасын жетілдіру және білім алушыларға жағдай жасау бойынша серпінді өзгерістер орын алып отырғанын байқауға болады. Қазіргі таңда елімізде 9 колледж-медресе қызмет етіп, имам-хатиб және ислам негіздерінің мұғалімін даярлау бойынша бағдарламаларды жүзеге асыруда. Дегенмен, сапалы діни білім беруді қамтамасыз ету үшін оқу орындарының бастапқы қалыптасу кезеңінде төмендегі мәселелерге назар аудару қажет есептейміз.

1. Колледж-медреселердің оқытушылар құрамын жоғары білікті кадрлармен, соның ішінде ғылыми және академиялық дәрежелері бар (ғылым докторлары мен кандидаттар, PhD) мамандармен күшейту бойынша проблемалар орын алуда.

2. Колледж-медреселердің имидждік беделін арттыру және қолданыстағы білім беру бағдарламаның мазмұнын күшейту мақсатында шетелдік білікті оқытушыларды шақыру, халықаралық әріптестік негізінде оқытушылар мен білім алушылар ұтқырлығын қамтамасыз ету тәжірибесін жандандыру қажет. Ресей Федерациясымен (Татарстан, Башқұртстан), Өзбекстан және Қырғызстан мемлекеттерімен білім беру саласы бойынша дәстүрлі байланыстарды қалпына келтіру еліміздегі исламдық оқыту жүйесін жетілдіруге және нығайтуға әсер ететін болады.

3. Колледж-медресе мамандарының біліктіліктерін «Өрлеу» БАҰО АҚ курстарында жүйелі түрде оқыту маңыздылығы артуда. Бұл жұмысты тиімді жүзеге асыру арқылы педагогикалық және әкімшілік-басқару жүйесінің сапасын едәуір күшейтуге болады.

4. Нұр-Мұбарак және жетекші колледж-медреселердің базасында тәжірибе алмасу бойынша семинарларды жүйелі түрде өткізу қажеттілігі айқындалды.

5. Колледж-медреселердің білім беру бағдарламалары негізінен 11 сыныптан кейінгі талапкерлерді қабылдауға арналған. Студенттердің жалпы контингентін арттыру мақсатында 9 сыныптан кейін де қабылдау рұқсат беретін лицензия алу қажет. Сондай-ақ, әрбір өңірдің әкімдігіне өзге өңірлердің колледж-медреселеріне оқуға ниет танытатын талапкерлерге қолдау көрсету мәселесін назарға алып, жергілікті бюджеттен грант бөлу мүмкіндіктерін қарастырған жөн.

6. Кәсіби бағдар беру және колледж-медресе танымалдылығын ілгерілету мақсатында сайттар мен әлеуметтік желілердегі жұмыстарды күшейту қажет. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жұмыс жүргізу жақында басталып, жүйелі жолға қойылмаған. Кейбір колледж-медреселердің ресми сайттары ашылмаған.

7. Оқу бағдарламаларын одан әрі жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу қажет. Мән беруді қажет ететін білім беру бағыттарының қатарына ораторлық өнер, компьютерлік сауаттылық, дене шынықтыру пәндері кіреді. Сондай-ақ, ислам негіздерін оқумен ғана шектелмей, өзге діндер, соның ішінде жаңа діни қозғалыстар және қазіргі заманның өзекті мәселелері сияқты студенттердің ой-өрісі мен дүниетанымын тереңдетуге арналған пәндерді енгізу мәселесін назарға алу керек.

8. Оқу орындарының инфрақұрылымын дамыту, колледж-медреселердің материалдық-техникалық және әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету мәселелері ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Дамыған инфрақұрылым мамандарды сапалы даярлаудың көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманның білікті мамандарын даярлау үшін білім алушыларды компьютер және өзге де техникалық жабдықтармен толыққанды қамтамасыз ету керек. Жатақханалар салу және жөндеу жүргізу жұмыстары өзекті мәселелердің қатарында. Студенттер мен қызметкерлерді тұратын орындармен және тамақтанумен қамтамасыз ету, сондай-ақ коммуналдық шығындарды төлеу мәселелерін шешу үшін демеушілер, ҚМДБ және мемлекет тарапынан көмек көрсету қажет етіледі.

9. Кәсіби орта діни білім беру саласының қалыптасу кезеңінде имамдардың статусын көтеру, колледж-медреселердің мәртебесін арттыру және оларға жан-жақты қолдауды көрсету қажет. Әсіресе бұл мәселенің өзектілігі діни-уәждемелі экстремизм мен терроризм қауіп-қатерлері аясында нақты айқындалып отыр. Жоғары білікті имамдарды даярлау және тәрбиелеу жұмысы болашақта тұрғындардың дін сұрақтары бойынша сауаттылығы толыққанды артыруына, қазақстандық қоғамда дәстүрлі емес діни қозғалыстар мен культтар қатарына кету жағдайларына тиімді тосқауыл қойылуына септігін тигізетін болады.

## 2.2 Қазақстан Республикасындағы христиандық діни оқу орындарының білім беру сапасын талдау

ҚР АҚДМ ДІК Төрағасы Е. Нүкежанов өзінің ресми сұхбатында отандық рухани білім беру саласының деңгейін арттыру жұмысы Қазақстан Республикасының дін саласы бойынша маңызды міндеттерінің бірі болып табылатынын ерекше атап кеткен болатын.<sup>238</sup> Бүгінгі таңда христиандық діни білімді Алматы қаласының Православиелік рухани семинариясында және Қарағанды қаласында орналасқан «Мария – Шіркеу Анасы» Католиктік Епархияаралық Жоғары Рухани Семинариясында алуға болады.

Алматы қаласының Православиелік рухани семинариясы 2010 жылы құрылып, Қазақстан православ шіркеулерінің ғибадат орындарына қажетті діни қызметкерлерді, регенттерді (шіркеу хорының жетекшісі) және псалом орындаушыларды (православ храмының қызметкері) дайындайды.

Қарағанды қаласының Католиктік Епархияаралық Жоғары Рухани Семинариясы 1998 жылы құрылған және Орта Азияда осы бағытта діни білім беретін жалғыз оқу орны болып саналады. II Ватикандық Бүкіләлемдік Собор нормаларына және Католиктік шіркеуінің оқытушылық нұсқамаларына сәйкес, шіркеу қызметкерлерін жоғары дәрежеде дайындау католиктік семинарияның басты міндетіне жатады.

### Алматы қаласының Православиелік рухани семинариясы

Діни оқу орны талапкерлер үшін күндізгі және сырттай оқу түрлерін ұсынады. Орыс тілі бойынша емтихан жазбаша және ауызша түрде қабылданып, сондай-ақ музыкалық қабілеттерге тексеру (регенттік бөлім үшін) емтиханы өткізіледі. Содан кейін қабылдау комиссиясы іріктеу сатыларынан өткен үміткерлермен сұхбат жүргізеді.

Православ семинариясына оқуға түсу үшін, стандартты құжаттарды ұсынумен қатар, келесі талаптарды орындау қажет:

- шоқыну рәсімін растайтын куәлікті (көшірмесі) ұсыну;
- некелесу жөніндегі куәлікті өткізу (үйленген/тұрмыс құрғандар үшін);
- тиісті мөрлермен расталған епархиялық архиерей немесе діни приход қызметшісінің ұсынымдарын тапсыру.<sup>239</sup>

Семинарияның болашақ студенттері дін қызметшілерінің ұсынымдары арқылы қабылданатын болғандықтан оларды жұмыспен қамту бойынша қиындықтар туындамайтыны атап кетуге болады.

### Алматы қаласының Православиелік рухани семинариясының контингенті

Қазіргі таңда күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінде жалпы саны 153 адам білім алуда. Соның ішінде күндізгі бөлімде – 37 адам, күндізгі регенттік бөлімде – 6 адам, сырттай оқу бөлімінде – 110 адам.

<sup>238</sup> ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері жөніндегі комитетінің төрағасы Ержан Нүкежановтың сұхбаты. URL: <https://liter.kz/72619-2/> (қаралған күні: 18.09.2020 ж.)

<sup>239</sup> Алматы қаласының Православиелік рухани семинариясына қабылдау Ережелері. URL: <https://seminaria.kz/abiturientu/> (қаралған күні: 20.09.2020 ж.)

*Алматы рухани  
семинариясында  
дипломдық жұмыстарды  
қабылдау комиссиясы,  
2019 жыл<sup>240</sup>*



### **Қарағанды қаласының Католиктік Епархияаралық Жоғары Рухани Семинариясы**

Оқу орнының негізі қаланған 1998 жылдан бастап діни семинарияны 100 астам студент бітіріп, соның ішінде 17 түлек католиктік діни қызмет атқару жөнінде шешім қабылдаған. Оқуға түсу үшін талапкерлерге стандартты құжаттарды тапсырудан бөлек, нақты бір шіркеу тарапынан жолдама беріліп, сол жердегі епископ қызметшінің мақұлдау қағазын ұсыну қажет.

*Қарағанды қаласының Католиктік Епархияаралық Жоғары Рухани Семинариясының контингенті*

2020 жылғы жағдай бойынша семинарияда 7 студент білім алуда. Соның ішінде Қазақстанда шіркеу қызметкері болуды жоспарлаған Индонезия және Филиппин елдерінің азаматтары семинарияның соңғы курстарын аяқтауда.

Үлкен маңызы бар хиротония рәсімі оқу барысында екі сатыда өткізіледі (6-7 курс), бастапқыда студент дьякон атанады, 7 курстан соң діни қызметшісі (священник) атану құқығына ие болады.

Еліміздегі семинарияның бағдарламасы әлемдегі шіркеулік білім беру жүйесіне сәйкес келетіндіктен екі қазақстандық студент (Руслан Рахимбалимов, Дмитрий Бирюков) 2019 жылы Ватиканда білім алуға мүмкіндік алды. Осы орайда, 2017 жылы Краков қаласындағы Иоанн Павел II атындағы университетте (Польша) Руслан Рахимберлинов өзінің магистрлік жұмысын сәтті қорғап шыққанын атап кетуге болады.<sup>241</sup>

*«Мария – Шіркеу Анасы»  
Католиктік Епархияаралық  
Жоғары Рухани  
Семинариясының түлегі  
магистр дәрежесін  
қорғау сәтінен, 2017 жыл*



<sup>240</sup> Алматы семинариясында дипломдық жұмыстар қорғалды. URL: <https://seminaria.kz/2019/06/15/v-almatinskoj-seminarii-sostoyalas-zashhita-diplomnyh-rabot/>

<sup>241</sup> Магистрлік жұмысты қорғау. URL: <http://seminariumcatholic-kazakhstan.org/naszi-nowosti/2017-2018/2017-09-29-Ruslan/index.html>



Зерттеу жұмыстары барысында католик семинариясының кейбір студенттері бірнеше жыл өткен соң жеке себептерге байланысты оқудан шығатыны анықталды. Бұның себебін көптеген жастарға целибат – католиктік діни қызметшілердің некеден бас тарту сертін қабылдау қиындығымен түсіндіруге болады. Семинария басшылары оны ерекше проблема ретінде қарастырмайды, өйткені діни өмір тәжірибесін қабылдау әрбір адамның жеке шешімі болып табылады.

Отандық христиандық семинариялардың оқыту процесін талдау нәтижесінде келесі ерекшеліктер анықталды:

- конфессиялардың дін қызметшілеріне қойылатын талаптардың өзгешеліктеріне байланысты (мысалы, католицизм дініндегі целибат) православиелік және католиктік семинарияларда студенттер саны әр түрлі болып келеді;

- талапкерлерді қабылдау православиелік және католиктік шіркеу дін басыларының ұсынымдары негізінде жүргізіледі;

- православиелік және католиктік семинария түлектері жұмыспен толықтай қамтамасыз етіледі;

- Қазақстандағы христиандық семинария түлектеріне шетелдік діни білім беру ұйымдарында оқуларын жалғастыруға жағдай жасалған. Мәселен, православиелік семинария түлектері Ресей Федерациясында (Мәскеу, Санкт-Петербург) және Украинада (Киев) білімдерін жалғастыруда. Католиктік семинарияның түлектеріне Ресей Федерациясында (Санкт-Петербург), Ватиканда және Польшада оқуға мүмкіндіктер берілген.

### **Христиандық семинариялардың білім беру бағдарламаларын талдау**

Алматы православиелік семинариясы білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында Орыс Православие Шіркеуі жанындағы Оқу комитетінің ұсынымдары негізге алынады. Сондай-ақ, ғылыми-зерттеу материалдарды жаңарту бойынша оқытушылардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріледі. Оқытушылар білім беру бағдарламасына діни пәндерді енгізу үшін Оқу комитетінің ұсынымдарын, жалпы білім беру пәндерін таңдау барысында діни білім беру саласындағы мемлекеттік стандартты басшылыққа алады.

Қазақстандағы православиелік семинарияның пастырь даярлайтын бөлімде оқу мерзімі 5 жыл (дайындық курсы - 1 жыл, негізгі курс - 4 жыл), регенттік бөлімде – 2 жыл.

Алматы православиелік семинариясында үш кафедра қызмет көрсетеді:

- Инжілдік-теологиялық кафедра;
- Шіркеулік-тарихи кафедра;
- Шіркеулік-практикалық кафедра.

8 кесте «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ПРАВОСЛАВИЕЛІК РУХАНИ СЕМИНАРИЯ» ОҚУ ОРНЫНЫҢ КАФЕДРА-  
 ЛАРЫ, 2020-2021ОҚУ ЖЫЛЫ

КАФЕДРА		ПӘНДЕР
1	Инжілдік-теологиялық кафедра	Инжіл тарихы
		Көне Өсиет
		Жаңа Өсиет
		Догматикалық теология
		Өнегелік теология
		Салыстырмалы теология
		Негізгі теология
		Философия
		Патрология
		Катехизис
		Сектоведение
		Орыс діни философиясы
		Апологетика
		Орыс теологиясы
2	Шіркеулік-тарихи кафедра	Жалпы шіркеулік тарих
		Орыс Православиелік шіркеу тарихы
		Қазақстан тарихы
		Шіркеу өнерінің тарихы және дамуы
		Діндер тарихы
		Жергілікті Шіркеулер тарихы
3	Шіркеулік-практикалық кафедра	Пастырь қызметшілерге арналған практикалық нұсқаулық
		Литургика
		Шіркеулік славян тілі
		Шіркеулік славян тілі бойынша практикум
		Орыс тілі
		Қазақ тілі
		Гомилетика
		Риторика
		Латын тілі
		Грек тілі
		Шіркеулік ән-күй
		Логика
		Шіркеулік Құқық
		Миссиология және катехетика
		Этика және аскетика
Ғылыми жұмыс негіздері		
Экология		



Сонымен бірге, әрбір курс үшін белгілі бір көлемдегі білім беру бағдарламасы қарастырылған. Мәселен, бірінші курс студенттері қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы сияқты жалпы білім беру пәндерін өтеді. Үшінші курста православиелік дін іліміне жататын арнайы пәндермен қатар «Сектоведение» және «Діндер тарихы» пәндері оқытылады.

9 кесте «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ПРАВОСЛАВИЕЛІК РУХАНИ СЕМИНАРИЯ» ОҚУ ОРНЫНЫҢ ПРАВОСЛАВИЕЛІК ТЕОЛОГИЯ БАҒЫТЫ БОЙЫНША 1 КУРСҚА АРНАЛҒАН ОҚУ ЖОСПАРЫ, 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ

	ПӘН АТАУЫ	САҒАТ-ТАР САНЫ	ЖАЗБАША ЖҰМЫС	I СЕМЕСТР	II СЕМЕСТР
1	Көне Өсиеттің Қасиетті Жазбалары	4	Бақылау жұмысы	Сынақ	Емтихан
2	Жаңа Өсиеттің Қасиетті Жазбалары	4	Шығарма	Сынақ	Емтихан
3	Догматикалық теология	4	Бақылау жұмысы	Сынақ	Емтихан
4	ОПШ тарихы	4	Шығарма	Сынақ	Емтихан
5	Литургика	4	Бақылау жұмысы	Сынақ	Емтихан
6	Жалпы шіркеулік тарих	4	Бақылау жұмысы	Сынақ	Емтихан
7	Шіркеулік славян тілі	4	Диктант	Сынақ	Емтихан
8	Орыс тілі	4	Диктант	Сынақ	Емтихан
9	Қазақ тілі	4	Диктант	Сынақ	Емтихан
10	Грек тілі	2	Бақылау жұмысы	Сынақ	Емтихан
11	Ағылшын тілі	2	Бақылау жұмысы	Сынақ	Емтихан
12	Риторика	2	Бақылау жұмысы	Сынақ	Емтихан
13	Философияға кіріспе	4	Бақылау жұмысы	Сынақ	Емтихан
14	Шіркеулік ән-күй	4	-	Сынақ	Емтихан
15	Қазақстан тарихы	2	-	Сынақ	Сынақ
16	Жеке вокал	24	-	Тыңдалым	Емтихан

Өз кезегінде, католиктік семинария білім алушыларының саны аз болуына байланысты (бір топта 2-3 адам) әрбір студентке жеке уақыт бөліп, тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндіктер бар. Жалпы алғанда семинарияда оқу мерзімі 7 жылға созылады. Оқу келесі сатылардан тұрады:

1 жыл – пропедевтика (бастапқы кіріспе курсы);

2 жыл – философия;

3 жыл – теология (богословие);

1 жыл – ғибадат орындардағы практикадан өту, діни қауым өмірімен және шіркеу қызметшілерінің жұмысымен етене танысу.

Білім алушылар храм аумағында тұрады. Семинарияның күнделікті оқу күні таңғы 6.00-де басталады – қоңырау соғылған соң, семинаристтер таңғы дұғаларды оқуға жиналады. Философия, теология пәндерімен қатар семинаристтер жалпы білім беру пәндерін оқиды және шет тілдерін өтеді. Қазақ тілін оқытуға көп көңіл бөлінеді. Семинаристтер бос уақыттарын спортпен айналысуға арнайды. Семинарияда тренажер залы, бассейн, үстел теннис залы

және өзге де спорт нысандары ашылып, салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасалған.

Ватикандағы орталық шіркеу бекіткен базалық пәндермен қатар бірінші курста міндетті пәндер қатарына қазақ тілі және Қазақстан тарихы сияқты пәндер енгізілген. Одан бөлек, философиялық пәндерді (философия тарихы, діндер философиясы, құқық философиясы, этика философиясы) және әлемдік әдебиеттерді тереңдетіп оқыту арқылы семинария студенттеріне зайырлы бағыттағы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ, «Шіркеудің әлеуметтік ілімі» пәні жүргізіліп, білім алушылар әлемдегі алуан түрлі шіркеулік емес мәселелерге қатысты католик шіркеуінің ресми ұстанымдарын зерттейді. Мәселен, экология сияқты тақырыпқа ерекше назар аударылады. Семинарияның алғашқы курстарында діндар қауым арасындағы жұмыстың негізгі дағдысын қалыптастыратын «Сөйлеу мәдениеті» пәні мақсатты түрде оқытылады.

10 кесте «МАРИЯ – ШІРКЕУ АНАСЫ» КАТОЛИКТИК ЕПАРХИАРАЛЫҚ ЖОҒАРЫ РУХАНИ СЕМИНАРИЯНЫҢ ПРОПЕДЕВТИКАЛЫҚ КУРСЫ БОЙЫНША ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ, 2019 ЖЫЛ

Курс атауы	Мақсаты
1 Діни ілім негіздері	Студенттер католицизм ілімінің негізгі мазмұнымен танысады
2 Інжілді оқу	Студенттер рухани өмір үшін қажетті кітап ретінде Інжілді зерттейді. «Lectio divina» практикасы.
3 Христос құпиясына кіріспе	Студенттерге Иисус Христос тұлғасын әртүрлі көзқарастардың тұрғысынан көрсету: христиандық сенім, христиандық емес діндер, мәдениет (өнер, живопись, әдебиет, музыка)
4 Рухани өмірге кіріспе	Христиан дініндегі адамның рухани өмірінде орын алатын ерекшеліктер туралы түсінік қалыптастыру
5 Литургиялық өмір кіріспе	Христиан дініндегі адамның литургиялық өмірінде орын алатын ерекшеліктер туралы түсінік қалыптастыру. Литургиялық канондармен танысу
6 Тақуалық (монашество) тарихы	Студенттерге христиан дініндегі тақуалық тарихы мен оның негізгі принциптері туралы очерктер ұсынылады.
7 Қазақстан тарихы	Көне дәуірлерден бастап қазіргі уақытқа дейінгі Қазақстан тарихын зерттеу. Адам қауымдастықтары пайда болуы, көне қоғамдар мен мемлекеттер тарихы, орта ғасырлық Қазақстанның этносоциология тарихы, Қазақстанның Ресей империясына қосылуы және тоталитарлық кезеңге қатысты мәселелерін қарастыру. Курстың негізгі міндеті – Қазақстанның егемендік және тәуелсіздік алу процестері бойынша ақпарат беру
8 Әлем әдебиеті	Семинаристтерді (студенттерді) әлем әдебиеті дамуының негізгі кезеңдерімен таныстыру. Курс әлемдік әдебиет қалыптасуының негізгі бағыттары мен заңдылықтарын ашып көрсетеді. Батыс Еуропа мен Ресейден шыққан әлемдік классикалық әдебиет өкілдерін оқуға ерекше назар аударылады.

**Христиандық оқу орындарының білім беру бағдарламаларын салыстырмалы талдау нәтижесінде келесідей ерекшеліктерді атауға болады:**

- еліміздегі зайырлы ЖОО-лар сияқты христиандық оқу орындары да жалпы білім беру пәндерін оқытады;

- православиелік және католиктік семинариялардың білім беру бағдарламаларын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарымен қатар шіркеулердің жоғары дәрежелі басшылығы да бекітеді (православиелік оқу бағдарламасын – Орыс православиелік шіркеуінің Оқу Комитеті, католиктік бағдарламасын – Ватикан);

### **Профессорлық-оқытушылар құрамы мен оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайы**

Алматы православиелік семинариясында оқытушылардың көпшілігі семинариядағы қызметін қосымша жұмыс ретінде атқарады, яғни оқытушылық кәсіп олардың негізгі қызметі емес. Мысалы, кейбір оқытушылар шіркеу қызметшілері немесе зайырлы ЖОО оқытушылары және т.с.с. Эксперттердің пікірінше, оқытушылар екі және одан көп жұмыс түрлерінің жүктемесін қатар алып жүргендіктен аталған жағдай оқу процесінің сапасына теріс әсер етуі мүмкін.

Оқытушылардың басым бөлігі жергілікті атқарушы органдармен, Дін істері басқармасының мамандарымен және өзге дін өкілдерімен өзара байланыс орнатып, тиісті бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс жүргізуде. Эксперттік сұхбат барысында Алматы православиелік семинариясының профессорлық-оқытушылар құрамының шамамен 20% шет тілдерін еркін меңгергені анықталды.<sup>242</sup> Негізінен оқытушылар ресейлік христиандық оқу орындарынан шақыртылады (Мәскеу, Санкт-Петербург).

Алматы православиелік семинарияның сайтында шіркеу тарихы, библеистика, патрология және т.б. пәндер бойынша әдебиеттер жүктелген.<sup>243</sup> Семинария кітапханасының қызметі қажетті деңгейде ұйымдастырылып, студенттер орыс, ағылшын және өзге де тілдерде шығарылған әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

*Алматы православиелік семинария кітапханасының фотосы<sup>244</sup>*



Қарағанды қаласындағы католиктік семинария оқытушыларының көпшілігі шетел азаматтары. Білім беру процесіне зайырлы тұлғалар да жұмылдырылған, мысалы конфессияға қатыс жоқ оқытушылар қазақ тілі мен Қазақстан тарихын жүргізеді. Сондай-ақ, философия сияқты курстарды жүргізуге Қарағанды қаласындағы ЖООдың білікті оқытушылары шақырылады. Қазақстан аумағында білікті оқытушылар бар екендігін, алайда олардың тұрғылықты мекен-жайы мен жұмыс орны өзге қалаларда болуына байланысты оқу процесінде қиындықтар

242 Эксперттік сұхбат материалдары, Алматы қаласы

243 Алматы Православ иелік рухани семинариясы. URL: <https://seminaria.kz/biblioteka/>

244 URL: <https://seminaria.kz/fotogalereya/>

туындайтынын семинария өкілі сұхбат барысында ерекше атап өтті.<sup>245</sup> Мысалы, базалық пән (катехетика) оқытушысы Хромтау қаласында шіркеу қызметшісі болып жұмыс жасайды, сол себепті ұзақ мерзімге Қарағанды қаласына келе алмайды. Осыған орай, кейбір пәндер «Skype» бағдарламасы арқылы онлайн форматта жүргізіледі.

Дегенмен, шетелдік оқытушылармен жұмыс жасаудың тиімді жақтары да аталды. Мәселен, олардың әрқайсысы әртүрлі жоғары діни оқу орындарында білім алғандықтан семинария студенттеріне қандай да бір пәнді жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ, профессорлық-оқытушылар құрамының 90% ағылшын және итальян тілдерін еркін меңгерген мандар болғандықтан аталған артықшылық оқу процесіне оң әсерін тигізеді.

Католиктік семинария православиелік оқу орны сияқты жалпы білім беру пәндерін жүргізу үшін зайырлы ЖОО оқытушылардың көмегіне жүгінеді. Гендерлік тұрғыдан шектелерге жол берілмейді, ерлер де, әйелдер де оқытушылық қызметті атқара береді.

Католиктік семинарияның үлкен кітапханасында орыс, ағылшын, итальян және өзге тілдердегі әдебиеттер қоры жинақталған. Кітапхана қорында христиандық кітаптармен қатар барлық діндердің тарихына және философиялық ілімдерге арналған көптеген әдебиет, сондай-ақ көркем шығармалар бойынша үлкен топтамалар кездеседі.<sup>246</sup>

*«Мария – Шіркеу Анасы»  
Католиктік Епархияаралық  
Жоғары Рухани Семинария  
кітапханасының фотосы<sup>247</sup>*



Эксперттік сұхбат кезінде діни білімді жетілдіру мақсатында өзге католиктік оқу орындарымен оқытушылар алмасу тәжірибесі қолданылатыны анықталды. Сондай-ақ, православиелік және католиктік семинариялар арасында тәжірибе алмасу қажеттілігі туралы пікірлер айтылды.

*«...Біздер үшін тәжірибе алмасу өте пайдалы, тіптен оқытушылар үшін де...Бұл үлкен рухани байлық»*

(Қарағанды семинариясы)

*«Бұрын да, қазір де дінаралық диалог өзекті тақырып болып саналады. Бұл зайырлылық-діни диалог деуге болады. Бұл менің ойымша аса маңызды бағыттардың бірі»*

(Алматы семинариясы)

<sup>245</sup> Эксперттік сұхбат материалдары, Қарағанды қаласы.

<sup>246</sup> «Қана» Сібір Католиктік Телеарнасы, Қарағанды қаласындағы «Мария – Шіркеу Анасы» семинариясы. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=ZoXt5Mf600g>

<sup>247</sup> Фотосурет арнайы зерттеу барысында түсірілді, Қарағанды қаласы

### **Қазақстандағы христиандық оқу орындарының профессорлық-оқытушылар құрамы мен оқу-әдістемелік жағдайын талдау нәтижесінде келесідей ерекшеліктер анықталды:**

Семинария оқытушыларының басым көпшілігі өз қызметтерін қосымша атқарады, діни оқу орнындағы жұмыс негізгі қызмет түрі болып табылмайды. Алайда, семинарияларда шетелдік оқытушыларды ұзақ мерзімге шақыру бойынша тиімді тәжірибе қалыптасқан, бұл өз кезегінде оқу процесіне позитивті ықпал етуде және білімін алушыларға білімін жан-жақты тереңдетуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы христиандық оқу орындарында оқытушының семинарияға келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда қашықтықтан оқыту форматы қолданылады. Сондай-ақ, семинария студенттері мен оқытушыларының арасында шет тілдерін оқуға деген қажеттілік пен жоғары талпыныс байқалады.

Христиандық оқу орындарының ресми сайттары жұмысын тұрақты жүргізуде:

- <https://seminaria.kz/>

- <http://www.seminariumcatholic-kazakhstan.org/>

Сонымен қатар, танымал әлеуметтік желілерде оқу орындарының жеке парақшалары ашылған.

Қорытындылай келе, отандық христиандық діни білім беру жүйесі ресми Шіркеулердің ұстанымы негізіндегі бағыттар, дәстүрлер мен ережелердің арнасында жақсы деңгейде дамып келетінін атап кетуге болады. Оқу орындарында алған білім мен дағдылардың арқасында түлектер еш кедергісіз оқуларын шетелде жалғастыра алады, яғни осы қалыптасқан үрдіс семинарияда сапалы оқыту жүргізілетінін және білім беру бағдарламалары жоғары деңгейде әзірленетінін көрсетеді. Сондай-ақ, дін қызметшілері мен білім алушылардың оқыту процесі шеңберінде конфессияаралық диалог пен әріптестік орнату жөніндегі ниеттерін алдағы уақытта дамытуды қажет ететін позитивті вектор деп қабылдау қажет.

#### **Қорытынды:**

1. Православиелік және католиктік семинариялардағы білім беру жүйесі дін қызметшілерін даярлауды мақсат етеді. Бағдарламалардың траекториясы тиісті Шіркеулер бекіткен ережелер мен нұсқаулықтар талаптарының негізінде анықталады. Сонымен қатар, ҚР БЖҒМ бекіткен ТЖКБ-нің арнайы талаптары да орындалады. Мәселен, оқу жоспарларына Қазақстан тарихы және қазақ тілі сияқты міндетті пәндер енгізілді. Қазақ тілін оқытуға ерекше мән беріледі. Осы ретте семинаристтер Інжілді қазақ тілінде оқитынын атап кетуге болады.

2. Христиандық оқу орындарының профессорлық-оқытушылар құрамына қажетті мамандар негізінен қосымша сағат орындау үшін ғана орналасып, бұл жағдай едәуір қиындықтар тудырады. Алайда, кейбір жағдайларда бұл мәселені оқу орындарында, әсіресе католиктік семинарияда студенттер аз болуымен байланыстыру қажет.

3. Католиктік семинарияда 7 жыл және православиелік семинарияда 5 жыл оқу мерзімі жоғары оқу орындарының бағдарламаларына сәйкес келеді. Алайда, мысал ретінде қарайтын болсақ, 7-жылдық оқуды аяқтаған түлекке тек орта кәсіптік білім туралы диплом табысталады.

4. Семинариялар инфрақұрылымдарын қажетті деңгейге дейін жетілдірген. Білім алушының барлық өмірі семинария аумағында өтеді, сол себепті оларға барлық пәндерді нәтижелі оқу үшін, сондай-ақ демалыс уақытында жақсы тынығу жағдай жасалған.

5. Шетелдік білім беру ұйымдарымен әріптестік байланыстар орнатылып, конфессиялық оқу орындарымен оқытушылар алмасу тәжірибесі жүзеге асырылады.



6. Семинариялар мемлекеттік органдармен және ғылыми қауымдастық өкілдерімен әріптестік орнатуға және диалог жүргізуге дайын. Осы бағытта тәжірибе алмасу, сондай-ақ мәдениетаралық және конфессияаралық байланыстарды кеңейту мүмкіндіктерін алдағы уақытта тиімді пайдалану қажеттілігі айқындалып отыр.

## ПРАВОСЛАВИЕЛІК ЖӘНЕ КАТОЛИКТІК СЕМИНАРИЯЛАР



### 2.3. Орта кәсіптік оқу орындары деңгейіндегі діни білім берудің халықаралық тәжірибесі

Қазіргі заманның мемлекеттеріне зайырлы және діни білім берудің ортақ мәселелерін қарастыру, сондай-ақ соның ішінде діни ұйымдарының орны мен міндеттерін анықтау бойынша күрделі мәселелерді шешуге тура келеді. Білім алу құқығы өз аясында діни білім алу немесе діни сенім негізінде тиісті пәндерді оқу құқықтарын да қамтиды, сол себепті мемлекеттің тұрғындардың сұраныстарымен санасып, елдің білім беру жүйесіне тиісті өзгерістер енгізуін заңдылық деп қабылдауға болады.

Әрбір мемлекет діни ұйымдардың білім беру қызметіне қатысты мәселелерді өздерінің діни және білім беру саясатына, діни тарихына, дәстүрі мен идеологиялық ұстанымына сәйкес қарастырып келеді.

#### Исламдық орта кәсіби білім беру

##### Ресей Федерациясы

Федерация субъектілерінде әртүрлі академиялық деңгейлердегі исламдық оқу орындары, соның ішінде орта кәсіби оқу орындары қызмет атқарады. РФ Әділет министрлігінің деректеріне сәйкес, 2018 жылы 78 исламдық оқу орындары, олардың ішінде орта білім беру дәрежесіндегі 53 медресе тіркеуге алынған. Олардың басым көпшілігі Солтүстік-Кавказ өңірінде орналасқан (Дағыстан – 13, Шешенстан – 13, Ингушетия – 1, Поволжье және Ресейдің орталық аймағы – 2).<sup>248</sup>

248 Мұртазин М. Посткеңестік мұсылмандық кеңістігіндегі исламдық білім беру жүйесі туралы. 2019. 88-102 бб.

Көптеген медреселердің тарихи-мәдени маңызы жоғары, себебі олар барлық Кеңес Одағы үшін мамандарды даярлаған болатын және осы күнге дейін ТМД елдерінде беделді оқу орындары болып саналады. Олардың қатарында тарихи тұрғыдан қарағанда Татарстан медреселерінің беделі аса жоғары. Татарстан Республикасы Мұсылмандары Діни Басқармасының деректеріне сәйкес, ел аумағында 8 медресе қызмет етеді.<sup>249</sup> Орта есеппен алғанда оқу орындарында жыл сайын 500 астам адам оқиды. Татарстан медреселері исламдық орта кәсіптік білім беру бойынша бастапқы деңгейдегі стандартын жүзеге асырады. Стандарт бойынша келесі пәндер оқытылады: «Араб тілі», «Діндер тарихы», «Психология және педагогика», «Құқық негіздері», «Татар тілі мен әдебиеті», «Татарстан және татар халқының тарихы», «Ресейдегі ислам тарихы», «Исламдық діни ілім», «Құранды оқыту және есте сақтау әдістері», «Құран оқу ережелері (таджид)», «Құрантану (улюм әл-Құран)», «Құран түсіндірмесі (тәпсір)», «Құлшылық ету негіздері», «Ислам құқығы», «Ислам құқығының негіздері», «Мұхамед Пайғамбардың өмірі», «Хадистану», «Мұхамед Пайғамбар уағыздары», «Уағыз негіздері мен имам міндеттері», «Исламдағы діни ағымдар», «Исламдық ілімдерді оқыту әдіснамасы», «Исламдық этика (ақлақ)», «Ислам тарихы», «Логика». Оқыту мерзімі – 3 жыл. Медреселер дін қызметшісі және мұсылмандық бағыттағы діни ұйымдардың қызметкері мамандықтарын оқуды ұсынады. Түлектерге келесідей біліктіліктер беріледі: «Имам-хатыб», «Ислам негіздері мен араб тілінің оқытушысы», «Араб тілінің оқытушысы мен аудармашысы».

Сондай-ақ, исламдық біліммен қатар студенттер медресені тәмамдаған соң қосымша кәсіптерді бітіріп шығады (омарташы, жүргізуші, тігінші және т.с.с.). Бірқатар медреселер ЖОО-мен серіктестік туралы келісімдер жасасып, медресе шәкірттеріне сырттай оқыту бөлімінде зайырлы білім алуға мүмкіндік берген. Медресе студенттеріне жатақханалар ұсынылып, тамақтану қамтамасыз етіледі. Күндізгі бөлімге толық емес орта білімі бар (9 сынып) 15 жастағы бозбалалар мен бойжеткендер, сондай-ақ толық орта білімді (11 сынып) аяқтаған талапкерлер қабылданады. Оқуға түсу үшін қабылдау комиссияның талаптарын орындап, сұхбаттасуға қатысу керек.<sup>250</sup>

Ресей интернет кеңістігінде 2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әлемнің орыс тілді мұсылмандарына арналған «Медина» көп сатылы онлайн оқыту орны қызмет көрсетеді. Осы онлайн оқу орны арқылы бастапқы деңгейден бастап (медресе) исламдық жоғары оқу орнының дәрежесіне (бакалавр) дейін білім алып, теологиялық даярлықтың толық курсына өтуге болады. Оқыту қашықтықтан жүргізіледі, сондай-ақ толықтай тегін және интерактивті түрде өткізіледі.<sup>251</sup>

Жалпы алғанда, ресейлік медреселер жалпы білім беру мектептерінің 9 және 11 сыныптарын бітірген түлектерді қабылдайды, сондай-ақ мектепте оқумен қатар бір мезгілде медреседе білім алуға мүмкіндіктер беріледі. Сонымен бірге, гендерлік ерекшеліктерге қатысты бөлімдер ашылған, оқуға қабылдау жасы бойынша түрлі талаптар қойылады.

### Өзбекстан Республикасы

Өзбекстандағы исламдық білім берудің тарихи тамыры терең. Кеңес Одағы жүйесі құрамында болған кездің өзінде елдегі исламдық оқу орындары өз қызметтерін жалғастырып келді. Республикада бірнеше ғасырдан астам Ташкент, Самарқан, Бұқара және т.б. қалаларда беделді діни оқыту орталықтары қызмет көрсуде. Бұл оқу орындары бір кездері барлық Орталық Азия үшін мамандар дайындау орталығы болған. Мәселен, 1992 жылғы мәлімет бойынша 100 астам медресе қызмет көрсеткен.<sup>252</sup> Айта кетері, XX ғасырда діни біліммен қатар

249 URL: [http://dumrt.ru/ru/news/news\\_23435.html](http://dumrt.ru/ru/news/news_23435.html) (қаралған күні: 05.10.2020)

250 URL: [http://dumrt.ru/ru/news/news\\_20429.html](http://dumrt.ru/ru/news/news_20429.html) (қаралған күні: 29.09.2020)

251 Жоба туралы: URL: <https://medinaschool.org/about> (қаралған күні: 28.09.2020)

252 Агзамходжаев С. 2009. Өзбекстандағы исламдық білім берудің қазіргі жағдайы. – Посткеңестік кеңістіктегі мұсылмандық білім беру жүйесінің қалыптасу мен даму мәселелері. Н.Новгород: ИД «Медина». 158 б.



жаратылыстану ілімдері де оқытыла бастады. Яғни, Орталық Азия аумағында медреселер арнайы орта және жоғары білім беру орны ретінде қызмет атқарып келді деуге болады. Қазіргі уақытта Өзбекстанда мемлекеттік аккредитациядан өткен және білім беру лицензиясын алған 9 исламдық орта білім беру орындары жұмыс жүргізуде:

- 1) «Кукалдош»,
- 2) «Мир Араб»,
- 3) «Саййид Мұхйиддин Махдум»,
- 4) «Молла Қырғыз»,
- 5) «Фахриддин ар-Розий»,
- 6) «Қожа Бұхари»,
- 7) «Мұхаммад ибн Ахмад әл-Бируни».

Одан бөлек, әйелдер медреселері қызмет көрсетеді:

- 8) Ташкенттік «Хадичаи Кубро»,
- 9) Бұхаралық «Джуйбори Калон».

Әйелдер оқу орындарының басты мақсаты – студенттерге дінтану мамандықтары бойынша арнайы білім мен практикалық дағдыларды үйретіп, әдеп мәдениеті және бастауыш араб тілінің оқытушысы мамандарын даярлау. Осы мақсатқа сәйкес әйелдер медреселері әлемдік діндердің, әсіресе исламның тарихын терең меңгерген мамандарды дайындауға міндеттеледі. Студенттер, діни пәндермен қатар химия, физика, астрономия, биология, математика, информатика, араб тілі, орыс тілі және ағылшын тілдерін оқиды. Одан бөлек, студенттерге тігін ісі, кулинария, медицина және т.б. қосымша мамандықтар ұсынылады. Бұл тәжірибе оқу бітірген қыздарға болашақта қоғам өміріне белсене сіңісіп кетуге мүмкіндік береді. Әйелдер медресесінде оқып шыққан қыз балалар мектептер мен колледждерде әлем діндерінің тарихын, араб тілін және әдеп ережелерін оқытады, махалла комитет төрағаларының діни-ағартушылық және өңіргелік тәрбиелеу мәселелері жөніндегі кеңесшілері болып қызмет атқарады.

Рухани оқу орындарына міндетті түрде орта білімді аяқтаған, яғни 9 сыныптық білімі бар талапкерлер ғана қабылданады. Барлық діни оқу орындарында діни пәндермен қатар зайырлы пәндер де оқытылады. Діни және зайырлы пәндердің үлесі шамамен 60:40 құрайды (пайызбен алғанда).

Барлық исламдық арнайы орта оқу орындарында «Жалпы пәндер» бөлімі бойынша ана тілі мен әдебиет, шет тілдері, Өзбекстан тарихы, философия, руханият негіздері, мемлекет пен құқық негіздері, қоғамтану, педагогика, психология, география, физика, химия, астрономия, биология, математика, информатика пәндері оқытылады. «Арнайы пәндер» бөліміне діндер тарихы, араб тілі, ислам тарихы, теология, мұсылмандық құқық, хадистану, тажуид, тәпсір және т.б. діни мазмұндағы курстар енгізілген. Діни оқу орындарының студенттеріне ағаш ұстасы, көркем ою, зерлі тігін ісі, кілем тоқу өнері, көркем каллиграфия және т.б. халық қолөнері мен пайдалы кәсіптер оқытылады.

Исламдық оқу орындарында жалпы саны 32 мың діни, ғылыми, саяси және рухани-ағартушылық әдебиеттер, оқулықтар мен оқу құралдары жинақталған кітапханалары жұмыс жасайды. Сонымен қатар, оқытудың техникалық құралдарын қолдануға, оқу орындарының материалдық-техникалық базаларын нығайтуға көп көңіл бөлінеді. Студенттер заманауи компьютерлік техниканы меңгеру үшін әрбір оқу орнында компьютерлік сыныптар ашылған. Сондай-ақ, оқытушылар құрамының біліктіліктерін арттыруға ерекше мән беріледі. Барлық медреселерде тек жоғары діни білім алған оқытушылар сабақ жүргізеді. Оқуларын бітірген медресе түлектері діни ұйымдарда, сондай-ақ, дін мамандарына сұраныс болғандықтан, мемлекеттік мекемелерде қызмет етеді.<sup>253</sup>

## Еуропа

Еуроодақ елдерінде қазіргі таңда исламдық білім беру мәселесіне қатысты бірыңғай ұстаным қалыптаспаған. Ғаламдық мәселелер, кейбір әлемдік нарық қатысушыларына қатысты санкциялар, сондай-ақ миграция бойынша дағдарыс жағдайлары аталған саланың өзектілігін арттырып отыр. Осы орайда, кейбір еуропалық елдер христиандық, иудейлік және өзге діндермен қатар исламдық оқу бағдарламаларын тікелей енгізу мүмкіндіктерін қарастырса, өзге ұстанымдағы мемлекеттер оның орнына қаржылық деңгейі мен саяси мүмкіндіктері әртүрлі болып келетін жергілікті исламдық ұйымдарға осы бағытта қолдау көрсетуді ғана жөн санайды. Имамдарды және өзге дін қызметшілерін даярлау курстарында оқытумен шектелетін мемлекеттер де кездеседі. Жалпы алғанда, исламдық дін қызметшілерін даярлау бойынша институцияланған ортақ жүйесі әзірге қалыптаспаған.

### Ұлыбритания

Ұлыбританияда мектеп/семинария/лицей/медресе жүйесі (соның ішінде отандық ұғымдағы колледждер) «faith schools» («сенім мектептері») ретінде қалыптасып, оларға дәстүрлі шіркеудің мектептері, сондай-ақ исламдық, иудейлік және т.б. діни бірлестіктердің оқу орындары жатқызылады.

Арнайы орта білім беру орындары қажетті мамандықты оқып шығуға немесе келешекте білімдерін университет деңгейінде одан әрі жалғастыруға мүмкіндік береді. Оқу орнында алған біліктілік практикалық жұмыспен айналысуға жеткілікті және түлектің бизнес немесе өндіріс саласында тиісті жұмыс түрін орындай алатынын растайды. Орта кәсіби білім беру стандарттары жұмыс беруші ұйымдардың сұраныстарына негізделіп, олардың ағымдағы қажеттіліктеріне сәйкес әзірленеді.

Елдегі исламдық орта кәсіби оқыту жүйесі бөлек білім беру деңгейі ретінде құрылмаған. Бастапқыда мемлекет имамдарды университеттер базасында оқытуды жоспарлап, тиісті қаржы бөлу арқылы пенитенциарлық мекемелерге қажетті мұсылман уағызшыларын даярлауды көздеген болатын. Алайда аталған бағдарламалар бойынша оқуға ниет білдіргендер аз немесе мүлдем болмағандықтан бұл жоспарды жүзеге асыру қиынға соқты. Сол себепті, мұсылман қауымдастықтармен келісімдер жасалған жоқ. 2011 жылы талапкерлердің аз болуына байланысты арнайы бағдарлама толықтай тоқтатылды.<sup>254</sup>

Дегенмен, Ноттингем қаласының қыздарға арналған «Джамиа аль-Худаа» сияқты дербес мұсылман мектептері жұмыс жүргізеді. Оқуға 11-19 жас аралығындағы қыздар қабылданады. Оқу орнында бастауыш сыныптарға (7 жыл) және жоғары сыныптарға (3 жыл) арналған екі түрлі бағдарлама жүзеге асырылады.

Жоғары сыныптарға арналған оқу бағдарламалары 16 жастан басталып, олардың жүйесі Қазақстандағы колледж-медресе жүйесіне ұқсас келеді. Оқу процесіне құрантану, хадистану, фикх, ислам тарихы, араб тілі және өзге де исламтану бойынша стандартты пәндер енгізілген. Сондай-ақ, оқу бағдарламасы GCSE («General Certificate of Secondary Education», «Жалпы орта білім жөніндегі аттестат») стандарттарына сәйкес болуы міндетті болғандықтан діни пәндермен қатар «Коммуникативтік дағдыларға кіріспе», «Көшбасшылыққа кіріспе», «Тиімді командалық жұмысқа кіріспе», «Қаржы ісіне кіріспе» және өзге де зайырлы курстар оқытылады.<sup>255</sup> Оқу соңында исламтанушы маманның дипломы табысталады.

Сонымен қатар, елдегі діни орталықтар мен қауымдастықтар имамдар мен ислам оқытушыларына өздерінің түрлі біліктілік арттыру курстарын ұсынады.<sup>256</sup> Елде әр түрлі исламдық колледждер ашылып, бакалавр және магистр мамандарын оқытумен қатар жоғары дәрежедегі

254 <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/01416200.2018.1484697>

255 3-year Aalimah and 16+ Curriculum. URL: <http://www.jamiaalhuda.com/3-year-aalima-curriculum> (қаралған күні: 01.10.2020)

256 <https://compassionindying.org.uk/imam-training-day-at-london-muslim-centre/>

докторларлық бағдарламаларды жүзеге асырып келеді.

### *Австрия*

Бұл елде халықтың 6,2% құрайтын мұсылман тұрғындарға неміс тіліндегі исламдық білім беру мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Мұсылмандар католиктерден кейін саны жағынан екінші орында. Ислам мемлекеттік деңгейде мойындалған. Бірнеше жылдар бойы Австрия мұсылмандары барлығымен тең құқықты қамтамасыз етуді, әсіресе мұсылман мейрамдарын атап өтуге рұқсат беру бойынша таптарды қоюда. Аталған бастамаларды евангелисттер мен иудей өкілдері де қолдаған, алайда жағдай әлі де шешімін таппай келеді.

Жергілікті имамдардың түрік саяси ұйымдарымен байланысы анықталғандықтан бірнеше мешіт жабылып, осыған байланысты елде тұрақсыз ахуал сақталып келеді. 2015 жылы имамдарға қойылатын жаңа нормалар заңнамаға енгізіліп, оларға неміс тілін міндетті түрде білу, Австрияның заңдары мен құндылықтарын қолдау және мемлекеттік аттестацияға қатысу сияқты талаптар қойылды. Сонымен қатар, заңнамалық өзгерістердің басты мақсаты – шетелдік ислами діни ұйымдары тарапынан жүргізілетін қаржыландыру көздеріне тосқауыл қою.<sup>257</sup>

### *Нидерланды*

Нидерланды еліндегі білім беру жүйесі бастапқы, орта, кәсіби орта және жоғары білім беру деңгейлеріне тұрады. Кәсіби орта білім 16 жастан асқан студенттерге арналып, өндірістердің баспасында практикалық дағдыларды үйретуге бағытталған.

Қазіргі таңда Роттердам қаласында Ибн-Сина колледжі қызмет көрсетіп, жарғысында белгіленген миссиясына сәйкес исламдық принциптерді ұстануды және студенттерді голландиялық қоғамға интеграциялауды мақсат етеді.<sup>258</sup>

Студенттер 1-ші курстан кейін стандартты исламдық пәндермен қатар технология, экономика немесе гуманитарлық білім бағыттары бойынша арнайы курстарды таңдауы қажет. Аталған бағыттар шеңберінде студенттерге жұмысқа орналасқанда қажет болатын дағдылар үйретіледі. Көп жағдайда студенттер өздерінің болашақ жұмыс орны деп көздейтін ұйымдар мен кәсіпорындарға барып, оның өндірістік процестерімен алдын ала танысады. Одан бөлек, колледжді тәмамдаған соң жұмыс орны ұсынылатын жөнінде жұмыс берушінің кепілдеме хатын әкеліп тапсыру практикасы қалыптасқан.

### *Франция*

Елдегі білім беру деңгейлерінде өзіндік ерекшеліктері орын алады, атап айтқанда арнайы орта даярлық деңгейі лицейлердің жоғарғы сыныптарында 3 жылдық мерзімде жүзеге асырылады. Лицейлерде білім алушылар таңдаған мамандық бойынша орта білім алып, ЖОО-на түсуге дайындалады. Лицейлердің бірнеше түрлері бар:

1. Кәсіптік лицейлер мен шебер көмекшілерін оқыту орталықтары;
  2. Жалпы білім беретін және технологиялық лицейлер;
- Оқу орындарын бітіргеннен кейін арнайы куәлік табысталады.

Елде дәстүрлі саналатын католиктік және иудейлік діни оқу орындарымен қатар исламдық оқу орындары да ашыла бастады.

Мысалы, 2003 жылы Лилль қаласының жергілікті мешіт жанында алғашқы жеке меншік Аверроэс исламдық лицейі жұмыс жасай бастады. Бірінші жылы 12 студент оқуға қабылданды. Қаржыландыру мешітке келушілердің садақасы және оқушылардың ата-аналары есебінен жүргізіледі. Қазір таңда лицейде жүздеген адам білім алуда.

Бүгінгі таңда Аверроэс атындағы лицей Францияда осы статусты алған жалғыз исламдық

257 Австрия Білім беру министрлігі мұсылман білім алушыларына Құрбан айт және Ораза мейрамдары кезінде сабақтарға қатыспауды ұсынады.... IslamToday. URL: [https://islam-today.ru/islam\\_v\\_mire/ministerstvo-obrazovania-avstrii-rekomenduet-musulmanskim-ucasimsa-ne-hodit-na-uroki-vo-vrema-kurban-bajrama-i-urazy-bajrama/](https://islam-today.ru/islam_v_mire/ministerstvo-obrazovania-avstrii-rekomenduet-musulmanskim-ucasimsa-ne-hodit-na-uroki-vo-vrema-kurban-bajrama-i-urazy-bajrama/) (қаралған күні: 01.10.2020)

258 Avicenna College. URL: <https://avicenna-college.com/> (қаралған күні: 01.10.2020)

оқу орны.<sup>259</sup> Сонымен қатар, тек осы оқу орнында ресми түрде хиджаб киюге және өзге де діни нышандарды пайдалануға рұқсат етілген.<sup>260</sup>

2008 жылы лицей француз үкіметімен «sous contrat» («келісімге сәйкес») келісімін жасасып, оқу бағдарламалары жалпыұлттық стандарттар бойынша жүргізілген жағдайда мемлекет тарапынан оқытушыларға еңбекақы төленетін болды. Осы ретте 2013 жылы аталған лицей аймақтық деңгейде сапалы білім беретін ең үздік оқу орны ретінде танылғанын (мемлекет бойынша үшінші орында) атап кетуге болады.

Яғни, қатаң секуляризм саясаты жүргізілгенімен француз мемлекеті діни мектептер жалпыұлттық оқу жоспарын ұстанған жағдайда жан-жақты қаржылық қолдау көрсететінін байқауға болады.

Алайда, имамдарды арнайы даярлау тәжірибесі қоғамда түрлі пікірталастар тудырды. Осы орайда, 2020 жылдың қазан айында Франция Президенті мешіттерді басқару және имамдарды даярлау жүйесін тұрақтандыру және бақылауға алу қажеттілігі жөнінде мәлімдеме жасады. Осы ретте келесі мақсаттар қойылды:

- Францияда Ағартушылық ислам құру;
- Франциядағы исламға шетелдік ықпалды жою, мешіттерді басқару жүйесін тұрақтандыру;
- «Республика құндылықтарына үйлесімді исламды қолдайтын» имамдарды даярлау.

Сонымен қатар, Президент шетелдік ықпалға қарсы әрекет ретінде өзге елдерден имамдарды шақыру тәжірибесіне тыйым салынатынын мәлімдеді. Мемлекеттің ұстанымы бойынша шет елдерден келетін имамдар француз қоғамының құндылықтарын толық қабылдай алмайды, яғни оларды бейімдеу бойынша қиындықтар орын алады.<sup>261</sup>

Француз мұсылмандары кеңесінің Президенті Мохаммед Муссауидің пікірінше, имамдарға коммуникативтік дағдыларды үйрету қажеттілігі оларды оқыту кезіндегі өзекті мәселе болып қалуда. Діни білім беру шеңберінде радикализация мен экстремисттік дискурстар ең көп орын алатын ортада, әсіресе жұма уағыздары кезінде және әйелдер жамағатымен жұмыс барысында қажетті дағдыларды үйретуге назар аудару қажет. Мохаммед Муссауидің айтуынша, осы екі бағытта мамандар жетіспейді, себебі оларды даярлауға ұзақ мерзім талап етіледі. Сонымен қатар, имамдарға әртүрлі қысым көрсетіледі, оларды радикалды ағым өкілдері түрлі пікірталастарға итермелеп жатады. Елдегі имамдар статусы тұрақты емес, олардың тапшылығы айқын байқалады, мемлекет оларды тиімді оқыту үшін тиісті механизмдерді ойластыруда.

Жалпы алғанда, Еуропадағы әрбір мемлекеттің білім беру жүйесінде өзіне тән өңірлік сипаты бар. Кейбір елдерде қазақстандық кәсіби орта оқу орындарына сәйкес келетін мекемелер қызмет етуде, алайда өзге елдердегі исламдық мектептер жүйесінің үлкен айырмашылығы мен өзгешелігіне байланысты отандық медресе-колледждерді олармен салыстыру мүмкін емес.

Алайда, көптеген еуропалық елдер білім беру жүйесінде зайырлы саясат ұстанымы жүргізілгенімен тиісті ықпал ету тетіктері болу үшін исламдық жеке меншік мектептерді қаржыландыру жолдарын қолданып келуде.

### *Түркия Республикасы*

Ататүрік реформаларынан кейін ұзақ тарихы бар «медресе»-семинариялардың орынына «Имам-хатиб» мамандарын даярлайтын діни мектеп-лицейлер жұмыс жасай бастады. 2019 жылғы деректерге сәйкес мектеп-лицейлерде 1,3 млн. жуық студент білім алуда. 2018 жылы елде 700 астам діни мектеп ашылып, 2019 жылы олардың жалпы саны 5 мыңнан асып отыр. Сыныптар 99,8% деңгейінде білім алушылармен тұрақты түрде қамтамасыз етіледі.

<sup>259</sup>Францияның білім беру жүйесінің ерекшеліктерге сәйкес лицейде 18 жасқа дейінгі студенттер ғана оқи алады.

<sup>260</sup> Франция заңдарына сәйкес, мектептерде айқын түрде қандай да бір діни ұстанымды көрсететін нышандарды киюге тыйым салынады.

<sup>261</sup>Mosquées, imams... Les propositions de Macron pour un Islam «libéré des influences étrangères». URL: [https://www.lemonde.fr/societe/article/2020/10/03/mosquees-imams-les-propositions-de-macron-pour-un-islam-libere-des-influences-etrangeres\\_6054621\\_3224.html](https://www.lemonde.fr/societe/article/2020/10/03/mosquees-imams-les-propositions-de-macron-pour-un-islam-libere-des-influences-etrangeres_6054621_3224.html) (қаралған күні: 01.10.2020)

Қаржыландырылуы мемлекеттік бюджет есебінен жүргізіліп, оларға өзге кәсіби орта оқу орындары сияқты қолдау көрсетіледі және оқу ғимараттары мен орталықтар пайдалануға беріледі.

Талапкерлерге жалпы білім беру мектебінде 8 жыл білім алғаннан кейін кез келген діни лицейге оқуға түсу құқығына ие болады. Лицей түлектеріне жоғары оқу орындарының теологиялық факультеттерінде білімін жалғастыруға мүмкіндік беріледі.

Лицейде оқу барысында білім алушылар кең мағынада қолданылатын мәдениеттану пәндерін оқиды (экономика, әлеуметтану, шет тілдері). Оқу орындарының түлектерінде тұрғындардың діни қажеттіліктерін өтеуге, мешіт деңгейінде діни қызмет пен рәсімдерді атқаруға біліктіліктері жеткілікті болып саналады. Осы ретте, Республиканың басшысы осындай лицейдің танымал түлегі екендігін атап кетуге болады. Билік басына Реджеп Тайип Эрдоган келгеннен бастап лицейлерді қаржыландыру көлемі 68% ұлғайып отыр. Түркия Республикасының Білім беру министрлігі 2020-2022 жылдары елдегі білім берудің осы деңгейіне бюджеттен 5,1 млрд. доллар көлемінде қаржы бөлуді жоспарлауда.<sup>262</sup>

### Америка Құрама Штаттары

Америка Құрама Штаттарында қалыптасқан исламдық білім беру жүйесі келесідей оқыту сатыларымен ерекшеленеді:

- жеке меншік мектептер;
- мешіт жанындағы сауаттылық ашу курстары;
- жоғары білім;
- ислам институттары;
- өзге ұйымдар;

Елде бірнеше исламдық колледж қызмет көрсетіп, олардың көпшілігі бакалавриат деңгейіне сәйкес келетін оқу бағдарламаларын ұсынады. Яғни, бұл елдің білім жүйесінде посткеңестік мемлекеттерде кездесетін орта кәсіби білім беру бағдарламалары жоқ, негізгі діни білім мектептер деңгейінде оқытылады, ал білімін жалғастырғысы келетіндер колледждер мен университеттерге түседі. Қазіргі таңда имамдарды даярлау қажеттілігі мемлекет бойынша өзекті болып саналады. Ислам дінінің ұстанатын тұрғындардың жылдан жылға көбеюіне байланысты ағылшын тілін жетік білетін және тиісті ақпаратты түсінікті етіп жеткізе алатын имамдарға сұраныс артуда.<sup>263</sup>

2020 жылғы қазан айының мәліметі бойынша АҚШ елінде ресми түрде аккредитация алған 140 жуық жеке меншік ислам мектептері жұмыс жасауда.<sup>264</sup>

Исламдық білім беру мекемелерінің қатарында «Ислам мектебі және «Аль-Аркам» колледжіне даярлық мекемесі» қызмет көрсетеді, оның жүйесінде бастауыш және орта білім сыныптарынан бөлек, жоғарғы сыныптардың (негізінен 15-17 жастағы оқушыларға арналған) дипломдық бағдарламалары жүзеге асырылады.<sup>265</sup> Оқу орнында құрантану, тәпсір сабақтарымен қатар, химия, әлем әдебиеті, математика, таным теориясы және АКТ сияқты жалпы пәндер оқытылады. Мектептің негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларға толеранттылық және өзге көзқарастарды құрметтеу принциптерін үйрету. Оқуға түсу үшін әдебиет пен математика пәндері бойынша емтихан тапсыру міндетті саналады.

262 «Имам Хатиб» діни мектептері 1,3 млн. түрік оқушыларына білім беруде. URL: <https://mk-turkey.ru/education/2019/10/29/mopn-religioznye-shkoly-imama-hatipa-obuchayut.html> (қаралған күні: 01.10.2020)

263 Islam's growth in U.S. creates need for imams who speak everyday English. URL: <https://www.detroitnews.com/story/news/local/wayne-county/2019/11/04/us-growth-islam-creates-need-religious-muslim-scholars/40544185/> (қаралған күні: 14.10.2020)

264 List of accredited Islamic schools in the United States. URL: <https://www.sacm.org/Arabic/sacm/pdf/AccreditedIslamicSchools.pdf> (қаралған күні 01.10.2020)

265 Al-Arqam. Islamic school and College Preparatory. URL: <https://www.alarqamislamicsschool.org/> (қаралған күні: 01.10.2020)



Қазақстандағы колледж-медресе студенттерінің жас шамасына сәйкес келетін жоғарғы сыныптардың бағдарламаларына рұқсат алу үшін барлық исламдық мектептерден жоғарыда аталған тәртіпті орындау талап етіледі.

Жалпы алғанда, қазіргі орта кәсіби деңгейдегі исламдық білім беру жүйесін талдау нәтижесінде әлем бойынша әр түрлі тәжірибелер жүзеге асырылып, олардың өзгешеліктері негізінен сол елдің тарихи-мәдени мұрасынан, діни дәстүрінен және ағымдағы сұраныстардан туындайтыны анықталды.

Осы орайда, географиялық және мәдени жақындығы бар елдерде, соның ішінде Татарстан мен Өзбекстанда қалыптасқан исламдық білім беру жүйелеріне назар аудару қажеттілігін ерекше атап өтуге болады.

### **Христиандық орта кәсіби білім беру жүйесі**

Қазіргі заманғы христиандық теологиялық білім беру жүйесі негізгі үш конфессияның, яғни католицизм, православие, протестантизм діндерінің аясында қалыптасты. Олардың теологиялық білім беру бағдарламалары шіркеу қызметшілерін даярлауды ғана емес, сондай-ақ мемлекет аппаратына қажетті кадрларды, соның ішінде қарулы күштер мен полицияның діни қызметкерлерін (капелландарды), партия, кәсіподақ және өзге де бірлестіктердің (әйелдер, жастар, қайырымдылық ұйымдарының) мамандарын қамтамасыз етуді мақсат етеді.

### **Ресей Федерациясы**

Ресейде дін саласы бойынша орта кәсіби білім беру бағдарламаларын негізінен Орыс Православиелік Шіркеуінің діни мектептері (училище) жүзеге асырады. Алайда, орта теологиялық білім беру бағдарламалары училище деңгейімен қатар, арнайы колледждерде, регенттік және икона салу мектептерінде, сондай-ақ жоғары оқу орындары жанындағы теологиялық, катехизаторлық, педагогикалық курстарда да оқытылады.

Мәселен, қазіргі кезде арнайы орта білім беретін 34 діни училище жұмыс жүргізуде.<sup>266</sup> Оқуға қабылдану үшін келесідей талаптар қойылады: православие дінін ұстану, жалпы орта мектепті аяқтау, 35 жасқа келмеген болу, отбасылық жағдай талаптары (бойдақ, тұрмыс құрмаған және т.б.) және оқу саласы бойынша арнайы талаптар (вокалдық өнер, фортепиано музыкалық аспабында ойнай білу және т.б.).

Діни училище бағдарламасында төмендегі кәсіби бағыттар бойынша дайындық жүргізіледі:

1) шіркеулік хор жетекшісі, хор дирижері, хорлық пәндердің оқытушысы. Курс түлектері клироста (православиелік шіркеуінде әншілер мен мәнерлеп оқушыларға арналған арнайы орында) ән айтып, жексенбілік мектептерде ән-күй сабақтарын өткізе алады.

2) икона салушы, икона салу пәнінің оқытушысы. Курсты тәмамдаған түлектер православиелік шіркеу мен монастырь ғимараттарында иконаларды салады немесе оларға реставрация жүргізумен айналысады.

Оқуға 9 және 11 сынып бітірген үміткерлер қабылданады. Оқудың ұзақтығы – 3 немесе 4 жыл, жеделдетілген оқу бағдарламасын да оқуға болады. Сондай-ақ, гендерлік ерекшеліктер бойынша бөлінген топтар ашылған. Оқу жоспарлары мемлекеттік білім беру бағдарламаларына сәйкес әзірленіп, оқу соңында тиісті диплом беріледі.

Сонымен қатар, Ресейде «мейірбике ісі» мамандығы бойынша діни қызметке қыздарды дайындайтын жалғыз Қасиетті Дмитрий атындағы училище жұмыс жасауда. Бұл мамандық стандарт бойынша пәндердің жүргізілумен қатар, «мейірбике ісі» курсы және діни қызметтің компоненттері оқытылуымен ерекшеленеді. Училищеге қыздар ғана қабылданып, түлектері мамандықты аяқтағаннан кейін негізінен емханаларға, әлеуметтік көмек ұйымдарға және балалар үйлеріне жұмысқа орналасады немесе жағары оқу орындарына түсуге мүмкіндігі бар.

Ресейде православиелік орта кәсіби білім тегін оқытылады. Сонымен бірге, білім алушыларға

<sup>266</sup> Челябинск митрополиясының Шіркеу мамандарын даярлау рухани орталығының ресми сайты. URL: <http://mitropolia74.ru/obrazovanie/dukhovnoe-uchilishche/> (қаралған күні: 08.10.2020)



жатақхана мен тамақтану қамтамасыз етіледі.

Қазіргі таңда елдегі католик шіркеуінің түрлі бағыттардан тұратын діни білім беру жүйесі қалыптасып үлгерді. Семинария, лицей және колледждер арнайы орта білім беру қызметін көрсетеді. Алайда, оқу бағдарламасын аяқтаған соң, түлектерден діни дәреже қабылдау және соған сәйкес қызмет атқару міндеттелмейді.

Католик колледждеріне әр түрлі дін өкілдері, сондай-ақ діни ұстанымы жоқ адамдар да оқуға қабылданады. Колледждер студенттерге рухани құралдар, құндылықтар мен білім туралы түсінік беріп, оларды секуляризм әлемінде тиісті мансаптық мақсаттарға қол жеткізу үшін дайындайды.

Ресейде 1993 жылдың 15 қазанында дін қызметшілерін даярлайтын Новосибирск қаласының семинарияға дейінгі оқыту орны ашылып, оның түлектері Санкт-Петербург қаласындағы «Мария – Апостолдар Патшаймы» Жоғары діни семинариясына оқуға жіберіледі. Оқу мерзімі – 1 жыл, алайда үміткерлер көп уақытын шіркеулерде өткізіп, семинарияға дейінгі оқыту орнының «ректорларына» діни қызметті атқаруға көмек көрсетеді. Аталған «ректорлар» штатта қызмет ететін діни ұстаздар және кураторлармен қатар білім алушы топтарына координатор болып есептеледі. Оқытудың осындай жолы үміткерлердің католиктік ғибадат үйлерінің тыныс-тіршілігімен танысуын жеңілдету үшін таңдалып отыр. Жалпы алғанда, семинарияға дейінгі оқыту орындары ашылған уақыттан оның толық курстарын 150-ден астам адам бітіріп шыққан.<sup>267</sup>

Жалпы, Ресей Федерациясында дін саласының қызметшілері негізінен жоғары білім бері шеңберінде білім алады деуге болады. Арнайы орта діни білім беру деңгейі шіркеу қызметін атқару және христиандық миссия аясын кеңейту үшін қажетті мамандарды қамтамасыз етуге бағытталған.

### Өзбекстан Республикасы

Өзбекстанда Ресей православиелік шіркеуінің Ташкент православиелік діни семинариясы жұмыс жүргізіп, оның базасында христиан дінінің негіздерін оқытатын катехизаторлық әйелдер бөлімі және регенттік факультет ашылған. Оқуға түсу үшін семинария жарғысымен бірқатар талаптар қойылады (медициналық анықтама, шығармашылық қабілеттер, православиелік дін туралы білім). Катехизаторлық бөлімге мектепте негізгі орта немесе толық орта білім алған қыздар қабылданады. Одан бөлек, білім беру процесі күндізгі, сырттай оқу және экстернат түрінде жүргізіледі.

Білім беру процесі және жатақханада тұру тәртібі семинария жарғысымен реттеледі.<sup>268</sup>

Католиктік орта кәсіби білім беру ұйымдары ашылмаған, алайда шіркеулер жанында түрлі қоғамдық және ағартушылық шаралар жүзеге асырылады.

### Еуропа

Еуропалық одақ елдерінде орта арнайы білім нақты бір бағыттардың, әсіресе техникалық саланың мамандарын даярлауға арналған. Сол себепті, христиандық арнайы орта білім беру ұйымдары кездеспейді. Көптеген елдер дін негіздерін жалпы білім беру және конфессиялық мектептерде оқытып, терең білім алу үшін түрлі діни бағыттағы бакалавриат бағдарламалары ұсынылады.

Мәселен, теологиялық пәндер зайырлы білім беру ұйымдарында оқытылып, сондай-ақ діни ұйымдарда зайырлы бағдарламалардың пәндері енгізілуі мүмкін.

Еуропада тарихи тамыры терең христиандық білім беру ұйымдары өздерінің алғашқы

<sup>267</sup>Новосибирск қаласының семинарияға дейінгі оқыту орны. URL: <https://nscathedral.ru/preobrazhenskaya-eparxiya-v-novosibirsk/eparxialnye-struktury/novosibirskaya-predseminariya/> (қаралған күні: 29.09.2020)

<sup>268</sup> Орыс православие шіркеуі Мәскеу патриархатының Орта Азиялық митрополиттік аймағы Ташкент және Өзбекстан епархиясының ресми сайты: URL: [http://www.pravoslavie.uz/archdiocese/Education/tashkent\\_theological\\_seminary/office/](http://www.pravoslavie.uz/archdiocese/Education/tashkent_theological_seminary/office/) (қаралған күні: 29.09.2020)

кездегі колледж статусын университет деңгейіне көтеріп, барлық академиялық дәрежеде бойынша мамандарды оқытады.

Білім беру ұйымдары кез келген конфессия өкілдерін немесе ешбір дінді ұстанбайтын азаматтарды оқуға қабылдай береді. Сондай-ақ, конфессияаралық, мәдениетаралық және экуменистік бағдарламалар қызмет көрсетуде.

Осы орайда, еуропалық елдерінің даму жолы діни білім беру саласында түрлі нормативті және практикалық аспектілерді ұштастыруға болатынын көрсетіп отыр.

### *Ұлыбритания*

2017 жылы елдегі 4500 білім беру ұйымы, яғни әрбір он алтыншы мектеп Англия Шіркеуінің қарамағында болды. Шіркеуге қарайтын барлық мектептердің қызметіне қажетті қаржы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін болғандықтан діни емес ұйымдар тарапынан сын айтылуы жиі кездеседі.<sup>269</sup>

Мәселен, «Dean Close School» 1886 жылы сондай мектептер ретінде құрылған болатын. Аталған мектеп христиандық қағидаларға негізделі отырып, ислам мектептері сияқты «sixth form» («алтыншы форма») бағдарламасын, яғни жоғарғы сыныптарда 2-3 жылдық білім беруді ұсынады. «Dean Close School» барлық мемлекеттік мектептер секілді жалпыұлттық оқу жоспарына сүйенеді. Міндетті пәндердің қатарына христиандық дін негіздерін оқытуға бағытталған дінтану курсы енгізілген.

Мектептің әр оқушысында «оқу мәселелерінен бастап пасторлық қызметке дейін тақырыптарды талқылауға мүмкіндік болу үшін» жеке тәлімгерлер бекітіледі.<sup>270</sup> Одан бөлек, кейбір кезде студенттер шіркеуге барып жүргені жөнінде дәлелдеме қағазды дін қызметкерінен алып, білім беру орнына ұсынуы тиіс.

### *Франция*

Діни білім жеке меншік мектептерде оқытылады. Мектептердің 90% католицизм дініне қарасты, жалпыұлттық оқу жоспарына сәйкес білім беруге келісім берілген жағдайда олардың қызметіне мемлекет тарапынан қаражат бөлінеді.<sup>271</sup>

Жыл сайын шамамен 7 христиан мектебі ашылатынын ескеретін болсақ, діни компоненттері бар оқу орындарына ата-аналар тарапынан сұраныс артып келетінін байқауға болады.<sup>272</sup>

Осы орайда, орта кәсіби деңгейде діни білім беру бойынша халықаралық тәжірибеге жүргізілген талдау нәтижесінде отандық арнайы орта білім беру жүйесіне енгізу мүмкіндігін қарастыруға болатын бірнеше позитивті мысалдарды атап кеткен жөн.

### **Қорытындылар:**

1. Діни бағыттағы орта кәсіби білім беру орындарында түлектер қосымша мамандық (омарташы, жүргізуші, тігінші, мейірбике, ағаш ұстасы, зерлі тігін ісінің маманы және т.б.) алып шығу үшін арнайы жағдай жасалады (*Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы*).

2. Онлайн технологиялар қарқынды дамуына байланысты білім берудің жаңа трендтері пайда болды. Қашықтық форма бойынша ақысыз оқуды және мемлекеттік үлгідегі ресми диплом алуды ұсынатын «Медина» онлайн-университетінің қызметін соның мысалы ретінде атап кетуге болады (*Ресей Федерациясы*).

269 State-funded faith schools. Humanists UK. URL: <https://humanism.org.uk/campaigns/schools-and-education/faith-schools/> (қаралған күні: 01.10.2020)

270 Sixth Form Studies and Enrichment. Dean Close School. URL: <https://www.deanclose.org.uk/wp-content/uploads/2019/11/DCS-SENIOR-Sixth-form-Enrichment.pdf> (қаралған күні: 01.10.2020)

271 Education in France. URL: <https://about-france.com/primary-secondary> (қаралған күні: 01.10.2020)

272 France Today: More Christian Schools, but Teachers are Needed. URL: <https://teachbeyond.org/news/2019/11/france-today-more-christian-schools-but-teachers-are-needed/> (қаралған күні: 01.10.2020)

3. Кейбір медреселер жоғары оқу орындарымен өзара әріптестік келісім орнатып, діни білім алушыларға зайырлы мамандықтар бойынша сырттай оқуға мүмкіндік береді (*Ресей Федерациясы*).

4. Ақысыз білім алу мен тегін жатақханада тұру, тегін тамақтану жағдайын қамтамасыз ету арқылы оқушылардың білімге зейін қоюына ықпал етіп, соның нәтижесінде оқу үлгерімнің жалпы сапасын арттыруға болады (*Ресей Федерациясы*).

5. Білім беру ұйымдарының оқу процесіне діни және зайырлы пәндер пропорционалды енгізілген. Зайырлы компоненттер шеңберінде нықты ғылымдар мен шет тілдері оқытылады (*Өзбекстан Республикасы*).

6. Еуропа елдерінде базалық діни білім беретін ұйымдардың басым көпшілігі конфессиялық бағыттарына қарамастан негізінен жеке меншік мектеп және колледж статусында қызмет етеді.

7. Діни пәндерден бөлек «Коммуникативтік дағдылар», «Көшбасшылық», «Қаржы» сияқты қосымша курстар оқытылады (*Ұлыбритания*).

8. Исламдық колледждер мамандандыру бойынша нақты бағдарламаларды (технология, экономика, гуманитарлық ғылымдар) ұсынып, студенттерді болашақ кәсіби ортаға үйрету мақсатында олардан жұмыс беруші ұйымдарға баруды талап етеді (*Нидерланды*).

9. Еуропа елдерінде зайырлылық формалары әр түрлі болғанымен барлығы да мемлекет пен діни мектептер арасындағы тиімді қатынас орнату жолдарын іздейді және қаржыландыру арқылы оларға қолдау көрсетеді (*Еуропа*).

10. Жеке меншік діни мектептер өздерінің қызметін жалпыұлттық оқу жоспарына сәйкес жүргізуге келіскен жағдайда мемлекеттік органдармен оларға қаржы бөлінеді (*Франция*).

11. Салт-дәстүр, тіл, тарихи және мәдени мұраға қатысты мемлекеттік құндылықтарға қайшы келмейтін ислам түрін қолдайтын имамдарға арнайы оқыту бағдарламалары ұсынылып, қажетті көмек көрсетіледі (*Франция*).

12. Конфессияаралық, мәдениетаралық және экуменистік бағдарламалар жүзеге асырылады (*Еуропа*).

13. Діни білім беру орындарына әр түрлі конфессиялардың өкілдерін және конфессиялық ұстанымы жоқ тұрғындарды қабылдауға рұқсат етіледі (*Еуропа*).

14. Оқудың соңына дейін жеке тәлімгерді бекіту тәжірибесі қолданылады (*Еуропа*).

#### **2.4 Қазақстан Республикасының орта кәсіби білім беру ұйымдары деңгейінде діни білім берудің даму келешегі: ұсыныстар мен ұсынымдар**

Колледж-медреселер, Алматы қаласының Православиелік рухани семинария және «Мария – Шіркеу Анасы» Католиктік Епархияаралық жоғары рухани семинариясының басшылығымен өткен эксперттік сұхбаттардың нәтижелеріне, аталған оқу орындарының білім беру бағдарламалары мен материалдарына, сондай-ақ діни білім беру бойынша халықаралық тәжірибеге жүргізілген талдау нәтижесінде келесі ұсыныстар мен ұсынымдар айқындалып отыр:

##### **Исламдық колледж-медреселер бойынша:**

1) Колледж-медреселердің оқытушылар құрамын ғылыми және академиялық дәрежелері бар мамандармен күшейту мақсатында жүйелі іс-шараларды жүзеге асыру. 2020 жылғы мәліметтер бойынша колледж-медреселерде жалпы саны 216 оқытушы жұмыс жасайды, оның ішінде ғылым докторы немесе PhD – 5 оқытушы («Астана» – 3, «Әбу Ханифа» – 1, «Шымкент» – 1), түрлі бағыттар бойынша магистрлер – 51 оқытушы, қалғандары бакалавриат немесе колледж түлектері.

2) Жыл сайын білім беру бағдарламаларына *бенчмаркинг*<sup>273</sup> жүргізу үшін колледж-медреселерге арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

3) Жаңартылған білім беру жағдайында оқыту процесін ұйымдастыру бойынша біліктіліктерін тұрақты жетілдіру және заманауи педагогикалық технологияларды үйрету мақсатында колледж-медреселердің оқытушыларын «Өрлеу» БАҰО АҚ және оның аймақтық филиалдарының курстарына жүйелі түрде қатыстыру.

4) Студенттерге кәсіби білім беру процесін тиімді және сапалы ұйымдастыру бағытында жинақталған тәжірибемен алмасу үшін *жетекші отандық колледж-медреселердің базасында жыл сайын оқыту курстарын өткізу*. Зерттеу көрсеткендей, оқыту әдістемелерін жетілдіру мақсатында колледж-медреселердің арасында өзара байланыс орнату қажеттілігі байқалады.

5) Шетелдік теологиялық ЖОО-мен келісімдер жасау негізінде *шетел оқытушыларын колледж-медреселерге қызметке тарту тәжірибесін одан әрі күшейту*. ҚМДБ және аль-Әзхар университеті арасындағы екі жақты ынтымақтастық негізінде аталған тәжірибе бірнеше жыл бойы қолданылып келген, алдағы уақытта да сол үлгідегі жұмыстарды жүргізу қажет етіледі.

6) *Колледж-медреселерге теологиялық пәндер бойынша қосымша сағат оқытушыларын сырттан тарту тәжірибесін тиімді қолдануды қарастыру*. Оқытушыларды білім беру ұйымының штатына емес, сырттай қосымша жүктемеге шақыру практикасы Қазақстан Республикасындағы христиандық семинариялар басшылығының тарапынан қолданады.

7) *Ресми сайттарда және әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Telegram, ВКонтакте, Twitter) жұмыс жүргізу бойынша бірыңғай алгоритм енгізу*, соның ішінде мақсатты аудитория арасында білім беру бағдарламаларын ілгерілетуге арналған арнайы құралдарды пайдалану (SMM, таргетинг және т.б.).

7.1) Колледж-медреселердің ортақ ресми интернет-ресурсын (сайтын) ашу, соның ішінде әлеуетті инвесторлар мен демеушілерге ашықтықты көрсету үшін әрбір медресенің бюджетіне арналған бөлімнің жұмысын қамтамасыз ету.

8) *Колледж-медреселердің инфрақұрылымын және материалды-техникалық жағдайын жетілдіру*.

Эксперттік сұхбаттар барысында оқу орындарының материалды-техникалық жағдайын (интерактивті тақта, компьютер, принтер, планшет), әлеуметтік базасын (студенттер үйі, спорт залдары) және кітапхана қорын дамыту қажеттілігі ерекше аталды.

Осы ретте, өзгелерге позитивті мысал ретінде «Ақтобе» колледж-медресесі жоспарлаған даму стратегиясын атап кетуге болады.<sup>274</sup>

Осы орайда, жергілікті атқарушы органдарға облыстық бюджеттен колледж-медреселерге қаржылық көмек көрсету мүмкіндіктерін қарастыру ұсынылады.

9) *Білім беру гранттар санын арттыру*. Қазіргі таңда оқуға түсетін талапкерлердің жалпы саны және мемлекет тарапынан бөлінетін гранттар санының арасында едәуір айырмашылық орын алуда. Зерттеу барысында колледж-медреселердің гранттар бөлу жөніндегі

273 Бенчмаркинг (ағылш. benchmarking) – нақты бір ұйымның жұмыс сапасын арттыру мақсатында өзге ұйымдардың тиімді қызмет ету үлгілері мен эталонды көрсеткіштері негізінде салыстырмалы талдау жүргізу.

274 Ақтөбе қаласында 2018-2021 жылдарға арналған ауқымды жоба әзірленіп, «Ақтөбе» колледж-медресесін халықаралық Ислам орталығына айналдыру жоспарланды. Орталық аумағына колледж және озық үлгіде салынған инфрақұрылым кіретін болады (мешіт, тұрғын үйлер, ерлер мен әйелдерге арналған жатақханалар, асхана, кітапхана, дәстүр сарайы, сауда үйі, спорт ғимараттары және т.б.)

сұраныстарына толыққанды қолдау көрсетілмейтіні анықталып отыр. Ал, іс жүзінде оқуға ниетті тұрғындардың саны артқанын байқауға болады. Осыған орай, колледж-медреселердің студенттеріне арналған гранттар санын көбейту мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

9.1) *Жергілікті атқарушы органдарына Қазақстанның өзге өңірлерінде орналасқан колледж-медреселерде оқитын студенттерге гранттар бөлу мәселесін қарастыру.* Зерттеу барысында колледж-медреселерде өзге өңірлердің тұрғындары білім алатыны, алайда гранттарды қаржыландыру тек жергілікті студенттерге арналғаны анықталды.<sup>275</sup>

10) *ҚМДБ жанынан колледж-медреселерді бірыңғай басқару орталығын құру, сондай-ақ оқу орындары орталықтың филиалдары ретінде қызмет жасауға бағытталған мүмкіндіктерді қарастыру.*

Жеке меншік статуста болғандықтан колледж-медреселердің басым көпшілігінде қаржылық қиындықтар жиі орын алады.

Осыған орай, басқару сапасын арттыру және өзекті мәселелерді шұғыл түрде шешу мақсатында оқу орындарын бір көзден қаржыландыратын, құқықтық және әкімшілік-шаруашылық жағынан қамтамасыз ететін Орталық құру ұсынылады.

Сонымен бірге, Орталықтың басшысы лауазымына Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы төрағасының – Бас Муфтидің орынбасарын немесе кеңесші/көмекші қызметкерін тағайындау қажет деп есептеледі. Колледж-медреселер қызметін орталықтандырылған басқару жүйесі ағымдағы мәселелерді, соның ішінде қаржыландыру сұрақтарын шешуге мүмкіндік беретін болады.

10.1) Білім беру ұйымдарының қызметін қаржыландыру бойынша тұрақты және сенімді механизм қалыптастыру мақсатында *Орталық жанынан эндаумент қорын құру*

10.2) *Колледж-медреселер өзін-өзі қаржыландыру жолдарын қалыптастыру үшін жағдай жасау.*

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасына «Уақып» Корпоративті қайырымдылық қорымен бірлесіп, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан, жергілікті атқарушы органдарынан, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымынан және Ислам Ынтымақтастық Ұйымының өзге де құрылымдарынан көмек сұрау арқылы отандық колледж-медреселер жанынан шағын кәсіпкерлік нысандарын (фермерлік шаруашылықтар, тауарлар өндірісі және түрлі қызметтер) ашу мүмкіндіктерін қарастыру ұсынылады.

Аталған шешімді жүзеге асыру арқылы колледж-медреселерді азық-түлікпен қамтамасыз етуге, қаржылық еркіндікті сақтауға, демеушілер мен қайырымдылық ақшадан тәуелділікті төмендетуге және білім беру ұйымдарының жалпы материалдық жағдайын жақсартуға қадам жасалады.

11) Орталық шешімі негізінде *колледж-медреселердің оқу бағдарламаларын «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің бакалавриат деңгейіндегі 1-2 курстардың оқу бағдарламаларымен сәйкестендіру және бірегейлендіру мәселесін жан-жақты қарастыру қажет.* Аталған қадам колледж, жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейлері бойынша оқыту жүйесін өзара сабақтастырып жүргізуге ықпал етеді.

11.1) Қазақстан Республикасының зайырлы жоғары оқу орындарының үлгісі негізінде *колледж-медреселердің түлектеріне «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің 3 курсына түсу мүмкіндігін қарастыру.* Колледж-медреселердің бағдарламаларын «Нұр-Мұбарак» университетінің 1-2 курстарға арналған оқу жоспарларымен сәйкестендіру жұмысы аталған мәселені оңтайлы шешуге мүмкіндік беретін болады.

<sup>275</sup> «Шымкент» колледж-медресе директоры телефондық әңгіме барысында ұсынған ақпарат



12) *Колледж-медреселердің студенттері* аспаз, тігінші, шаштараз, медицина қызметкері және т.б. осы сияқты қосымша мамандықтар мен дағдыларды игеріп шығу мүмкіндіктерін зерттеу және қарастыру.<sup>276</sup> Осындай қосымша ұсыныстар талапкерлерді қызықтыруға, сондай-ақ олардың болашақта қоғамдық өмірге оңай сіңісуге жол ашатын болады.

13) Шешендік өнер, шағын кәсіпкерлік негіздері, әлемдік діндер тарихы, жаңа діни қозғалыстар мен культтар, сондай-ақ жаһандану, экология, биоэтика сұрақтарына қатысты қазіргі заманның мәселелері бойынша білім беру бағыттарын өзектендіру немесе енгізу арқылы қолданыстағы оқу бағдарламаларының сапасын арттырып отыру. Сондай-ақ, тиісті жағдайды қамтамасыз ету негізінде компьютерлік сауаттылық пен дене шынықтыру бағыттарына ерекше назар аудару.

14) *Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасына* 2020 жылға дейін діни білім беруді дамыту Тұжырымдамасының 5.4-бөлімінде көрсетілген міндеттердің орындалу нәтижелеріне сүйене отырып, *2025 жылға дейін колледж-медреселердің білім беру сапасын арттыруға арналған арнайы стратегия құруды ұсыну.*

#### **Христиандық білім беру ұйымдарының оқыту процесі бойынша:**

1) *Православиелік және католиктік семинариялардың басшыларына білім беру саласында өзара және исламдық колледж-медреселермен тәжірибе алмасуға бағытталған бағдарламалар енгізуді ұсыну.* Зерттеу көрсеткендей, оқыту әдістемелерін жетілдіру, студенттер мен ұстаздардың білім деңгейі мен сапасын арттыру және кеңейту мақсатында діни білім беру ұйымдары арасында байланыс орнату қажет.

2) Православие, католицизм және ислам арасындағы диалогты нығайту, соның ішінде Қазақстан Республикасындағы христиандық және исламдық білім беруді дамыту сұрақтарын талқылау мақсатында *православиелік, католиктік семинариялар және исламдық колледж-медреселер арасында бірлескен іс-шаралар өткізуге арналған алаң құру қажеттілігі.*

3) Дәстүрлі діндердің конфессияаралық диалогы пен қарым-қатынасын одан әрі дамыту мақсатында *христиандық семинариялар мен колледж-медреселер арасындағы ынтымақтастықты жүйелі түрде тереңдету және кеңейту.*

4) *Діндер тарихы, экуменизм, дінаралық диалог және т.б. осы сияқты пәндерді оқыту процесін ғылыми-әдістемелік тұрғысынан қамтамасыз ету.* Христиандық семинариялардың білім беру бағдарламаларын талдау барысында жоғарыда аталған пәндер жүргізілетіні анықталды. Дінаралық диалогты нығайту үшін бұл пәндердің сапасын одан әрі жетілдіру қажет етіледі. Осы орайда, христиандық семинариялардың барлық деңгейлерінде оқытылатын діни және дінтану пәндеріне тиісті өзгерістер енгізіп отыру мақсатында оқу материалдарымен өзара алмасуға болады.

5) *Қазақстан Республикасындағы зайырлы ЖОО-лар және христиандық семинариялар арасында өзара қарым-қатынас дамуына ықпал жасау.* Христиандық білім беру ұйымдарының оқу жоспарларына жалпы білім беру пәндері (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы және т.б.) енгізілген, сол себепті студенттердің білімін арттыру мақсатында оқыту процесін кәсіби оқытушылармен қамтамасыз ету қажет. Өз кезегінде, дәстүрлі христиан бағыттарының

<sup>276</sup> Ресей Федерациясы мен Өзбекстан елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, діни оқу орындары студенттерді ағаш ұстасы, көркем ою, зерлі тігін ісі, кілем тоқу өнері, каллиграфия, тігіншілік, кулинария, медицина және т.б. сол сияқты кәсіптер мен мамандықтарға қосымша оқытады.



өкілдерін ЖОО-ның оқу бағдарламаларына, әсіресе дінтанушылар мен дін мамандарын даярлауға жұмылдыру арқылы оқыту сапасын жетілдіруге және конфессияаралық диалог мен әріптестікті дамытуға жағдай жасалады.

6) Қазақстан Республикасының арнайы орта және жоғары білім беру жүйесінде қажетті жалпы педагогикалық дағдыларды жетілдіру мақсатында христиандық семинарияларға арналған біліктілік арттыру курстарының бағдарламасын әзірлеу және өткізу. Православиелік және католиктік семинариялардың оқытушылары үшін ұстаздық жұмыс негізгі қызмет түрі болмағандықтан олардың педагогикалық дағдыларын үнемі жетілдіру қажет болып саналады.

7) Білім беру және дін салаларының уәкілетті органдарына православиелік және католиктік семинарияларын тиісті диплом ұсынатын діни бағыттағы жоғары оқу орны дәрежесіне өткізу мүмкіндігін қарастыру. Оқу мерзімі 5 және 7 жылға шақталған діни оқыту бағдарламаларына жүргізілген талдау нәтижесінде олардың мазмұны жоғары оқу орны деңгейіне сәйкес келетіні анықталды.

#### **Орта кәсіби білім беру ұйымдары деңгейіндегі халықаралық тәжірибе бойынша:**

1) Діни білім алу барысында омарташы, жүргізуші, кулинария, медицина, ағаш ұстасы, көркем ою, зерлі тігін ісі, кілем тоқу өнері, каллиграфия және т.б. сол сияқты бағыттарға сәйкес қосымша мамандық алып шығуға жағдай жасау (Татарстан, Өзбекстан).

2) Колледж-медреселер студенттерінің жұмыс беруші ұйымдарының ағымдағы қызметтік процесстеріне қатысуын күшейту (Нидерланды). Осы ретте, студенттерді жұмыс беруші ұйымдарының өндірістік процесстерімен жыл сайын жоспарлы түрде таныстыру сияқты Нидерланды елінің позитивті тәжірибесін атап кетуге болады.

3) Діни білім беру сапасын және дін қызметшілерінің біліктілігін арттыру мақсатында отандық және шетелдік мамандарды тарту арқылы онлайн форматындағы діни оқу орнын ашу мүмкіндіктерін қарастыру (Ресей Федерациясы, Ұлыбритания).

4) Біліктілік арттыру курстарында медиация және психологияның базалық дағдыларын үйрету (Франция). Себебі, кейбір кездері радикалды ағымдар өкілдерінің тарапынан дін қызметкеріне қатысты арандату, пікірталастарға тарту және өзге де қысым көрсету жағдайлары орын алады. Сонымен бірге, аталған дағдылар жамағат арасындағы тұлға-аралық, отбасылық-некелік және т.б. қатынастардың мәселелерін үйлесімді шешу үшін қажет.

5) Студенттерге діни білімді оқытып қана қоймай, олардың жан-жақты интеллектуалды дамуын қамтамасыз ету үшін оқу процесінде діни және зайырлы пәндердің тиімді үлесі мен қатынасын орнату (Өзбекстан).

6) Діни оқу орындары түлектерінің тұлғалық санасы мен көзқарасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік-конфессиялық саясаты, еліміздің тарихи-мәдени дәстүрі, өзге діндер мен этностарға құрмет көрсету принциптері бойынша дұрыс ұстанымдар қалыптастыру үшін арнайы орта оқу орындарындағы білім беру процесіне қажетті өзгерістер енгізу (Франция, АҚШ).

7) Конфессияаралық, мәдениетаралық және экуменистік мазмұндағы жаңа бағдарламаларды оқыту процесінде қолдану мүмкіндіктерін қарастыру (Еуропа).

8) Әр түрлі діни және конфессиялық ұстанымдағы азаматтарды, сондай-ақ діни бірлестіктермен байланысы жоқ тұлғаларды *оқуға қабылдау (Еуропа)*.

9) *Оқу орындарын қаржыландыру жүйесін әзірлеу (Австрия, Франция)*, басқару әкімшілігі, оқытушылар және білім алушылар арасында радикалды идеялар таралуының алдын алу мақсатында шетелдік ұйымдардың күмәнді қаржы бөлу әрекеттерін қадағалау.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, осы тараудың тиісті бөлімдеріне сәйкес әзірленген қажетті ұсыныстар мен ұсынымдарды назарға алу арқылы Қазақстан Республикасындағы орта кәсіби деңгейіндегі діни білім беру жүйесін одан әрі тиімді жетілдіруге болады деп есептейміз.

## III-ТАРАУ

# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

### 3.1 Діни және дінтанулық білім берудің дифференциациясы бойынша өзекті аспектілер

Діни және дінтанулық білім беру салаларын тиімді жіктеу мәселесінің өзектілігі дінтану ғылымы гуманитарлық білім ретінде бастау алған сәтінен орын алып, қазіргі таңда арнайы зерттеулер мен әлемдік деңгейдегі ғылыми пікірталастардың тақырыбы болып табылады.

Академиялық ортада «діни» және «дінтанулық» білімге қатысты алуан түрлі анықтамалар осы күнге дейін қолдануда және осы екі білім беру бағыттарының мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ теориялық-әдіснамалық құралдары туралы дискуссиялар толастар емес.

Посткеңестік мемлекеттерде діни білімді көбінесе белгілі бір конфессия шеңберіндегі оқыту, білім алушыны діни сенім негіздеріне үйрету деп түсінеді. Діни білім, тиісінше, теологиялық немесе конфессиялық білім беруге теңестіріледі. Алайда, дінтанулық білім беру бағытының конфессиялық оқыту саласынан айырмашылығы туралы нақты айтып кету қажет. Негізінен дінтанулық білім беру барысында діндер туралы жалпы ақпарат беріліп, олардың тарихы және әлеуметтік, мәдени және психологиялық ерекшеліктері ғылыми әдістер негізінде қарастырылады.

Ресей ғалымы И.В.Понкинге сәйкес, «діни білім беру – белгілі бір дін аясында діни ілім, діни практика, діни мәдениет және діни бірлестіктің қызметі жөнінде оқытуға, сондай-ақ аталған діни наным-сенім мен оған тән өңгелік құндылықтар негізінде тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған оқыту процесі»<sup>277</sup>.

Педагогика ғылымдарының докторы Ф.Н. Козырев дінтанулық білім беруді анықтау үшін «конфессиялық емес діни білім беру» ұғымын пайдаланып, оған келесідей анықтама береді:

- а) профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттердің діни ұстанымы оқыту процесін айқындамайтын білім беру түрі;
- б) қандай да бір діни ұйым тарапынан жүргізілмейтін білім беру процесі;
- в) дін объективті әлеуметтік, психологиялық және тарихи факт ретінде ұсынылып берілетін білім;
- г) білім алушыларды қандай да бір діни сенімге тарту мақсаты қойылмай өткізілетін білім<sup>278</sup>.

Алайда, Ресей Федерациясы Православ Свято-Тихоновский гуманитарлық университетінің жалпы және әлеуметтік педагогика кафедрасының профессоры И.В. Метлик өз еңбектерінде жоғарыда аталған шекаралар біршама шартты екенін атайды.<sup>279</sup> Мысалы, діни білім беру белгілері бар «Теология» мамандығы зайырлы жоғары оқу орны шеңберінде оқытылады, олардың бағдарламалары білім беру стандарттарымен, мемлекеттік органдармен реттеледі және мемлекеттік бюджет есебінен білім беру гранттарымен қамтамасыз етіледі.

Батыстық дәстүрде дінтанулық ғылымның пайда болу сәтінен бастап, діни және дінтанулық білім беруді дифференциациялау мәселесі көптеген ғалымдар назарын өзіне аударып келеді.

Діни және дінтанулық білім беруді толықтай ажырата білу, сондай-ақ әлемнің жетекші оқу орындарында орын алып отырған нақты жағдайды түсіну үшін дінтанулық ғылым дамуына

277 Понкин И.В. Діни білім беру / Мемлекет зайырлылығы: Сөздік / Мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мен құқықтар институты. М., 2003. (қаралған күні 01.10.2020)

278 Козырев Ф.Н. Шетел мектептеріндегі конфессиялық емес діни білім беру: педагогика ғылымдарының докторы диссертациясының авторефераты. Мамандық: 003068063. Санкт-Петербург, 2006. 42 б.

279 Метлик И.В. Білім беру саласындағы дін негіздерін оқыту // Дереккөз: Педагогика. М., 2003.  
7. URL: <http://www.verav.ru/common/mpublic.php?num=116> (қаралған күні: 01.10.2020)

қысқаша тарихи шолу жасап, жоғары оқу орындары шеңберінде теология ғылымынан демаркациялау тәжірибесіне тоқталған жөн.

Баршаға мәлім жайт, дінтанулық тұрғысынан алғанда әлемдегі мықты мектеп ретінде Йоахим Вах тарапынан ғылыми айналымға енгізілген немістің «Religionswissenschaft» немесе «Дін туралы ілім» - «Дінтану» мектебі аталады.

Германиядағы дінтану ғылымының тарихында, бұл «ресми» атау пайда болғанға дейін, оны оқыту міндеттерімен теология немесе этнология кафедралары айналысқан. Мәселен, алғашқылардың бірі болып дінді ғылыми тұрғыдан зерттеу ісімен айналысу «талпыныстары» XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Германияның теологиялық факультеттеріндегі діни тарих мектебінің өкілдері («Religionsgeschichtliche Schule») жасаған. Христиандар дінің ұстанған зерттеушілер Інжілді иудейлік, вавилондық, персиялық және эллинистік мәдениеттер діндердің көне түрлерімен салыстырып, оларды христиандық теология тұрғысынан талдады. Мысалы, неміс лютеран теологы Эрнст Трельч христиан діни тарихын өзге діндермен салыстырмалы тұрғыда зерттей отырып, нақты осы христиан дінінде барлық діндердің жоғары құндылықтары жүзеге асырылады деген қорытындыға келген. Базель университетінің теология факультеті жанындағы жүйелі теология және догматика бөлімшесінің басшысы Р. Бернхарттың пікірі бойынша, діндердің тарихын жоғарыда аталған апологетикалық жолмен қарастыру әдісі дінтанудың теологиядан бөлінуіне жол ашты<sup>280</sup>.

1924 жылы Йоахим Вах дінтану ғылымының эпистемологиялық негіздері туралы шығармаларында алғаш рет дәстүрлі теология (соның ішінде дін философиясы) және өзі «Religionswissenschaft» (дін туралы ілім) деп атаған жаңа пәннің арасында айқын шекара белгіледі. Макс Вебердің және оның «эмпириялық ғылымындағы» идеяларды ұстана отырып, Й. Вах дін феноменін зерттеуде эмпириялық әдістер пайдаланылуын ерекше атаған. Атап айтқанда, Й.Вах «Religionsgeschichtliche Schule» өкілдерін біржақты көзқарастары үшін және христиан дінің зерттеуді ғана назарға алып, діндер тарихын теологияның құрамына енгізгені үшін сынға алды. Еуропалық дінтану іліміне әсер еткен оның пікіріне сәйкес, дінтану ғылымы конфессиялардан алшақ болуды және идеологиялық бейтараптылық принципін ұстануды мақсат етуі қажет. Дінтану ғылымында зерттеушінің жеке діни көзқарастарынан да және зерттеу нысанына айналған діни құбылыстардан да әдіснамалық алшақтық сақталуы тиіс. Сондай-ақ, теология іліміне қарағанда дінтану ғылымында бағалау пайымдауларға жол берілмейді.

Аталған демаркация жүргізу талпыныстарын Еуропа мен АҚШ елдеріндегі дінтану ғылымының бастапқы қалыптасу кезеңіне тән ерекшелік деп пайымдауға болады.

Мысалы, Нидерланды елінде, 1876 жылға дейін дінді ғылыми тұрғыдан зерттеу қадамдары Лейден, Гронинген, Утрехт және Амстердам университеттерінің теологиялық факультеттері аясында жасалған. Алайда, мемлекет «дін туралы ілімдер» мен «теология» арасындағы айырмашылықты нақтылауды мақсат етіп, жоғары оқу орындарында конфессиялық теологиялық және ғылыми пәндерді демаркациялау үшін 1876 жылы «duplex ordo» заңын енгізді. Нәтижесінде нидерландылық оқу орындарының теологиялық факультеттерінде дінтану мен дін философиясы бөлек оқытыла бастады.<sup>281</sup> Дегенмен, ғылымдардың пәндерін жіктеуге бағытталған бұл бастама және теологияның университетте маргиналдық күйге түсе бастауы Нидерланды еліндегі ғылыми қоғамдастық арасында үлкен дискуссиялар тудырды.

Қазіргі таңда Еуропа мен АҚШ университеттерінде оқытылатын теология мен дінтану ғылымдарының өзара байланысы теориялық-әдіснамалық принциптері терең ұштасқан жүйе аясында жүзеге асырылуда. Батыс теологиясы, конфессионалдық жағынан христиандық дәстүрден шыққанымен, зерттеулер жүргізу барысында негізінен дінтану ғылымының

280 R. Bernhardt, Comparative Theology: Between Theology and Religious Studies. Religions 2012, 3, 964-972. doi: 10.3390/rel3040964. (қаралған күні 01.10.2020)

281 Platvoet G.J., Close Harmonies: Science of Religions in Dutch Duplex Ordo Theology, 1860-1960, 1998, Numen 45 (2), 115-162. URL: <https://jangplatvoet.nl/wp-content/uploads/2016/03/Close-harmonies.2016-1.pdf> (дата обращение 01.10.2020)

құралдарын қолданады. Дінтану пәнаралық ғылым ретінде теологиялық факультеттерде кеңінен оқытылады (Дания, Швеция, Норвегия, Италия). Ұлыбритания, Нидерланды және басқа да бірқатар елдерде екі дәстүрдің академиялық мұрасын ұштастыратын «Теология және дінтану факультеттері» жұмыс жүргізуде.

Қазақстанда діни және дінтанулық білім беру тарихы ең алдымен қазақстандық қоғам дамуының тарихи ерекшеліктерімен байланысты.

КСРО-ның мемлекеттік идеологиясы діни және дінтанулық білім берудің даму ерекшеліктеріне әсерін еткені түсінікті: егер діни немесе теологиялық білімге тыйым салынған болса, дінтану ғылымына қатысты білім ғылыми атеизм теориясы шеңберінде оқытылды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 1992 жылы алғашқы рет «Дінтану» мамандығы ашылды.

Жоғары діни (теологиялық) білім берудің тарихын 2003 жылы ашылған «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің қалыптасу кезеңдерімен байланыстыруға болады.

Қазақстан Республикасында 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және дін бірлестіктер туралы» заңындағы «діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады» деген нақты талаптар отандық діни және дінтанулық білім беру саласындағы демаркациялау процестері күшеюіне өз септігін тигізді.<sup>282</sup>

Қазіргі таңда Қазақстандағы теологиялық білім беру орындары діни мекемелер мен ұйымдарда жұмыс жүргізетін қызметшілерді оқытып келсе, отандық дінтанулық білім беру жүйесі толықтай секулярлық сипатқа ие болған және негізінен академиялық саласы мен мемлекеттік органдар үшін қажетті мамандарды даярлауда.

Қорытындылай келе, жоғары оқу орындарындағы діни және дінтанулық білім берудің арасын жіктеу қадамдарының тарихы күрделі және әрбір елдің өзіндік мәдени ерекшеліктеріне байланысты үдеріс екендігін атап кетуге болады. Батыс елдерінде екі ғылым саласын жіктеу бойынша қатаң талаптар қойылмайды, дінтану ғылымының іргелі принциптері теология кафедраларында дін қызметшілерін даярлау барысында белсенді түрде қолданылады.<sup>283</sup> Посткеңестік елдерде діни және дінтанулық білім беру салалары қалыптасу кезеңіне тән қиындықтарды бастан өткеріп, зайырлылық ұстанымдар негізінде дамып келеді.

### **3.2 Қазақстан Республикасындағы ЖОО-да даярлықтың барлық бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының сапасын талдау**

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, дін саласының жағдайын жетілдіру үшін жоғары білікті мамандарды даярлау қажеттілігі бойынша «қоғамдағы түрлі топтардың арасында діни экстремизм профилактикасына белсенді қатыса алатын дінтану, теология және исламтану саласындағы кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптар өсуде», - деген өзекті ұстаным айқындалды.<sup>284</sup>

Мемлекет тарапынан қойылған осы міндетті жүзеге асыру үшін бірінші кезекте жоғары оқу орындары білім беру бағдарламалары аясында бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлау жұмысын мақсат етуі қажет.

Өз кезегінде, дін саласының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты мамандардың қажетті

282 Кулекеев Б.К., Зайырлылықтың қазақстандық моделі: негізгі ұғымдар мен принциптер, жүзеге асыру механизмдері. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі аспектілері: оқыту семинарының материалдар жинағы. - Астана, 2017- 172 с. (19-26)

283 Толық талдау жасау үшін «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейде діни және дінтанулық білімнің халықаралық тәжірибесі» 3.3 бөлімін қараңыз

284 Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 ж. 27 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасында дін саласына қатысты мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған Концепциясын бекіту туралы» №500 Жарлығы

қабілеттері келесідей факторлармен айқындалады:

- дінтану және теология салаларының іргелі білімін игеру, заманауи теориялар мен әдіснамаларды еркін меңгеру;

- мақсаттар мен құндылықтық бағыт-бағдардың айқындылығы;
- тұрақты тұлғалық және кәсіби дамуға мақсатталған қабілеттердің болуы;
- аналитикалық ойлау дағдыларының қалыптасуы;
- сыни ойлау қабілетінің қалыптасуы;
- ауқымды мәліметтерді саралау қабілетінің болуы;
- шығармашылық ойлау қабілетінің қалыптасуы;

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі №319-III «Білім туралы» заңына (одан әрі – «Білім туралы» Заң) сәйкес, білім беру бағдарламасы «оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені» деп анықталған.<sup>285</sup> Жалпы алғанда, «білім беру бағдарламасы» оқытылатын пәндерден бастап кафедра/факультетте қызмет ететін профессорлық-оқытушылық құрамына қатысты көптеген аспектілерді қамтиды.

Осыны ескере отырып, дін саласындағы мамандарды даярлау сапасын талдау жұмысы келесі деректерге негізделген:

- ЖОО оқытушыларымен жүргізілген эксперттік сұхбат материалдары;

- барлық дайындық деңгейлеріндегі ЖОО студенттері арасында өткізілген фокус-топтық зерттеулер;

- профессорлық-оқытушылық құрамының сапалық құрамы (бұдан әрі – ПОҚ);
- білім беру бағдарламалары/оқу жоспарлары.

Зерттеу материалдарын талдау барысында «Дінтану», «Тарих-Дінтану», «Исламтану», «Теология» мамандықтарының студенттерін даярлау бойынша орын алатын өзекті мәселелерді анықтау мақсат етілді.

Зерттеуді оңтайлы ұйымдастыру мақсатында талдау жұмысының құрылымы келесідей негізде жүргізілді:

- «Дінтану», «Тарих-Дінтану», «Исламтану» және «Теология» мамандықтары бойынша дайындау деңгейлері;

- төрт мамандық бойынша ортақ мәселелер;
- 3.2.1, 3.2.2, 3.2.3 тармақтарында қарастырылған әрбір мамандыққа тән мәселелер;
- діни және дінтанулық білім берудің халықаралық тәжірибесі;
- діни және дінтанулық білім беруді одан әрі жетілдіруге арналған ұсынымдар.

### **«Дінтану», «Тарих-Дінтану», «Исламтану» және «Теология» мамандықтары бойынша дайындық деңгейлері**

Бүгінгі таңда «Дінтану» бойынша мамандарды даярлау бағдарламалары 7 жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады.

<sup>285</sup> Қазақстан Республикасының 2007 ж. 27 шілдесіндегі №319-III «Білім туралы» Заңы (07.07.2020 ж. енгізілген өзгертулері мен толықтырулары бойынша). URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30118747#pos=141;-34](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30118747#pos=141;-34) (қаралған күні: 01.09.2020)



11 кесте «ДІНТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ПОҚ ҚҰРАМЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ КАФЕДРА / ФАКУЛЬТЕТ АТАУЫ	ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ (Б – БАКАЛАВРИАТ, М – МАГИСТРАТУРА, PHD – ДОКТОРАНТУРА)
Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы (одан әрі – ҚазҰУ) <sup>286</sup>	Б / М / PhD
Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Дінтану кафедрасы (одан әрі – ЕҰУ) <sup>287</sup>	Б / М / PhD
«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті (одан әрі – Нұр-Мұбарак) <sup>288</sup>	Б / М / PhD
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Тарих және құқық институтының Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы (одан әрі – ҚазҰПУ)	Б / М / PhD
Қ.А.Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті Гуманитарлық ғылымдар факультетінің Дінтану кафедрасы (одан әрі – ХҚТУ) <sup>289</sup>	Б / М
Шет тілдері және іскерлік мансаб университеті Тарих және дінтану факультетінің Тарих және дінтану кафедрасы (одан әрі – ШТЖІМУ) <sup>290</sup>	Б / М
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Философия және психология факультетінің Философия және мәдениет теориясы кафедрасы (одан әрі – ҚарМУ) <sup>291</sup>	Б

«Тарих-Дінтану» бағдарламасы 7 жоғары оқу орындарында бакалавриат базасында жүзеге асырылады:

- Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті (Павлодар қаласы) (одан әрі – ПМПУ);
- Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Ақтөбе қаласы) (одан әрі – АӨМУ);
- Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті (Көкшетау қаласы) (одан әрі – КУ);
- Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (Шымкент қаласы) (одан әрі – ОҚМПУ);
- Қазақ ұлттық әйелдер педагогикалық университеті (Алматы қаласы) (одан әрі – ҚҰӘПУ);
- Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қаласы) (одан әрі – ҚҰПУ);
- Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті (Қостанай қаласы) (одан әрі – ҚМПУ).

286 Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Дінтану және мәдениеттану кафедрасы. URL: <https://www.kaznu.kz/ru/10844/page/> (қаралған күні 01.09.2020)

287 Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ Дінтану кафедрасы.. URL: <http://fsn.enu.kz/subpage/religiovedeniya> (қаралған күні 01.09.2020)

288 «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті. URL: <https://nmu.kz/ru/dintanu-bbb-2/> (қаралған күні 01.09.2020)

289 МКТУ дінтану кафедрасы. URL: <http://ayu.edu.kz/faculties/faculty-of-humanities/dintanu-kaf> (қаралған күні 01.09.2020)

290 ШТЖІМУ Тарих және дінтану факультеті. URL: <https://ydu.kz/p/academic/facultes/faculty%20of%20history%20and%20religious%20study/?lang=ru> (қаралған күні 01.09.2020)

291 ҚарМУ Философия және психология факультеті.. URL: <https://www.ksu.kz/index.php?r=faculty%2Ffpf> (қаралған күні 01.09.2020)

«Исламтану» мамандығы бойынша мамандар 3 ЖОО базасында даярланады.

12 кесте «ИСЛАМТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ПОҚ ҚҰРАМЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ КАФЕДРА / ФАКУЛЬТЕТ АТАУЫ	ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ (Б – БАКАЛАВРИАТ, М – МАГИСТРАТУРА, PHD – ДОКТОРАНТУРА)
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы	Б / М / PhD
«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті Исламтану кафедрасы <sup>292</sup>	Б / М / PhD
Шет тілдері және іскерлік мансап университеті Тарих және дінтану факультетінің Тарих және дінтану кафедрасы	Б / М

Бүгінгі күні «Теология» мамандығынан мамандар дайындау 2 ЖОО базасында жүргізіледі.

13 кесте «ТЕОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ПОҚ ҚҰРАМЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КАФЕДРАСЫНЫҢ / ФАКУЛЬТЕТІНІҢ АТАУЫ	ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ (Б – БАКАЛАВРИАТ, М – МАГИСТРАТУРА, PHD – ДОКТОРАНТУРА)
«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің Исламтану кафедрасы	Б / М
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Гуманитарлық ғылымдар факультетінің Дінтану кафедрасы	Б

«Дінтану» және «Исламтану» мамандықтары бойынша білім берудің барлық үш деңгейі ҚазҰУ мен Нұр-Мұбарак университетінде ғана бар.

«Дінтану» бойынша бакалавр, магистр және докторанттарды даярлау ЕҰУ мен ҚазҰПУ ғана жүзеге асырылады.

Бакалавриат және магистратура деңгейінде дінтанушыларды ХҚТУ мен ШТЖІМУ дайындайды, ал ҚарМУ тек бакалавриат мамандарын ғана оқытады. Сондай-ақ, ХҚТУ да «Исламтану» мамандығы бойынша тек бакалавр мамандарды даярлайды.

«Тарих-Дінтану» тек педагогикалық университеттер және факультеттер шеңберінде бакалавриат деңгейінде жүргізіледі.

«Теология» бағыты бойынша мамандарды Нұр-Мұбарак және ХҚТУ оқытады.

Жалпы алғанда, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 9 қаласында дін саласындағы мамандар даярлауды жүзеге асыратын 13 жоғары оқу орны жұмыс жүргізуде.

### Жалпы мәселелер

Эксперттік сұхбаттар мен фокус-топтық зерттеулерді талдау нәтижелері бойынша барлық жоғары оқу орындарына тән ортақ өзекті мәселелер анықталды

<sup>292</sup> «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті URL: <https://nmu.kz/ru/kafedralar/islamtanu-kafedrasyy/> (қаралған күні 24.09.2020)

*ПОҚ мүшелеріне артық әкімшілік-қоғамдық жұмыстардың жүктелу мәселесі*

ПОҚ жұмысы тікелей студенттерге білім берумен қатар, әкімшілік (кафедралық) және қоғамдық міндеттерден тұратыны анық. Оған білім беру бағдарламаларын құру, жалпы университеттік шараларға қатысу, аккредитациялық құжаттарды әзірлеу және т.б. сол сияқты бағыттар жатады.

Білім беру саласындағы сарапшылардың көпшілігі оқытушыларға қоғамдық жұмыстарды шамадан тыс мөлшерде жүктеу мәселесін атап кетті:

*«Үнемі орын алатын және ең маңызды мәселелердің бірі – қағазбастылық, яғни қағаз толтыру жұмыстарының көптігі. Бір қызығы дінтану пәнін оқытуға еш қатысы жоқ қағаз толтыру жұмыстары көп. Бұл былайша айтқанда әкімшілік жұмыстар, оларды оқытушыларға жүктеп қояды, сол себептен ол жұмыс жасап үлгермейді, өзінің тікелей міндеттерімен айналысуға уақыт таппайды»*

(ЕҰУ)

«Аккредитациялау, аттестаттау. Міне осы, яғни ирония арқылы айтатын болсақ мен ешқандай білім беру процесін жүргізбесем де болады, оның орнына талаптарға сәйкес барлық қағаздарды әдемі етіп толтырып, барлық комиссия мүшелеріне көрсетіп отырсам болады, олар менде бәрі жақсы, бәрі тамаша деп қуанып отыра береді. Ал, мен біреуге арнауға болатын барлық уақытымды соған шығындадым емес пе? Студенттерге, біліктілік арттыру курстарына, тағы сол сияқты пайдалы істерге жұмсауға болатын еді. Міне, өкінішке орай, біз әзірге осындай жағдайдамыз» (ҚарМУ).

Сонымен қатар, аталған жұмыстардың профессорлық-оқытушылық құрамына біркелкі жүктелмеу жағдайларына назар аударылды:

*«Екіншіден, бұл қоғамдық жүктемелердің біркелкі үлестірілмеуі. Яғни, қоғамдық жүктемелер біркелкі бөлінбейді, осыдан сәйкесінше, аталған бағытта нақты регламенттеу тәртібі жоқ»*

(ЕҰУ)

Жалпы алғанда, барлық ЖОО оқытушылары әкімшілік-қоғамдық жұмыстарды орындау қажеттігінен туындайтын уақыт жетпеушілігі салдарынан ғылыми және білім беру қызметтеріне кедергі келтіріледі және ол, өз кезегінде, оқыту сапасына әсерін тигізеді.

*Дінтану бойынша қазақ тіліндегі материалдардың жетіспеушілігі*

Қазіргі уақытта барлық мамандықтар бойынша қазақ тіліндегі оқу құралдарының, кітаптардың жетіспеушілігі мәселесі орын алып отырғаны баршаға мәлім.

Эксперттік сұхбаттарға сәйкес, қазақ тіліндегі әдебиеттерге қол жеткізу мәселесіне қатысты жағдай екі ұшты болып келеді. Сарапшылар, бір жағынан, оның жетіспеушілігін атады, екінші жағынан алатын болсақ, материалдардың орыс және қазақ тілдеріндегі мөлшерінің айырмашылығы жайлы осыған қайшы пікір айтылады:

*«Меніңше, қазақ және орыс тілдерінде білім алатын студенттер арасында ешқандай айырмашылық жоқ»*

(ҚазҰУ)

*«Енді бұл тұрғыдан алғанда, менің ойымша, біздің студенттердің әдебиет көздерінің жетіспеушілігі бойынша шағымдары жоқ»*

(ҚарМУ)

*«Сондықтан кітапханамызды, атап айтқанда, дінтануға қажет кітаптар толыққанды бар деп айтуға болады. Қазақ тілінде де, орыс тілінде де жеткілікті»*

(ХҚТУ)

Дегенмен, кейбір сұхбат берген мамандар қолжетімділік бойынша мәселелерінің бар екенін атайды:

*«Бұл жерде мәселе оқулықтар мен оқу құралдарының бар-жоқтығында емес, ал электрондық нұсқада еркін қолжетімді түрде және таратылым тұрғысынан алған көлемде болуында. Қазақ тіліндегі дінтану бойынша көшіріп алатын кітаптар интернетте аз кездеседі»*

*(ЕҰУ)*

*«Өкінішке орай, отандық дінтану, біршама жаңа ілім сол себептен шығар қазақ тіліндегі оқу материалдарының тапшылығы сезіледі. Негізінен студенттер ақпараттарды орыс, түрік, кейде ағылшын тілдерінде алады» («Өкінішке орай елімізде дінтану бағыты жас ғылым саласы болғандықтан салаға қатысты пәндердің қазақ тіліндегі оқу материалдары тапшы. Студенттердің көбісі орыс, түрік тілдерінен, аз мөлшері ағылшын тілінен мағлұмат алады»)*

*(Нұр-Мұбарак)*

Сарапшылардың барлық материалдардың қолжетімділігі жөнінде айтылған пікіріне қарамастан, студенттердің біраз бөлігі қазақ тіліндегі кітаптар мен оқулықтарды алу қиындығын атап кетті:

*«Осыған дейін талай рет айтылып келетіндей, ақпараттар жетіспеушілігі өзекті мәселеге айналды»*

*(«Дінтану» мамандығының студенті, ШТЖІМУ)*

*«Қазақ тілінде материалдар жетіспейді»*

*(«Теология» мамандығының студенті, ХҚТУ)*

*PhD деңгейінде білім алу үшін міндетті талап ретінде ғылыми негіздеменің талап етілмеу мәселесі*

Докторлық диссертацияның (зерттеу жоспары/концепциясы) ғылыми негіздемесі – диссертацияның зерттеу тақырыбын, міндеттерін, өзектілігін, жаңалығын, әдіснамасын және кезең-кезеңімен өткізілетін зерттеу жұмысының кестесін көрсететін болжамды жоспар.

Әлемнің барлық елдерде ғылыми негіздеме («Research Proposal») докторлық бағдарламаларға түсудің маңызды бөлігіне айналып, үміткерлерді таңдаудың негізгі шарты болып табылады.<sup>293</sup>

Қазіргі уақытта Қазақстанда докторлық диссертациялар сапасына әсер ететін басты аспектілердің бірі осы ғылыми негіздеменің болмауы. Міндетті пәндер, емтихандар, халықаралық журналдарға шығарылатын мақалалар, зерттеу практикалары мен шетелдік тағылымдамалар, сондай-ақ әкімшілік жұмыстарды ескеретін болсақ, докторанттарға диссертациялық зерттеу тақырыбын бірінші семестрде нақты айқындауға еш кедергі жоқ. Шешім қабылдау кезіндегі асығыстық болашақ зерттеулер сапасына кері әсер ету үшін осы жолды таңдауға болады.

Егер ғылыми негіздеме оқуға түсетіндерді іріктеу кезінде міндетті түрде талап етілетін болса, докторанттар ЖОО-ға қабылданған сәтінен бастап өздерінің диссертациялық тақырыптары туралы толыққанды түсінігі болар еді. Сонымен қатар, ғылыми негіздемедегі өзектілік пен жаңашылдық бойынша қатаң түрде іріктеу негізінде ғылыми зерттеулердің дұрыс даму векторын анықтауға және сол арқылы отандық дінтану ғылымында назар аударылмай келетін салаларды зерттеу мәселесін шешуге болады.

Сарапшылар тарапынан аталған пайымды растайтын келесідей пікірлер айтылды:

*«Менің ойым бойынша, ғылыми негіздемені қорғау маңызды, егер сен докторантураға түскін келсе, қай саланы зерттеу қажеттігін түсінуің керек. Саған қандай бағыт қызық және қандай нәтижеге қол жеткізгің келетінін анықтау үшін»*

*(ЕҰУ)*

Нұр-Мұбарак сарапшысының пікірінше, докторантурада біршама «уақыт алатын» оқу семестрлері мен бірнеше ғылыми практикалардың түрі бар, сол себепті *«егер докторанттың*

293 Сонымен қатар, негіздеме / жоспар жазу кез-келген ғылыми жұмысты жазудың ең маңызды аспектісі болып табылады. Қараңыз. Sudheesh K, Duggappa DR, Nethra SS. How to write a research proposal?. Indian J Anaesth. 2016;60(9):631-634. doi:10.4103/0019-5049.190617

*ғылыми негіздемесі болмаса осы қарбаласқа толы үш жылдың біраз уақытын әлі бағыты айқындалмағандықтан зерттеуін бастай алмай бос өткізіп алады».*

Жалпы айтқанда, дін саласындағы мамандарды даярлайтын барлық жоғары оқу орындарында білім беру процесінің сапасына әсер ететін жалпы сипаттағы мәселелер негізінен мұғалімдерге әкімшілік және қоғамдық жұмыстардың шамадан тыс жүктелуімен, дінтану бойынша қазақ тілінде материалдардың жетіспеушілігімен, сондай-ақ PhD докторантураға түсу барысында ғылыми негіздеме талап етілмеу ұстанымымен байланысты болып отыр.

### 3.2.1 Дінтану

Елімізде «Дінтану» мамандығы алғаш рет 1992 жылы ХҚТУ базасында оқытыла бастады. Аталған мамандық 1999 жылы ҚазҰУ-да, ал 2002 жылы ЕҰУ-да ашылды. Осы кезден бастап жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім беру процесі ХҚТУ және ҚазҰУ-да оқытылған «беймәлім» мамандықтардан мемлекеттік гранттар мен студенттер саны жыл сайын артып келетін қазақстандық 7 ірі ЖОО-ғы үш сатылы білім беру жүйесіне дейін өзгерді.

#### Профессорлық-оқытушылар құрамын талдау

Профессорлық-оқытушылық құрамының жағдайы білім беру сапасыны ықпал ететін маңызды фактор екендігі мәлім.

Сарапшылардың сұхбаттарына және дін саласының мамандарын даярлайтын кафедралардың ПОҚ бойынша ұсынған ақпараттарына жүргізілген талдау нәтижесінде бұл бағытта оң динамика орын алатыны айқындалды.

Мамандарды оқытатын алты ЖОО-дың кафедраларында көптілділіктің жоғары пайызы, яғни мемлекеттік тілден бастап парсы және араб тілдерін игеру деңгейінің жоғары екендігі байқалады.

Сондай-ақ, барлық кафедраларда отандық және халықаралық деңгейлерде біліктілікті арттыру үшін тиімді жолдары мен мүмкіндіктері көп. Мысалы, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ тәжірибе алмасу негізінде біліктілік арттыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың дін істері саласындағы қызметкерлерін жұмылдырады. Сонымен қатар, жалпы білім беру мектептерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқытатын оқытушыларға арналған тренингтер мен курстар өткізу үшін ПОҚ мүшелерін қатыстыру тәжірибесі қолданылады. Аталған тәжірибенің ерекшелігі мен тиімділігін атап кету қажет, себебі оны жүзеге асыру барысында мектептерде дінтану пәнін оқыту деңгейі жоғарылап қана қоймай, білім жоғары талапкерлердің «Дінтану» мамандығына қызығушылығы туындауы мүмкін. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да мектеп оқытушыларының біліктілігін арттыруға арналған институт ашылған. «Нұр-Мұбарак» университеті өздерінің оқытушыларының біліктіліктерін арттыру мақсатында әр бес жыл сайын тегін курстар ұйымдастырыда.

Халықаралық деңгейдегі біліктілік арттыру іс-шаралары жалпы университеттік деңгейде ұйымдастырылатын тәжірибе алмасу бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылады. Осы орайда, біліктілік арттыру бойынша позитивті факторлардың қатарына «Болашақ» халықаралық бағдарламасын жатқызуға болады. Мәселен, Қ.А.Ясауи ХҚТУ-дың екі оқытушысы аталған бағдарлама бойынша Түркия мен Ұлыбритания елдерінде біліктіліктерін арттыруға мақсатталған ғылыми тағылымдамадан өтуде.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ сарапшылары өздерінің бірқатар оқытушыларында шектесетін бірнеше салалардың дипломдары болуын оң тәжірибе ретінде атайды.

Болон жүйесі принциптерін интеграциялау мақсатында «Дінтану» мамандығын жүзеге асыратын барлық ЖОО-да халықаралық байланыс қанағаттанарлық деңгейде орнатылғанын атап кету қажет. ШТЖІМУ, ХҚТУ, Нұр-Мұбарак оқу орындарында мұндай қарым-қатынастар Түркия және ТМД елдерімен жақсы жолға қойылған.

13 кесте ПОҚ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

ФАКУЛЬТЕТТІҢ/ОҚУ ОРНЫНЫҢ КАФЕДРАСЫ	ПОҚ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы (одан әрі – ҚазҰУ)	16 ф.ғ.д., 7 ф.ғ.к., 7 PhD, 17 магистр <sup>294</sup>
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Дінтану кафедрасы (одан әрі – ЕҰУ)	3 ф.ғ.д., 2 ф.ғ.к., 1 ә.ғ.к., 3 PhD, 3 магистр
«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті Дінтану кафедрасы (одан әрі – Нұр-Мұбарак)	2 ф.ғ.д., 2 ф.ғ.к., 6 PhD, 5 магистр
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Тарих және құқық институтының Саясаттану және әлеуметтік-илософиялық пәндер кафедрасы	3 ф.ғ.д., 1 ә.ғ.д., 2 п.ғ.д., 3 ф.ғ.к., 1 т.ғ.к., 1 PhD, 6 магистр
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Гуманитарлық ғылымдар факультетінің Дінтану кафедрасы (одан әрі – ХҚТУ)	1 ф.ғ.д., 2 ф.ғ.к., 2 т.ғ.к., 3 PhD, 2 магистр
Шет тілдер және іскерлік мансаб университеті Тарих және дінтану факультетінің Тарих және дінтану кафедрасы (одан әрі – ШТ-ЖІМУ)	1 ф.ғ.к., 1 т.ғ.к., 1 PhD, 3 магистр <sup>295</sup>
Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Философия және психология факультетінің Философия және мәдениет теориясы кафедрасы (одан әрі – ҚарМУ)	3 ф.ғ.д., 4 ф.ғ.к., 7 магистр <sup>296</sup>

Білім алушы студенттердің кафедраның ПОҚ мүшелеріне қатысты көзқарастары фокус-топтық зерттеулер негізінде анықталды.

Жоғары оқу орындарының студенттері көп жағдайда кафедралардың сапалық құрамын ерекше атап кеткен. Алайда, проблемалық аспектілерге нақты тоқталып өту қажет.

ПОҚ тарапынан студенттердің білімдерін объективті бағалау жұмысы білім беру процесін анықтайтын басты критерий ретінде қолданылады.

«Дінтану» мамандығы бойынша білім алып жүрген фокус-топ респонденттерінің көпшілігі «Сіздің пікіріңізше оқытушылар білімдеріңізді қаншалықты объективті бағалайды?» деген сұраққа оқытушылар объективті баға қояды деп жауап берген.

Сондай-ақ, әртүрлі университеттердің бірқатар студенттерімен бағаларды көтеріп қою жағдайлары кездесетіні туралы пікірлер айтылды.

Мәселен, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің кейбір студенттері ПОҚ тарапынан қойылатын бағалардың субъективті екендігін аталып кетті:

*«Жалпы мен объективті деп айтпайтын едім. Өйткені осы екі жыл көлемінде көп жағдайда ешқандай себепсіз бағаны көтеру және түсіру жағдайларын көрдім...»;*

Осыған ұқсас пікірлер Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ студенттері тарапынан да айтылды:

<sup>294</sup> Дінтану және мәдениеттану кафедрасы оқытушыларының жалпы мәліметтері

<sup>295</sup> Тарих және дінтану кафедрасы оқытушыларының жалпы мәліметтері

<sup>296</sup> Философия және мәдениет теориясы кафедрасы оқытушыларының жалпы мәліметтері



*«Менің ойымша, студенттерді бағалау объективті емес. Көптеген оқытушылардың ата-ана тәрізді қарауынан, студенттерге аяушылықпен қарауынан солай істелетін шығар. Олар егер студенттер шәкіртақысын жоғалтса, одан студент қиналатын болады ғой?,- деп ойлайды. Ал шын мәнінде, менің ойымша студенттің өз білімін алуға қосып жүрген үлесін объективті бағалаған пайдалы болатын сияқты. Егер ол талпынбаса, өзіне лайық бағасын алуы керек» (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ); «Меніңше, 70 пайыз жағдайда солай болады. Өйткені, кейбір студенттерге жеңілдік танытып қарайды, оның не себептен екенін білмедім, яғни жұмсақтық танытады. Мен біздің оқытушылар сондай қатыгез деп айта алмаймын, алайда қаталдау қараған дұрыс болар еді деп санаймын, енді біреуге бағасын тым асырып қояды, кейбір білімдерін беске бағалауға мүлдем келмейтін студенттердің тапсырмаларымен салыстырып жатады...»*

*(Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ)*

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті студенттерінің басым көпшілігі, керісінше, оқытушылардың объективтілігін жоғары бағалады.

ХҚТУ-дың бір студенті бағалау объективтілігіне қатысты теріс баға берді. Бұл факт ең алдымен халықаралық университет статусына тән ерекше жағдайға қатысты орын алып отыр:

*«Менің ойымша, объективті бағаламайды. Шетелден келген азаматтарға, мысалы Түркиядан келген азаматтарға шетелден келді ғой деп туған жерлеріне оралады ғой деп көтермелеп баға қояды. Бізбен бірдей боп тұрады бағалары. Оларға жеңілдік бар».*<sup>297</sup>

Сонымен қатар, студенттерді қызықтырып, талпынысын арттыратын заманауи әдіснамалар мен жаңа ақпараттарды кейбір оқытушылардың қолдана білмеу жағдайлары да аталды:

*«Көп жағдайда «Люди старой закалки» жаңа ақпаратқа аса мән бере қоймайды екен. Ол яғни батыс басылымында шыққан жаңа ақпарат, жаңа әдістеме болсын, соған аса назар аудармайды. Сол кемшілік деп ойлаймын»*

*(ЕҰУ)*

Осындай пікірді «Нұр-Мұбарак» студенттерінің бір бөлігі қолдап отыр:

*«...ұстаздардың кемшілігі олардың уағызға ұқсас ескі оқыту әдістерді қолдануына, осы саладағы жаңашылдықтарды енгізуге талпыныстың болмауына байланысты, сол себепті осы мәселені мемлекет деңгейінде көтеру қажет...».*

ХҚТУ-да дәрістер мен семинарлар кезінде әртүрлі әдістерді қолдану бойынша өзекті мәселелер орын алады:

*«Көрнекілік құралдардың жетіспеушілігі. Бізде презентация және түрлі танымдық видеоларды пайдалану деңгейі төмен. Мұғалімдер тек ауызша сабақ берумен шектеледі...».*

Оқытудың жаңа технологияларының қолданылуы, сонымен қатар, заманауи әдіснамалық құралдардың пайдаланылуы мамандыққа қарамастан дидактикалық тиімділік көрсеткіші болып табылады. Осы ретте, студенттер тарапынан еліміздің бірқатар ЖОО-да оқытудың жаңа әдістерін тиімді қолдану бойынша кейбір проблемалар орын алатыны аталды.

Жалпы айтқанда, материалдарды талдау нәтижесі бойынша дінтану оқытушыларының көп тілді меңгергендігін олардың артықшылығы ретінде белгілеуге болады. Оқытушылар халықаралық университеттер және кафедралармен тығыз байланыс орнатқан. Сондай-ақ, педагогикалық біліктілікті арттыруға арналған әр түрлі курстарға қатысу бойынша да қиындықтар орын алмайды. Алайда, студенттер ПОҚ сапасын талқылау барысында бағалау объективтілігі және оқытудың жаңа әдістерін қолдану сияқты екі мәселеге ерекше тоқталғандығына назар аудару қажет.

### **Білім беру процесіндегі өндірістік практиканың жағдайын талдау**

Өндірістік практика – әр түрлі кәсіпорындардың нақты өндіріс жағдайларында өткізілетін білім беру бағдарламасының практикалық бөлігі болып есептеледі.

<sup>297</sup> Осыған ұқсас жағдай «Теология» мамандығы бойынша да байқалады. 3.2.4 қараңыз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 «Барлық білім беру деңгейлеріндегі жалпы міндетті мемлекеттік білім стандарттарын бекіту туралы» (одан әрі – Жалпы міндетті стандарт) Бұйрығының 7 қосымшасына сәйкес, кәсіби практика базалық және бейінді пәндер қатарына жатады.<sup>298</sup> Алайда, бөлінетін академиялық кредиттер көлемі нақты көрсетілмей, екі цикл бойынша қарастырылған жалпы кредиттердің ішіне енгізіліп отыр. Яғни, ЖОО-лар Жалпы міндетті стандарт бойынша көрсетілген кредиттер шамасында өндірістік практикаға бөлінетін уақытты өздері анықтайды.

«Дінтану» мамандығы бойынша өндірістік практика негізінен жергілікті атқарушы органдарда және дін саласындағы ғылыми-талдау орталықтарында өткізіледі.

#### 14 кесте «ДІНТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

ОҚУ ОРНЫНЫҢ АТАУЫ	ӨНДІРІСТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА УАҚЫТЫ	КРЕДИТТЕР САНЫ				
		М	PhD	Б	М	PhD
ҚазҰУ	2-4 курстар соңында	2 курста	2 курста	10	11	10
ЕҰУ	2-4 курстар соңында	2 курста	2 курста	14	16	15
Нұр-Мұбарак	1, 3, 4 курстар	барлық курстарда	1 курста	6	6	5
ХҚТУ	барлық курстарда	барлық курстарда	-	27	17	-
ШТЖІМУ	3 және 4 курстарда	-	-	7	-	-
ҚарМУ	барлық курстарда	-	-	28	-	-

Оқытушылар және студенттер тарапынан аталатын басты мәселелердің бірі оқыту барысында практикаға бөлінетін уақыттың жеткіліксіздігімен байланысты.

Дін саласына қатысты теория мен практика арасындағы байланыстың үзілу мәселесі бар, себебі жұмыс берушілерге теориялық дағдылармен қатар аналитикалық, ұйымдастырушылық және менеджерлік қабілеттері қалыптасқан мамандар қажет:

*«Алайда, тағы айтарым, біз практика сағаттарының көбейтілуіне сенім білдіреміз, біз осының бәрін жақсартамыз деген сенім танытамыз. Студенттерде практикадан көбірек машықтануға көбірек уақыт болады деп ойлаймыз»*

*(оқытушы, ҚарМУ)*

*«Және бұл жерде бірінші курстан төртінші курсқа дейін жалғасатын практикаларға аса мән беру керек. Ол практикалардың ұзақтылығы да көбірек қарастырылуы керек»*

*(ҚазҰУ)*

Қарағанды қаласының сарапшысы 1-2 курстарда практикаға көп уақыт бөлуді ұсынады, себебі сол кезде студенттерде «сабақтарға деген қызығушылық ерекше білінеді» және олар «өздерін дінтанушы, маман ретінде көрсеткілері келеді» деп санайды.

Оқыту барысында практикалық тәжірибенің аздығын түлектерді жұмысқа қабылдайтын жұмыс берушілер де атайды:

<sup>298</sup> Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 «Барлық білім беру деңгейлеріндегі жалпы міндетті білім беру мемлекеттік стандарттарын бекіту туралы» Бұйрығындағы циклдарды қараңыз. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669#z1554> (қаралған күні 01.09.2020)

*«Көптеген жұмыс берушілер студенттерде практикалық дағдылардың жоқтығына шағымданады ...»*

(ЕҰУ)

Сонымен қатар, фокус-топтық зерттеулер барысында білім алушылардың өздері де практикалық дайындық жетпейтінін атады. Мысалы, Нұр-Мұбарак университеті студенттерінің көпшілігі *«теория тым көп, ал практика жетіспейді»* деген пікір айтты.

Бұл жағдай өндірістік практикаға бакалавриат пен магистратурада – 6 кредит, ал докторантурада – 5 кредит қана, яғни аз бөлінуімен байланысты. Мысалы, бакалавриат деңгейінде ХҚТУ және ҚарМУ-да бұл көрсеткіш орта деңгейден 4,5 есе көп, ал ЕҰУ-да 2 ретке аз қарастырылған. Студенттердің бірі *«Сіздің қолыңызда өз оқыту процесін өзгерту құзыры бар деп санаңыз. Сонда Сіз, нені өзгертер едіңіз?»*, - деген сұраққа *«...практикалық және дінтанулық пәндер санын ұлғайтатын едім»* деп жауап берді.

Осындай пікірді ҚазҰУ студенттері де ұстанады:

*«Ал әлсіз тұстарынан, меніңше, болашақ мамандар үшін әсіресе бакалавриатта практика жетіспейді»;*

*«Ал мен атағым келетін әлсіз тұстарды өзім оқытушы болып, кураторлық тобым болғанда көрдім. Аңғарғаным практикаға уақыт өте аз бөлінеді...».*

Осындай пікірмен ШТЖІМУ көптеген студенттері де келіседі, олар практикалық сабақтарға көп уақыт бөлінуін қалайды:

*«...біздің университетте тәжірибелік сабақтардың аздығы, егер мүмкін болса тәжірибелік сабақтардың уақытын ұзартып, шетелдік мамандармен кездесулер көбірек ұйымдастырса».* ҚарМУ-да практикаға бөлінетін академиялық кредиттердің көп көлем болғанына студенттер тарапынан жоғары бағаланып, университеттің мықты жағы ретінде аталды:

*«Яғни, бізде практика өте көп, менің ойымша бұл біздің білім алуымыздың мықты тұсы, өйткені теориямен қатар, оқытудың барша кезеңінде практика да болуы керек...».*

Айта кететіні, ХҚТУ студенттері арасында өткізілген фокус-топтық зерттеу кезінде өндірістік практика тақырыбы қызу талқыланды. ХҚТУ өндірістік практикаға бөлінген кредиттер саны бойынша екінші орында тұр, яғни бакалавриатта – 27 (ҚарМУ-мен салыстырғанда біреуге ғана кем) және магистратурада – 17. Кредиттер көптігіне қарамастан, практиканың сапасы бойынша өзекті мәселелер туындайтынын респонденттердің бәрі атап кетті:

*«Мен атап өткім келетін тағы бір мәселе бұл – практика. Бізде әрбір курстан соң практика бар. Алайда бірінші курста біз практика уақытында кітапханаға кітаптар тасыдық. Екінші курста кесенеде сақшы қызметін атқардық. Тек 4 курста ғана шын мәнінде практика өттік, осы кезде ғана бір нәрселерге үйренуге уақыт болды...»;*

*«Бізге айтатындары, практика уақытында өздеріңіз таңдаған жаққа барасыздар, практика осылай да осылай өтетін болады, алайда іс жүзінде біз оны кітапханада өткіздік. Ал 2 курста мұражайда болдық. Міне, шын мәнінде осылай болды. Тек 4 курста ғана бізге таңдау құқығы берілді».*

Қорытындылай келе, өндірістік (кәсіби) практика студенттерді оқыту процесінің маңызды бөліктерінің бірі болып табылатынын атап кету қажет. «Білім туралы» Заңның 38-бабына сәйкес, бұл практиканың мақсаты оқу барысында алған теориялық білімді бекіту, сондай-ақ практикалық дағдылар мен озық үлгідегі білімді игеру.<sup>299</sup> Осыны ескере келе және зерттеу материалдарына сүйене отырып, қазіргі уақытта барлық ЖОО-да кәсіби практиканың саны мен сапасын арттыру қажеттілігі байқалатынын атап кетуге болады.

299 Қазақстан Республикасының 2007 ж. 27 шілдесіндегі №319-III «Білім туралы» Заңы (07.07.2020 ж. енгізілген өзгертулері мен толықтырулары бойынша). URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30118747#pos=141;-34](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30118747#pos=141;-34) (қаралған күні 01.09.2020)

### Бакалавриат деңгейіне қабылдау емтихандары бойынша жағдайды талдау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдау бойынша Үлгілік ережелерін бекіту туралы» Бұйрығының 2 қосымшасына сәйкес, «Дінтану» мамандығының талапкерлері «кәсіби сәйкестікті анықтауға бағытталған сұхбаттасу» түріндегі шығармашылық емтихан және «дін негіздері бойынша ауызша емтихан» тапсыруға міндетті.<sup>300</sup>

Білім саласының барлық сарапшылары осы емтихан түрлерінің оңтайлы тұстарын атайды. Дәлелдеме ретінде ұсынылған нұсқалардың ішінде келесі атауға болады:

а) студенттермен танысуға және «біздің потенциалды студенттің қандай болатынын көруге болады» (ҚарМУ);

б) «*баланың неліктен бұл мамандыққа келгісі келетіндігін*», яғни таңдау себебін анықтауға болады (ХҚТУ);

в) студенттерді сынау және «*кәсіби біліктілігін тексеру мақсатында...*» (Нұр-Мұбарак);

г) «*дүниеге көзқарасын, діни білімін*» және тоғызыншы сыныптағы дінтану курсы бойынша білімін тексеруге мүмкіндік бар (ҚазҰУ).

Студенттердің өздері негізінен оң көзқарастарын білдіреді. Мысалы, Нұр-Мұбарак, ҚарМУ, ХҚТУ-дың барлық студенттері оқуға түсу кезіндегі емтихандар барысында қиындықтар орын алған жоқ деп атаған.

ШТЖІМУ-дың фокус-топ респонденттері емтихан тапсыру барысы бірқатар қиындықтар тудырғанын, себебі барлық әдебиет түпнұсқаларын оқу және ауызша жауап беру қажеттігі болғанын атап өтті. Осыған қарамастан, респонденттердің басым көпшілігі «*әр студенттің потенциалын білдіреді, сондықтан шығармашылық емтихан керек*» деген пікірді қолдады.

Шығармашылық емтихандардың тиімді жақтарына қарамастан, олардың теріс жақтарына ерекше назар аударған жөн. Эксперттік сұхбаттарға және фокус-топтық зерттеу материалдарына сәйкес келесідей аспектілерді атауға болады:

а) шығармашылық емтихан түрінің ықтимал қиындықтарына орай, талапкерлер өзге мамандықты таңдау жөнінде шешім қабылдауы мүмкін: «*студенттер дінтану мамандығына түсе алмай қаламыз деген қауіпте болады, сол себептен олар құжаттарын тапсырмау туралы шешім қабылдайды*» (сарапшы, ЕҰУ);

б) оқуға түсетін студенттер контингенті күмән тудырады: «*Бұған қоса, өкінішке орай, біз контингентті іріктеуде ұтыламыз. Яғни, шығармашылық емтихан болмаған кезде, бізде біршама сапалы тұрғыдағы студенттер қабылданатын*»; «*Егер шығармашылық емтихан тапсыру арқылы түскен және жалпы негізде түскен білім алушылардың оқу үлгерімдерін бағалайтын болсақ, айтарлықтай айырмашылықтар байқалады. Өйткені, білім алушылардың басым көпшілігі шығармашылық емтихан бойынша түседі, олар өздері қалаған басқа мамандықтарға балл бойынша өтпеген, алайда осы мамандыққа өтетіндеріне сенімді болады*» (сарапшылар, ЕҰУ). Кейбір студенттер де осыған ұқсас пікірлер білдірді: «*Қазір осы дінтану мамандықтарының саны артып, сапасы төмендеп бара жатқан сияқты*» (ХҚТУ);

в) ЖОО арасындағы бәсекелестікке орай, кейбір оқу орындары көбірек студент қабылдау үшін бағаларды әдейі жоғары қояды (сарапшы, ЕҰУ). Бұл жағдайды кейбір студенттер де растайды: «*Меніңше бәріне бірдей жақсы балл қойды. Бұл мамандыққа студенттер қажет болғандықтан осындай қадамға барған болулары керек. Сол себептен бәрін оқуға қабылдады, бәрі өткен*» (ҚарМУ); «*Менің пікірімше, оқытушылар шығармашылық емтихан кезінде студенттер өту үшін барлығына жақсы балл қойған сияқты*» (ҚазҰУ).

г) жоғарыда аталған тармаққа сәйкес, көбіне емтихан тапсыруға төмен балл жинаған

300 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 ж. 31 қазанындағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың Типік ережелерін бекіту туралы» Бұйрығы. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650> (қаралған күні 01.09.2020)

талапкерлер келеді: «Онын үстіне бәрібір де екі пәннен ғана балл алған немесе жалпы төмен балл алған балалар ғана келеді» (сарапшы, ЕҰУ);

д) өзге өңірлерден нақты бір қалаға келу қиындығына орай, контингент бір өңірден ғана жинақталып, олардың саны аз болады: «Өйткені қазір мынау шығармашылық емтихан болғандықтан, тек қана бір регион талапкерлері қатыса алады, өйткені алыс регион өкілдері келе алмайды» (сарапшы, ЕҰУ).

Жоғары оқу орындарының ресми сайттарындағы оқуға қабылдау емтихандарына қатысты материалдарды талдау нәтижесінде төменде көрсетілген заңдылықтар анықталды.

Нұр-Мұбарак университетінің ресми сайтындағы шығармашылық емтиханға арналған тізімдегі 66 сұрақтың 37 сұрағы (56%) талапкерлердің исламға қатысты білімін айқындауға бағытталған. Өзге сұрақтар Қазақстандағы қазіргі діни ахуалға, сондай-ақ христиан дініне арналып құрастырылған. Тізімге көне діндерге (анимизм, фетишизм, тотемизм) және зайырлылық мәселелеріне байланысты сұрақтар енгізілмеген.<sup>301</sup>

Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, ХҚТУ оқытушылары шығармашылық емтихан үшін құрастырған бағдарламада барлық салалар біркелкі қамтылып отырғаны байқалды. Соның ішінде діндер тарихына, Қазақстандағы діндердің қалыптасу ерекшеліктеріне, көне діндердің түрлеріне, ұлттық және әлемдік діндерге, сондай-ақ жаңа діни ілімдерге қатысты сұрақтар қарастырылған. Емтихан бағдарламасына Қ.А.Ясауи дүниетанымына арналған арнайы сұрақтар енгізілгенін атап кетуге болады.<sup>302</sup> ЕҰУ-дың емтихан бағдарламасы 60 сұрақтан тұрады, оның 14 исламға арналған (23%). Ислам тақырыптарымен қатар зайырлылық мәселелері, заңнамалық нормалар және конфессияаралық келісім бойынша сұрақтарға да тиісті деңгейде мән берілген.<sup>303</sup>

Жалпы алғанда, сарапшылардың басым бөлігі шығармашылық емтихан түрінде оқуға қабылдау форматын оңтайлы деп бағалайды. Алайда, мемлекеттік білім беру гранттарын иеленуге қатысты бәсекелестік жағдайында талапкерлерге қойылатын талаптарды жұмсарту және бағаларды көтермелеу оқиғалары болуына байланысты білім сапасына зиян тигізетін теріс үдерістер орын алып жатқанын айтып кеткен жөн.

Баяндаманың 3.1 бөлімде аталғандай, «Дінтану» ғылыми пән болғандықтан дінтанулық ғылымның негізгі теориялық-әдіснамалық негіздерін игеру міндетті болып саналады.

Осы орайда, шығармашылық емтихандардың мазмұнына қатысты мәселелерге назар аудару қажет етіледі. Қазіргі таңда емтихан өткізу бойынша бірыңғай алгоритм мен ережелер, сондай-ақ сұрақтар мен тақырыптардың ортақ және нақты бағдарламасы қалыптаспаған. Әрбір ЖОО шығармашылық емтихандардың ішкі мазмұның өздігінен айқындайды. Сол себепті, талапкерлерді объективтілік пен ғылыми ұстаным тұрғысынан бағалау, дін саласына қажетті болашақ мамандарды сапалы іріктеу бойынша өзекті мәселелер туындауда.

### **Білім беру бағдарламаларын талдау**

Білім беру бағдарламалары, олардың мазмұндары ерекше назар аударуды талап етеді, себебі олар білім беру процесі мен оқыту сапасының іргетасы саналады. Білім беру бағдарламаларына енгізілген пәндер арқылы болашақ мамандардың біліктілігі қалыптасады.

Жоғарыда аталып өткендей, қазіргі кездегі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін дінтанушы мамандарға дінтану ғылымының басты принциптерін, соның ішінде жаңа теориялар мен әдіснамаларды меңгеру қажет. Аталған біліктілік, ең алдымен, тиімді оқыту траекториясы

301 Дінтану мамандығына қабылдау бағдарламасы 2020-2021. URL: <https://nmu.kz/kk/dintanu-mamandygyna-kabyldau-bagdarlamasy-2020-2021/> (қаралған күні 01.09.2020)

302 Дінтану, теология және исламтану білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихан бағдарламасы. URL: [http://talapker.ayu.edu.kz/wp-content/uploads/2020/06/b033\\_dintanu.pdf](http://talapker.ayu.edu.kz/wp-content/uploads/2020/06/b033_dintanu.pdf) (қаралған күні 01.09.2020)

303 Оқуға түсу шығармашылық емтиханының бағдарламасы. URL: <https://www.enu.kz/downloads/iyun-2020/teo-1-ru.pdf> (қаралған күні 01.09.2020)



және тиісті пәндерді оқыту арқылы қалыптасады.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындарына автономды басқару енгізіліп, олардың өздері базалық және кәсіби пәндерді анықтайтын болғандықтан, бірыңғай немесе «тиімді» оқыту әдісін енгізу бойынша қиындықтар орын алатынын ерекше атап кетуге болады. Алайда, студенттерді бакалавриат деңгейінде іргелі пәндерге оқыту, содан кейін магистратура мен докторантура деңгейлерінде арнайы және тереңдетіліп даярлау жалпы қолданыстағы дидактикалық практика екендігін де назарға алған жөн.

Білім беру бағдарламаларының талдауы ҚР АҚДМ ДІК және ЖОО ұсынған материалдарына, сондай-ақ ҚР БЖҒМ-ның Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесіне енгізілген білім беру бағдарламалар тізімінің мәліметтеріне («ЖБББЖ») сүйене отырып жасалды.<sup>304</sup>

### *Бакалавриат*

Жалпы міндетті стандарттар бойынша бакалавриат деңгейінің бірінші курсына негізінен жалпы білім беру пәндері циклына (ЖББП) кіретін пәндер оқытылады.

Осы орайда, бірінші курс студенттеріне мамандықтың жалпы сипаттамасын айқын беретін кіріспе пәндерді дұрыс таңдау аса маңызды.

Аталған пән ЕҰУ («Мамандыққа кіріспе») және ҚазҰУ («Дінтану пәніне кіріспе») енгізілген. Нұр-Мұбаракта осыған ұқсас пән 2 семестрде жүргізіледі, ал бірінші семестрде араб тілі оқытылады.

ҚарМУ студенттері мамандық бойынша алғашқы пән ретінде «Діндер тарихын» оқиды. ХҚТУ-дың бірінші семестрінде кіріспе пән ретінде «Ясауитану» жүргізілсе, ШТЖІМУ бағдарламасына «Ислам тарихы» енгізілген.

Дінтану бойынша базалық пәндерді, әсіресе дін социологиясы, дін психологиясы, дін феноменологиясы, дін философиясы, діни антропология және классикалық тілдер (араб, латын тілдері) сияқты курстарды оқыту да аса маңызды. Бұл пәндер барлық жоғары оқу орындарында жүргізіледі.

Әрбір университет негізгі дінтанулық пәндермен қатар белгілі бір дінді тереңдетіп оқытуға бағытталатын курстарды оқытады. Теологиялық (діни) білім беру бағытымен салыстырғанда, аталған пәндерді ғылыми және зайырлы негізде оқыту қажеттілігіне ерекше мән беру өте маңызды.

Осыны ескере келе, білім беру бағдарламасындағы жалпы пәндер санына қатысты конфессиялық тұрғыдан алғандағы пәндердің қатынасы қалай құрылатыны қызығушылық тудырады.

Мәселен, «ЖБББЖ» деректеріне жасалған талдауға сәйкес, ҚарМУ-дың төрт жылға арналған білім беру бағдарламасына ислам теологиясына қатысты 2 пән ғана енгізілген: «Суфизм» және «Ислам теологиясы». Бұл жалпы пәндер санының шамамен 4% құрайды.

Аталған ЖОО бағдарламасында араб тілі курстары мүлдем болмауын атап кетуге болады. Бұл жағдайды ҚарМУ-дың барлық атады:

*«Мен ол пәнді қосар едім. Араб тілі оқығым келеді»;*

*«Мысалы, Еуразия университетінде немесе Алматыда араб тілі оқытылады және олар теологияны тереңірек оқиды. Бізде, өкінішке орай ондай жоқ»;*

*«Оқытудың әлісіз жағы, шынымен де, жаңа айтып кеткенімдей араб тілі жоқ, ал ол бізге керек...»*

ҚазҰУ бағдарламасына, араб тілін қосатын болсақ, исламға қатысты 5 пән енгізіліп отыр («Исламдағы визуалды семиотика», «Құран мәдени ескерткіш және қасиетті жазба ретінде», «Ислам философиясы» және т.б.). Бұл пәндер жалпы санға шаққанда шамамен 13% құрайды.

ЕҰУ-да осы бағытта 7 пән оқытылып, аталған көрсеткіш 16% құрады («Құран ілімі», «Ислам теологиясы», «Исламның құқық мектептері» және т.б.).

304 ҚР БЖҒМ жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі. URL: <http://esuvo.platonus.kz/> (қаралған күні 01.09.2020)



Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде ислам пәндерінің жалпы пәндер санына қатынасы – 27%. Оның ішінде, «Хадистер іліміне кіріспе», «Қазақстандағы ислам», «Ислам құқығы», «Мазхабтар тарихы» сияқты пәндер оқытылады.

Ислам тақырыбына арналған пәндердің көп мөлшерде болу бойынша екінші орын ХҚТУ-ға тиесілі, оқу бағдарламасына 16 пән енгізілген (30%). Оның ішінде, «Ислам тарихы», «Құран ілімі», «Тәпсір әдіснамасы», «Хадис әдіснамасы», «Ислам философиясы» және т.б. пәндер.

ШТЖІМУ барлық ЖОО арасында ислам бағытына көп көңіл бөлетіндер қатарында – 29 пән оқытылып, олар жалпы пәндердің 38% құрайды («Хадистер тарихы мен әдіснамасы», «Фикх мазхабтарының тарихы», «Ислам ғибадатының тарихы», «Калам негіздері»). Сондай-ақ, бұл университетте араб тілін оқытуға арналған 6 деңгей қарастырылған.

Жалпы айтқанда, ЖҚТУ, ШТЖІМУ және Нұр-Мұбарак университетінің бағдарламаларында ислам бағытына басымдық беруге қатысты мәселе орын алып отыр, себебі «Дінтану» мамандығы бойынша оқытылатын пәндердің төрттен бірі ислам дініне байланысты болып келеді. Аталған пәндердің бір бөлігі теологиялық сипатқа ие – тәпсір әдіснамаларын зерттеу, хадистану, калам негіздері, ислами ғибадат тарихы.

Сонымен бірге, діндердің теологиялық ерекшеліктерін оқытумен қатар, шартты түрде 4 бағыт бойынша топтастыруға болатын пәндер оқытылады: дін саласы бойынша мемлекеттік заңнама, діни қозғалыстардың қазіргі жағдайы, жаңа және деструктивтік діни ағымдарға қатысты мәселелер, дінтанудың әдіснамалық және аналитикалық негіздері.

15 кесте «ДІНТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІРҚАТАР ПӘНДЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕСІ

ЖОО атауы	Мемлекеттік заңнама	Діни ағымдардың қазіргі заманғы ахуалы	Жаңа және деструктивтік діни ағымдардың мәселелері	Дінтанудың әдіснамалық және аналитикалық негіздері
ҚазҰУ	Дін саласына қатысты мемлекеттік саясат ҚР дін туралы заңы	Қазақстандағы этноконфессионалдық қарым-қатынас Күнделікті өмірдегі дін	Қазіргі замандағы діни ағымдар мен культтар	Дін саласы бойынша далалық зерттеулер
ЕҰУ	Мемлекет-конфессионалдық қатынастар; Дін туралы мемлекеттік заңнама ; Секуляризм теориялары; Дінтану сараптамасы	Қазіргі замандағы дін, руханият және секуляризм Дінді және секуляризмді зерттеудегі антропологиялық тәсілдер Цифрлық әлемдегі дін Қазіргі замандағы діндер эволюциясы Жаһандану жағдайындағы дін	Қазіргі замандағы діни ағымдар мен культтар Діни-саяси экстремизм мен терроризм: идеология және практика	Академиялық хат Салыстырмалы дінтану
Нұр-Мұбарак	ҚР дін туралы заңдары Қазақстанның діни басылымдары	Қазіргі замандағы діндер эволюциясы Қазақстандағы діни ұйымдар Ислам құқығының заманауи негіздері	Қазіргі замандағы діни ағымдар мен культтар	Академиялық хат Дінтануды оқыту әдіснамасы және мектеп курсының негізгі Салыстырмалы дінтану
ХҚТУ	ҚР дін туралы заңы Дін және халықаралық құқық Шет елдердегі мемлекеттік-діни қатынастар тәжірибелері Дін және саясат	Қазіргі замандағы діндер эволюциясы Мәдениет аралық келісім	Дестүрлі емес діни ағымдар Діни радикализм психологиясы	Дінтануды оқыту әдіснамасы
ҚарМУ	Саясат және дін Дін туралы мемлекеттік заңнама	Қазіргі замандағы діндер эволюциясы Толеранттылық мәдениеті Қазақстандағы діни ахуал	Қазіргі замандағы діни ағымдар мен культтар Діни экстремизмнің алдын алу	Діни менталдықты зерттеудің аналитикалық әдістері Дінтануды оқытудың ғылыми негізі мен әдіснамасы
ҚазҰПУ	Дін туралы мемлекеттік заңнама	Қазіргі әлемдегі буддизм діні Қазақстандағы этнодіни детерминациясының қазіргі жағдайы	Қазіргі замандағы діни ағымдар мен культтар	Дінтануды оқыту әдіснамасы
ШТЖІМУ	Діндер туралы мемлекеттік заңдар	Қазіргі замандағы діндер эволюциясы Модернизация, қоғам мен діндердің дәстүрлері	Қазіргі замандағы діни ағымдар мен культтар Діни деструктивтік ағымдар және қазіргі заманғы мазхаб Сектатану ілімі Секталар және исламдағы діни бағыттар	Дінтануды оқыту әдіснамасы және мектеп курсының негізгі Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру негіздері Дінтану әдіснамасының негіздері

Жоғарыдағы кестеге сәйкес, әрбір университетте ҚР мемлекеттік заңнамасына арналған пән жаппай жүргізілетін байқауға болады. Сондай-ақ, барлық ЖОО-да (ҚазҰУ қоспағанда) «Қазіргі замандағы діндер эволюциясы» сияқты пән оқытылады, сондай-ақ ХҚТБөлек өзге оқу орындаорында «Қазіргі замандағы діни ағымдар мен культтар» курсы жүргізіледі.

Өзге оқу орындарымен салыстырғанда, ЕҰУ мен ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламаларына дінтануды оқыту бойынша пәндер енгізілмеген.

Жалпы алғанда, барлық ЖОО-да 4 топтағы пәндер қандай да дәрежеде болса өздерінің бағыты мен мазмұнына қатысты ұқсас келеді.

Фокус-топтық зерттеулерге сәйкес, студенттердің «Сіздің ойыңызша қандай пәндер қосымша түрде оқытылуы керек?» деген сұраққа келесідей жауаптар берілді:

- ҚазҰУ: сөйлеу мәдениеті/шешендік өнер, қасиетті мәтіндерді тереңдетіп оқу (атап айтқанда, Інжіл);

- ҚарМУ: араб тілі;

- Нұр-Мұбарак: шет тілі, діндер психологиясы;

- ХҚТУ: шет тілдері (араб/түрік), дін туралы заңдар;

- ШТЖІМУ: дін психологиясы, IT пәндерді.

Жаңа пәндерді енгізу, білім беру бағдарламаларын қазіргі заман талаптарына сәйкес кезеңді түрде жаңартып отыру оқыту процесінің маңызды элементі болып саналады.

Өзге ЖОО-да оқытылмайтын ерекше пәндер туралы айтатын болсақ, ЕҰУ-да 4 курс студенттеріне арналған «Когнитивті дінтану» пәнің атап кетуге болады. ҚазҰУ-да «Исламдағы визуалды семиотика», «Христиан дініндегі визуалды семиотика» пәндері оқытылады. ҚарМУ-да «Толеранттылық мәдениеті», «Діни менталдықты зерттеудің аналитикалық әдістері», «Қазақы ділдің архетиптері» сияқты курстар жүргізілсе, ШТЖІМУ-да «Түрік-ислам мәдениетінің тарихы» және «Діни музыка», ХҚТУ-да «Ясауитану» және «Дін және этнопсихология», Нұр-Мұбарак университетінде «Қазақстанның діни басылымдары» және «Көне үнді діні» пәндері енгізілген.

ЖҚТУ-да жаңа мамандықтар енгізу қажеттілігі оның халықаралық университет статусына байланысты:

*«Қазақ-түрік университеті болғаннан кейін, студенттеріміздің 10 пайызы Түркияның студенттері. Әр курста 4-5тен бастап 8-9 студентке дейін Түркиядан келіп оқиды. Әзірше бакалаврит деңгейінде ғана. Сол себептен міндетті түрде түркілік дүниетаным, түркілік тарих, мысалы бізде түркі халықтарының тарихы деген сабағымыз бар, Ататүрк принциптері деген сабақ бар және бізде Ханафилік-матрудилік негізіндегі түркілік дүниетаным деген, Яссауи философиясы, Яссауи тану деген пәндеріміз бар».*

Жалпы алғанда, осыдан келесі қорытынды шығаруға негіз бар:

1) әрбір университетте әлеуметтану, психология, феноменология, діндер антропологиясы сияқты базалық кәсіби пәндер енгізілген;

2) әрбір университетте ҚР дін туралы заңнамасы, жаңа діни ағымдар, дінтану әдіснамалары, сондай-ақ әр түрлі конфессиялардың жағдайына қатысты пәндерге жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінеді;

3) кейбір университеттерде исламдық пәндердің басымдылығы байқалады;

4) әрбір университет білім беру бағдарламаларын өзектендіру аясында өзге ЖОО-да кездеспейтін авторлық курстарын енгізуде.

### *Магистратура*

«Білім туралы» Заңның 12-бабына сәйкес, отандық білім беру жүйесі оқыту бағдарламаларының үздіксіз және сабақтастық негізінде жүзеге асыру принциптеріне негізделеді.<sup>305</sup>

305 Қазақстан Республикасының 2007 ж. 27 шілдесіндегі №319-III (07.07.2020 ж. енгізілген өзгертулері мен толықтырулары бойынша) «Білім туралы» Заңы. URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30118747#pos=141;-34](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30118747#pos=141;-34) (қаралған күні 01.09.2020)

Сонымен қатар, магистратурада ЖОО мен ғылыми ұйымдар үшін қажетті терең ғылыми-педагогикалық және зерттеушілік қабілеті бар мамандар даярланады.<sup>306</sup>

Жоғары білімнің екінші сатысы болып есептелетін магистратура, алғашқы бакалавриат деңгейімен салыстырғанда, студенттердің таңдаған мамандығы бойынша білімін тереңдетуге бағытталады. Жалпы білім алған студент-магистрант, ең алдымен, дінтану ғылымының әдіснамалық және теориялық принциптерін терең зерттеп, дінтанудың жекелеген бағыты бойынша білімдерін арттыруы қажет. Соңдай-ақ, магистратурада оқытылатын ғылыми зерттеудің әр түрлі әдіснамалары және әдістері оқу соңында магистрлік диссертацияны сапалы жазуға әсер етеді.

Осыған орай, пәндердің магистратура деңгейге сәйкес болуына талдау жүргізудің маңыздылығы артып отыр.

Жалпыға міндетті стандартқа сәйкес, «Ғылым тарихы мен философиясы», «Шет тілі (кәсіби)», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Басқару психологиясы» сияқты бірқатар міндетті және базалық пәндер тұрақты оқытылады.<sup>307</sup>

Дінтанудың теориялық-әдіснамалық негіздерін оқытуға жалпы пәндерге шаққанда келесідей пайыздық шамасында көңіл бөлінеді:

- ҚазҰУ – 22%;
- ХҚТУ – 25%;
- Нұр-Мұбарак, ШТЖІМУ – 27%;
- ЕҰУ – 33%.

«ЖБББЖ» деректері бойынша екі жылдық оқу барысында міндетті компоненттерге келесі пәндер жатады:

#### 16 кесте ЖОО КОМПОНЕНТІНІҢ БЕЙІНДІ ПӘНДЕРІ

ОҚУ ОРНЫНЫҢ АТАУЫ	ПӘНДЕРДІҢ АТАУЫ
ҚазҰУ	1) Қазргі заманғы конфессиялардағы коммуникациялар 2) Дінтану әдіснамасы 3) Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау 4) Дінтанудың заманауи мәселелері
ЕҰУ	1) Мұсылман-христиан қарым-қатынастарының тарихы 2) Жаһандану жағдайындағы дін
Нұр-Мұбарак	1) Қазргі заманғы дінтану мәселелері 2) Діни антропология тарихы мен теориясы
ШТЖІМУ	1) Отандық тарихтың мәселелеріне жаңаша концептуалды көзқарас 2) Қазіргі заманғы дінтану мәселелері
ХҚТУ	1) Академиялық ғылыми хат 2) Зерттеудің сандық және сапалық әдістері 3) Технологияларды коммерциялау негіздері 4) Зерттеулердің қолданбалы әдістері

<sup>306</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 ж. 31 қазанындағы №604 «Білім берудің барлық деңгейлерінде жалпы міндетті білім беру мемлекеттік стандарттарын бекіту туралы» Бұйрығы. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669#z1554> (қаралған күні 01.09.2020)

<sup>307</sup> Сонда.

Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларында элективті сипаттағы пәндер де жүргізіледі. Элективтік пәндердің қатарында да исламдық бағыттағы пәндердің басымдылығы орын алуда. Бұл тұрғыдан алғанда, ХҚТУ «көшбасшы» орынды иеленген – екі жыл аралығында жалпы пәндердің 25% исламды оқытуға арналып отыр («Калам ілімінің заманауи мәселелері», «Исламдық құқықтың заманауи мәселелері», «Қазіргі заман жағдайындағы исламдық мазхабтар», «Ясауи философиясы» және т.б.).

Осыған ұқсас жағдай ШТЖІМУ мен Нұр-Мұбарак университетінде де байқалады – әрқайсында пәндеге 15%-дан тиесілі.

Нұр-Сұлтан қаласындағы ЖОО бағдарламасына исламдық тақырыптағы 2 пән енгізілген (9%).

ҚазҰУ аталған конфессияға арналған бірде де бір пән қарастырылмаған.

### *Докторантура*

Философия докторының (PhD) білім беру бағдарламасы әдіснамалық және зерттеушілік білімді іргелі деңгейде тереңдетуге, ғылыми-педагогикалық бағытын дамытуға бағытталады.

«Дінтану» мамандығы бойынша докторантура бағдарламасы үш университеттің базасында жүзеге асырылады (ҚазҰУ, Нұр-Мұбарак және ЕҰУ).

ҚазҰУ бағдарламасында міндетті пәндерге жатады:

- 1) Мемлекет пен діннің қарым-қатынасы;
- 2) Дінтанулық теорияны зерттеу әдістері мен технологиялары.

Элективті курстардың қатарына келесі пәндер енгізілген:

1. Діни антропология және танатология;
2. Ханафиттік мазхабтың негізгі парадигмалық мәтіндері
3. Қазақ халқының діни санасы мен дәстүрінің онтологиясы
4. Жаңа діни қозғалыстар
5. Рухани саладағы конфликтология
6. Исламофобия және діни сипаттағы стереотиптер
7. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы исламның заманауи түсініктемесі
8. Қазіргі діни философиядағы антропологиялық дискурс
9. Конфессияаралық қатынастардағы толеранттылық
10. Қазақстан Республикасындағы діни саясат
11. Қазіргі әлемдегі діндер
12. Дін туралы ғылымдардың өзекті мәселелері

Қазіргі заманғы отандық білім берудің өзекті мәселелесі бағдарламаларда пәндердің қайталану, үздіксіз оқыту мен сабақтастық қағидалары сақтамалмау жағдайымен байланысты.

Осыған орай, білім беру бағдарламаларының контенті әр түрлі деңгейлерде қайталану мәселесіне қатысты сұрақтар эксперттік сұхбаттың сауалнамасына енгізілген болатын. Сауалнама барысында кеелсі сұрақтар қойылды: «Бакалавриат/магистратура/докторантура деңгейлерінде білім беру бағдарламаларының дифференциациясы қалай жүргізіледі? Білім беру бағдарламаларының түрлі деңгейлерінде пәндердің және силлабус контенттерінің қайталану мәселесі бар ма?».

Эксперттік сұхбат нәтижесінде ҚазҰУ маманымен келесі пікір айтылды:

*«бакалавриат төрт жыл болғандықтан, базалық білімнің негіздері, мамандық бойынша қажетті пәндер сол жерде оқытылады. Магистратура, докторантура деңгейінде сол алынған білімдерді ғылыми негізде дамыту қажет. Және олар күрделенген формада оқытылады. Мысалы, білім беру бағдарламалары мен пәндердің қайталануы болмайды. Оқу бағдарламаларын құрастырған кезде негізгі талаптардың бірі осы...».*

Айтылған пікірге қарамастан, білім беру бағдарламалары контентінің қайталану қауіпі сақталуда. Мәселен, аталған университетте бакалавриат деңгейінде «Дін саласындағы

мемлекеттік саясат» және «ҚР дін туралы заңнамасы» пәндері жүргізілсе, магистратурада «Мемлекеттік-діни қарым-қатынас: шетелдік және отандық тәжірибелер», «Дін туралы мемлекеттік заңнама», докторантурада «Мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастар» пәндері оқытылады.

ЕҰУ бағдарламасында міндетті пәндерге жатады:

- 1) Жоғары мектептегі дінтану және теология;
- 2) Орта Азия халықтарының дәстүріндегі діни наным-сенімдер;
- 3) Қазіргі заман діндеріндегі гендерлік процестер.

Таңдау бойынша ұсынылатын пәндер:

1. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы діни бірегейлік;
2. Дінтану саласындағы сараптамалық-аналитикалық жұмыстар;
3. Діндердің экономикалық негіздері;
4. Секуляризация және сакрализацияның заманауи процестері;
5. Мемлекет және дін: өзара іс-қимыл модельдері.

ЕҰУ сарапшысы трапынан пәндердің қайталану ықтималдылығына қатысты сұраққа келесідей жауап берілді:

*«Бар. Бұл жерде мәселе олардың қайталануында емес, бізде оқу бағдарламаларын құрастыру кезінде аталған пәндер арасында кооперация жоқ деуге болады. Егер кооперация болса, бұл пәндер бағдарламалық тұрғыдан әртүрлі формада болушы еді. Мәселен, бакалавриатта «Исламдағы дәстүрлі теологиялық-құқықтық мектептер» пәнін жүргізетін оқытушы және магистратурада «Орта Азиядағы ханафиттік мазхаб» пәнін жүргізетін оқытушы арасында байланыс болмауы мүмкін. Яғни, егер олар отырып, оқу жүктемесін реттеп алса, осы пәнді оқыту барысында ханафиттік мазхаб туралы қандай тақырыптар кіргізу қажет, қандай материалды терең оқыту керек деген мәселелерді шешіп алса, мұндай мәселелер орын алмас еді. Алайда, біздерде оқу бағдарламаларын дайындау барысында осындай байланыс қалыптаспауына орай, сіз атаған мәселелер жалғаса беретін болады...» (ЕҰУ).*

ЕҰУ докторантурасында оқытылатын «Мемлекет және дін: өзара іс-қимыл модельдері» пәніне мазмұндық жағынан ұқсас пәндер бакалавриат («Мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас», «Дін туралы мемлекеттік заңнама») және магистратура («Мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас теориясы мен тарихы») деңгейлерінде енгізілген.

Нұр-Мұбарак университетінде докторантура деңгейінде міндетті саналатын пәндер:

- 1) Мемлекет пен діннің қарым-қатынасы;
- 2) Салыстырмалы дінтанудың мәселелері.

Докторанттар таңдауына ұсынылатын пәндер:

1. Араб тілі (жоғары деңгей / С1);
2. Академиялық мақсаттағы шет тілі;
3. Ислам әлемінің діндері туралы зерттелулер;
4. Қазіргі әлемдегі дін;
5. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы дін;
6. Қазіргі әлемдік діндер;
7. Діни психология мен әлеуметтанудың өзекті мәселелері;
8. Дінтану бойынша батыс ориенталистерінің еңбектерін талдау;
9. Қазіргі әлемдегі сектантану әдіснамалары;
10. Қазіргі заманғы дінтанудың теориялық және әдіснамалық мәселелері.

«ЖБББЖ» деректеріне сәйкес, Нұр-Мұбарак университетінде «Салыстырмалы дінтану мәселелері» пәніне ұқсас курс магистратура деңгейінде де оқытылып, міндетті пәндер қатарына енгізіліп отыр. Сондай-ақ, бакалавриат деңгейінде «Салыстырмалы дінтану» пәні оқытылады.

Университет сарапшысы ұқсастық орын алу себептерінің келесідей түсіндірмесін алға



тартты:

«ЖОО білім беру бағдарламалары алдын ала жасалып, сатылы деңгейде сабақтасып құрастырылады. Сондықтан, бакалавриат және магистратура деңгейлерінің пәндері арасында айырмашылық ескеріледі. Деңгейі жоғарылаған сайын күрделене түседі. Ол пәндердің сипаттамасы пәндер каталогына енгізіліп, толық құрылымы кешенде көрсетіледі. Пәннің атауы ұқсас болғанымен, кешенді түрде қарап көрсеңіз, оқыту әдістемесі мен құрылымы мүлдем бөлек екенін аңғару қиын емес».

Жалпы алғанда, докторантура пәндері өз деңгейіне сәйкес келеді деуге негіз бар, алайда ҚазҰУ-ғы «Жаңа діни қозғалыстар», «Қазақстан Республикасындағы дін саясаты», ЕҰУ-ғы «Мемлекет және дін: өзара іс-қимыл модельдері», Нұр-Мұбарак университетіндегі «Қазіргі әлемдік діндер», «Мемлекет пен діннің қарым-қатынасы» сияқты пәндер бакалавриат пен магистратура курстарымен сәйкес келуіне байланысты білім беру деңгейлері шеңберлерінде бағдарламалардың бағыт-бағдарын дифференциациялау мәселесі орын алуда.

Осы ретте, эксперттік сұхбаттар, фокус-топтық зерттеулер, «Дінтану» мамандығы бойынша барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламалар және өзге де қолжетімді материалдарға жүргізілген талдау нәтижесінде кейбір проблемалық аспектілер анықталғанын атап кетуге болады.

## ДІНТАНУ

Дінтанушы мамандар дайындау ісімен айналысып келе жатқан барлық кафедралардың күшті тұсы ретінде ПОҚ көп тілді болуын атауға болады	Көптеген ЖОО-да кәсіби практиканың сандық және сапалық тұрғыдан жетіспеушілігі байқалады
ПОҚ халықаралық университеттермен және кафедралармен тығыз қатынастар орнатылды	Бағаларды көтеріп қою және төмендетіп қою түріндегі бағалаудың объективті әдісіне қатысты өзекті мәселе орын алуы байқалған
Жалпы университеттік деңгейде ұйымдастырылатын оқытушылардың біліктіліктерін жоғарылату курстарының жеткілікті көлемінің бары анықталды	Бірқатар университеттерде оқытудың жаңа, заманауи әдістерін ендіру жеткілікті деңгейде емес
Әрбір университетте «Дінтану» мамандығына қажетті әлеуметтану, философия, психология, діндер антропологиясы тәрізді іргелі пәндер бар	Шығармашылық емтихан - оқуға қабылданатын талапкерлерге қойылатын талаптардың сапалық төмендетілуі, сонымен қатар, мемлекеттік білім беру гранттарына бәсекелестік орын алуына байланысты оқуға түсу балдарын әдейі жоғарылатып қою мәселелері бар
Барлық университеттер Қазақстанның өзге ЖОО-да жоқ өздерінің авторлық курстарын ендіруде	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде және «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде үш деңгейлі білім шеңберінде білім беру бағдарламалары контентін дифференциациялауға қатысты мәселелер байқалуда
	Білім берудің барлық деңгейлерінде исламды оқытуға басымдық беру мәселелері, сондай-ақ, негізінен теологиялық сипаттағы пәндерге басымдық беру мәселелері «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Шет тілдер және іскерлік мансаб университетінде бар

### Қорытынды:

- 1) Көптеген ЖОО-да кәсіби практиканың сандық және сапалық тұрғыдан жетіспеушілігі байқалады;
- 2) Дінтанушы мамандарды даярлайтын барлық кафедраларда көп тілді меңгерген оқытушылар жұмыс жасауын артықшылық ретінде қабылдауға болады;
- 3) ПОҚ тарапынан әлемдік университеттер және кафедралармен өзара байланыс жоғары деңгейде жүзеге асырылады;
- 4) оқытушылардың біліктіліктерін арттыруға бағытталған курстар университеттік деңгейде тұрақты өткізіледі;
- 5) бағаларды көтеру немесе төмендетуге байланысты объективтілік сақтау қажеттілігі бойынша өзекті мәселе орын алуда;
- 6) бірқатар университеттерде оқытудың заманауи әдістерін енгізу үрдісі қажетті деңгейде

жүргізілмейді;

7) бір жағынан алып қарағанда, сарапшылар мен студенттердің басым бөлігі бакалавриатқа қабылдау барысында шығармашылық емтиханының оң әсерін атайды, екінші жағынан алып қарағанда – талапкерлерге қойылатын талаптар төмендеп, қорытынды бағаларды жоғарылатып қою мәселелері туындауда;

8) Шығармашылық емтихан өткізудің бірыңғай алгоритм және/немесе ережелер болмауына байланысты «Дінтану» мамандығына талапкерлерді объективтілік пен ғылыми ұстаным тұрғысынан бағалау бойынша өзекті мәселелер туындауда;

9) Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде араб тілі курсын оқыту мүлдем қарастырылмаған;

10) әрбір университетте «Дінтану» мамандығына қажетті әлеуметтану, философия, психология, діндер антропологиясы сияқты негізгі пәндер енгізілген;

11) барлық университеттер білім беру бағдарламасына өзге ЖОО-да кездеспейтін авторлық курстарды енгізген;

12) Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде және «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде үш деңгейлі білім шеңберінде білім беру бағдарламаларының контентін дифференциациялау бойынша өзекті мәселелер байқалуда.

13) дінтанулық білім берудің барлық деңгейлерінде ислам дінімен байланысты пәндерді оқытуға, сондай-ақ «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Шет тілдер және іскерлік мансап университетінде терең теологиялық бағыттағы курстарды жүргізуге басымдық беру бойынша өзекті мәселелері орын алуда.

### 3.2.2 Тарих-Дінтану

Қазақстан Республикасындағы «Тарих-Дінтану» мамандығы дінтанулық даярлықтың жаңа бағдарламасы болып табылады.

Жоғары оқу орындарында аталған мамандықты енгізу себептері:

- 1) жалпы білім беру ұйымдарында дінтанушы мұғалімдерге сұраныстың артуы;
- 2) өңірлерде дінтанушы мамандардың қажеттілігі;
- 3) дуалды оқыту мамандығын ашу қажеттілігі.

2020 жылғы жағдай бойынша «6B01601 Тарих-Дінтану» мамандығы «6B01 – Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының «6B016 – Гуманитарлық пәндер бойынша оқытушылар дайындау» бағытына жатады.

Оқыту мерзімі:

- орта білім базасында – 4 жыл;
- жоғары білім базасында (қашықтықтан оқыту) – 2 жыл;
- орта кәсіби-техникалық білім базасында – 3 жыл (күндізгі және қашықтықтан оқыту).

Ұлттық бірыңғай тестілеу кезде әлемдік тарих пәні тасырылады.

Білім беру бағдарламалары мен эксперттік сұхбат материалдарына жасалған талдауларға сәйкес, аталған мамандықтың басты мақсаты – тарих және дінтану оқытушыларын дайындау, мектеп пен колледждерді, сондай-ақ дін саласына қатысты өзге де ұйымдарды кәсіби мамандармен қамтамасыз ету.

ПМПУ мен ОҚМПУ 2015 жылдан бастап осы білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді алғашқы болып даярлай бастаған:

*«2015 жылы алғаш рет тарих және дінтану мамандығы эксперименталды түрде жүргізіле бастады. Былтыр бізде бірінші түлектер шығарылды, бірінші түлектер саны 23 адамды құрады. Олардың ішінде 20-дан астамы грант бойынша оқыды,*

*соның ішінде әкімнің гранттары да болды» (сарапшы, ПМПУ).  
«Бірінші түлектерімізді шығарып отырмыз, иә. Бірінші рет. Яғни, біз алғаш ашылған-  
да тамыз айы болатын және осы мамандықты ашуға бір-екі ЖОО ғана рұқсат  
берілді. Енді бәрі бірдей ашу мүмкіндігіне ие бола алмаған, ашқан кезде талапкерлер  
аз болған. Ешкім мұндай мамандық барын білген де жоқ. Біз үгіттеу жұмыстарын  
жүргіздік, нәтижесінде талапкерлер жинап алдық...»*

*(сарапшы, ОҚМПУ)*

### Профессорлық-оқытушылар құрамын талдау

Аталған мамандық бойынша мамандарды даярлайтын ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы төмендегі кестеде ұсынылады.

17 кесте «ТАРИХ-ДІНТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ПОҚ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

ОҚУ ОРНЫНЫҢ АТАУЫ	ШЫҒАРУШЫ КАФЕДРА /ФАКУЛЬТЕТ	ПОҚ ҚҰРАМЫ
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті	Гуманитарлық ғылымдардың жоғары мектебі	8 ғылым докторы, 34 ғылым кандидаты, 3 PhD, 32 магистр <sup>308</sup>
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті	Тарих және дінтану кафедрасы	3 т.ғ.д., 14 т.ғ.к., 10 магистр
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	Жалпы тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	1 п.ғ.д., 2 ф.ғ.к., 2 т.ғ.к., 6 магистр
Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы	2 т.ғ.д., 1 ф.ғ.д., 2 PhD, 10 т.ғ.к., 4 ф.ғ.к., 2 ә.ғ.к., 10 магистр
Қазақ ұлттық әйелдер педагогикалық университеті	Тарих кафедрасы	2 т.ғ.д., 9 т.ғ.к., 1 PhD, 5 магистр
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті	Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы	3 ф.ғ.д., 1 ә.ғ.д., 2 п.ғ.д., 3 ф.ғ.к., 1 т.ғ.к., 1 PhD, 6 магистр
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті	Қазақстан тарихы кафедрасы	2 т.ғ.д., 3 т.ғ.к., 3 магистр

Эксперттік сұхбаттарға сүйенетін болсақ, ПОҚ күшті жақтарына кафедраның ғылыми дәрежелер бойынша жоғары деңгейі жатқызылады. «Тарих-Дінтану» мамандығы негізінен тарих кафедрасына жататындықтан, оның құрамында көптеген тарих ғылымдарының докторлары мен кандидаттары жұмыс жасайды:

*«Айтқым келетін факт, біздің кафедра бойынша ғылыми дәрежелік 70% асады, яғни бізде кандидаттар да, ғылым докторлары да бар, профессорлар бар, олар өздерінің кәсіби қызметтерін 20 ғасырдың 90 жылдарынан бері атқарып келеді ...»*

*(ПМПУ)*

*«Енді біздің кафедрадағы профессорлар, оқытушылардың күшті жақтары – ол бізде жанағы профессорлар, оқытушы құрамындағы ғылыми атақ дәрежесі барлардың санының көптігі. Себебі бізде жанағы 4-5 ғылым докторлары, он шақты ғылым кандидаттары және онға жуық ғылым магистрі жұмыс жасайды»*

*(АӨМУ)*

Жергілікті және мемлекеттік деңгейлерде профессорлық-оқытушылық құрамының

<sup>308</sup> Барлық жоғары мектептерге қатысты жинақталған деректер. Мектеп құрамына, «Тарих-Дінтану» пәнінен өзге «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет тілдері: екі шет тілі», «Тарих» білім беру бағдарламалары кіреді

біліктілігін арттыру үшін арнайы курстар тұрақты өтіп тұрады:

*«Білім және ғылым министрлігі тарапынан оқытушылар өздерінің біліктіліктерін жоғарылату үшін жағдай жасалған, ол біздің күшті жақтарымыз. Біздің өңірде, сондай-ақ Нұр-Сұлтан немесе Алматы қалаларындағы курстардан өту мүмкіндіктері бар»*

*(ПМПУ)*

*«Біліктілікті арттыру шаралары жоспарлы түрде жүргізіліп отырады. Біздегі барлық оқытушылар Алматыдағы «Өрлеуге» барып қайтқан. Үш оқытушы, соның ішінде мен де, шетелде болып қайттық. Жапония, Испания елдеріне барып келді, мен өз басым Португалияда біліктілікті жоғарылату курсынан өттім. Сонымен қатар, Астанаға барып жаңа бағдарлама бойынша оқуға болады, жаңартылған мектеп білім беру жүйесін оқу үшін. Сол себептен бізде біліктілікті жоғарылату үнемі жүргізіледі деуге негіз бар»*

*(ОҚМПУ)*

ОҚМПУ сарапшысы кафедраның күшті жағы ретінде студенттердің ерекшеліктерін жақсы білетін жергілікті жас мамандардың болуын атады:

*«Тағы бір ерекшелік – біз қанша айтқанмен оңтүстікте өмір сүреміз, иә, Шымкент қаласы ерекше орын. Мұнда әдетте өзге облыстардан көбі келгілері келмейді, бұл жерде қала алмайды. Сондықтан мұнда негізінен жергілікті мамандар келіп, жұмыс жасайды. Әрі біздің оқытушыларымыздың басым бөлігі біздің институттың түлектері, яғни өзіміздің педагогикалық институттың түлектері. Олар аталған университеттің дәстүрлерін өте жақсы біледі және табысты жұмыс жасайды».*

АӨМУ базасында өткен фокус-топтық зерттеуге қатысқан «Дінтану тарихы» мамандығының барлық респондент-студенттері ПОҚ-тың күшті жақтары ретінде олардың объективтілігі мен кәсібилігін атаған:

*«...біздің факультетте мұғалімдер әділ, қалай оқысаң – солай баға қойып береді. Ешкімнің көңіліне қарамай, тек оқыған студенттер ғана өз бағасын алып жатады. Және сабақ түсіндіргендері өте керемет»*

*(студент, АӨМУ)*

ПОҚ-тың әлсіз жақтарына дінтану саласы бойынша біліктілік арттыртыру курстарының жоқтығын атауға болады:

*«...қазіргі уақытта біліктілікті арттыру жалпы әдістемелік, тіптен әдіснамалық деңгейде жүргізіледі. Бірақ мамандыққа қатысты өтпейді»*

*(сарапшы, ОҚМПУ)*

«Дінтану», «Исламтану», «Теология» мамандықтары бойынша айтылғандай, «Тарих-Дінтану» саласының сарапшылары әкімшілік жұмыстарға «тым көп уақыт кетуі», сондай-ақ «оқытушының қағазбастылығы» жиі орын алауы сияқты мәселелерді атады.

Сонымен қатар, студенттер тарапынан дінтанушы-оқытушылар жетіспеушілігі туралы айтылды:

*«Бізде тарих бойынша ешқандай мәселе жоқ. Ал дінтану бойынша тек бір ғана мұғалім»*

*(студент, АӨМУ)*

Сарапшылардың бір бөлігі өздерінің кафедраларының әлсіз тұстары ретінде шет тілдерін білетін ПОҚ төмен пайызын атаған. Мысалы, ОҚМПУ-да 32 кафедра мүшелерінен тек 10 оқытушысы шет тілдерін қанағаттанарлық деңгейде біледі. ОҚМПУ және КМУ-да IELTS сертификаттарына ие болған оқытушылар жоқ:

*«Бірден айтайын, бізде IELTS алған кафедрада әзірге ешкім жоқ»*

*(сарапшы, КМПУ)*

«Тарих-Дінтану» мамандығы бойынша ПОҚ күшті жақтары:

- тарих, философия және әлеуметтану ғылымдары докторларының, кандидаттарының жоғары пайызы;
  - тұрақты негізде республикалық («Өрлеу», Назарбаев зияткерлік мектебі, Назарбаев университеті), сондай-ақ жергілікті деңгейлерде біліктілікті арттыру курстары өткізіледі;
  - ұрпақтар сабақтастығы жалғасып келеді, сонымен қатар, өңірлік ерекшеліктер туралы жақсы білетін жергілікті мамандар болуы;
  - фокус-топтық зерттеулерге қатысқан барлық студенттер ПОҚ объективті бағалайтынын және жоғары кәсібилігін атайды;
- Әлсіз жақтары:
- дінтану бойынша оқытушылардың жетіспеушілігі;
  - ПОҚ арасында шет тілдерін білетіндердің аз пайызды құрауы;
  - профессорлық-оқытушылық құрамының әкімшілік-қоғамдық жұмыстарға көп тартылуы;
  - дінтану бойынша біліктілік арттыру курстарының жоқтығы.

### **Білім беру процесінің түрлі аспектілерін студенттердің көзқарасы арқылы талдау**

Дінтанулық білім беру сапасын анықтау мақсатында АМУ-дың «Тарих-Дінтану» бакалавриатында оқитын 1-2 курс студенттерінің қатысуымен фокус-топтық зерттеулер жүргізілді. Фокус-топтық зерттеудің мәліметтерін талдау бойынша келесідей нәтижелер анықталды.

#### *Мамандықты таңдау себептері*

Барлық қатысушылар аталған мамандықты таңдау жөніндегі шешімді ЖОО-ға түсер уақытта ғана қабылдаған. Кейбір қатысушылар өздерінің таңдауларын екі мамандық (тарихшы және дінтанушы) алу мүмкіндігімен негіздеді:

*«...жалпы мен университетке келгенде, тарих факультетіне түсемін деп келгенмін. Бірақ дінтану мамандығын тек өтінішті қабылдайтын адамның алдына барған кезде ғана таңдадым. Екі мамандық болып алып шығатындықтан, соны таңдап, қазір осында оқып жатырмын...»;*

*«...екі мамандықты бірге алу үшін Тарих-Дінтану мамандығын таңдадым»;*

Студенттер мамандықтың маңыздылығы мен өзектілігін де атаған: «сондықтан осы мамандық болашақта керек және өзінің орнын табатын мамандық екеніне сенеміз».

Студенттерде (әсіресе бірінші курста оқитын) теологиялық және дінтанулық білім салаларының айырмашылығы жөнінде түсінік қалыптастыру ағымдағы дінтанулық білім беру сапасын анықтайтын жанама индикатор болып есептеледі. Мәселен, бір студенттің пікірінше: «Дінтану бұл мешітке барып, иман болу немесе уағыз айту емес. Дінтану бұл зайырлы мамандықтардың бірі».

Жалпы алғанда, фокус-топтық зерттеу барысында АМУ-дың «Тарих-Дінтану» мамандығын таңдаудың басты себебі ретінде бір уақытта педагогика (тарих) және дінтану мамандықтары бойынша білім алу мүмкіндігі аталды.

Аталған пікірді өзге де оқу орындарының студенттері қолдау ықтималдылығы жоғары. Шымкент қаласы сарапшысының пікірі бойынша:

*«...әдетте педагогикалық ЖОО-да көбіне қыз балалар оқиды. Ал бізде болса тарих мамандығында да, тарих-дінтану мамандығында да қыздар өте аз. Негізінен ер балалар оқиды. Олардың кейбірі «мүмкін болашақта Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жұмысқа кіретін шығармын...немесе дінтанушы маман болармын...» деген оймен келеді. Яғни, олардың диплом тіркемесінде олар тек оқытушы ғана болып шығарылмайтыны көрсетіледі, олар осы бөлімдерде, тіптен әкімшіліктерде жұмыс істейміз деген оймен түседі»;*



### *Мамандықты таңдау нәтижесіне қанағаттану*

Сауалнамаға қатысқан барлық студенттер бірден екі бағыт бойынша білім алу мүмкіндігін тағы да ерекше атап кетіп, жоғарыда келтірілген мамандық таңдаудың негізгі себебін растап отыр.

Алайда, сауалнамаға қатысқандардың көбі педагогикалық-тарихи бағыт бойынша оқуларын жалғастырғысы келетіндіктерін атады:

*«Мен болашақта мұғалім болып жұмыс жасаймын. Қазір екінші курста болашақ мамандығымызға байланысты көптеген сабақтар өтіп жатыр. Оған қызығушылығым артып, болашақта мұғалім болуды жоспарлап, сол бағытта жұмыс жасап жатырмын».*

*«Мен де болашақта өз мамадығым бойыша жұмыс жасап, мектепте тарихтан да және дінтанудан да сабақ беремін. Өзімнің тарих ағайым да екі пәннен сабақ берген, мен де сол сияқты болғым келеді».*

Бірінші курстың кейбір студенттері қазіргі уақытта оларда дінтануға қатысты пәндер жүргізілмегенін атаған:

*«Мен дінтанушы да, мұғалім де болуым мүмкін. Әзірге нақты жоспарлап жатқан жоқпын, себебі бізде әлі дінтану бойынша нақты пәндер өткен жоқ. Егер алдағы уақытта дінтану бойынша сабақтар өтіп, қызығушылық пайда болып жатса, дінтанушы да болуым мүмкін. Бірақ әзірге мен уақытша жоспарда мұғалім болуды жоспарлап отырмын»;*

*«Тарих саласы бойынша мұғалімдер керемет. Профессорлар, докторлар бар. Ал дінтану бойынша бізде нақты сабақ әлі өтпеген...».*

Айта кетері, бірінші курста дінтану бойынша қандай да бір базалық пәндердің болмауы болашақ кәсіби іс-қимыл траекториясын таңдауға әсер етуі мүмкін екенін ескерген жөн, өйткені олардың болмауы студенттердің бойында дінтану саласына деген қызығушылық туындалуына мүмкіндік бермей, кері әсер етуі ықтимал.

Жалпы алғанда, сауалнамаға қатысқан студенттердің бәрі өздерінің таңдауларына көңілдері толатынын атап, дуалды сипатта оқытылатын мамандықтың «болашағы өте зор» деген сенім білдірді.

### *Өзге аспектілер*

Павлодар қаласы сарапшысының пікірінше, «Серпін» бағдарламасының жүзеге асыру жұмыстарын университеттің ерекшелігі ретінде белгілеуге болады.<sup>309</sup>

Сұхбаттарға сәйкес, АМПУ, КМПУ және ОҚМПУ қазақ тіліндегі әдебиеттер тапшылығын сезінбейді:

*«Артықшылық ретінде атауға тұратыны бізде мемлекеттік тілдегі әдебиеттердің жеткілікті көлемде екендігі, олар барлық пәндерден жеткілікті. Мұнда біздің студенттер өзiмiздiң мамандығымызға қатысты әдебиеттер жетiспеушiлiгiн сезiнбейдi»*

*(сарапшы, ПМПУ)*

*«Алайда қазір оқу әдебиеттеріне қатысты теңесу жүріп жатыр. Қазір оқу әдебиеттерін біздің университет жақсы деңгейде басып шығаруда. Барлық университеттер өздерінің оқу құралдарын, министрлік грифіндегі оқулықтарын шығарады. Әрі олардың бәрі, негізінен мемлекеттік тілде жазылған»*

*(сарапшы, ОҚМПУ)*

*«Олар орыс тілінде оқып жатыр, қазақ тілінде оқып жатыр, ағылшын тілінде де оқып жатыр. Кейбір пәндер барлығында ағылшын тілінде өтеді. Сол себептен, студенттердің көпшілігі қиналмайды, оқи береді. Қазақша да оқи береді, орысша да оқи береді...»*

*(сарапшы, КМПУ)*

<sup>309</sup> Серпін – еңбек ресурстары жеткілікті еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі жастарды маман тапшылығы байқалатын Қазақстанның шығыс, солтүстік және батыс өңірлеріне арнайы оқытып, еңбекпен қамти отырып бағыттауға арналған мемлекеттік бағдарлама



### Білім беру бағдарламаларын талдау

Барлық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары жалпы білім беру мекемелерінде ғана емес, дін істері бойынша мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда жұмыс жасайтын жоғары білікті тарихшы мен дінтанушы мамандарды дайындауды мақсат етуіне байланысты тарихи немесе дінтану пәндеріне бір жақты басымдық бермеу және дуалды оқыту талаптарын қатаң ұстану қажет етіледі. Осы орайда, «Тарих-Дінтану» мамандығы тиісті педагогикалық және дидактикалық пәндері бар педагогика бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының топтамасына енгізілгенін ескеру керек.

Білім беру бағдарламалары пәндерінің пайыздық қатынасы бойынша жасалған талдау нәтижесінде келесідей жағдай қалыптасып отырғаны анықталды («ЖБББЖ» веб-сайтының ашық деректері негізінде).

#### 18 кесте ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНТАНУЛЫҚ БАҒЫТТАР ШЕҢБЕРІНДЕГІ ПӘНДЕРДІҢ ПАЙЫЗДЫҚ ҚАТЫНАСЫ, ПАЙЫЗ (ПӘНДЕР САНЫ)

ОҚУ ОРНЫНЫҢ АТАУЫ	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕР	ТАРИХ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕР	ДІНТАНУЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕР
ОҚМПУ	15% (7)	44% (20)	38% (17)
ҚМУ	11% (6)	41% (22)	31% (17)
ҚМӘПУ	14% (8)	43% (25)	28 (16%)
АӨМУ	17% (9)	50% (26)	27% (14)
ПМПУ	11% (7)	67% (43)	11% (7)

Кестеде көрсетілгендей, барлық жоғары оқу орындары бойынша педагогикалық ғылым бағытына жатқызуға болатын пәндердің пайыздық қатынасы шамамен біркелкі (орташа пайызы – 13,6%). Олардың қатарына оқыту әдіснамалары, оқытудың жаңа әдістері, инклюзивтік білім беру және сол сияқты мектепте жүргізілетін жалпы дидактикалық пәндер жатады.

Білім беру бағдарламаларының мақсаттарына сәйкес тарих пен дінтануға қатысты пәндерге көп мән беріледі. Тарихи пәндердің жалпы көлеміне қатысты ең көп пайыздық қатынас Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде байқалады, ол жердегі 64 пәннің 43-і (соның ішінде міндетті және элективті) немесе 67% тарихи бағытқа жатады. АӨМУ-ның білім беру бағдарламасында осындай пәндер 50% құрайды. Ең аз пайыздық қатынас ҚМУ-дың бағдарламаларында орын алған. Тарих ғылымы пәндерінің қатарында «Еуропалық мәдениет тарихы», «Археология», «Алғашқы қауым тарихы», «Өңіртану» және т.б.

Дінтану пәндеріне қатысты жағдайды қарастыратын болсақ, қызығушылық тудыратын бірнеше мәселеге назар аудары қажеттілігін атап кетуге болады.

ОҚМПУ барлық білім беру бағдарласының көп бөлігін (40% жуығы) мақсатты түрде жүзеге асырып, оқу барысында «Діндер философиясы», «Діни кітаптар», «Діни антропология», «Құран қасиетті жазба және мәдени ескерткіш ретінде», «Қазіргі заманғы дәстүрлі емес діни қоғалыстар мен культтар», «Исламдағы діни бағыттар мен ағымдар» сияқты пәндер жүргізіледі. Бұл жағдайда пәндер тепе-теңдігі байқалады деуге негіз бар. Сарапшы «Пайыздық тұрғыдан алғанда тарих және дінтану бойынша қанша пән қарастырылған?», - деген сұраққа келесідей жауап берді:

*«50 де 50. Неге дейсіз ғой? Өйткені егер аз болса онда курс мүлдем өткізілмейді. Осылай 4 жылда бізде осы курс қиылып жатады, себебі негізінен тарихи пәндер қалады, ал қалған пәндердің бәрі, элективтік пәндер, біз оларға қызық болатын курстарды енгіземіз».*

Алайда, сарапшының айтуынша, дінтанулық-философиялық пәндерді көптеп енгізу білім алушылар тарапынан наразылық тудыруы мүмкін: «Енді, біз 2 жыл бұрын силлабустарға, оқу бағдарламаларына философиялық курстарды енгізу талпыныстарын жасаған болатынбыз, иә. Енді, мысалы, дін феноменологиясы, дін социологиясы, діни құқық және т.б. Өкінішке орай, бұл бастаманы студенттер мүлдем қолдамағанын сезіндім. Қызық емес деп айтады, философияда осы материалды өттік, осы жерде де қайталанады, бұның пайдасы жоқ деген уәждерін білдірді. Бізге қызығушылық тудыратын, біздің деңгейімізді көтеретін пәндер енгізіңіздер деген талап қойды. Сол себептен біз бұл тұрғыдан өзге де пәндерді енгіздік, мысалы, діндер географиясы пәнін. Бір жақтан алып қарайтын болсақ, бұл қызықты курс. Мұнда діндердің барлық әлемге қалай таралғаны және қазіргі уақытта бұл процесс қалай өтіп жатқаны оқытылады. Демографиялық, әлеуметтік, саяси, тіптен діни тұрғыдан да қарастыруға болады...».

Ұқсас пайыздар Қостанай мемлекеттік университетінде де байқалады, атап айтқанда дінтану бойынша 17 пән енгізілген (31%). Оларға «Діндер тарихы», «Діни антропология», «Діндер психологиясы», «Дін және мемлекет» сияқты пәндер жатады.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде дінтану бағытына ең аз көңіл бөлінді, 4 жылдық оқу бағдарламасында 7 пән ғана (11%) қарастырылған. Олар: Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы, Археология және археологиялық дінтану, Дінтануды оқытудың әдіснамасы, Әлемдік діндер тарихы, Ұлттық діндер тарихы, Қазақстандағы діндер және ойлау еркіндігі, Қазіргі әлемдегі діндер эволюциясы.

Барлық ЖОО-да мемлекет-конфессиялық қатынас саласына арналған пәндер мүлдем жоқ екендігін және іргелі дінтанулық курстар сирек кездесетінін байқауға болады.

Дінтану бағытындағы пәндердің болмауы немесе аз көлемде болуы «Тарих-Дінтану» мамандығының білім беру сапасына кері әсер етеді, білім беру бағдарламасының бастапқы мақсаты мен міндеттеріне қайшы келеді.

Эксперттік сұхбаттарға сәйкес, мектептер мен колледждер негізгі жұмыс берушілер ретінде білім беру бағдарламаларын әзірлеуге белсенді қатысады, сонымен бірге бұл іске студенттердің өздері де ат салысады:

*«Білім беру бағдарламаларына қатысты, мен мынандай факт атай аламын, біздің бірінші тапсырыс берушілеріміз бұл орта жалпы білім беру мектептері, лицейлер, колледждер...», «...Ал тілектерді ескеретін болса, біз, әрине білім беру бағдарламаларын құрастыру кезінде өзіміздің жұмыс берушілерімізді шақырамыз, осы кезде олар білім траекторияларын, келесі жылға қатысты болашақ траекторияны айқындауға көмектеседі...»; «Тәуелсіз сауалнама жинау, осы кезде студенттер өз ой пікірлерін ашық білдіреді, яғни, оларды не қызықтыратыны аталады, немесе әлі шешімін таппай келе жатқан сұрақтар көтеріледі. Сауалнамадағы пікірлерді ескере отырып, біз кейіннен жұмыстар өткіземіз»*

*(сарапшы, ПМПУ)*

*«Біз педагогикалық ЖОО-да жұмыс істейміз, біз ең алдымен мектеп оқытушыларын дайындаймыз. Ең алдымен мектептер үшін. Сол себептен біз жұмыс берушілердің жоспарларын ескеруіміз керек. Біз жұмыс берушілермен ақылдасқанда, олар бізге қандай курстарды жақсылап дайындап, оқытқан пайдалы екенін атайды, өз өтінімдерін жолдайды...»*

*(сарапшы, ОҚМПУ)*

Сарапшылар стандартты төрт жылдық оқыту барысында дуалды мамандықты игеру қиындығын атайды, себебі өз сипаты бойынша алуан түрлі көптеген пәндер оқытылып, игерілуі қажет.

Жалпы айтқанда, білім беру дуалды түрде жүргізілетін болғандықтан «Тарих-Дінтану» мамандығы үлкен келешегі бар кәсіби бағыт болып есептеледі, алайда қазіргі таңда аталған білім беру бағдарламаларында дінтану компонентін одан әрі жетілдіру бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу қажет етіледі.

### Қорытынды:

- 1) ПОҚ мүшелерінің көпшілігінде ғылыми дәрежелері бар;
- 2) жалпы әдістемелік бағытындағы біліктілікті арттыру курстары тұрақты өткізіледі;
- 3) дінтану бойынша оқытушылардың жетіспеушілігі байқалады;
- 4) дінтану бағыты бойынша арнайы біліктілік арттыру курстары қарастырылмаған;
- 5) орыс және қазақ тілдерінде оқу-әдістемелік материалдар қолжетімді;
- 6) фокус-топтарына қатысушылардың көпшілігі кейіннен дінтанулық бағытта емес, педагогикалық-тарихи бағытта жұмыс жасағысы келетіндерін атаған;
- 7) барлық студенттер дуалды білім берудің артықшылықтарына назар аударады.

Білім беру бағдарламалары талдау барысында «Тарих-Дінтану» мамандығының басты мәселесі айқындалды – дінтанулық емес, тарих пәндеріне басымдық беріледі. Алайда, аталған білім беру бағдарламасынан дуалды білім беруді қамтамасыз ету және жалпы білім беру ұйымдарына қажетті болашақ педагог мамандарды даярлау талап етіледі.

Қазіргі уақытта жекелеген университеттер ғана пәндерді тең үлестіру бойынша жұмыс жүргізіп келеді, көптеген ЖОО-да дінтануға тікелей қатысы жоқ педагогикалық немесе тарихи пәндерге басымдық беру үрдісі сақталуда.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас туралы білім беретін пәндердің мүлдем енгізілмеу жағдайына ерекше назар аудару қажет.

### 3.2.3 Исламтану

Исламтану кафедрасы 2001 жылы алғаш рет «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде ашылған болатын. 2014 жылы мәдениеттану және дінтану кафедрасының меңгерушісі А.Д. Құрманалиеваның ықпалымен аталған мамандық Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу бағдарламасына енгізілді.

Қазіргі уақытта «Исламтану» мамандығы үш деңгейде Нұр-Мубарак пен ҚазҰУ оқытылады, ал ШТЖІМУ бакалавр және магистр мамандарды даярлайды.

Нұр-Мұбаракта исламтану кафедрасында 41 оқытушы қызмет етеді: 1 профессор, 3 доцент, 16 ғылым докторы, 1 ғылым кандидаты, 6 аға оқытушы, 8 магистр.

ҚазҰУ мен ШТЖІМУ-да «Исламтану» мамандығы дінтану кафедраларында оқытылады<sup>310</sup>.

«Дінтану» және «Теология» терминдері сияқты «Исламтану» ұғымына да ғылыми анықтама беру бойынша қиындықтар туындайды. Әдетте, исламтанудың екі типін бөліп көрсетуге болады:

1) Исламтануды зайырлы ғылым ретінде түсіну – бұл жағдайда исламтану дінтану ғылымының құрамдас бөлігі, яғни дінтанулық құралдарды пайдаланатын ислам бағыттындағы пән ретінде қабылданады;

2) Исламтануды діни білім беру жүйесі ретінде түсіну – бұл жағдайда аталған пән «конфессионалды исламтану», яғни исламды теологиялық тұрғыдан зерттейтін білім жүйесі ретінде қарастырылады<sup>311</sup>.

Өкінішке орай, отандық ғылыми қауымдастық қазіргі исламтану ғылымын дифференциациялау мәселесіне назар аудармай келеді. ҚазҰУ-дың Дінтану және мәдениеттану кафедрасының пайымдауынша, исламтану дегеніміз – «исламды, оның догматикасын, тарихын, мәдениетін, мұсылман халықтарының құқығын және исламға қатысты қоғамдық-саяси ұйымдардың құқығын және діни-құқықтық жүйелерді, бұрынғы және қазіргі уқыттағы мектептерді оқытатын ғылыми пән. Исламтану ғылымы исламның рухани құндылықтары мен бағыт-бағдарлары,

<sup>310</sup> Аталған кафедралардың ПОҚ сапалық құрамы 3.2.1 «Дінтану» бөлім тармағында талданған

<sup>311</sup> Толық талдау үшін 3.3 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде діни және дінтанулық білім берудің халықаралық тәжірибесі» бөлім тармағын қараңыз

оның жақтаушылары туралы ақпарат көзі болып есептеледі»<sup>312</sup>.

«Исламтану» дефинициясы бойынша бір жақты ұстаным болмауына қарамастан, тиісті материалдарды талдау нәтижесінде білім беру бағдарламасы бойынша орын алып отырған келесі мәселелер анықталып отыр.

### Оқуға қабылдау емтихандары бойынша жағдайды талдау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың Үлгілік ережелерін бекіту туралы» Бұйрығының 2 қосымшасына сәйкес, «Исламтану» мамандығына түсу үшін шығармашылық емтихан тапсыру қажет<sup>313</sup>.

Нұр-Мұбарак университетінің ресми сайтындағы деректерге сәйкес, бакалавриат деңгейіне арналған шығармашылық емтихан бағдарламасына 100 сұрақ енгізілген<sup>314</sup>:

- барлық сұрақтар ислам теологиясына қатысты;

- діни білімге тән терминдер пайдаланылады – мысалы, сұрақтар келесі мәтінде құрылған: «Пайғамбардың (оған алланың мейірімі мен шапағаты болсын) сахабалары туралы айтып беріңіз»; «Қасиетті Құран – құдыретті Алла сөзі»;

- ғылымның дінтанулық қырларына қатысты сұрақтар кездеспейді.

Шығармашылық емтиханның осындай ерекшеліктері магистратура мен докторантура деңгейлеріне де қатысты.

Шығармашылық және оқуға түсу емтихандарының аталған аспектілері университеттер «Исламтану» мамандығын діни білім берудің бөлігі ретінде қарастыруымен байланысты болуы мүмкін. Осы пікірдің дәлелі ретінде келесідей екі жағдайды атап кетуге болады:

а) Нұр-Мұбарак түлектерінің жалпы санының 60%-дан астамы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдары мен мекемелеріне жұмысқа орналасады;

б) болашақ исламтанушылардың фокус-топтық зерттеулер барысында білдірген пікірлері. Олардың көпшілігі «Сіздердің діни сенімдеріңіз кәсіп таңдауға әсерін тигізеді ме?» деген сұраққа төмендегідей нұсқаға ұқсас жауаптар берді:

*«маған бұл мамандықты таңдауда діни сенім маңызды рөл атқарды, біздің отбасымыз діндар болғандықтан, ағамнан, әпкемнен алдым десем болады, тікелей әсер етті...».*

«Исламтану» мамандығының көптеген студенттері оқуға түсу емтихандарының қиын болғанын атайды:

*«Оқуға түскен уақытта шығармашылық емтихан тапсырдық, сұрақтар беріледі, арасында қиын сұрақтар болды, білім деңгейімізге сай келмейтін сұрақтар болды...»*

*(студент, Нұр-Мұбарак)*

*«қиындықтар болды, қазір тереңірек білген соң оңай болды...»*

*(студент, ҚазҰУ)*

Осы орайда, қабылдау емтихандарына жасалған талдау бойынша келесідей қорытынды шығаруға болады:

- Нұр-Мұбарак университетінде «Исламтану» мамандығы дінтанулық білім ретінде емес, теологиялық білім берудің құрамдас бөлігі ретінде қабылданады;

<sup>312</sup> Исламтану. ҚазҰУ Дінтану және мәдеиттану кафедрасы. URL: <https://www.kaznu.kz/ru/19383/page/> (қаралған күні 01.10.2020)

<sup>313</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 ж. 31 қазанындағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың Типік ережелерін бекіту туралы» Бұйрығы URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650> (қаралған күні 01.09.2020)

<sup>314</sup> Исламтану мамандығы бойынша шығармашылық емтихан бағдарламасы. Нұр-Мұбарак. URL: <https://nmu.kz/kk/islamtanu-mamandygy-bojynsha-shygarmashylyk-emitihan-bagdarlamasy/> (қаралған күні 01.10.2020)

- студенттердің айтуынша, оқуға қабылдаудың емтихан сұрақтары талапкерлердің білім деңгейлеріне сәйкес келмейді, жалпы мектепті бітіріп келген талапкермен салыстырғанда медресе бітірген студенттердің артықшылығы болады: «...мектептен келетін балалар бар, мектепте дін туралы аз оқиды, медреседен келетін балалар бар, олардың деңгейі жоғары» (студент, Нұр-Мұбарак).

### **Білім беру процесінің түрлі аспектілерін студенттердің көзқарасы арқылы талдау**

Зерттеу аясында ҚазҰУ мен Нұр-Мұбарак университетінің әр түрлі білім деңгейлерінде «Исламтану» мамандығы бойынша оқитын студенттермен фокус-топтар өткізілді.

#### *Мамандықты таңдау себептері*

Әлеуметтік зерттеулер деректері көрсеткеніндей, студенттердің «Исламтану» мамандығын таңдау шешіміне негізінен мешіттердің ресми қызметшілері әсер еткен:

*«Менің өзім таджуит ілімін 8-9 жасымда үйренген болатынмын. Менің бір таныс кісім бар еді мешітте, мен 11 сыныпта физика-математиканы таңдаймын ба деп ойланып жүрген кезде сол кісі маған ұсыныс айтты – «неге сен Нұр-Мұбарак университетіне бармайсың?», - деп. Содан бастап мен жайлап өз ойымды өзгерттім»*

*(студент, Нұр-Мұбарак)*

«11 сынып оқып жүргенде мен Талғардағы подкурста болдым, 3-4 ай бойы оқыдым, сол жерде қыздар болды, содан кейін ұстаздар маған сен неге осы универге бармайсың деп ұсыныстар жасаған болатын, солардың арқасында ата-анам да қолдады...»

*(студент, Нұр-Мұбарак)*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мамандық таңдауға діни ұстанымдардың ықпалы төмен екендігі байқалады, дін өкілдерінің әсері болғандығын бір студент ғана айтты:

«Мамандықты таңдауыма ата-анам, мешітте сабақ берген ұстазда мен имамдар кеңес берді;

ҚазҰУ-дың көптеген студенттері мамандықты өздері таңдаған, олардың шешіміне ешкім ықпал етпеген.

Жоғарыда аталғандай, Нұр-Мұбарак университеті студенттерінің кәсіби жолдарын таңдауға өздерінің діни сенімдері әсер етіп отыр.

ҚазҰУ-да өзгеше жағдай анықталды, студенттердің бір бөлігі «аталған мамандықты таңдауыма діни сенім әсер етті» дегендей пікірлер білдірсе, екінші бөлігі «менің сенімім мамандық таңдауыма ешқандай әсерін тигізген жоқ» деген жауаптарды ұсынып отыр.

#### *Мамандық таңдау шешіміне қанағаттану*

Фокус-топтық зерттеулерге қатысқан ҚазҰУ мен Нұр-Мұбарак университетінің барлық студенттері мамандық таңдау шешімін дұрыс деп санайды:

«Мен өкінбеймін, керісінше жылдан жылға қызығушылығым артып келе жатыр» (Нұр-Мұбарак).

Студенттердің көпшілігі өздерінің кәсіби мансаптарын аталған мамандықпен байланыстырады:

«Болашағымды осы мамандықпен байланыстырамын, бірақ ұстаз ретінде емес. «Шапағат», «Аңсар» деген орталықтар бар ғой, солардың бірінде жұмыс жасағым келеді» (Нұр-Мұбарак);

*«Мен осы мамандық бойынша жұмыс жасаймын деген ойдамын, магистратураны бітірген соң ұстаздық қызметін жалғастырамын»*

*(ҚазҰУ)*

Аталған мамандық саласында жұмыс жасағысы келетін студенттердің көп болуына



қарамастан, кейбір білім алушылар өздерінің қызметтерін өзге салада жалғастырғылары келеді:  
*«Кәдімгідей исламтанушы боламын деп айта алмаймын, исламдық экономикаға қатысты қызмет істеймін»*

*(Нұр-Мұбарак)*

*«Бакалавриат деңгейінде исламтануды бітіріп, магистратураға психологияға түскім келеді, одан кейін ҰҚК-де немесе араб тілінің аудармашысы болып жұмыс жасаймын деген ойдамын»*

*(ҚазҰУ)*

Жалпы алғанда, студенттердің басым бөлігі өздерінің таңдауымен және оқыту процесімен қанағаттанады.

#### *Өзге аспектілер*

Нұр-Мұбарак университетінің барлық студенттері білім беру бағдарламасына «Психология» пәнін ендіру керек деп санайды.

ҚазҰУ студенттері аталған пәнді оқу қажеттілігімен қатар, шешендік өнер және ағылшын тілі курстарын енгізу керектігін атады:

*«...ораторлық шеберлік міндетті түрде керек, аудиториямен жұмыс жасау керек. Медиация саласындағы пәндер қажет, дін саласындағы алауыздықты шешудегі жолдарын білу маңызды, сол қажетті және жақсы пән»*

*(ҚазҰУ)*

*«...негізі ағылшын тілі бір ғана жыл болады, соны әрі қарай тереңдетсе екен, сондай-ақ араб тілін оқытса»*

*(2 курс студенті, ҚазҰУ)*

Сонымен бірге, ҚазҰУ-дың студенттері араб тілін оқыту бойынша академиялық сағаттар жетіспеушілігіне назар аударды:

*«...біз тек араб тілінен қиналамыз, басқа ешқандай қиындық жоқ»;*

*«...араб тілі сәл қиындау және де сағаты аз, үлгермейміз».*

Студенттердің сұранысын және жұмыс берушілер тарапынан түлектерге қойылатын талаптарды ескере отырып, 2020-2021 оқу жылынан бастап «Шешендік өнер» пәні енгізілген болатын.

Нұр-Мұбарак университетінің студенттерімен халықаралық білім беру орталықтарымен, әсіресе Еуропаның жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасу қажеттілігі туралы ұсыныстар айтылды. Респонденттердің пікірінше, елдегі исламтану ғылымын оқыту әдіснамасы ресейлік бағдарламаларға сәйкес жасалған, ал Оксфорд, Гарвард сияқты Еуропаның жетекші ЖОО-ның тәжірибелері ескерілмейді.<sup>315</sup>

*«...тәжірибе жинақтауға мүмкіндік бар, тек Түркияға ғана емес басқа да елдерге жіберсе»;*

*«Біздің университетте шет елдермен байланыс бар, бірақ соны жақсарту керек».*

Одан бөлек, студенттер өндірістік практиканың жетіспеушілігін немесе сапасыз өткізілетінін атап кетті:

*«Бізде теория көп, практика жоқ, педагогикалық практика болсын, кәсіптік практика болсын, оның жағдайын жақсы талдап, ажырата алатын мамандар, мықты сарапшылар жоқ, қолданбалы зерттеулер жүргізілмейді...»; «...бірақ басқа жағынан ғылым, исламтанушы ретінде діннің қоғам, саясат, экономикаға ықпалын жан-жақты талдап бере алатын мамандар жоқ, сол бізде сәл жетіспей тұрған сияқты. Бізде тек діни іліммен, шариғи заңдармен ғана оқытады, соны тереңдету керек. Исламтану мамандары тек мешіттердегі имамдар, теолог қана болып қана қоймай, қоғам қайраткерлері болса екен, көпшілікке танылып жатса жақсы болар еді»*

*(Нұр-Мұбарак)*

315 Батыс елдерінің ЖОО-да «Исламтану» мамандығын толығырақ талдау үшін, 3.4 бөлім тармағын қараңыз



## Білім беру бағдарламаларын талдау

Білім беру бағдарламаларын талдау жұмысы бакалавриат, магистратура мен докторантура білім беру деңгейлері бойынша жіктеліп, «ЖБББЖ» жүйесінің ашық деректеріне негізделді.

### *Бакалавриат*

Қазақстандық академиялық ортада «Исламтану» ұғымының мәнін анықтау бойынша бірыңғай пікірдің болмауынан бөлек, аталған мамандық шеңберінде білім беру жағдайына да терең зерттеулер жүргізілмеді.

Осыған орай, қазіргі дінтанулық/діни білім беру саласында көптеген қайшылықтар жиі орын алады.

Қазақстандық үш университетте «Исламтану» білім беру бағдарламасы ортақ шифр бойынша жүзеге асырылғанымен, олардың алдарына қойған мақсат пен міндеттері әртүрлі болып келеді.

ҚазҰУ-дың бакалавриат деңгейіндегі білім беру бағдарламасының мақсаты бойынша «әдіснамалық талаптар негізінде дінтану мен исламтану саласына қатысты процестерді теориялық талдау мақсатында ғылыми ақпараттарды пайдалана алатын мамандар даярланады». Сондай-ақ, аталған білім беру бағдарламасы аясында мамандарды «дінді ғылыми көзқараспен талдауға» үйрету қажет.<sup>316</sup> ҚазҰУ-дың «Исламтану» мамандығының студенттеріне бірінші кезекте үйретіледі:

- исламтау салаларының негізгі ұғымдарын ғылыми тұрғыдан жіктей білу;
- Мұхамед Пайғамбар хадистері сенімділігін көрсететін тізбекті еркін анықтау, оларды діни сұрақтарды талқылау барысында қолдану, оларға ғылыми негіздеме беру;
- қасиетті жазбаларды талдау мақсатында теориялық білімді пайдалану, оларды діни көзқарастардың негіздерін түсіндіру үшін қолдану;
- кәсіби дағдыларды жүзеге асыру барысында ҚР заңдарын тиімді қолдана білу;
- әлеуметтік мәселелерді шешу және деструктивтік ағымдарға қарсы іс-қимыл барысында ислам этикасы мен өнегесін және тасавууф ілімін тиімді пайдалану;
- теориялық діни білімді және діни зерттеулер әдістерін тәжірибе жүзінде пайдалану.

Сонымен бірге, Нұр-Мұбарак білім беру бағдарламаларының мақсаты бойынша «біліктілігі қазіргі еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін, Матуриди мектебі мен ханафиттік мазхаб ілімінің көмегімен қазақстандық қоғамда діни тұрақтылықты қамтамасыз етуге қабілетті кәсіби мамандар даярланады».

Оқыту соңында келесі нәтижелеріге жету қажет:

- қазіргі заманғы мәдениет пен өркениетте исламтанудың орнын, оның интеграциялық процестердегі маңызын, қазіргі кезеңдегі ислам мәселелерін айқындау білу;
- әлемдік және қазақстандық исламтанудың негізгі тұжырымдары, исламдық ғалымдар, мектептер және бағыттардың маңызды көзқарастары, сондай-ақ қазіргі исламның негізгі мәселелері бойынша түсінік қалыптастыру;
- Матуриди ақидасы мен ханафиттік мазхабтың ілімі негізінде Құран мәтіндерін оқу және талдау;
- діни рәсімдерді, практикаларды, ғұрыптарды орындай білу және өмірдің түрлі жағдайларында діни білімді пайдалану;
- ислам канондарының түрлі дәстүрлері негізінде діни тәжірибелерді түсіндіру.

Жалпы айтқанда, ҚазҰУ-дың исламтану бағдарламасы зайырлы ғылымдарға жақын нұсқада жүзеге асырылып, Нұр-Мұбарак университетінің бағдарламасы конфессионалдық, яғни

316 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігі. Жоғары білім беруін басқарудың бірыңғай жүйесі. Бакалавриат «Исламтану». URL: [http://esuvo.platonus.kz/#/register/education\\_program/application/18223](http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program/application/18223) (қаралған күні 01.10.2020)

теологиялық формада оқытылады деуге негіз бар.

ҚазҰУ-дың бағдарламасындағы базалық пәндерге «Исламдағы азаматтық қатынастар», «Ислами философия және дінаралық диалог», «Халифат тарихы», «Құран ғылымы», «Фикхтың қазіргі заманғы мәселелері», «Тажуид», «Хадистану», «Құран оқу ілімі» және араб тілінің түрлі деңгейдегі курстары жатады.

Нұр-Мұбарак университетінде базалық пәндер ретінде «Матуриди акидасы», «Ислам философиясына кіріспе», «Хадистану кіріспесі», «Зекет пен қажылық», «Хадистанушылар әдістері», «Ханафи мазхабының негіздері», «Діни насихат және оның әдістері», «Шарифат заңдары» және араб тілінің түрлі деңгейдегі курстары оқытылады.

Дінтанулық зерттеулер әдіснамасын оқытуға Нұр-Мұбарак университетінде «Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау», ҚазҰУ-да «Зерттеу әдістерінің негіздері» сияқты пәндер арналған. Сондай-ақ, Нұр-Мұбарак университетінде «Дінтануға кіріспе» пәні оқытылады.

ҚазҰУ-да «Логика және діни риторика» пәні ораторлық шеберлікті қалыптастыруға бағытталған, алайда Нұр-Мұбарак университетінде осыған ұқсан пән 2020-2021 оқу жылынан бастап қана енгізіліп отыр.

Екі университетте де зайырлы және дінтанулық пәндердің аз екендігін атауға болады. Осы бағытта ҚазҰУ-да «Ислам және саясат», «Ислам өркениетінің тарихы», «Қазақстандағы Қазақстанда», «Халифат тарихы», Нұр-Мұбарак университетінде «Құран ғылымына кіріспе», «Құранның грамматикалық принциптері», «Ислам тарихы», «Қазақстандағы ислам тарихы», «Мазхабтар тарихы», «Шығыстану ғылымының әдістері», «Қазақстан Республикасындағы қазіргі діни ахуал», «Діни ағымдар мен ұйымдар», «Ислам эсхатологиясы» пәндер жүргізіледі.

ҚазҰУ және Нұр-Мұбарак университетінің білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасының дін саласы бойынша заңдарды оқытуға арналған пәндер енгізілмеген.

### *Магистратура*

Білім беру бағдарламаларының мақсаты:

- «бәсекеге қабілетті, толерантты және білікті, жоғары деңгейдегі дінтанулық мәдениет пен қоғамдық санаға ие, исламтану саласындағы іргелі білімі қалыптасқан, өндірістік міндеттерді кәсіби тілде пайымдай білетін және оларды заманауи технологиялар көмегімен шеше білетін мамандарды дайындау...» (ҚазҰУ);<sup>317</sup>

- «исламтану саласында басқару, ұйымдастыру, кеңес беру, талдаулар жасау және ғылыми, педагогикалық зерттеулерді орындай алатын мамандарды дайындау» (Нұр-Мұбарак)<sup>318</sup>

ҚазҰУ-дың магистратурасында оқытудың басты нәтижелері:

- заманауи исламтану мәселелерінің шығу тегі мен өзіндік ерекшеліктерін және қазіргі қоғамдағы діни және ислами құндылықтарды талдай білу, сондай-ақ қазіргі интеграциялық процестерде исламтанудың рөлін айқындау;

- әлемдік және қазақстандық исламтанудың негізгі заманауи тұжырымдары бойынша кәсіби дағдыларды қолдану, олардың басты өкілдерін, мектептері мен бағыттарын білу, араларындағы концептуалды айырмашылықтарды ажырату, сондай-ақ қазіргі ислами дискуссиялардың мазмұнын түсіну;

- қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және рухани-мәдени тенденциялар негізінде исламтанулық, дінтанулық, философиялық, әлеуметтік-саяси әдебиеттерді талдау.

Нұр-Мұбарак университетінде түлектердің бойында келесідей дағдыларды қалыптастыру мақсат етілді:

317 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігі. Жоғары білім беруін басқарудың бірыңғай жүйесі. Магистратура «Исламтану», ҚазҰУ. URL: [http://esuvo.platonus.kz/#/register/education\\_program/application/11788](http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program/application/11788) (қаралған күні 01.10.2020)

318 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігі. Жоғары білім беруін басқарудың бірыңғай жүйесі. Магистратура «Исламтану», Нұр-Мұбарак. URL: [http://esuvo.platonus.kz/#/register/education\\_program/application/4079](http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program/application/4079) (қаралған күні 01.10.2020)

- исламтану мәселелерінің табиғаты мен ерекшеліктері, қазіргі өркениет пен мәдениетте исламтанудың алатын орны турлы түсінік қалыптастыру;
- әлем мен Қазақстандағы негізгі заманауи исламтану тұжырымдамалары, құқықтық мектептері (мазхабтар) және ағымдар бойынша кәсіби білім деңгейін көрсету, исламдық құқық (фикх) пен діни сенім (ақида) арасындағы қайшылықтардың басты мазмұнын түсіну;
- ғылыми-педагогикалық зерттеулер өткізудің тиімді әдістерін таңдай білу, сондай-ақ қолданыстағы әдістерді үнемі жетілдіру дағдыларын игеру;
- исламтану саласы бойынша ғылыми жобаларға қатысу.

Нұр-Мұбарак университетінде міндетті компонентке «Ғылыми зерттеу сұрақтары», «Шариғаттың мақсаттары», «Зерттеу тәжірибесі», «Құран мақсаттарын ұғыну» сияқты курстары жатады. ҚазҰУ-да аталған цикл бойынша «Исламтанудың әдіснамалық мәселелері», «Шариғаттағы жалпы ережелер», «Ғылыми қызметті ұйымдастыру және жоспарлау», «Фикхтың заманауи зерттеулері» пәндері оқытылады.

Таңдау компоненті бойынша ҚазҰУ-да «Ислами ілімдердің заманауи мәселелері», «Каламның классикалық мәтіндері», «Шариғаттағы некелік-отбасылық қатынастар», «Сунниттік теологияның қалыптасуы: Матуриди және Ашғари мектептері», «Исламдағы қазіргі заманғы теологиялық мәселелер мен ағымдар», «Құранды талдау әдістері» пәндері, Нұр-Мұбарак университетінде «Заманауи идеологиялық ағымдар», «Діни мәтіндерді зерттеу», «Ақиданы тақырыптар бойынша оқыту», «Пайғамбарлық сүннет мақсаттарын ұғыну», «Ислам шариғатындағы медициналық сұрақтар» тақырыбындағы пәндер ұсынылады.

#### *Докторантура*

Екі университеттің докторантура деңгейіндегі білім беру бағдарламалары бойынша мақсаттары:

- сараптама жүргізу, кеңес беру, ұйымдастыру және басқару сияқты дағдыларды қалыптастыру және дамыту, исламтану саласында зерттеушілік және педагогикалық қызметтерді атқару (Нұр-Мұбарак);
- мемлекеттік мекемелер мен білім беру саласы үшін дүниетанымдық тұрғыдан исламды терең түсінетін, практикалық дағдылары қалыптасқан, аналитикалық және сараптамалық зерттеулер жүргізе алатын, исламдық зерттеулердің әдістерін меңгерген, еңбек нарығы мен Қазақстанның ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және рухани даму жағдайына бейімделген білікті ғылыми және педагогикалық мамандарды даярлау (ҚазҰУ).

Нұр-Мұбарак университетінде оқыту нәтижесінде қалыптасатын дағдылар:

- исламның мәдениет пен өркениеттегі орнын айқындап, қазіргі исламдық мәселелердің табиғаты мен сипатын айыра білу;
- қазіргі әлемдік және қазақстандық исламтану ғылымының негізгі тұжырымдамаларын, авторлардың мәтіндері мен бағыттарын, олардың өзара айырмашылықтарын, философия мен құқықтану салаларындағы дискуссиялардың мазмұнын білу;
- атқарылған жұмыстар бойынша есептер, рефераттар, мақалалар жазу, ғылыми нәтижелерді уақытында ұсыну;
- исламтану пәнін оқыту барысында кәсіби білімді пайдалана білу;
- бұқаралық ақпарат құралдарына, түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарда дін саласы бойынша ақпараттар беруді үйрену.

Осы орайда, Нұр-Мұбарак университетінің магистратура мен докторантура деңгейлерінде «атқарылған жұмыстар бойынша есептер, рефераттар, мақалалар жазу» сияқты дағды түрі қайталанатынын атап кетуге болады.

Бұл нәтиже түрі ҚазҰУ-дың бағдарламасында ұтымды түрде нақты және тереңдетіліп көрсетілген:

- жаңа ақпараттық және коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, мемлекеттік

органдар, білім беру ұйымдары және өзге мекемелеріне исламтану және дінтану сипатындағы ғылыми материалдарға (монография, мақала, бейнебаян, аудиожазба және т.б.) сараптамалық қорытындылар беру;

- исламтанудың түрлі мәселелері, деструктивтік псевдосалафиттік ағымдарды бойынша талдамалық есептерді жазу барысында исламтану ғылымының теориялық-әдіснамалық жетістіктері мен инновациялық ақпараттық-техникалық бағдарламаларын пайдалана білу;

- исламтанудың күрделі мәселелері бойынша эксперименталды зерттеулер жүргізген кезде зерттеу процесін мемлекеттік және шет тілдеріндегі заманауи компаративисттік және өзге әдіснамалық тәсілдер мен ақпараттық технологияларды пайдалана отырып өткізу;

- исламтану және дінтану салаларында ұсынымдар, талдамалық анықтамалар және өзге де ақпараттық материалдарды дайындау барысында заманауи ғылыми-әдістемелік және техникалық жетістіктерді пайдалану, сондай-ақ исламтану және дінтану салалардағы практикалық және әлеуметтік зерттеулер нәтижелерін үйлесімді қолдана білу.

Нұр-Мұбарак университетінің міндетті пәндері:

- Мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасы;

- Исламдық ойлау мен сана.

Таңдау компонентінің пәндері:

- Пайғамбарлардың діни насихаттарын ислами тұрғыдан талдау;

- Ислам әлемдегі діндер мен наным-сенімдер туралы зерттеулер;

- Ханафиттік құқық ережелері және олардың қазіргі заманда қолдануы;

- Қазіргі заманның әлемдік діндері;

- Миссионерлік қызмет;

- «Усул» принциптері және олардың шарифат бойынша үкімдерге әсері;

- Діндер мен діни ағымдар;

- Исламдағы мемлекеттік басқару жүйесі.

ҚазҰУ-да міндетті пәндер ретінде оқытылады:

- Исламның негізгі мәтіндері;

- Ханафиттік мазхаб исламның діни дәстүріндегі диалог жолы ретінде.

Таңдау компонентінің пәндері:

- Ислам дінінің қайнар көздері мен тарихы;

- Исламдық діни сенімнің негізгі қайнар көздері;

- Құрантану негіздері;

- Сунниттік теологияның қалыптасуы мен дамуы;

- Мұхаммед Пайғамбардың диалогтық миссиясы;

- Ислам және жаһандану: өзара ықпалдасудың негізгі үрдістері;

- Исламофобия және діни стереотиптер;

- Сунниттік теология және мұсылмандық діни-философиялық ойдың эволюциясы;

- Суфизмнің тарихта алатын орны;

- Ислам өркениетінің феномені;

- Шииттік теология және философиялық дәстүр;

- Исламдағы шииттік бағыт: догмалар және рәсімдер.

Нұр-Мұбарак университетінде «Мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасы» және «Қазіргі әлемдегі діндер» пәндері, ҚазҰУ-да Нұр-Мұбаракта, «Исламның негізгі мәтіндері», «Ислам доктринасының негізгі қайнар көздері» жалпы ақпараттық сипатта оқытылады. Осы орайда, бакалавриат немесе магистратура деңгейінде қолданылатын ұстанымды пәндерді терең оқытылуы тиіс докторантура деңгейінде пайдалану бойынша қайшылықтар орын алып отыр.

Сонымен қатар, Нұр-Мұбарак университетінің БАҚ өкілдеріне діни сала бойынша ақпарат ұсыну қабілетін қалыптастыру, ҚазҰУ-дың исламтанулық және дінтанулық әдіснамалар

негізінде эксперттік қорытындылар жазу дағдыларын қалымтастыру нәтижелері және доктор-антурада үш жыл бойы оқытылатын пәндер арасында өзара байланыс толыққанды сақталмай-тынын байқауға болады. Басқаша айтқанда, білім беру бағдарламаларындағы пәндер оқыту нәтижелері бойынша тиісті дағдылардың қалыптасуына әкелмейді деген сөз.

Жалпы айтқанда, білім беру бағдарламаларын талдау, эксперттік сұхбаттар мен фокус-топтық зерттеулерді зерделеу нәтижесінде «Исламтану» мамандығының іргелі қағидаларын анықтау бойынша қиындықтар туындайтынын және оны жүзеге асырудың бірқатар өзекті мәселелері анықталғанын атап кетуге болады.

### **Қорытынды:**

- 1) қазіргі қазақстандық ғылыми ортада исламтану ғылымына анықтама беру бойынша ортақ ұстаным қалыптаспаған;
- 2) «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде исламтану ғылымы діни білім ретінде қарастырылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім беру шифры ортақ «Исламтану» мамандығын дінтану ғылымына жақын ғылыми пән ретінде қабылдайды;
- 3) бакалавриат деңгейіндегі қабылдау емтихандары талапкерлер үшін күрделі формада өткізіледі;
- 4) Нұр-Мұбарак студенттерінің басым бөлігі мамандық таңдау шешіміне имамдар мен өзге де діни қызметшілер әсер еткенін атады; ҚазҰУ-да ондай ықпал жоқ, имамдардың әсерін бір студент ғана көрсетті;
- 5) екі университетте де таңдаған мамандықтарына студенттердің көңілдері толады, олар өздерінің кәсіби қызметтерін діни ұйымдарда және мемлекеттік органдар мен мекемелерде жалғастыруды жоспарлауда;
- 6) Нұр-Мұбарак университетінің барлық студенттері білім беру бағдарламасына психологиялық пәндерді енгізу, сондай-ақ ағылшын тілін терең оқыту қажеттілігін атады;
- 7) Нұр-Мұбарак университетінде жетекші батыс университеттерімен тәжірибе алмасу жетіспеушілігі анықталды;
- 8) зайырлы және дінтану пәндердің санын арттыру қажеттілігі айқындалды;
- 9) ҚР дін саласындағы заңнамасы бойынша пәндердің жетіспеушілігі орын алуда;
- 10) Нұр-Мұбарак университетінде білім беру деңгейлерінде мақсатты түрде қалыптастыруды қажет ететін біліктіліктер бойынша қайталану жағдайлары анықталды;
- 11) оқытылатын пәндер мен оқыту нәтижесі бойынша қалыптастырылуі тиіс дағдылар арасында қайшылықтар орын алуда;

### **3.2.4 Теология**

Қазіргі уақытта «Теология» мамандығының білім беру бағдарламасы екі жоғары оқу орында-ры базаларында жүзеге асырылады – «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің дінтану кафедрасында және Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде.<sup>319</sup>

#### **Оқуға қабылдау емтихандары бойынша жағдайды талдау**

«Дінтану», «Исламтану» мамандықтары сияқты, «Теология» мамандығына түсуге ниетті талапкерлер шығармашылық емтихан тапсырады.

Емтихан форматы дін саласына қатысты өзге мамандықтар бойынша қолданылатын оқуға қабылдау емтихандарына ұқсас келеді.

Ашық қолданыстағы деректерге сәйкес, Нұр-Мұбарак университетіндегі емтихан 78 сұрақтан тұрады. Оның 36-сы ислам туралы білімге, 23-і дінтанудың жалпы сұрақтарына, 5-уі христиан дініне, 4-уі мемлекеттік-конфессиялық қатынастарға, 7-уі өзге сипаттағы сұрақтар (иудаизм, индуизм т.с.с.) арналған.

<sup>319</sup> ПОҚ сапалық құрамы 3.1 «Дінтану» бөлім тармағында келтірілген

ХҚТУ студенттерінің сауалнамаларын талдау бойынша оқуға қабылдау емтихандарының аталған форматында қайшылықтар орын алатыны анықталды. Білім алушылардың пікірлері әр түрлі, кей кезде қарама-қайшы болып келеді.

Кейбірі шығармашылық емтихан форматына қажеттілік бар деп санайды:

«Тиімді деп есептеймін. Теологтар кішкене ерекшелену болу керек және сол арқылы олардың ұстанымдарын байқауға болады...».

«Шығармашылық емтиханның плюсы да минусы да бар. Плюсы – адам осы мамандықты қалап келеді, мен түсемін деп...»

Өзгелері бұл форматты мүлдем алып тастау керек деп санайды:

«Біздің мамандыққа қажет емес деп ойлаймын»;

Осы орайда, дін саласындағы өзге мамандықтар сияқты «Теология» мамандығы бойынша да шығармашылық емтиханға қатысты қарама-қайшы пікірлер байқалады. Сол себепті, оқуға қабылдау кезінде емтихан мазмұнының сапасы және бағалау объективтілігі бойынша әрдайым өзекті мәселелер туындайды.

### **Білім беру процесінің түрлі аспектілерін студенттердің көзқарасы арқылы талдау**

#### *Мамандықты таңдау себептері және таңдау шешіміне қанағаттану*

Студенттер фокус-топтық зерттеулер барысындағы дискуссиялар кезінде аталған мамандықты өздері таңдап, ешкімнің ықпалы болмағандығын атады. Алайда, кейбір студенттер білім беру гранттары қолжетімді болғандықтан келгендерін көрсетті:

«Мен мамандықты емес, мамандық мені таңдады. Бұл мамандықты қалап түскен жоқпын. Грант болған соң түстім. негізі мен хореографияға тапсырғанмын»;

«...мен де таңдаған жоқпын, грант болғандықтан түскем, мамандық бізді таңдады».

Барлық студенттер таңдаған мамандықтары аясында кәсіби мансаптарын жалғастыруды көздейді. Жұмыс орнын таңдауға қатысты сұраққа, респонденттердің басым көпшілігі құқық қорғау органдарында және жергілікті атқарушы органдарда жұмыс жасау ниеттерін білдірген, кейбіреулері зерттеу орталықтарында жұмыс жасағылары келетінін атаған.

Студенттердің көпшілігі оқу кезінде мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды түсіндіруге арналған пәндер болмағанына қанағаттанбайды. Мәселен, көптеген студенттер төмендегі пікірді қолдады:

«Заңды оқыту керек, бізде заңды ешкім білмейді, нақты айтқанда заң жүйесінде дін саласы қалай болу керек, зайырлы мемлекеттің ішінде қайсымен тоқталу керектігін білмейміз ғой. Сол үшін заңды да оқыту керек...».

#### *Өзге аспектілер*

Білім беру процесінің әлсіз аспектілері ретінде студенттер ең алдымен араб тілін оқытуға қатысты орын алатын мәселелерді атаған:

«...араб тілін 1 семестрде түрік ағай берді. Үйрендік деп айта алмаймын. Сол себепті қазақ тілінен бастаған дұрыс деп есептеймін»

Сонымен қатар, білім алушыларды объективті бағалау мәселесі де бар. Бірқатар студенттер, шетелдік студенттерге ешбір негізсіз басымдылық берілетіні туралы ойларын білдірді:

«Меніңше, объективті емес сияқты. Алида айтқандай, бізде мектепте сияқты сабаққа қатысқанымыз үшін баға қойылады, бірақ біздің группамыздағы шетелдік студенттерге көп жеңілдік беріледі, сабаққа келмесе де, бізбен бірдей баға алады, өйткені олар шетелден келіп оқып жатыр».

Жоғарыда аталғандай, студенттер бірауыздан мемлекеттік тілде кітаптар жоқтығына шағымданады. Кітапханада материалдардың болмауы білім алушыларды көбіне интернет ресурстарына жүгінуге мәжбүрлейді.

Кафедра оқытушыларының біліктілігіне қатысты мәселелер бар. Мәселен, бір студенттің айтуы бойынша:



«...Егер сіз тақырып бойынша сұрақ қойсаңыз, олар оған жауап бере алмауы мүмкін. Сонда ол маман болатын саланы біле ме деген сұрақ туындайды...».

### **Білім беру бағдарламаларын талдау**

«Теология» мамандығының білім беру бағдарламаларында көрсетілген мақсаттар:

- Нұр-Мұбарак университетінде: еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес теориялық және практикалық білімі қалыптасқан, заманауи зерттеу әдістерін пайдалану бойынша білікті теолог мамандарды дайындау;<sup>320</sup>

- ХҚТУ-да: практикалық оқытуға және арнайы базалық білімдерін жетілдіруге, зерттеу дағдыларын шыңдауға, зерттеу жұмыстарын кәсіби орындауға қабілетті білікті теолог мамандарды дайындау.<sup>321</sup>

Нұр-Мұбарак университетінде аталған мамандық бойынша оқытудың басты нәтижелері:

- Теологияның ғылым саласының бағыты ретінде қалыптасу мен даму сатыларын білу, діни мәселелерге талдау жасаудың негізгі теориялық және әдіснамалық әдістерін игеру;
- Теолог маманның кәсіби қызметінің мақсатын, әдістерін және әдіснамасын білу;
- Мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастардың функциялық заңдылықтарын білу;
- Діндер дамуындағы жалпы заңдылықтарды негіздей алу, дін саласына қатысты алуан түрлі ақпараттарды талдай білу;
- Діндер эволюциясының жалпы заңдылықтарын түсіндіре білу.

Сонымен бірге, ХҚТУ-да студенттердің бойында қалыптастыруды қажет ететін нәтижелерге келесі аспектілер де жатады:

- Қарым-қатынастың этикалық нормаларын қолдану, олардың қоғамдағы рухани құндылықтарды сақтау және дамыту үшін маңыздылығын түсіну, сыни тұрғыдан ойлай білу, тарихи дәйектер мен принциптерді пайдалану;

- Қазақстан Республикасының дінтуралы заңын түсіндіре білу;

- Діни-философиялық шығармаларды талдай білу;

- Әлемдік және негізгі діндердің діни-теологиялық жүйелерінің мәні мен ерекшеліктерін көрсете білу; теология пәні мен оның әдіснамасын, теологиялық ғылымдар жүйесіндегі орнын, діндер тарихын білу;

- Ерте замандардан бастап қазіргі уақытқа дейінгі Құран, хадис, тәпсір және исламдық құқықтану тарихы мен әдіснамасы туралы сұрақтарға жауап беруге дайын болу.

Осы орайда, ХҚТУ сарапшысы дін саласындағы болашақ мамандардың кәсіби стандарттарын қабылдау қажеттігі туралы келесідей пікір білдірді:

«Білесіздер, дінтану, теология, исламтану бағытында кәсіби стандарттар жоқ. Даярланбай отыр. Міне, сол жасалу керек деп ойлаймын. Сол жасалынса, бізге де оңай болатын еді. Мысалы, кәсіби қызмет саласы көрсетілу керек. Олар қандай қабілетке иә болу керек, негізгі, маңызды қандай құзіреттерді алып шығу керек, міне осы бағыттарды көрсететін бізге проф.стандарт керек. Кәсіби стандарты керек. Оның болмау себебінен біз жұмыс берушілермен жұмыс істейміз. Тек қана біздің районда ғана емес, біздің өңірде ғана емес, біздің түлектер қайда жұмыс істеп жатыр солармен де жұмыс жасаймыз. Ол жақта қандай мүмкіндіктер бар, қандай қажеттіліктер бар екендігін сұрап отырамыз. Телефонмен, почтамен. Сол жұмыс берушілермен отырып білім беру бағдарламасын жасаймыз».

2019-2020 жылғы білім беру бағдарламасына сәйкес, Нұр-Мұбарак университетінде бірінші курсында міндетті пәндер ретінде араб тілі, исламдағы дұғаға қатысты сұрақтар, исламдық теология, екінші курста – діндер тарихы, дін социологиясы, ислам философиясына кіріспе,

320 Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті. Теология білім беру бағдарламасының паспорты. URL: <https://nmu.kz/wp-content/uploads/2018/04/BBB-Bakalavriat-Teologiya-4-zhyl.pdf> (қаралған күні 01.10.2020)

321 ХҚТУ. Теология. ЕСУВО. URL: [http://esuvo.platonus.kz/#/register/education\\_program/application/23353](http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program/application/23353) (қаралған күні 01.10.2020)

қазақы дәстүрлер, дін және әлеуметтік шиеленістер, дін психологиясы, үшінші курста – діни насихат және оның әдістері, қазіргі заманғы діни қозғалыстар мен культтар, төртінші курста – академиялық хат пәні оқытылады.<sup>322</sup>

Элективтік пәндер қатарына эстетика және діни өнер, монотеисттік діндер, салыстырмалы дінтану, ислам тарихы, христиан теологиясы, Матуриди акидасы, діни герменевтикаға кіріспе, мазхабтар тарихы, радикализм және психология, шиеленістер психологиясы, ханафиттік мазхаб негіздері, Орталық Азиядағы ислам тарихы, Қазақ ойшылдарының дін туралы ойлары, дін саласындағы заңдар сияқты пәндер жатады.

Осы ретте, бірінші курста ислам негіздеріне, екінші курста – дінтанулық пәндерге, үшінші курста – заманауи діни қозғалыстарға және олардың мәселелеріне, ал төртінші курста – академиялық хат пәніне назар аударылатынын айтуға болады.

ХҚТУ-да міндетті компоненттерге ислам тарихы, діндер тарихы, түркі халқыларының тарихы, құрантану, конфессияаралық-мемлекеттік қатынастар, ислам дінінің негіздері, араб тілі, діни радикализм психологиясы, діни философия, түрік тілі, ясауитану, ислам философиясы, ислам өнері, ханафизм мен матуридизм негізіндегі қазақтардың діни дәстүрлері, тасаввуф, теологиялық оңалту сияқты пәндер кіргізілген<sup>323</sup>.

Элективті пәндер ретінде библеистика, Иса пайғамбардың өмірбаяны, исламдық антропология, исламдық этика, католиктік шіркеу тарихы, православие тарихы, қалам, ислам құқығының тарихы, литургия, католицизм сенімінің негіздері, тәпсір мен хадис негіздері, патристика мен апологетика, дін психологиясы, дін социологиясы, протестантизм ағымдары, теологиялық коммуникация сияқты курстар оқытылады.

Қазақстан жағдайында жоғары сұраныс орын алуына байланысты «Теологиялық оңалту» пәні енгізілгенін ерекше атап кетуге болады.<sup>324</sup>

Басқа жағынан алғанда, дінтану пәндері бойынша міндетті курстар жоқтығын атап кету қажет. Жоғары оқу орнының білім беру контенті ислам дініне байланысты, психология және әлеуметтану сияқты пәндер таңдау компонентіне жатады.

Сонымен қатар, ХҚТУ-да көптеген студенттер білім беру бағдарламаларында пәндердің қайталану жағдайларын жиі байқайды:

«Бір өткен сабақты 3 семестр бойы қайталап өткен кездер болды. Ол бізге қызықсы, біз уже жалығып кеттік»;

«Бір сабақты 3-4 семестр айналып өте береміз. Білім беру сапасы жүйесіз құрастырылды».

3.2.1 бөлімде ХҚТУ-дың «Дінтану» білім беру бағдарламасы бойынша айтылғандай, «Дінтану» және «Теология» сияқты екі түрлі бағыттардың оқу жоспарларында исламды оқытуға басымдылық беріліп, білім беру негіздерін дифференциациялау мәселесінің өзектілігі сақталуда.

Мәселен, «ЖБББЖ» сәйкес, ислам тарихы, құрантану, конфессияаралық-мемлекеттік қатынастар, діни радикализм психологиясы, ясауитану, тәпсір негіздері, хадис негіздері (дінтануда – тәпсір әдіснамасы, хадис әдіснамасы), діни құқық негіздері, ханафизм және матуридизм негізіндегі қазақтардың діни дәстүрлері, теологиялық коммуникация (дінтануда – діни коммуникация) ұқсас мазмұндағы пәндер қатарын жатады. Сол себепті, бір мамандық курстары шеңберінде ғана емес, бір оқу орны ішіндегі пәнаралық деңгейлерде де қайталану мәселесі байқалады.

322 Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті теология білім беру бағдарламасының паспорты. URL: <https://nmu.kz/wp-content/uploads/2018/04/BBB-Bakalavriat-Teologiya-4-zhyl.pdf> (қаралған күні 01.10.2020)

323 ХҚТУ. Теология. ЕСУВО. URL: [http://esuvo.platonus.kz/#/register/education\\_program/application/23353](http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program/application/23353) (қаралған күні 01.10.2020)

324 Мысалы, өзектілік келесі нормативтік құжаттармен айқындалады, мәселен Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2020 ж. 26 наурызындағы №247 «Тергеу-айыбын өтеу жүйесі мекемелерінде сотталған адамдармен теологиялық реабилитациялау жұмыстарын ұйымдастыру Ережелерін бекіту тарылы» Бұйрығы. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020200> (қаралған күні 01.10.2020)

Жалпы алғанда, материалдарды талдаулар нәтижесінде «Теология» мамандығын даярлау бойынша жетілдіруді қажет ететін бірқатар ерекшеліктер мен мәселелер анықталды.

#### **Қорытынды:**

- 1) шығармашылық емтихан бойынша дін саласында өзге мамандықтармен ұқсас мәселелер орын алуда;
- 2) мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас саласын оқытуға аз сағаттар бөлінген;
- 3) Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде араб тілін сапалы оқыту жағдайына назар аудару қажет;
- 4) ХҚТУ-да жергілікті және шетелдік студенттердің білімін объективті бағалау бойынша нарызылыққа негізделген пікірлер орын алуда;
- 5) мемлекеттік тілдегі материалдардың тапшылығы бойынша мәселелер туралы айтылды;
- 6) ХҚТУ-дың «Теологиялық оңалту» пәнін оқыту бойынша тәжірибесіне назар аудару қажет;
- 7) ХҚТУ-дың дінтанулық пәндер бойынша міндетті пәндер жетіспеушілігі байқалады;
- 8) ХҚТУ-да оқыту курстары шеңберінде білім беру бағдарламаларының мазмұндары қайталану бойынша жағдайлар жиі орын алады;
- 9) «Дінтану» және «Теология» сияқты екі түрлі мамандықтарының кейбір пәндері өзара ұқсастығы және қайталануына орай, білім беру бағдарламаларын дифференциациялау қажеттілігі анықталып отыр;

### **3.3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейде діни және дінтанулық білім берудің халықаралық тәжірибесі**

Осы талдамалық баяндаманың 3.1 бөлімінде баяндалып кеткен дифференциациялау бойынша өзекті мәселелерді ескере отырып, шетелдік діни және дінтанулық білім беру салаларын екі бағытқа бөліп талдау дұрыс болып көрінеді. Әрине, Батыс елдерінде діни (теологиялық) және дінтанулық білім беру жүйелерінің арасындағы шекара көп жағдайда шартты сипатқа ие екендігі баршаға мәлім. Аталған ерекшелік батыс қоғамының эволюциясы барысындағы әлеуметтік-мәдени оқиғалар мен жағдайлардың ықпалынан туындап отыр. Алайда, екі бағыттың түрлі пәндік негіздері мен мақсаттарын ескеріп, осы бөлімді екіге жіктеп қарастыруды жөн көрдік: діни және дінтанулық білім беру салаларының ерекшеліктері жоғары білім деңгейінде (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейде (магистратура, докторантура) сараланатын болады.

Сарапшылардың барлығы қазіргі заманғы үдерістерге сәйкес дінтану мен теология мамандықтарының білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін бенчмаркинг әдісін қолдану маңыздылығын, сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескеру қажеттілігін ерекше атап өтті:

*«Халықаралық тәжірибе білім беру бағдарламасын дайындау кезінде ескеріледі. Бірнеше шетелдік оқу орындарының, соның ішінде Йель және Канзас университеттерінің, Еуропа елдеріндегі жоғары оқу орындарының стандарттары, дінтану білімі бойынша оқу бағдарламалары салыстырылып, түлектердің біліктілігіне қойылатын негізгі мақсаттар пен міндеттер назарға алынады...» (ҚазҰУ)*

ҚарМУ сарапшысы әсіресе жаһандану жағдайындағы халықаралық тәжірибенің бағыттарын зерттеуге мән беру қажет деп есептейді. Нұр-Мұбарак университетінің сарапшысы өзінің саласындағы ерекшеліктерге сүйеніп, аталған пікірге ұқсас ойларын білдірді. Сонымен бірге, мамандар батыс университеттерінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша еркіндік беріліп, олардың мазмұнын жоспарлау жұмысында қажетті мөлшерде креативтілік танытуға жағдай жасалған деп санайды.

Осы орайда, білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша халықаралық тәжірибелерді зерттеудің маңыздылығы артып, олардың мазмұндары мен ерекшеліктерін талдау негізінде отандық білім беру жүйесіне енгізуге болатын компоненттерді ескеру қажет етіледі.

### Жоғары білім алу деңгейіндегі діни білім берудің жүйесі

Әлемдегі білім және ғылым салаларында, соның ішінде посткеңестік елдердің академиялық орталықтарында да «діни білім беру» дефинициясының нақты анықтамасы бекітілмеген.

Ресей Федерациясында діни (теологиялық) білім алу мүмкіндігі 29.12.2012 N 273-ФЗ (31.07.2020 ред.) «Ресей Федерациясындағы білім беру туралы» Федералды заңының 87-бабында нақты көрсетілген: «Отбасылық және қоғамдық рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және дамыту мақсатында білім беру бағдарламаларына Ресей Федерациясы халықтарының рухани мұрасының негіздерін, өңгелік принциптерін, әлемдік діндердің тарихи және мәдени дәстүрлерін оқытуға бағытталған оқу пәндері, курстарды, модульдарды енгізуге рұқсат етіледі».<sup>325</sup> Осы заңға сәйкес, құжаттарды ұсынып отырған діни бірлестіктің іліміне сәйкестігін анықтау үшін білім беру бағдарламаларын дінтанулық сараптамадан өткізу міндеттеледі. Сонымен қатар, аталған пәндерді оқытуға орталықтандырылған діни ұйымдар ғана қатыса алады.

Қазіргі таңда теологиялық бағыт бойынша даярлық бағдарламалары бірқатар жоғары оқу орындарында жүргізіледі. Мәселен, Ресей ислам институты (Қазан қаласы) «Теология» мамандығы бойынша бакалавр және магистр дәрежесін алғысы келетіндерге арналған бағдарламаларды жүзеге асырып келеді.<sup>326</sup> Аталған ЖОО-да теологиялық мамандықпен қатар, мазмұнында конфессионалдық ерекшеліктері басым болып келетін «Лингвистика» және «Журналистика» бағдарламалары енгізілген (араб тілі терең оқытылатын исламдық журналистика мен лингвистика). «Теология» білім беру бағдарламасында исламтану ғылымына арналған жалпы міндетті пәндерден бөлек «Діни риторика», «Мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас», «Жаңа діни қозғалыстар» сияқты пәндер де қарастырылған.

Жалпы, осы елде дін саласы бойынша мамандарды бірқатар ЖОО даярлайды: Мәскеу мемлекеттік лингвистика университеті, Православ Свято-Тихонов гуманитарлық университеті, Қазан федералды университеті, Омбы мемлекеттік университеті, Иркутск мемлекеттік университеті және т.б.

Православ Свято-Тихонов гуманитарлық университетінде «Теология» және «Сурет өнері» (негізнен шіркеулік сурет) сияқты теологиялық мамандықтармен қатар, зайырлы бағыттағы «Әлеуметтік жұмыс», «Экономика», «Филология», «Педагогика» бойынша білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады. Зайырлы білім беру бағдарламаларын талдау барысында келесідей жайттарды аңғаруға болады. Атап айтқанда, «Экономика» бағдарламасы шеңберінде негізінен экономикалық курстар оқытылады, алайда «Литургиялық Әпсаналарға кіріспе», «Көне христиан шіркеуінің тарихы», «Православ іліміне кіріспе» сияқты бірқатар элективті пәндер де енгізілген.<sup>327</sup>

Новосибирск мемлекеттік техникалық университетінің доценті Д.А.Цыплаков Ресей Федерациясында мемлекеттік білім беру кеңістігінде теологиялық тұрғыдан алғанда дін енгіздерін оқыту бойынша екі стратегия қалыптасқанын атап отыр.<sup>328</sup> Бірінші стратегия – діни пәндер мен мамандықтарды (кейбір жағдайларда кафедралар мен факультеттерді) жергілікті білім беру орындарының құрамына енгізу (Пятигорск мемлекеттік университеті, Ресей мемлекеттік әлеуметтік университеті, Қиыр шығыс федералды университеті және т.б.) немесе қызметін зайырлы үлгілер негізінде жүзеге асыратын жаңа діни институттар құру. Екінші стратегия – бұрыннан қызмет көрсететін рухани (діни) оқыту мекемелерді мемлекеттік аккредитациядан

325 «Ресей Федерациясындағы білім беру» 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 273 Федералды заңы (ред. От 31.07.2020) URL: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_140174/0de7845187501423002e9572e4903056b41b3f7f/#dst101160](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_140174/0de7845187501423002e9572e4903056b41b3f7f/#dst101160) (қаралған күні 01.09.2020)

326 Ресей ислам институты. URL: <http://www.kazanrii.ru/sveden/education/> (қаралған күні 01.09.2020)

327 Білім беру процесін регламенттейтін құжаттар. ПСТГУ. URL: <http://old.pstgu.ru/sveden/education/> (қаралған күні 04.09.2020)

328 Цыплаков Д.А. Ресейдегі діни білім беру: интеграция мәселелері. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/religioznoe-obrazovanie-v-rossii-problema-integratsii/viewer> (қаралған күні 01.09.2020)

өткізу. Автордың пікірінше, бірінші стратегия зайырлы қағидаттарға бастапқыдан негізделетін болғандықтан іс жүзінде тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қырғыз Республикасында жоғары оқу орындары деңгейлерінде діни білім беруді жүзеге асыру үшін Қырғыз Республикасының Дін істері жөніндегі мемлекеттік комиссиясынан (ҚР ДІМК) арнайы куәлік алу қажет. Осындай тексеруден өткен соң, діни оқу орны заңнамалық талаптарға сәйкес заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өтеді.<sup>329</sup>

Сондай-ақ, Қырғызстанда діни бағыттағы орта кәсіби оқу орындары мен ЖОО-дың бағдарламаларына келесідей міндетті және зайырлы пәндер енгізіледі:

- Қырғызстан тарихы және әлемдік тарихы;
- Азаматтану;
- Дінтану
- География
- Әлеуметтану
- Психология және педагогика
- Қырғыз және орыс тілдері;
- Ақпараттық технологиялар.

Зайырлы оқу орны дипломы (әдетте, мектеп аттестаты) болған жағдайда жоғарыда аталған пәндерді оқу міндетті саналмайды.

Барлық діни оқу орындарын бақылайтын мемлекеттік орган болып табылатыны қоса алғанда ҚР ДІМК мен Білім және ғылым Министрлігі. Алайда лінтанымдық білім беру Қырғыз Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің тікелей «құзыретінде».

ҚР ДІМК есебіне сәйкес, 2017 жылы Қырғызстандық ислам университеті, «Расул Акрам» университеті, «Хазрети Осмон» ислам институты, Нұр әл-Ислам институты сияқты діни жоғары оқу орындары тіркеуден өткен.

Түркияның Анкара университеті құрамындағы теология факультетінде «Теология» және «Құдайтану» бакалавр мамандары даярланады. Ресми сайттағы мәліметтерге сәйкес, аталған бағдарламалар әртүрлі мақсаттарды көздейді – «Теология» бірінші кезекте «жалпы ислам туралы терең білім беруге...» бағытталса, «Құдайтану» мамандығында иудаизм, христиандық, индуизм және т.б. шығыс діндері бойынша білім алуға болады. «Теология» бағдарламасына исламдық пәндермен қатар, зайырлылық бағыттағы «Ататүрк принциптері және революция тарихы», АКТ, «Логика», «Философияға кіріспе», «Дін психологиясы», «Діндер тарихы» міндетті пәндер және «Психологияға кіріспе», «Әлеуметтануға кіріспе» сияқты элективті курстар енгізілген.

Исламдық жоғары білім беру бойынша Малайзия Халықаралық ислам университетінің бағдарламасына назар аудару қажет. Аталған оқу орны «QS World University Ranking»<sup>330</sup> ұйымының 2020 жылғы рейтингіне сәйкес, «Теология, құдайтану және дінтану» мамандарын даярлау бойынша әлемнің үздік университет тізімінде 37 орынға орналасып, осы тізімдегі ислами құндылықтар мен принциптерге сүйеніп оқытатын жалғыз ЖОО болып табылады.<sup>331</sup>

Бұл университетте 14 факультет пен орталық жұмыс жасайды: тілдер және университетке дейінгі академиялық даму орталығы, құқықтану, архитектура, экономика, білім беру, инженерия, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, исламдық білім мен гуманитарлық ғылымдар және т.б. сол сияқты факультеттер.<sup>332</sup> Барлық білім беру бағдарламалары ислами

329 «Қырғыз Республикасында білім беру тәртібі туралы». URL: [https://www.sfcg.org/wp-content/uploads/2019/10/Handbook\\_on\\_provision\\_of\\_religious\\_education\\_in\\_the\\_Kyrgyz\\_Republic.pdf](https://www.sfcg.org/wp-content/uploads/2019/10/Handbook_on_provision_of_religious_education_in_the_Kyrgyz_Republic.pdf) (қаралған күні 03.09.2020)

330 QS World University Ranking. URL: <https://www.topuniversities.com/university-rankings/university-subject-rankings/2020/theology-divinity-religious-studies> (қаралған күні 03.09.2020)

331 Барлық өзге ЖОО-ын қандай да бір түрде батыс христиан дәстүрлеріне негізделген мекемелерге жатқызуға болады. Мысалы: Нотр-дам университеті, KU Leuven, Ludwig-Maximilians-Universität München.

332 International Islamic University Malaysia. URL: <https://www.iiu.edu.my/programme/index/undergraduate/7> (қаралған күні 05.09.2020)



құндылықтарға негізделеді. Мысалы, «Саясаттану» мамандығы бойынша магистратураның білім беру бағдарламасында «Саясаттанудағы исламизация мәселелері», «Исламдағы саяси тәртіп теориялары» тәрізді міндетті пәндер бар. Докторантура деңгейінің «Ағылшын тілі» бағдарламасында «Тіл ғылымдары мен әдебиетте исламизацияның зерттелуі» міндетті пән енгізілген. «Мейірбикелік іс» зайырлы мамандығының докторантурасында «Исламның медицинаға қосқан үлесі» пәні міндетті түрде оқытылады.

Діни білім беру бойынша батыс елдерінің тәжірибелері қызығушылық тудырады. Сол елдерде теология, құдайтану және жалпы дінтанулық білімді оқытатын университет, семинария және өзге де рухани оқу орындары көп болғандықтан, олардың ішінен жыл сайын әлемнің ең үздік университеттер тізіміне кіретін оқу орындарын қарастырған жөн.

Мысалы, Оксфорд университетінде «Теология және дін», «Теология және философия», «Дін және шығыстану» мамандықтары бойынша бакалавр мамандарды даярлайтын теология және дін факультеті бар.<sup>333</sup> «Теология және дін» мамандығының студенттері алғашқы үш семестрде 3 міндетті курс оқиды: «Дін және діндер», «Інжіл іліміне кіріспе», «Иисустың бейнесі».<sup>334</sup> Сондай-ақ, таңдау бойынша тілдерді оқуға болады: ежелгі грек тілі, інжілдік иврит, араб тілі, шіркеулік латын тілі, пали, санскрит. «Дін және діндер» курсының силлабусына әлеуметтану, психология, діндер философиясына қатысты тақырыптарға енгізілген.

Өзге семестрлерде студенттер 4 бағыт бойынша (Библеистика, жүйелі теология және этика, діндер тарихы, дін және діндер) 7 мақала жазуы керек (әрқайсысы 10000 сөзден кем емес). Қорытынды емтихан мақала-эссе жазу форматында өткізіледі.

Діни оқыту бағдарламалары Оксфорд университетінің зайырлы білім беру жүйесіне үйлесімді енгізілген. Мамандықтар христиан бағытында болуына қарамастан араб немесе өзге тілдерді оқуға еш кедергі келтірілмейді. Сондай-ақ, теологиялық пәндермен қатар, ұлттық және әлемдік діндер оқытылады.



<sup>333</sup> University of Oxford. Undergraduate. Theology and Religion. URL: <https://www.ox.ac.uk/admissions/undergraduate/courses-listing/theology-and-religion> (қаралған күні 05.09.2020)

<sup>334</sup> Оксфорд университетінде академиялық жыл үш семестрден тұрады – Миклмасс (күзгі), Хилари (қысқы) және Тринити (көкемгі).



Бельгияның Левен католиктік университеті ерекше назар аударуға болатын оқу орны болып саналады. Бұл оқу орны католик университеті ретінде қызмет етеді, оның штатында ресми түрде католицизм дініндегі және шіркеу қызметкері болып саналатын көптеген профессорлар жұмыс жасайды. Аталған оқу орны Еуропадағы беделді университеттердің қатарына кіреді.

«KU Leuven» теология және дінтану факультетінде (дифференциация жоқтығын атап кеткен жөн) 180 кредиттен тұратын «Теология және дінтану» бағыты бойынша бакалаврлар оқытылады. Оқыту мерзімі – 3 жыл.<sup>335</sup>

Білім беру бағдарламасы 5 міндетті компоненттен тұрады:

1) Теологиялық компонент – библеистика, жүйелі теология, теологиялық этика, шіркеулер тарихы және теология, пасторалдық теология;

2) Дінтанулық компонент – үш жылдық оқу барысында студенттер исламға кіріспе, діндер антропологиясы, дінтану, иудаизм, діндер психологиясы және шығыс діндеріне кіріспе курстарын өтеді. Аталған пәндер үш жылда бір рет оқытылады, сол себепті әрбір оқуға түскен студент оларды әр жылдары оқуы мүмкін;

3) Философиялық компонент – студенттер әр жыл сайын аталған компоненттен бір пән таңдайды. Оның қатарында «Философияға кіріспе», «Метафизика» мен «Таным теориялары» және т.б. пәндер;

4) Элективті компонент – бірінші жылы бір элективті пән, келесі екі жылда екі пәннен таңдау қажет. Студенттер классикалық тілдерден (латын, грек, неміс, иврит, француз) кем дегенде бір курсты және «Канондық құқық» циклынан кем дегенде бір пәнді оқиды;

5) Жеке компонент – бірінші курста барлық студенттер «Теологияға кіріспе» пәнін оқиды. Екінші және үшінші курста «Теологиялық мәтіндердің оқылуы: шіркеу және экуменизм» немесе «Теологиялық мәтіндердің оқылуы: христология және құдайтану» пәндерінің біреуін таңдаулары керек.

Қазақстандағы білім беру саласындағы теологиялық бағытқа міндетті дінтанулық компоненттерді кіргізу сияқты тәжірибені қолдануды қарастыру қажет. Бұл компонентте өзге әлемдік және ұлттық діндерді оқыту міндетті болып саналады. Бұдан бөлек, философиялық компоненттерге де басымдылық беріліп, сыни және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға назар аударылады.

Осы бағытта оқыту әдісін Канаданың МакГилл университеті де ұстанады. Міндетті христиандық теологиялық пәндерден бөлек, студенттер жыл сайын иудаизм, ислам, діни ағымдардың мәселелері, философия мен классикалық тілдер бойынша курстарды оқиды.<sup>336</sup>

Сонымен қатар, Эдинбург,<sup>337</sup> Гарвард,<sup>338</sup> Дарем<sup>339</sup> және т.б. университеттер құрамындағы теологиялық факультеттерінде болашақ дін қызметшілері мен теология мамандарына әр түрлі пәндердің синтезіне (соның ішінде, зайырлы дінтану) негізделген курстарды оқыту практикасы кеңінен қолданылады.

Осы ретте, діни білім берудің халықаралық тәжірибесіне жасалған талдау бойынша бұл салада секуляризация мен мультиконфессионалдық принциптеріне бағытталған үрдістер орын алып отырғанын атап кетуге болады.

Посткеңестік елдердің білім саласындағы заңнамалық актілерге сәйкес, негізінен алғашқы

335 KU Leuven. Bachelor of Theology and Religious Studies. URL: [https://onderwijsaanbod.kuleuven.be/opleidingen/e/CQ\\_50074163.htm#activetab=diploma\\_omschrijving](https://onderwijsaanbod.kuleuven.be/opleidingen/e/CQ_50074163.htm#activetab=diploma_omschrijving) (қаралған күні 05.09.2020)

336 McGill University. Religious Studies (Bachelor of Theology). URL: <https://www.mcgill.ca/undergraduate-admissions/religious-studies-bachelor-theology> (қаралған күні 05.09.2020)

337 Degree Programme Table. The University of Edinburgh. URL: <http://www.drps.ed.ac.uk/20-21/dpt/utdivdf.htm> (қаралған күні 05.09.2020)

338 MDiv Requirements. Harvard University. URL: <https://hds.harvard.edu/academics/degree-programs/mdiv-program/mdiv-requirements> (қаралған күні 05.09.2020)

339 BA Theology and Religion. Durham University. URL: <https://www.dur.ac.uk/theology.religion/undergrad/programmes/theorel/> (қаралған күні 05.09.2020)

курстарда жалпы білім беретін зайырлы пәндер оқытылады (мысалы, отандық тарих, география және т.б.). Бұған қоса, осы елдердегі діни білім мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саламен тығыз байланысты.

Батыс университеттерінде жағдай өзгешелеу, себебі оларда мамандық бойынша міндетті жалпы білім беру пәндері деген түсінік жоқ. АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Нидерланды, Канада, Германия елдерінің діни оқу орындарында теологиялық пәндермен қатар, міндетті түрде өзге діндерге арналған пәндер, философия және кейбір ЖОО-да дінтану пәндері оқытылады.

### **Дінтану бойынша білім беру**

Дінтанулық білім беру саласындағы оқу бағдарламаларын қарастырмай тұрып, әрбір елдегі «Дінтану» («Religious Studies») мамандығына оқуға қабылдау емтихандарының форматына назар аудару қажет деп есептейміз.

Ресей Федерациясында «Дінтану» бағдарламасын жүзеге асыратын көптеген университеттер талапкерлерді бірыңғай мемлекеттік емтихан (БМЕ) нәтижелері бойынша қабылдайды. Кейбір оқу орындары, соның ішінде М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті «Қоғамтану» пәні бойынша қосымша жазбаша емтихан өткізеді. Татарстан елінің Қазан федералды университетіне түсу үшін талапкерлерге БМЕ нәтижелері жеткілікті (орыс тілі, тарих, қоғамтану).

АҚШ-та мамандыққа түсу үшін «SAT» («Scholastic Aptitude Test» - «Академиялық бағалау тесті») нәтижелері ұсынылады. Оның ішінде 5 нұсқалы жауабы бар тест сұрақтары, сондай-ақ эссе жазу және мәтін талдау сияқты жазбаша тапсырмалар болады. Сонымен қатар, ЖОО-лар білім беру процесін ұйымдастыру бойынша автономды болғандықтан, өздерінің тарапынан уәждемелі хат жазу немесе мектеп мұғалімдерінен ұсыным хат тапсыру сияқты қосымша талаптарды енгізуі мүмкін (Принстон университеті,<sup>340</sup> Орегон мемлекеттік университеті<sup>341</sup>). Әсіресе, уәждемелі хат жазу талабына ерекше мән беріледі.

Уәждемелі және ұсыным хаттар әзірлеу нидерландтық жоғары оқу орындарында да, соның ішінде Гронинген және Левен католиктік университеттерінде талап етіледі.

Барлық батыс университеттері докторантураға қабылдау кезінде диссертациялық зерттеудің жұмыс жоспары, әдебиеттер тізімі, өзектілігі және әдіснамасы көрсетілген ғылыми негіздемені талап етеді. Ақылы немесе грант бойынша түсуге келген барлық үміткерлер аталған негіздемені жазып, оның релеванттығы, ЖОО үшін зерттеудің қажеттілігі мен тақырыптық бағытылығы бағаланады.

Ғылыми негіздеменің талаптары өзгеріп тұруы ықтимал, алайда талдау нәтижесінде келесі ортақ элементтер анықталды:

- кіріспе (зерттелетін тақырыптың сипаттамалық бөлімі, мәселенің өзектілігі);
- теория және әдіснамалар (диссертация жазу барысында қолданылатын дінтанулық теориялық-әдіснамалық модельдері);
- әдебиеттерге шолу жасау (негіздеменің аса маңызды бөлігі, таңдалған тақырып бойынша білімді анықтайтын индикатор болып саналады);
- диссертацияның негізгі мәселесі (тақырыптың жаңалығы);
- зерттеу жоспары (оқу мерзімінде зерттелетін бағыттар, орындау мерзімі және зерттеу нысандары);
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Ресей Федерациясының Федералды мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес, дінтану

340 Application Checklist. Undergraduate Admission. Princeton University. URL: <https://admission.princeton.edu/how-apply/application-checklist> (қаралған күні 05.09.2020)

341 Religious Studies, B.A. or B.S. Oregon State University. URL: <https://ecampus.oregonstate.edu/online-degrees/undergraduate/religious-studies/curriculum.htm> (қаралған күні 05.09.2020)

мамандығының түлегі келесі біліктіліктерді игереді:

- дінтану саласындағы әр түрлі пайымдар мен аргументацияларды логикалық тұрғыдан талдай білу;

- дінтанулық ғылымдардың теориялық-әдіснамалық құралдарын пайдалана білу;

- дінтану саласы бойынша ғылыми ақпараттарды саралап, негіздей білу.<sup>342</sup>

1959 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде ашылған Атеизм тарихы мен теориясы және діндер кафедрасы (қазіргі таңда Дін философиясы және дінтану кафедрасы) дінтану саласы бойынша ең алғашқы ашылған кафедра болып саналады. Кафедрада міндетті түрде дінтанудың барлық базалық пәндері (әлеуметтану, философия, антропология, діндер психологиясы), сондай-ақ жаңа діни қозғалыстар, оқыту әдіснамалары, отандық және шетелдік дінтанудың тарихы сияқты пәндер оқытылады. Оқытылатын курстар қазақстандық ЖОО-да енгізілген пәндерге ұқсайды.

М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дың Дін философиясы және дінтану кафедрасының аға ғылыми қызметкері П.Н. Костылевтың пікірінше, ресейлік дінтану ғылымына тән проблемалардың бірі – дінтану ғылымын философияның бөлігі ретінде қарастыруда, «оның ядросы дін философиясы болып табылады» деген көзқарастың кеңінен таралуында.<sup>343</sup> Нәтижесінде, дінтанулық білім беру саласында философиялық пәндерге басымдық беріліп, нақты дінтанулық пәндерге аз көңіл бөлінеді.

Сондай-ақ, Қазан федералды университетінің Әлеуметтік-философиялық ғылымдар және бұқаралық коммуникациялар институтында да «Дінтану» мамандығы бойынша бағдарламалар жүзеге асырылады.<sup>344</sup> Білім беру бағдарламаларына сәйкес, дінтанудың барлық негізгі бағыттары міндетті пәндер ретінде оқытылады, сонымен берге осы қатарға христиан діні мен исламның теологиялық негіздері де кіреді. Бакалавриаттың бірінші курсында «Мамандыққа кіріспе», «Шетелдік дінтану тарихы» (Отандық дінтану тарихы 2-ші курста оқытылады), «Этнодіни процестерді ақпараттық талдау негіздері» (үш курс бойы оқытылады), «Көне діндер мен наным-сенімдер», «Шығыс діндерінің тарихы» және «Ғылыми жұмысты жазу әдіснамасы» сияқты пәндер қарастырылған. Соңғы пән қазақстандық ЖОО-да негізінен тек төртінші курста оқытылады. Бұған қоса, аталған университеттің бакалавриат деңгейінде практиканың 4 түрі енгізілген: бастапқы біліктіліктерді, соның ішінде ғылыми-зерттеу дағдыларды қалыптастыратын практика (2-ші курста), зерттеу практикасы (3-ші курста), диплом алды практика және педагогикалық практика (екеуі де 4-ші курста).

Қазан федералды университетінің білім беру бағдарламасын (соның ішінде міндетті және элективті курстарды) талдау нәтижесінде 101 пәннің ішінен ислам бағытына 9-ы (9%) және христиан бағытына 11-і (11%) арналғаны анықталды. Дінтанудың теориялық және іргелі пәндері (әлеуметтану, діндер психологиясы, діндер теориялары, дінтану тарихы, ЖДҚ, дінтану әдіснамасы, діни конфликтология т.б.) жалпы пәндердің 38% құрайды. Татарстанның Қазақстанмен ұқсас діни ландшафтта болуына қарамастан (тұрғындарының басым бөлігінің ханафиттік мазхабта болуы), исламды оқытындар пайызы жалпы бағдарламаның аз бөлігін ғана құрайды, ал басымдылық дінтанудың негізін құрайтын пәндеріне берілген. «Дінтану» мамандығынан оқуға қабылдау БМЕ нәтижелері негізінде өтеді.

Еуропаның жетекші университеттерінің бірі саналатын Нидерланды еліндегі Гронинген университетінде «Дінтану» мамандығы бойынша оқыту мерзімі – 3 жыл.<sup>345</sup> Жалпы білім беру

342 Федеральный государственный образовательный стандарт высшего образования. Направление подготовки «47.03.03 Религиоведение». URL: file:///C:/Users/NIAC8/Downloads/fgos\_ru\_47\_03\_03.pdf.pdf (күшіне ену күні 05.09.2020)

343 Костылев П.Н. Религиоведческое образование в России, 2014. URL: <https://www.religion.in.ua/main/analitica/26259-religiovedcheskoe-obrazovanie-v-rossii.html> (қаралған күні 05.09.2020)

344 Учебный процесс. Основные образовательные программы. Казанский федеральный университет. URL: <https://kpfu.ru/isfntmk/uchebnyj-process/osnovnye-obrazovatelnye-programmy> (қаралған күні 05.09.2020)

345 Bachelor-full time. Religious Studies. URL: <https://www.rug.nl/bachelors/religious-studies/#!programme> (қаралған күні 06.09.2020)

пәндерінің болмауына орай, бірінші курс студенттері бірден әрқайсысы 7,5 кредит құрайтын келесідей дінтанулық пәндер оқуға кіріседі: Тұжырымдамалар мен әдістер, Иудаизм, Діндер антропологиясы, Индуизм және буддизм, Христиан діні, Дін психологиясы мен социологиясы (бірлескен курс), Ислам, Дін және философия. Екінші курста дінтану тұжырымдамалар мен әдістері бойынша оқыту жалғастырылады (оқыту 4 семестр бойы өткізіледі), сондай-ақ «Рәсімдердің теориясы мен практикасы», «Дін, медиа және поп-мәдениет», «Дін және саясат», «Дін, алуан түрлілік пен бірегейлік» сияқты жаңа пәндер қосылады. Соңғы үшінші курста араб тілі (екі деңгейлі), секуляризм, сондай-ақ таңдау бойынша өзге пәндер оқытылады. Одан бөлек, студенттерге диплом жұмысын жазуға көмегін тигізуге арналған «Дипломдық жұмыс бойынша семинарлар» атты курс қарастырылған.

Болашақ талапкерлерді тарту мақсатында ресми интернет-ресурсқа интерактивті презентация-брошюра жүктеліп, студенттерді мамандықпен, оның ерекшеліктерімен және қазіргі замандағы маңыздылығымен таныстырады.<sup>346</sup>

*Кітапшаны  
көрсету сәті.  
Слайд «Бағдарлама  
мазмұны»*



Университеттердің ресми веб-сайттарында дінтанудың өзектілігі мен маңыздылығын көрсетуге және кафедраны/факультетті жарнамалауға арналған көркемсуреттер, фотосуреттер мен бейнежазбалар тұрақты түрде жүктеліп, жаңартылып тұрады. Сайттарда студенттер берген сұхбаттар және түлектер қалдырған пікірлер кездеседі. Бірқатар университеттерде әрбір факультет өзінің сайттарына, оның дизайнына ерекше назар аударады. Осыған ұқсас шаралар мықты студенттерді қызықтыруға ықпал етеді.

Мак Гилл университетінде 9 кредитті құрайтын «Дінтану: батыс діндері» бакалаврлық біліктілігі бойынша үш міндетті курсты өту қажет: «Иудаизм, христиан діні және ислам», «Дін теориялары», «Семинарлар» (дінтанудағы заманауи трендтерді талқылау).<sup>347</sup> Одан бөлек, «Дінтану: Азия діндері», «Дінтану: әлемдік діндер» және «Дін және жаһандану» бағыттарын таңдауға мүмкіндік беріледі.

Ұлыбританияның Кент университеті де «Дінтану» бағдарламасын жүзеге асырады.<sup>348</sup>

<sup>346</sup> Brochure. Religious Studies. University of Groningen. URL: [https://rug.online-magazine.nl/nl/magazine/11277/809324/what\\_is\\_religious\\_studies.html](https://rug.online-magazine.nl/nl/magazine/11277/809324/what_is_religious_studies.html) (қаралған күні 06.09.2020)

<sup>347</sup> Ecalendar, Faculty of Arts, Honours Religious Studies – Western Religions <https://www.mcgill.ca/study/2020-2021/faculties/arts/undergraduate/programs/bachelor-arts-ba-honours-religious-studies-western-religions> (қаралған күні 05.09.2020)

<sup>348</sup> Religious Studies – BA (Hons). University of Kent. URL: <https://www.kent.ac.uk/courses/undergraduate/54/religious-studies> (қаралған күні 05.09.2020)



Міндетті пәндер келесі тәртіпте оқытылады: 1-ші курста – «Дін дегеніміз не?», 2-ші курста – «Ғаламдық салыстыру: теория және әдіс», 3-ші курста – «Құдайға тіл тигізу: секс, жанжал және дін», «Дін және жапон мәдениеті», «Шығыс Азиядағы денсаулық, медицина және дене теориялары». Әрбір міндетті пән 15 кредиттен тұрады. Сонымен қатар, элективті пәндердің ішінде «Қазіргі әлемдегі дін», «Иудаизм мен исламға кіріспе», «Дін социологиясы», «Өлім мен өлімнен кейінгі өмір» сияқты курстар ұсынылады. Университетте өндірістік практика немесе студенттік ұтқырлық түрінде бір жылдық үзіліс алуға болады. Бірінші опция жағдайында практика шығындары төленеді және оқу ақысы едәуір төмендетіледі.

Ұлыбритания еліндегі дінтанулық білім беру саласын толығырақ қарастырып, кейбір қызықты ерекшеліктеріне тоқталып кету қажет. Британия Академиясының «Ұлыбританияның жоғары білім беру мекемелеріндегі теология мен дінтанудың жағдайы» («Theology and Religious Studies Provision in UK Higher Education») зерттеулеріне сәйкес, соңғы жылдарда оқу бағасының жоғарылауына байланысты «Дінтану» мамандығына түсушілер саны азайып отыр.<sup>349</sup> Сондай-ақ, дінтану бойынша жекелеген кафедраларды жабу, «Дінтану» мамандығын өзге факультеттер мен кафедраларға қосу жағдайлары орын алуда. Алайда, оның есесіне дін саласын зерттеуге бағытталған өзге пәнаралық мамандықтар ашылуда.

Батыс Еуропа университеттеріндегі докторлық бағдарламалардың да өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, Данияда PhD табысты аяқтау үшін 30 кредиттік бағдарламаны игеру керек, оларды университеттің өзінде, даниялық әріптес ЖОО-да немесе өзге елдердің институттарында өтуге болады. Сонымен қатар, педагогикалық және кәсіби практикалардан (кафедраларда) өту міндетті саналады.<sup>350</sup> Швецияның оқыту процесі осыған ұқсас, алайда міндетті курстар 60 кредитті құрап, оқыту мерзімі 4 жылға созылады.<sup>351</sup> Бұдан бөлек, скандинав елдеріндегі (Дания, Норвегия, Швеция және Финляндия) ерекшелік бойынша, барлық докторанттар тиісті кафедралардың штатына зерттеуші немесе қызметкер ретінде жұмысқа қабылданады. Осылайша барлық білім алушылар университеттермен еңбек шарттарын жасасып, оларға еңбекақы төленеді. Сонымен бірге, докторлық диссертация жазудың орнына баламалы әдіс ұсынылады – ол үшін ғылыми журналдарда талаптарға сәйкес бірнеше мақала жариялау қажет<sup>352</sup>.

АҚШ-тың Стендфорд университетінде докторантураның оқу бағдарламасына теория мен әдістер бойынша 2 семинар, дінтанудағы заманауи трендтар бойынша 1 дәріс, диссертацияға қатысты таңдау бойынша 2 пән және педагогикалық бағыттағы 1 семинар кіреді.<sup>353</sup> Көптеген еуропалық университеттермен салыстырғанда, бұл оқу орнында шығарушы кафедрамен бірлесіп ғылыми мақала жариялау қажет. Сондай-ақ, міндетті педагогикалық практика қарастырылған.

Йель университеті докторанттарды 11 бағыт бойынша даярлайды: америкалық діни құқық, көне христиан діні, азиялық діндер, жерорта теңіздік және батыс азиялық көне діндер, исламтану, иудаика, Жаңа өсиет, Көне өсиет, дін философиясы, дін және қазіргі заман, діни этика және теология. Оқыту мерзімі – 4 жылдан 7 жылға дейін. Әрбір бағытта өзінің қабылдау талаптары, силлабустары және оқу жоспарлары қарастырылған. Барлығына ортақ пән – «Әдіс және теория». Сондай-ақ, таңдалған бағытына қарай кем дегенде екі классикалық тілді оқу талап

349 Theology and Religious Studies Provisions in UK Higher Education. The British Academy, May, 2019. URL: <https://www.thebritishacademy.ac.uk/documents/288/theology-religious-studies.pdf> (қаралған күні 06.09.2020)

350 General rules and guidelines for the PhD programme at the University of Copenhagen. URL: [https://teol.ku.dk/uddannelser/ph\\_d\\_uddannelse/dokumenter/General\\_rules\\_and\\_guidelines\\_for\\_the\\_PhD\\_programme\\_2014.pdf](https://teol.ku.dk/uddannelser/ph_d_uddannelse/dokumenter/General_rules_and_guidelines_for_the_PhD_programme_2014.pdf) (қаралған күні 06.09.2020)

351 Regulations for third-cycle education at the Faculties of Humanities and Theology. Lund University. URL: [https://www.ht.lu.se/fileadmin/user\\_upload/ht/filserver/doktorand/Forskarutbildningsplaner-engelska/HT\\_FU-bestaemmelser\\_191211\\_ENG.pdf](https://www.ht.lu.se/fileadmin/user_upload/ht/filserver/doktorand/Forskarutbildningsplaner-engelska/HT_FU-bestaemmelser_191211_ENG.pdf) (қаралған күні 06.09.2020)

352 Programme Structure – PhD. The Faculty of Theology, University of Oslo. URL: <https://www.tf.uio.no/english/research/phd/structure/index.html#Programme%20plans%20and%20regulations> (қаралған күні 06.09.2020)

353 Stanford. Religious Studies. URL: <https://religiousstudies.stanford.edu/graduate-programs/requirements> (қаралған күні 06.09.2020)

етіледі. Оқудың үшінші курсында төрт емтихан тапсырылады. Өзге курстар диссертация жазуға арналған.

Қазақстанда «Исламтану» мамандығының әдіснамалық негіздерін нақтылау қиындықтарына орай, халықаралық тәжірибеде бойынша ұқсас бағдарламаларды даярлау жағдайын талдау қажет.

Ұлыбританияның Лидс университетінде «Исламтану» мамандығы бойынша оқу мерзімі үш жылды құрайды. Міндетті және элективті пәндерге кіреді:

- 1-ші жыл: міндетті пәндер – араб тілі, мұсылмандар сенімі: теологиядан сунниттік-шиитік сарындағы секталарға дейін, көне және орта ғасырлық ислам тарихы; элективті пәндер – парсы немесе түрік тілі, араб-ислам өркениеттіне кіріспе, қазіргі Британиядағы дін;

- 2-ші жыл: міндетті пәндер – шариат: теория, практика және трансформация, араб әлеміндегі мәдениет пен қоғам, Құран: тарих, мәтін және интерпретация; элективті пәндер – палестиналық және араб-израильдік шиеленістер, араб елдерінің медиа саласы, саясат пен қоғам, ғаламдық жихад: талибан қозғалысынан ДАИШ-қа дейін, Таяу шығыстың қазіргі заман тарихы, қара нәсілді Еуропа;

- 3-ші жыл: міндетті курстар – ислам және қазіргі заман, хадис: тарих, критицизм және канонизация; элективті пәндер – Таяу шығыс саясаты: режимдер, қоғамдастықтар және шиеленістер, материалдық мәдениет пен тұтыну мәдениеті, отарсыздандыру саласын зерттеу жолдары, түрлі мәдениеттердің әлеуметтік қозғалыстары.

Әрбір пән 20 кредит құрайды (мысалы, отандық білім беру бағдарламаларының орташа кредиті – 5 кредит), бұл бірнеше көлемді пәндерді терең және сапалы оқуға мүмкіндік береді.

Австралияның Мельбурн университетінде «Исламтану» мамандығы бойынша оқуды табысты аяқтау үшін 3 жыл аралығында 24 пәнді игеру керек. Бірінші курста гуманитарлық ғылымдар саласына қатысты жалпы білім беру пәндері міндетті түрде оқытылады. Білім беру бағдарламаларының кезеңдері:

- 1-ші жыл: жалпы білім беру пәндерінің бірі енгізіледі (бірегейлік, тіл, билік, себептер, ғаламдағы алғашқы адамдар, репрезентация); екі пәннің бірі таңдалады – ғаламдық ислам саясаты немесе қазіргі әлемдегі ислам;

- 2-ші жыл: міндетті пән – Құран пәніне кіріспе; элективті пәндер – израильдіктер мен палестиналықтар: шиеленіс, бейбітшілік, қақтығыс аймағы: Таяу шығыс елдерінің саясаты, ислам руханиятына кіріспе, ислам тарихының алғашқы ғасырлары, халықаралық қатынастар: өзекті сұрақтар, Индонезия әлемі;

- 3-ші жыл: міндетті пән – қазіргі заманғы сын-қатерлер және ислам; элективті пәндер – әлеуметтік контекстегі азиялық діндер, исламдағы этикалық дәстүрлер, қазіргі заманғы Таяу шығыс, шиеленістер аймағы: көтерілстер дәуірі, адам құқығы, мұсылмандар және ислам құқығы.

Аталған бағдарламадан зайырлылық курстар оқытуға және қазіргі әлемдегі исламдық ахуалды талдауға ерекше мән берілетінін байқауға болады. Әрбір пән 12,5 кредиттен тұрады.

Британияның ислам колледжінде оқу мерзімі 3 жыл. Бакалавриат бағдарламасының 1 курсында исламдық ойлау, исламтанудағы зерттеу әдіснамасы, араб тілі, исламның ғибратты құндылықтары, Пайғамбар өмірі, исламның қалыптасу кезеңдері, исламдық құқыққа кіріспе сияқты міндетті пәндер енгізілсе, 2-ші курста исламдық құқықтану, хадистану, исламдағы отбасылық құқық, ислам философиясы, араб тілі, ал 3-ші курста араб тілі, исламдағы қылмыстық құқық, заманауи ислам тарихы, Құрандағы эсхатология, ислами мистицизм пәндері таңдау бойынша оқытылады. Қажетті кредиттердің жалпы саны – 360.

Техас университетінде,<sup>354</sup> Американдық ислам колледжінде,<sup>355</sup> Джорджтоун

354 Middle Eastern Studies. The University of Texas at Austin. URL: [https://liberalarts.utexas.edu/mes/undergraduate/islamic\\_studies\\_ba/degree\\_plan.php](https://liberalarts.utexas.edu/mes/undergraduate/islamic_studies_ba/degree_plan.php) (қаралған күні 01.10.2020)

355 BA Islamic Studies. American Islamic College. URL: <https://aicusa.edu/academics/undergraduate/bais> (қаралған күні



университетінде<sup>356</sup> бакалавр мен магистр деңгейінде дінтанулық пәндер міндетті компонент болып саналады.

Ұлыбританияның жоғары оқу орындары, ислам колледжін есептегенде, ислам дінің саясаттану, дінтану, мәдениеттану, философия және әлеуметтану ғылымдарымен ұштастырып, ғылыми және академиялық арнада оқытуды мақсат етеді.

Жалпы алғанда, өзге елдердегі діни білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін қоғамдық дамудың тарихи-мәдени жағдайы, соның ішінде білім беру саласының ағымдағы жай-күйі анықтайтынын атап кетуге болады.

### **Қорытынды:**

*Діни білім беру бойынша:*

- 1) посткеңестік елдердің ЖОО деңгейіндегі діни білім беру бағдарламаларына мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас бойынша пәндер, сондай-ақ мемлекеттік білім беру стандарттарымен бекітілген зайырлы жалпы пәндер міндетті түрде енгізіледі;
- 2) әлемдегі жетекші ислам университеттері ислам құндылықтары мен қағидаларына негізделген зайырлы мамандықтарды да даярлайды;
- 3) негізінен христиандық дәстүрге сүйнетін батыс университеттерінде діни білім беру бойынша өзіндік тәжірибесі қалыптасқан:
  - а) Оксфорд, Кембридж, Гарвард университеттерінде емтихан ғылыми мақала/эссе түрінде қабылданады;
  - б) Оксфорд университетінде жоғары білім берудің христиандық дәстүріне қарамастан, араб немесе өзге тілдерді оқуға мүмкіндік беріледі;
  - в) Еуропа мен Солтүстік Американың католик университеттерінің факультеттерінде негізінен теологиялық пәндер оқытылады. Алайда, дінтану мен философия ғылымдары бойынша міндетті компоненттер енгізілген;
- 4) соңғы он жыл аралығында батыстық діни білім беру бағдарламаларына мақсатты түрде дінтану теориялары мен әдістеріне арналған пәндер енгізіліп, соның нәтижесінде сциентизация, секуляризация және мультikonфессионализм үрдістері күшеюде;
- 5) шетелдік университеттердің мемлекеттік білім беру стандарттарынан тәуелсіздігі мен академиялық еркіндігі оқу бағдарламаларына креативті және инновациялық әдістерді, арнайы пәндерді және оқыту траекторияларын енгізуге мүмкіндік беріп отыр;

*Дінтанулық білім беру бойынша:*

- 1) АҚШ және Еуропа елдерінде бакалавриат деңгейіндегі мамандықтарға, соның ішінде «Дінтану» бағдарламасына қабылдау мектеп емтихандарының нәтижелері бойынша жүргізіледі. Алайда, іріктеу сатыларынан сәтті өту үшін талапкерлер тапсыратын уәждемелі және ұсыным хаттардың маңызы зор;
- 2) Ресей Федерациясында болашақ дінтанушылар негізінен БМЕ нәтижелері бойынша қабылданады. Сонымен бірге, кейбір университеттерге (мысалы, М.В. Ломоносов атындағы ММУ) өздерінің жазбаша емтихандарын өткізуге рұқсат берілген;
- 3) PhD бағдарламасына түсу үшін көп жағдайда диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі талап етіледі. Ғылыми негіздеме кандидаттарды сапалы іріктеудің кепілі болып есептеледі;
- 4) Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы университеттерінің білім беру бағдарламаларында ұқсас және ортақ траекториялар көп кездеседі;
- 5) Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінің кейбір университеттерінде бакалавриат

---

01.10.2020)

356 Graduate School of Arts and Sciences. Georgetown University. URL: <https://grad.georgetown.edu/arabic-and-islamic-studies/> (қаралған күні 01.10.2020)

деңгейіндегі «Дінтану» («Religious Studies») мамандығы бойынша оқу мерзімі 3 жылды ғана құрайды;

6) батыс елдерінің жоғары оқу орындарында басты назар діндерді зерттеудің теориялары мен әдістерін, сондай-ақ академиялық хат жазудың дағдыларын үйретуге бағытталған;

7) ресми веб-сайттарды талдау нәтижесінде жоғары оқу орындары тарапынан талапкерлерді қызықтыру үшін интерактивті презентация мен бейнематериалдар жүктеліп, факультеттердің парақшаларында студенттер мен түлектердің мамандықтары бойынша сұхбаттары және айтылған пікірлері тұрақты шығарылатыны анықталды;

8) Ұлыбритания еліндегі Кент университетінде 2 және 3 курс аралығында (оқыту мерзімі – 3 жыл) академиялық демалыс алып, жұмыс беруші тарапынан төленетін кәсіби практикадан өтуге жағдай жасалған;

9) Ұлыбритания елінде дінтану мамандықтарына талапкерлер санының азаюы байқалады, сондай-ақ дәстүрлі теологиялық-дінтанулық кафедралар жабылып, оның орнына пәнаралық кафедралар ашылуда;

10) скандинавия елдерінде докторанттармен еңбек шарты бекітіліп, олар өз кафедраларында зерттеуші ғалым ретінде еңбекақы алып отырады;

11) сонымен бірге, Скандинавия елдерінде дәстүрлі диссертация жазудың орнына беделді ғылыми журналдарға бірнеше ғылыми мақала жариялауға мүмкіндік берілген;

12) әлемнің көптеген университеттерінде дінтану мамандығы бойынша екі классикалық тілді оқу міндеттеледі (араб, латын, иврит, көне грек, санскрит және т.б.).

### **3.4 Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында діни және дінтанулық білім берудің даму келешегі: ұсыныстар мен ұсынымдар**

Жоғары оқу орындарындаға діни және дінтанулық білім беру жүйесін жетілдіру бойынша тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін бірқатар мемлекеттік органдардың бірлескен кешенді және жүйелі іс-шараларды жүзеге асыруы қажет екендігі анық.

Эксперттік сұхбаттар, фокус-топтық зерттеулер және білім беру бағдарламаларына жүргізілген талдау бойынша жекелеген және жалпы сипаттағы бірқатар мәселелер анықталып, олардың шешімі ретінде келесі ұсынымдарды назарға алу қажет деп есептейміз:

1) *Профессорлық-оқытушылық құрамына жүктелетін әкімшілік және қоғамдық жұмыстарды азайту*

Қазіргі уақытта «Дінтану», «Тарих-Дінтану», «Исламтану» және «Теология» мамандықтарын даярлайтын кафедралар мен факультеттердің профессорлық-оқытушылық құрамына түрлі бағыттағы жұмыстарды мөлшерден тыс жүктеу бойынша жүйелі проблема орын алып келеді. Аталған жұмыстардың көптігі түрлі аккредитациялар өткізу, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, олардың электронды және қағаз нұсқаларын ЖОО-ның әкімшілігіне тапсыру, сондай-ақ өзге де қоғамдық жұмыстарды орындаумен байланысты.

Осы ретте, ПОҚ атқаратын әкімшілік жұмыстарды азайту және жүйелеу мақсатында ұсынылады:

1.1 *Қажетті есеп беру құжаттамасы бойынша нормативті түрде нақтыланған бірыңғай үлгідегі тізілімді енгізу*

Жыл сайын сұраныс мазмұны мен талаптары қайталанып келетін кафедралық есептердің және оқытушылардың жеке есептерінің санын қысқарту үшін ең алдымен барлық құжаттаманың айнылымын реттейтін нормативтік регламент ережелерін енгізу қажет етіледі.

1.2 *«Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі» интернет-порталының қызметін қолдану бойынша мүмкіндіктерді кеңейту*

Кафедраларға қажетті құжаттар, есептер және білім беру бағдарламаларын жүктеу бойынша бірыңғай алгоритм ұсыну мақсатында функционалды мүмкіндіктерді кеңейту арқылы

«ЖБББЖ» сайты жетілдіру қажеттілігі туралы ұсыныс айтылды.

Осы ретте, білім беру үдерісін толыққанды цифрландыру үшін барлық құжаттардың электронды нұсқасын ғана жүктеу міндетті нормативті түрде бекіту қажет. Бұл қадам қағаз көшірмелерді мөлшерден тыс тапсыру жағдайын реттеп, қазіргі кезде мұғалімдерге жүктелетін қосымша жұмысты азайтады.

Сонымен қатар, «ЖБББЖ» сайтының функционалды қызметі кеңейтілген жағдайда пайдаланушылар, соның ішінде барлық ЖОО оқытушылары мен студенттері тиісті пәндердің тізімдемесіне енгізілген мәліметтерге жедел түрде қол жеткізе алады. Өз кезегінде, бұл өзгеріс транспаренттілік принципін сақтап, бенчмаркинг негізінде білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.

*2) «Дінтану бойынша қазақ тіліндегі 100 жаңа кітап» жобасын жүзеге асыру мәселесін қарастыру*

Дінтану / теология / исламтану білім беру бағыттары бойынша оқытушылар мен студенттерге арналып қазақ тілінде шығарылған оқу материалдардың аз болуына байланысты, «Рухани жағыру» жобасы аясындағы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының үлгісінде «Қазақ тіліндегі дінтану бойынша 100 жаңа кітап» жобасын қолға алу қажет етіледі.

Дінтану бойынша ең үздік және танымал шетел әдебиеттерін аудару арқылы оқытушылар мен студенттерге әлемдік ғылымның жетістіктерін оқуға мүмкіндік ашылып, соның нәтижесінде отандық дінтану / теология / исламтану ғылымдарының бәсекеге қабілеттілігі артатын болады.

Алайда, аталған жобаны жүзеге асыру барысында формалды іс-әрекеттерге жол бермей, шетелдік кітаптарды мұқият таңдау, сондай-ақ практика жүзінде тиімді іске асыру (аудару, шығару, көбейту, тарату) жұмысына ерекше назар аударған жөн.

*3) Бакалавриат деңгейінде оқыға қабылдау үшін енгізілген шығармашылық емтихан түрін одан әрі қолдану тиімділігін қайта қарастыру*

Сарапшылар мен студенттердің шығармашылық емтихан түрінің тиімді жақтары туралы оң пікірлеріне қарамастан, мемлекеттік білім беру гранттары бойынша оқуға қабылдау кезінде талапкерлердің емтихан бағаларын негізсіз жоғары қою жағдайлары орын алып, діни және дінтанулық білім беру сапасының төмендеуіне кері әсерін тигізуде. Сондай-ақ, талдау барысында шығармашылық емтихан мазмұнында да күрделі мәселелер бар екендігі анықталды.

Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарына қабылдауға арналған Үлгілік ережелердің 2-қосымшасына сәйкес, «Дін және Теология» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық дайындық қажет етіледі. Алайда, «Дінтану», «Исламтану», «Теология» шығармашылық немесе арнайы дағдыларын қажет ететін шығармашылық мамандықтар болып табылмайды. Сол себепті, дін саласына қатысты мамандықтар үшін мектеп деңгейіндегі «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзілік тарих», «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәндері бойынша оқытылған жалпы білім жеткілікті еп есептеледі.

Осы орайда, дін саласына қатысты барлық мамандықтар бойынша бакалавриат деңгейінде енгізілген шығармашылық емтихан түрін алып тастау мәселесін қарастыру ұсынылады.

*4) Докторлық диссертацияның ғылыми негіздемесін жазу, сондай-ақ докторанттардың Ұлттық ғылыми кеңестердің зерттеу жұмыстарына қатысу міндеттілігін енгізу*

Ғылыми негіздеме әлемдегі жетекші университеттердің докторанттарды іріктеу бойынша басты талап болып саналады. Аталған талапты қою арқылы диссертациялық тақырыптары отандық дінтанулық ғылымды жетілдіруге бағытталатын ең үздік үміткерлер іріктеледі. Сол себепті, диссертацияның ғылыми негіздемесін жазу және ұсыну бағыты қатаң бақылауға алынуы тиіс.

Сонымен қатар, докторанттар ғылыми жобаларға қатысу арқылы өздерінің қазақстандық ғылыми кеңістікте орны мен бағытын анықтап, одан әрі дін саласындағы отандық мамандардың жалпы ғылыми әлеуетін дамытуға ықпал ететін болады.

*5) Кәсіби тәжірибелердің түрлерін және оларға бөлінетін сағат санын арттыру*

Сарапшылар мен студенттердің барлығы білім беру процесінде орын алатын өзекті мәселесі ретінде өндірістік тәжірибенің аздығын атап кетті. Сарапшылардың пікірінше, білім беру бағдарламаларында кәсіби тәжірибеге арналған сағаттар (кредиттер) санын арттыру керек. Ол үшін қажет етіледі:

а) «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ-ның Бұйрығында көрсетілген академиялық кредиттер санын арттыру;

б) білім беру бағдарламаларында енгізуге рұқсат етілген шекті деңгейдегі кредиттер шеңберінде кәсіби тәжірибеге арналған академиялық кредиттер санын максималды түрде арттыру;

Одан бөлек, тәжірибе орындарына кейбір студенттердің қатынаспау және формалды өту жағдайлары орын алып, кәсіби тәжірибенің сапасы мен мазмұнына кері әсерін тигізеді. Сол себепті, мамандарды даярлаушы кафедра, ҚР БЖҒМ, сондай-ақ ҚР АҚДМ ДІК тараптарынан білім алушылардың кәсіби тәжірибеден өту процесіне үш жақты мониторинг жүргізу қажет.

*6) «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде және Шет тілдері және іскерлік мансап университетінде енгізілген «Дінтану» білім беру бағдарламаларының дінтанулық пәндер компонентін күшейту*

Талдау барысында қолданыстағы білім беру бағдарламаларында исламдық пәндерге басымдылық беріліп, сондай-ақ «Дінтану» мамандықтарының бағдарламасында таза теологиялық пәндер енгізілгені анықталды. Бұл жағдай өзге діни ілімдерді зерттеуге, дінтанудың жалпы әдіснамалық және теориялық пәндерін оқуға теріс ықпал тигізетіні сөзсіз.

Осыған орай, ислам бағытындағы пәндердің санын азайту, жаңа пәндер енгізу және/немесе қолданыстағы дінтанулық пәндер оқытылуын күшейту, сонымен бірге теологиялық мазмұндағы барлық пәндерді алып тастау ұсынылады.

*7) Әлемдегі үздік университеттердің тәжірибесі негізінде академиялық мәтін жазу пәндерінің мазмұнын күшейту*

Дінтанушы мамандардың кәсіби қызметіне қойылатын маңызды талаптардың бірі ғылыми және аналитикалық мақалалар жазу қабілетіне байланысты. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, жоғары оқу орнының бірінші курсынан бастап аталған дағдыны қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Қазіргі таңда академиялық хат бойынша пәндер барлық отандық ЖОО-дың соңғы төртінші курсына ғана оқытылады. Аталған пәндерді алғашқы курстан бастап оқыту ғылыми мәтіндердің деңгейі мен сапасын арттырып, дипломдық жұмысты жазу кезінде де, сондай-ақ болашақ кәсіби қызмет саласында да оң нәтиже беретін болады.

*7.1 Түлектерді даярлайтын кафедраларға ғылыми эссе / мақала жазуды емтихан ретінде енгізу мүмкіндіктерін қарастыруды ұсыну*

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, әлемнің үздік университеттері дәстүрлі емтихан түрлерімен қатар эссе жазу әдісін белсенді қолданады. Қорытынды бақылаудың бұл түрі студенттерді ғылыми және академиялық мәтін жазуға бейімдеп, дипломдық жұмыс / диссертация дайындау үшін қажетті дағдыларды қалыптастырады.

8) *«Тарих-Дінтану» білім беру бағдарламасына мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас туралы жан-жақты білім беруге бағытталған арнайы пәндерді енгізу*

«Тарих-Дінтану» білім беру бағдарламасында дін саласындағы заңнаманы оқытуға бағытталған пәндер мүлдем қарастырылмаған. Осы орайда, «Дінтану» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын университеттердің үлігісі негізінде аталған тақырып аясындағы пәндерді енгізу ұсынылады.

9) *«Тарих-Дінтану» мамандығы бойынша дінтанулық бағыттағы пәндерді оқытуға дінтанушы мамандарды шақыру*

«Тарих-Дінтану» мамандығына педагогикалық және тарихи сипат тән болғандықтан түлектерді даярлайтын кафедраларда дінтанушы оқытушылардың жетіспеушілігі өзекті мәселе болып есептеледі.

Аталған мәселені шешу жолы ретінде жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың дінтанушы мамандарын оқытушылық қызметке шақыру ұсынылады.

10) *«Тарих-Дінтану» білім беру бағдарламаларын іске асыратын кафедралардың жергілікті атқарушы органдармен өзара байланысын күшейту*

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, «Тарих-Дінтану» мамандығының студенттері кәсіби тәжірибелерін негізінен мектептер мен колледждерде өтеді.

Алайда, оқуды үш жылдық жұмыспен өтеу міндеттілігін ескере отырып, шығарушы кафедралар мен дін істері бойынша жергілікті атқарушы органдар арасында өзара ынтымақтастықты күшейту қажеттілігінің маңыздылығы артып келеді.

11) *Уәкілетті мемлекеттік органдарға дін саласындағы мамандарға арналған кәсіби стандарт әзірлеуді назарға алу*

Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын талдау бойынша негізгі жұмыс беруші ұйымдар мен мекемелер БББ құрастыру кезінде ең маңызды стейкхолдер болып табылатыны айқындалды. Жұмыс берушілер кәсіби қызметке қойылатын талаптар енгізілген сапалы стандарттар ұсынған жағдайда университеттер білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру барысында олады ескеруге мүдделі болатыны анық.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 25 қарашадағы No 414-V ЗРК Еңбек кодексінің 117-бабына сәйкес, кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт болып табылады.

Еңбек нарығындағы тәжірибе көрсеткендей, кәсіби стандарт білім беру бағдарламаларының тиімділігіне әсер етіп, кәсіби білім беру мен еңбек саласы арасындағы алшақтықты қысқартады.

Дін саласына қатысты білім беру бойынша әзірленген кәсіби стандарт келесі мәселелерді шешуге ықпал етеді:

- 1) нақты өндірістік жағдайда жұмыс жасау үшін қажетті нақты кәсіби дағдыларды дамыту;
- 2) «Исламтану», «Теология» мамандықтары бойынша мақсаттар мен міндеттердің өзара ұштасу мәселесін шешу, сондай-ақ оларды зерттеу салаларына сәйкес одан әрі жіктеу;
- 3) «Дінтану», «Теология» және «Исламтану» білім беру бағдарламаларының мазмұны қайталану жағдайларының алдын алу;

11.1) *Уәкілетті мемлекеттік органдарға кәсіби стандарт негізінде «Исламтану» және «Теология» мамандықтары бойынша зайырлы және діни пәндерді енгізу мақсатында дін саласындағы білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу*

Қазіргі таңда білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша келесідей мәселелер анықталды:

- а) «Тарих-Дінтану» мамандарын оқыту барысында тарихи пәндерге басымдық беріледі;



б) «Исламтану» және «Теология» мамандықтарының бағдарламаларына зайырлы және дінтанулық пәндер аз енгізіледі.

Дін саласындағы білім беру бағдарламаларын жетілдіруге арналған ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ оларды тиісті кафедраларда белсенді енгізу жұмыстары жоғарыда аталған мәселелерді шешуге оң ықпал ететін болады.

11.2) *Н.Назарбаев конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту орталығының Діни ахуалды талдау және діни сараптамасы институтының базасында дін саласында жұмыс жүргізетін мамандардың біліктілігін арттыруға арналған құрылымдық бөлімше ашу*

Дін саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын кафедралар үшін университеттік деңгейдегі әр түрлі курстардың, біліктілікті арттыру семинарларының болуына қарамастан, олардың барлығы жалпы әдіснамалық сипатқа ие екендігі анық. Сарапшылар дінтану саласындағы біліктілікті арттыруға арнайы мақсатталған курстар өткізілмейді деген пікір білдіріп, аталған бағытты күшейту қажеттілігін ерекше атап отыр.

Сонымен бірге, кәсіби стандарт әзірленген жағдайда мамандардың кәсіби біліктілігін тұрақты арттыру қажет болады. Ұсынылып отырған құрылымдық бөлімшеде дін саласындағы мамандар орталықтандырылған түрде кәсіби біліктілігін тұрақты арттырып, сапалы дайындықтан өтетін болады.

12) *«Дінтану», «Тарих-Дінтану», «Исламтану» және «Теология» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын кафедралардың ресми веб-сайттарын жетілдіру*

Талапкерлердің көпшілігі мамандық таңдау барысында ең алдымен жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарында тиісті кафедраны іздейтіні белгілі.

Осы орайда, дін саласындағы мамандықтар бойынша талапкерлерді сапалы бағдарлау мақсатында еліміздегі кафедралар мен факультеттердің веб-сайттарын халықаралық университеттер үлгісінде жетілдіру қажет.

Сонымен қатар, оқу орнының өзіндік артықшылығы мен ерекшелігін көрсету мақсатында әрбір кафедраға жарнамалық бейнероликтер түсіру және интернет арқылы белсенді таратау ұсынылады.

13) *Дін саласындағы мамандарды даярлайтын кафедралардың әдістемелік кеңесін құру*

Академиялық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды нығайту үшін «Дінтану», «Исламтану», «Теология», «Тарих-дінтану» білім беру бағдарламаларын іске асыратын барлық жоғары оқу орындары кафедраларының ортақ әдістемелік кеңесін құру қажет. Аталған бастама келесідей тиімді нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізеді:

а) бүкіл республика бойынша дін саласындағы мамандардың ғылыми әлеуетін шоғырландырады;

б) әр түрлі жоғары оқу орындарының оқытушылары арасында терең академиялық байланыс орнатылады;

в) кафедралар арасындағы студенттер бойынша ұтқырлық тәжірибесі оңтайландырылады;

г) Қазақстан Республикасында діни және дінтанулық білім беруді кешенді түрде одан әрі жетілдіруге бағытталған іс-шаралар бірлесіп ұйымдастырылады.

14) *Барлық отандық жоғары оқу орындарына шетелдік білім беру орталықтарымен академиялық әріптестікке негізделген байланыс орнату*

Діни және дінтанулық білім беруді одан әрі жетілдіру мақсатында Еуропа, Солтүстік Америка, Ресей Федерациясы, Ауғанстан, ШҰАА, Моңғолияның жетекші жоғары оқу орындарымен академиялық ынтымақтастық орнату қажет. Аталған бастамалар оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жетілдіруге, оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын дамытуға, сондай-ақ әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануға ықпал етеді.



## ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақстан Республикасындағы діни және дінтанулық білім берудің ағымдағы жағдайы мен даму келешегін талдау» аналитикалық баяндамасында түрлі әлеуметтік зерттеу әдістерін пайдалану арқылы барлық академиялық деңгейлері бойынша дін саласындағы білім беруді кешенді және жүйелі түрде талдау мақсат етілді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы діни және дінтанулық білім беру саласы еліміздегі барлық жалпы білім беру ұйымдарын, 9 колледж-медреселерді, 2 рухани семинарияны және 13 жоғары оқу орнын қамтитын күрделі және көп құрылымды жүйе болып табылады.

Осы зерттеуді жүзеге асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілді.

Біріншіден, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту сапасына талдау жүргізілді. Оқу және оқу-әдістемелік материалдарды сапалы түрде жаңарту маңыздылығы анықталды. - Негізгі білім деңгейі жеткілікті болғанымен, дүниетанымдық құндылықтар мен ұстанымдарды қалыптастыруға, оның ішінде зайырлы принциптерді терең түсінуге бағытталған міндеттерді өзектендіру қажеттілігі айқындалып отыр. Зерттеу нәтижесінде аталған пәнді одан әрі жетілдіру үшін ұсынылды: оқулықтардың электрондық нұсқасын шығару, мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, интернет-ресурстардың тиімділігі дәлелденген тізбесін құру, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні мұғалімдерінің Республикалық әдістемелік кеңесін құру.

Екіншіден, исламдық колледж-медреселер мен христиандық рухани семинарияларының білім беру сапасы зерттелді. Талдау барысында колледж-медреселерде ғылыми және академиялық дәрежелері бар педагогикалық кадрлардың тапшылығы, талапкерлердің арасында кәсіптік бағдар беру деңгейінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын дамыту қажеттілігі анықталды. Сонымен қатар, барлық медреселерде қаржыландыруға қатысты күрделі мәселелер әр түрлі деңгейде орын алатыны айқындалып отыр. Осы мәселелердің шешімі ретінде келесі шараларды назарға алу ұсынылды: бенчмаркинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, «Өрлеу» БАҰО АҚ курстарында оқытушыларды жүйелі түрде оқытуды қамтамасыз ету, білім гранттарының санын көбейту, колледж-медреселер үшін бірыңғай басқару орталығын құру, оқу жоспарларын «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің білім беру бағдарламаларымен интеграциялау, тәуелсіз қаржыландыру жүйесін құру үшін жағдай жасау.

Христиандық рухани семинариялар жұмысын талдау нәтижесінде православиелік семинария, католиктік семинария және колледж-медреселердің арасында, сондай-ақ олардың діни және дінтанулық білім беруді жүзеге асыратын зайырлы жоғары оқу орындарымен өзара байланыс орнату және тәжірибе алмасу қажеттілігі анықталып отыр. Осыған орай, келесідей қардамдар жасау ұсынылды: тәжірибе алмасу бағдарламаларын енгізу, конфессияаралық диалог пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету және ілгерілету мақсатында бірыңғай платформалар құру, оқу жоспарларын талдау негізінде семинарияларға жоғары оқу орындарының мәртебесін беру мүмкіндігін қарастыру.

Үшіншіден, жоғары оқу орындарындағы діни және дінтанулық білім беру сапасына зерттеу жүргізілді. Талдау нәтижелері бойынша барлық жоғары оқу орындарында оқытушылық міндеттерге қосымша әкімшілік жұмыстар жүктелетіні, мемлекеттік тілдегі материалдар жетіспейтіні, өндірістік практика сағаттарын арттыру қажеттілігі, «Дінтану», «Исламтану», «Теология» мамандықтары бойынша бағдарламалардың мазмұнын жіктеу және нақтылау маңыздылығы, «Тарих-Дінтану» мамандығы бойынша оқытушылар тапшылығы, дінтану саласы бойынша жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылмайтыны анықталды.

Зерттеу жүргізу барысында зерттеу объектілеріне қол жеткізу бойынша кейбір қиындықтар туындады. Сондай-ақ, Covid-19 пандемиясына қатысты жарияланған карантин жағдайы

еліміздің білім беру ұйымдарындағы оқыту процесімен жақын және тікелей танысуға, яғни білім беру сапасын тереңірек саралауға объективті тұрғыдан кедергі келтірді.

Білім саласындағы діннің орнына қатысты аспектілердің әрқилы болуы, бір тақырыптың ішінде бірнеше зерттеу объектілердің белгіленуі жобаның ауқымдылығын анықтады, сол себепті баяндаманы әзірлеу барысында жалпы сұрақтар мен үрдістерді ғана қамтуға мүмкіндік берді. Дегенмен, білім беру саласындағы діннің орны жөніндегі мәселелер қоғамдық дискуссиялардың, мемлекеттік саясаттың, ғылыми және академиялық ізденістердің күн тәртібінен ешқашан түспейтінін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Осы орайда, дін саласындағы білім берудің сапасын арттыру жұмысы Қазақстандағы зайырлылық ұстанымды нығайтудың стратегиялық бағытына жататынын ескере отырып, жобаның шеңберінде қарастырылған әрбір бағытты дербес зерттеу тақырыбы ретінде жалғастыру қажет деп есептейміз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

### *Қазақстан Республикасының заңнамасы*

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2014 жылдың 15 шілдесіндегі № 281 Бұйрығының қосымшасы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400009691#z7>
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылдың 17 мамырындағы «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» № 217 Бұйрығы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018696#z10671>
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 21 қаңтардағы № 50 Бұйрығының қосымшасы. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013422> (қаралған күні: 20.10.2020г.)
4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың 15 маусымдағы № 384 Бұйрығының 725 қосымшасы. URL: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/V15011690\\_8#z37](http://adilet.zan.kz/rus/docs/V15011690_8#z37) (қаралған күні: 15.09.2020г.)
5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығы URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669#z1554> (қаралған күні: 01.09.2020)
6. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шылдедегі «Білім туралы» №319-III Заңы (07.07.2020 ж. өзгерістер және толықтырулармен). URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30118747#pos=141;-34](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30118747#pos=141;-34) (қаралған күні: 01.09.2020)
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 600 бұйрығы URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650> (қаралған күні: 01.09.2020)
8. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 26 наурыздағы «Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» № 247 бұйрығы. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020200> (қаралған күні: 01.10.2020)

### *Шетел мемлекеттердің заңнамасы*

9. «Сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» № 125 Федералды заңы, 26.09.1997 ж. URL: <http://kremlin.ru/acts/bank/11523> (қаралған күні: 17.09.2020)
10. «Ресей Федерациясындағы білім беру» № 273 Федералды заңы, 29.12.2012 ж. (31.07.2020 ж. редакция бойынша) URL: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_140174/0de7845187501423002e9572e4903056b41b3f7f/#dst101160](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_140174/0de7845187501423002e9572e4903056b41b3f7f/#dst101160) (қаралған күні: 01.09.2020)
11. Жоғары оқу орндарына арналған федералды мемлекеттік білім беру стандарты «47.03.03 Дінтану» даярлық бағыты. URL: [file:///C:/Users/NIAC8/Downloads/fgos\\_ru\\_47\\_03\\_03.pdf](file:///C:/Users/NIAC8/Downloads/fgos_ru_47_03_03.pdf) (қаралған күні: 05.09.2020)
12. «Қырғыз Республикасында білім беру тәртібі туралы». URL: [https://www.sfcg.org/wp-content/uploads/2019/10/Handbook\\_on\\_provision\\_of\\_religious\\_education\\_in\\_the\\_Kyrgyz\\_Republic.pdf](https://www.sfcg.org/wp-content/uploads/2019/10/Handbook_on_provision_of_religious_education_in_the_Kyrgyz_Republic.pdf) (қаралған күні: 03.09.2020)

*Академиялық дереккөздер*

13. Витамар А., Степанова Е.А. Мектеп және дін: еуропалық тәжірибе. Ресей ғылым академиясы Орал бөлімшесінің Философия және құқық институтының журналы. 2011. Шығарылым 11. 361-376 бб.

14. Понкин И.В. Зайырлы мектептерде діндер туралы білім беру: құқықтық реттеудің еуропалық тәжірибесі//Зайырлы мектептегі діни мәдениет. М.: Мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мен құқықтар институты, 2007. 6-37 бб.

15. Мирошникова Е. М. (2016) ФРГ елінің діни білім беру жүйесіндегі теологияның орны // А.С. Пушкин атындағы Ленинград мемлекеттік университетінің журналы. № 1. 129-142 бб.

16. Мирошникова Е. М. (2007) Мемлекеттік-шіркеулік қатынастың кооперациялық моделі: тәжірибелер мен мәселелер. М.: PFA Еуропа Институты.

17. Понкин И.В. Діни білім беру / Мемлекет зайырлылығы: Сөздік / Мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мен құқықтар институты. М., 2003. URL: [http://cddk.ru/gos\\_i\\_religia/edu/rel-edu/001.htm](http://cddk.ru/gos_i_religia/edu/rel-edu/001.htm) (қаралған күні: 01.10.2020)

18. Козырев Ф.Н. Шетел мектептеріндегі конфессиялық емес діни білім беру: педагогика ғылымдарының докторы диссертациясының авторефераты. Мамандық: 003068063. Санкт-Петербург, 2006. 42 б.

19. Метлик И.В. Білім беру саласындағы дін негіздерін оқыту // Дереккөз: Педагогика. М., 2003. №

20. Цыплаков Д.А. Ресейдегі діни білім беру: интеграция мәселелері. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/religioznoe-obrazovanie-v-rossii-problema-integratsii/viewer> (қаралған күні: 01.09.2020)

21. Костылев П.Н. Ресейдегі дінтанулық білім беру, 2014. URL: <https://www.religion.in.ua/main/analitica/26259-religiovedcheskoe-obrazovanie-v-rossii.html> (қаралған күні: 05.09.2020)

22. Кулекеев Б.К., Зайырлылықтың қазақстандық моделі: негізгі ұғымдар мен принциптер, жүзеге асыру механизмдері. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі аспектілері: оқыту семинарының материалдар жиынағы. - Астана, 2017- 172 с. (19-26)

23. Карасева, С.Г. Беларусь мектептеріндегі діни білім: жағдайы мен болашағы. моногр. / С. Г. Карасева, Е. В. Шкурова. – Минск: БГУ, 2015. – 163 б

24. Агзамходжаев С. 2009. Өзбекстандағы исламдық білім берудің қазіргі жағдайы. – Посткеңестік кеңістіктегі мұсылмандық білім беру жүйесінің қалыптасу мен даму мәселелері. Н.Новгород: ИД «Медина». 158 б.

25. Муртазин М. Посткеңестік мұсылмандық кеңістігіндегі исламдық білім беру жүйесі туралы. 2019. 88-102 бб. Муртазин М., О системе исламского образования на постсоветском мусульманском пространстве. 2019. С. 88-102.

*БАҚ*

26. Фин мектептері: діни сабақтар бірегейлік сезімдерін дамытуға көмегін тигізеді. URL: <https://finland.fi/ru/zhizn-i-obshhestvo/uroki-religii-pomogayut-detyam-razviva/> (қаралған күні: 17.09.2020)

27. Швед мектептері туралы 10 жазба. URL: <http://bit.do/fJyxі> (қаралған күні: 17.09.2020)

28. <https://rulletka.se/2020/08/31/shvedskie-shkolniki-prodolzhat-izuchat-bibliyu-i-nacionalnuy-gimn/> (қаралған күні: 01.09.2020)

29. АҚШ мектептері. URL: <https://academconsult.ru/shkoly-ssha> (қаралған күні: 17.09.2020)

30. Канада мемлекетіндегі діни білім және католик мектептері. URL: <http://bit.do/fJyxb> (қаралған күні: 17.09.2002)

31. «Заманымен қатар жүру қажет». Муфтий Ержан кажы Малғажыұлымен сұхбат. URL:

<https://kazpravda.kz/articles/view/idti-v-nogu-so-vremenem2/?print=yes.html> (қаралған күні: 13.09.2020г.).

32. «Ақтөбе қаласындағы Ислам орталығын салу» жобасы. URL: <https://www.islamedu.kz/ru> (қаралған күні: 20.09.2020 ж.)

33. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері жөніндегі комитетінің төрағасы Ержан Нүкежановтың сұхбаты. URL: <https://liter.kz/72619-2/> (қаралған күні: 18.09.2020 ж.)

34. Австрия Білім беру министрлігі мұсылман білім алушыларына Құрбан айт және Ораза мейрамдары кезінде сабақтарға қатыспауды ұсынады.... IslamToday. URL: [https://islam-today.ru/islam\\_v\\_mire/ministerstvo-obrazovania-avstriei-rekomenduet-musulmanskim-ucasimsa-nehodit-na-uroki-vo-vrema-kurban-bajrama-i-urazy-bajrama/](https://islam-today.ru/islam_v_mire/ministerstvo-obrazovania-avstriei-rekomenduet-musulmanskim-ucasimsa-nehodit-na-uroki-vo-vrema-kurban-bajrama-i-urazy-bajrama/) (қаралған күні: 01.10.2020)

35. «Имам Хатиб» діни мектептері 1,3 млн. түрік оқушыларына білім беруде. URL: <https://mk-turkey.ru/education/2019/10/29/mopr-religioznye-shkoly-imama-hatipa-obuchayut.html> (қаралған күні: 01.10.2020)

36. «Кана» Сібір Католиктік Телеарнасы, Қарағанды қ. аласындағы «Мария – Шіркеу Анасы» семинариясы. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=ZoXt5Mf600g>

37. Исламдық әйелдер оқу орындары. Al Samarkand. URL: <https://alsamarkand.com/ru/jenskie-uchebnie-zavideniya/> (қаралған күні: 29.09.2020)

38. Қазан қаласында катехизаторлық курстарға түсуге болады. Татарстан еліндегі Православие. URL: [https://tatmitropolia.ru/newses/eparh\\_newsес/kaznews/?id=48255](https://tatmitropolia.ru/newses/eparh_newsес/kaznews/?id=48255) (қаралған күні: 29.09.2020)

39. Білім беру жүйесінде дінді оқыту. Сенім мен Уақыт. URL: <http://www.verav.ru/common/mpublic.php?num=116> (қаралған күні: 01.10.2020)

#### *Оқу-әдістемелік әдебиет*

40. 2016-17 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 4 б., 124.

41. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 184 б.

42. Арман-ПВ баспасы. URL: <https://www.armanpv.com/9-klass> (қаралған күні: 01.10.2020)

43. «Алматыкітап» баспасының электронды оқулықтар платформасы. <https://www.opiq.kz/Search/Kits>

44. Қазақстан оқушыларына арналған электронды оқу құралы. <https://okulyk.kz/all-books/#9-class>

45. «Ресей Федерациясының жалпы білім беру ұйымдарында «Діни мәдениеттер мен зайырлылық этикасының негіздері» (ДМЗЭН) пәнін оқыту бойынша мұғалімдерге арналған инструкциялық-нормативті хат. URL: [http://www.educom.ru/ru/news/detail/29\\_08\\_2012/meth\\_aug\\_2012.pdf](http://www.educom.ru/ru/news/detail/29_08_2012/meth_aug_2012.pdf)

46. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі. Бакалавриат «Исламтану». URL: [http://esuvo.platonus.kz/#/register/education\\_program/application/18223](http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program/application/18223) (қаралған күні: 01.10.2020)

#### *Оқу орындары*

47. Алматы Православиелік рухани семинариясы. URL: <https://seminaria.kz/> (қаралған күні: 20.09.2020г.)

48. Католиктік Епархияаралық Жоғары Рухани Семинариясы. URL:

seminariumcatholic-kazakhstan.org/ (қаралған күні: 20.09.2020г.)

49. «Медина» Академиясы. URL: <https://medinaschool.org/about> (қаралған күні: 20.09.2020г.)

50. Әулие Фома институты: сұхбатқа арнау. URL: <http://sfoma.ru/education/> (қаралған күні: 29.09.2020)

51. Челябинск митрополиясының Шіркеу мамандарын даярлау рухани орталығының ресми сайты. URL: <http://mitropolia74.ru/obrazovanie/dukhovnoe-uchilishche/> (қаралған күні: 08.10.2020)

52. Новосибирск қаласының семинарияға дейінгі оқыту орны. URL: <https://nskcathedral.ru/preobrazhenskaya-eparhiya-v-novosibirsk/eparxialnye-struktury/novosibirskaya-predseminariya/> (қаралған күні: 29.09.2020)

53. Евроазиаттық богословиелік семинария. URL: <https://www.etsem.org/cornerstone.html> (қаралған күні: 09.10.2020)

54. Қазан православиелік рухани семинария. URL: <https://kazpds.ru/> (қаралған күні: 29.09.2020)

55. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті URL: <https://www.kaznu.kz/> (қаралған күні: 01.09.2020)

56. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. <http://enu.kz/> (қаралған күні: 01.09.2020)

57. «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті. URL: <https://nmu.kz/ru/> (қаралған күні: 01.09.2020)

58. Халықаралық қазақ-түрік университеті. URL: <http://ayu.edu.kz/> (қаралған күні: 01.09.2020)

59. Шет тілдер және іскерлік карьера университеті. URL: <https://ydu.kz/> (қаралған күні: 01.09.2020)

60. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. URL: <https://www.ksu.kz/> (қаралған күні: 01.09.2020)

61. «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті жоғарылату орталығы» АҚ. URL: <http://orleu-edu.kz/>

62. Ресей ислам институты. URL: <http://www.kazanriu.ru/sveden/education/> (қаралған күні: 01.09.2020)

63. Қазан федералды университет. URL: <https://kpfu.ru/> (қаралған күні: 05.09.2020)

64. Свято-Тихоновский православиелік гуманитарлық университет. URL: <http://old.pstgu.ru/sveden/education/> (қаралған күні: 04.09.2020)

#### *Діни бірлестіктер мен ұйымдар*

65. Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы. URL: <https://www.muftyat.kz/> (қаралған күні: 15.09.2020г.).

66. Татарстан Республикасы Мұсылмандары Діни Басқармасы. URL: <http://dumrt.ru/ru/> (қаралған күні: 05.10.2020)

67. Орыс православие шіркеуі Мәскеу патриархатының Орта Азиялық митрополиттік аймағы Ташкент және Өзбекстан епархиясы. URL: [http://www.pravoslavie.uz/archdiocese/Education/tashkent\\_theological\\_seminary/office/](http://www.pravoslavie.uz/archdiocese/Education/tashkent_theological_seminary/office/) (қаралған күні: 29.09.2020)

68. «Приход «Воздвижение Святого Креста» рим-католик шіркеуі. URL: [http://kazan.dscs.ru/?page\\_id=422](http://kazan.dscs.ru/?page_id=422) (қаралған күні: 29.09.2020)

69. ҚМДБ-ның 2020 жылға дейін діни білімді дамыту Тұжырымдамасы. Ihsan.kz. URL: [http://www.ihsan.kz/storage/muftiya\\_book\\_files/46/book\\_6176.pdf](http://www.ihsan.kz/storage/muftiya_book_files/46/book_6176.pdf) (қаралған күні: 11.09.2020г.).



*Шет тіліндегі дереккөздер*

70. Kerstin von Brömssen, Heinz Ivkovits & Graeme Nixon (2020) Religious literacy in the curriculum in compulsory education in Austria, Scotland and Sweden - a three-country policy comparison, *Journal of Beliefs & Values*, 41:2, 132-149, DOI: 10.1080/13617672.2020.1737909 (қаралған күні: 01.10.2020)
71. Jackson R. *European Institutions and the Contribution of Studies of Religious Diversity to Education for Democratic Citizenship // Religion and Education in Europe: Developments, Contexts and Debates*. Munster: Waxmann, 2007. P. 27-56.
72. Kerstin von Brömssen, Heinz Ivkovits & Graeme Nixon (2020) Religious literacy in the curriculum in compulsory education in Austria, Scotland and Sweden - a three-country policy comparison, *Journal of Beliefs & Values*, 41:2, 132-149, DOI: 10.1080/13617672.2020.1737909 (қаралған күні: 01.10.2020)
73. Berglund J. (2013) "Swedish Religion Education: Objective but Marinated in Lutheran Protestantism", *Termenos* 49(2): 165-184.
74. Kerstin von Brömssen, Heinz Ivkovits & Graeme Nixon (2020) Religious literacy in the curriculum in compulsory education in Austria, Scotland and Sweden - a three-country policy comparison, *Journal of Beliefs & Values*, 41:2, 132-149, DOI: 10.1080/13617672.2020.1737909 (қаралған күні: 01.10.2020)
75. Jackson R. *European Institutions and the Contribution of Studies of Religious Diversity to Education for Democratic Citizenship // Religion and Education in Europe: Developments, Contexts and Debates*. Munster: Waxmann, 2007. P. 27-56.
76. Johnstone, William. *Religion in society: a sociology of religion*. NJ: Prentice Hall, 2004. 456p.
77. Banks, James. *An introduction to multicultural education*. Needham Heights, MA: Allyn & Bacon, 1999. 330p.
78. Moore Diane L. *Overcoming Religious Illiteracy: A Cultural Studies Approach // World History Connected*. 2006. URL: <http://worldhistoryconnected.press.uiuc.edu/4.1/moore.html> (қаралған күні: 17.09.2020)
79. Kozyrev F., Federov V. «Religion and Education in Russia: Historical Roots, Cultural Context and Recent Developments». 2006. URL: [https://www.academia.edu/964258/Religion\\_and\\_education\\_in\\_Russia\\_historical\\_roots\\_cultural\\_context\\_and\\_recent\\_developments](https://www.academia.edu/964258/Religion_and_education_in_Russia_historical_roots_cultural_context_and_recent_developments) (қаралған күні: 17.09.2020)
80. Dinham A. «Public Religion in an Age of Ambivalence: Recovering Religious Literacy after a Century of Secularism». Leiden: Brill. 2015.
81. Grelle B. (2015) "Neutrality in Public School Religion Education: Theory and Politics".
82. Toledo Guiding Principles on Teaching about Religions and Beliefs in Public Schools. URL: <https://www.osce.org/files/f/documents/c/e/29154.pdf> (қаралған күні: 17.09.2020)
83. Avicenna College. URL: <https://avicenna-college.com/> (қаралған күні: 01.10.2020)
